

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

ӘОЖ 791.633/7.097 (043). Б19

Қолжазба құқығында

БАКЕЕВА МАДИНА КАЙРАТЖАНОВНА

**Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы
режиссура генезисі мен даму перспективалары**

6D040600 – Режиссура

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
Айдар Алма Мұратқызы
PhD докторы

Шетелдік ғылыми кеңесші
Омур Сөнгүл
PhD докторы

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 ТЕЛЕРЕЖИССУРАНЫҢ ТАРИХИ –ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	
1.1 Әлемдік телережиссураның генезисі мен даму кезеңдері.....	16
1.2 Массмедиа зерттеулеріндегі телережиссураның теориялық негіздері.	30
1.3 Әлемдік телережиссураның контент құрудағы негізі үрдістері.....	43
Бірінші тарау бойынша тұжырым	50
2 ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕАРНАЛАРЫНДА ҰЛТТЫҚ КОНТЕНТ ҚҰРУ ҮДЕРІСІ	51
2.1 Отандық телеарналардағы контенттің қалыптасуы мен даму кезеңдері	51
2.2 Қазақстандық телеарналардағы контент құрудың өзекті мәселелері.....	61
2.3 Отандық телеарналардағы контенттің сапалық ерекшеліктері.....	67
Екінші тарау бойынша тұжырым	79
3 ЗАМАНАУИ ҰЛТТЫҚ КОНТЕНТ ҚҰРУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	80
3.1 Медиакеністіктегі заманауи технологияны қолдану жолдары.....	80
3.2 Медиа платформалар контекстінде ұлттық контент қалыптастыру аспектілері.....	88
3.3 Жаһандану процесіндегі отандық телеконтенттің тақырыптық-мазмұндық даму перспективалары.....	97
Үшінші тарау бойынша тұжырым	113
ҚОРЫТЫНДЫ	115
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	118

ҚЫСҚАРТУЛАР

- ЖТС** - жылжымалы телевизиялық станция
- БМЖ** - бейнемагниттік жазба
- БАҚ** - бұқаралық ақпарат құралдары
- КСРО** - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
- ҚазКСР** - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
- СЭҚ** - сапалы экрандық құралдар
- КБҚ** - кинематографияның бейнелеуші құралдары
- КСМ** - кадр сыртындағы мәтін
- ТМД** - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
- НПБ** - нейропсихологиялық бағдарламалар
- ТВ** - телевизия

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі

Адам мен қоғам өз табиғатын айқындауда белгілі бір сатыларда ажырамас біртұтас мағынаға ие болса, ХХ ғасырдан бастау алатын экран мен заманауи контент туралы түсініктер де дәл сондай егіз ұғымға айналып барады. Контент - кез келген экрандық немесе эфирлік тарату жүйесінің аудио-визуалды сипатқа, белгілі бір мазмұнға ие, техникалық түсіру құралдары нәтижесінде жасалатын бейнелік ақпарат. Адамзат тұрмыс-салты өз дамуында ХХ ғасырда технологиялық жаңалықтарға қол жеткізіп, соның қыр-сырын игерумен келеді. Бұл құбылыс бүкіл әлем елдерін қамтуда жаһандық деңгейге дейін көтерілді. Дүниежүзілік жаһандану сатысында қарқынды дамып келе жатқан цифрлық телевизия тенденциясы Қазақстандық телеақпарат кеңістігінде қамтып, өз аясына енгізіп үлгерді. Құрылған күнінен бастап экрандық трансляция контентіне аса үлкен мән беріп қараған отандық эфир алаңы, соңғы тенденцияларға сай үдерісін бір сәтке болса да тоқтатқан емес. Заманауи құбылыстарға ілесіп, әлеммен бірге эфирлік контентін модернизациялауы отандық телеарналардың экрандарынан өз көрінісін табуда. Отандық экрандық өнер саласының маңызды құрамына кіретін кино мен телевизия ұштасып келе жатқанына жарты ғасырдан астам уақыт өтті.

Сан алуан әлемдік маңызы бар құбылыстардың қатарында отандық телеарналардың көрермендерге ұсынатын контентінің сапасы мен мазмұны өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» деп аталатын бұл диссертациялық жұмыста отандық телеарналардағы контенттің пайда болуы, даму жолдары және оның тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктері баяндалып, сәйкес телевизиялық стандартқа сай сапалы контент жасаудағы режиссураның ролі мен маңызына тарихи-теориялық тұрғыда талдау жасалып, ұлттық телеконтенттің кәсіби-шығармашылық негіздері сарапталды.

Бұл диссертациялық зерттеудің тақырыбы болып табылатын қазақ телевизиясының режиссурасы бұрын-сонды ұлттық контент тұрғысынан ғылыми түрде зерттелмеген. Сондықтан да бұл тақырып жан-жақты, терең, егжей-тегжейлі зерттеуді, нақты мысалдар негізінде талдауды қажет етеді. Сонымен қатар, телеарналардағы заманауи экрандық контентті зерттеу арқылы «ұлттық контент» жасаудың тиімді жолдарын қарастыру қажеттігі туындады.

Әлемдік және отандық телевизиядағы режиссураны зерттеуде оның кемшіліктері мен артықшылықтарын саралау арқылы, телеконтент сапасының даму жолдарын болжау мәселесі қарастырылды. Телережиссураның кәсіби деңгейі контент сапасына тікелей ықпал ететіні анық. Өйткені, телевизиялық режиссура техникалық стандарттар арқылы сапалы телеконтенттің кәсіби деңгейін анықтайды. Сол тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысының өзектілігін дәйектейтін негіздер келесі бағыттарда айқындалады:

1. Зерттеудің өзектілігі телевизияның қазіргі қоғам үшін БАҚ ретінде атқаратын маңызды ролімен айқындалады. Бұл ретте, жаңа ақпараттық технологиялардың енуіне байланысты телеарналардың бәсекеге қабілеттілігін

арттыру үшін режиссураның алатын орны өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы орайда, телевизиялық ақпараттық-танымдық бағдарламалар қоғамның патриоттық, гуманистік сана-сезімін қалыптастырып, дүниетаным көкжиегін кеңейтуге орасан зор үлес қосатынын атап өту қажет. Жаңа құндылықтар мен заманауи эстетикалық талғамды қалыптастыру жолында режиссер өзіне көрермен алдындағы үлкен жауапкершілікті алады.

2. Зерттеу халықаралық талаптарға сай маман даярлау бағытында мемлекеттің даму стратегиясына үлес қосып, болашақта мамандарды шетелден тартпай, ұлттық кәсіби мамандар резервін құруға мүмкіндік береді.

3. Зерттеу қазақ телевизиясының әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, отандық телетуындыларды әлемдік нарыққа шығару арқылы ұлттық мәдениетіміз бен болмысымызды таныту бағытындағы қадамдарға жол ашады.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» [1], деген ұстанымы бүгінгі жаһандану үрдісі мен технологиялық даму үдерісінің белсенді өрбу сатысында ерекше маңызды екені даусыз. Себебі, ұлтымызға, дәстүрімізге, рухымызға, әдебиетіміз бен тілімізге қатысты рухани дүниелердің қазіргі таңда экрандық кеңістігімізде, егемендігіміздің арқасында еркін таралуына, көрсетілуіне толықтай мүмкіндіктер бар. Бұл бағдардың маңыздылығын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше атап айтты: «Менің ойымша, қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары әлемдегі ең жоғары стандарттарды бағдарға алуы тиіс. Елбасы еліміздің дәстүрлі құндылықтарын сақтай және ұлықтай отырып, қоғамның рухани өмірінің жаңаруына бағытталған «Рухани жаңғыру» тұжырымдамасын жариялады. Осы тұжырымдаманы іске асыруда ақпарат құралдарының ролі ерекше. Идеологиялық кеңістікті ұлттық әлемге бөлу үрдістері туындап тұрған кезде «Рухани жаңғыру» тұжырымдамасының Қазақстан үшін маңызы орасан зор» [2].

Ағайынды Льюмерлердің техникалық жаңалығы кино индустриясының тууына жол ашса, телевизия техникасы Пауль Нипковтың ашқан жаңалықтарының негізінде, қазіргі таңда әлемді жаулаған жаңа стримингтік платформалардың дамуына әсер етті.

1958 жылы негізі қаланған қазақ телевизиясы, бүгінде тәуелсіз мемлекет шеңберінде өз бағытын заманауи талаптар мен үрдістерге лайық құру жолдарын іздестіруде. Қазақстан телеарналарындағы режиссураның технологиялық әдісі заманауи контенттің құралы ретінде нарыққа жылдам енді. Соңғы жылдары көптеген отандық телеарналар әлемдік стандарттарға сай тележобалар дайындауға талпыныс жасады. Қандай телевизиялық жоба болмасын, ол өзінің әділ бағасын алуы тиіс. Ал бағдарламада қолданылған әртүрлі технологиялар мен режиссерлық әдіс-тәсілдерді зерттеу заман талабына айналды.

Бүгінгі таңда отандық телережиссурада әлемдік стандарттарға сай жобалармен көзге түсіп жүрген бірқатар белгілі телережиссерларды атап өтсек,

олардың санатында А. Пономарев, М. Бидосов, А. Ашимов, Б. Санитасов, Л. Мариупольский А. Рахметов, Е.Акчалов, Г.Байбосынова, О. Исаев, С. Ибраим, А. Аксамбиева, Г. Салимбаева, т.б., елді елең еткізетін телевизиялық жобаларды дүниеге алып келуде.

Телевизия өндірісінде заманауи технологиялар күн сайын дамып, өзгеріп, әлемдік өркениет көшіне ілесіп келеді. Елімізде жан-жақты зерттеуді қажет ететін, тақырыптық ауқымы кең және теориялық-тәжірибелік үлгілерін қалыптастыратын мәселелер жеткілікті. Сондай мәселелердің бірі - жаңа технологиялар мен режиссураны модернизациялау әдісі. Отандық телевизия саласындағы режиссураны модернизациялау әдісін қолдану жолдарын ұсыну – ғылыми жұмыстың басты бағыты.

Зерттеудің өзектілігін айқындау үшін отандық телеарнадардың жұмысы шетелдік телеарналардың жұмыс тәсілдерімен салыстырмалы негізде қарастырылды. Телебағдарламалардың мазмұнына контенттік талдау әдісі негізінде зерттеу жүргізілді.

Қазақ телевизиясындағы заманауи контентті режиссураның тарихи-салыстырмалы зерттеу әдістері арқылы телевизиялық кеңістікте орын алған жаһандық тенденцияларға сәйкестендіру, мазмұндық сапасын арттыру, дамыту перспективалары ағымдағы зерттеудің негізгі нысаны болып табылады. Оның айқын көрінісі технологиялық даму үдерістері мен шығармашылық тәсілдерді тиімді қолдану нәтижесінде көрнекті аудиовизуалды жобалар ұсыну болып табылады. Ұлттық сапалы контентті көрерменге жеткізу үшін жаһандық тенденцияларға сай отандық эфирлердегі режиссураны модернизациялау - күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Сапалы телевизиялық жобалардың телеарналардың рейтингтік көрсеткіштеріне тікелей ықпалын тигізетіні анық. Демек, телекөрермен сұранысы негізінде құрылған телевизиялық контенттің сапасы, оның талапқа сай режиссуралық құрылымы көрерменнің бейнелік ақпаратты қабылдау психологиясы мен бейнелік ақпараттың аудио-визуалды әсер ету тәсілдерін зерттеу нәтижесінде жүзеге асады.

Жұмыстың зерттелу деңгейі

Өкінішке орай, отандық телевизия режиссурасы ғылыми тұрғыдан зерттеліп, осы салаға қатысты жүргізілген зерттеулер арнайы қарастырылмаған. Сондықтан да, бұл бөлімде көбінесе, шетелдік ғалымдар мен телевизия саласы мамандарының шет тілінде жарық көрген ғылыми еңбектеріне жүгінуге тура келді.

Қазақ телевизиясының тарихында заманауи телеконтент ғылыми негізде мүлде зерттелмеген. Сондықтан қазақ телевизиясындағы заманауи телеконтенттің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты қарастыру үшін ғылымның өзге де салаларындағы контент мәселесін зерттеген әлемдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін назарға алдық.

Зерттеу жұмысының тарихи - танымдық бөлімі экрандық өнердің іргетасы - кинематографиядан бастау алады. Бұл бөлімде кино тарихшысы Жорж Садульдің (Всеобщая история кино - Искусство, 1982) [3], Ежи Теплицтің (История киноискусства - Прогресс, 1968) [4], Базен А. (Что такое кино? -

Искусство, 1972) [5], кино теоретик С. Эйзенштейннің (Эйзенштейн С. Монтаж. – М.: 2000) [6], Л. Кулешовтың (Лев Кулешов, Теория, Критика, Педагогика, Москва, Искусство, 1987) [7], Г. Козинцевтің (Собрание сочинений в 5 томах. Том 2. Критико-публицистические статьи и выступления. Заметки об искусстве и людях искусства, - Искусство, 1983) [8], киносыншы, зерттеушілер Марсель Мартен (Язык кино - Искусство, 1959) [9], С. И. Фрейлих (Киноискусство. Теория и практика - Академический проект, 2015.) [10], А. Н. Митта (Кино между адом и раем: Кино по Эйзенштейну, Чехову, Шекспиру, Курасаве, Феллини, Хичкоку, Тарковскому. - Эксмо-Пресс, 2002) [11] сынды режиссерлар мен кинотеорияны зерттеген ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерін басшылыққа алып, телевизия саласының тарихи негіздеріне зерттеулер жүргізілді.

Массмедиа саласын зерттеуде шетелдік Оуэнс Д., Миллерсон Д. (Owens J., Millerson G.) «Television production» [12], Тэд Уайт «Производство эфирных новостей» (Ted White - Writing, reporting and producing) [13], Head S. W., Sterling C. H. «Broadcasting in America» [14], Ward P. «Picture composition for film and television» [15], Block B. «The visual story» [16], Bermingham A. «Location Lighting for Television» [17], Tuggle C.A., Carr F., Huffman S. «Broadcast news» [18], Robert L. Hilliard «Writing for Television, Radio, and New Media» [19], Майн Х. «Средства массовой информации в ФРГ» [20], Брайант Д, Томпсон С. «Основы воздействия СМИ» [21] ғылыми еңбектері қарастырылды.

Зерттеу жұмысының психологиялық әсер ету аспектілері Д. Майерстың, Р. Арнхеймнің «Искусство и визуальное восприятие» [22], В. Знаковтың «Психология понимания: Проблемы и перспективы» [23], С.Фешбах «Телевидение и агрессия: экспериментальное поленое исследование» [24] еңбектеріне сүйеніп зерттелді, сондай-ақ, медиа технологиялар шеңберіндегі телевизия үлгісінің жаңа эфирлік платформаларын анықтауда А. Юровский, Р. Борецкий «Основы телевизионной журналистики - МГУ, 1966» [25], Ан. Вартанов «Режиссер на телевидении - М.: Искусство, 1978» [26], В. Вильчек «Под знаком ТВ - М. : Искусство, 1987» [27], С. Медынский «Компонуем кинокадр - М.: Искусство, 1992» [28], Г.Вачнадзе «Всемирное телевидение» [29] оқулықтарында әлемдік телевизияның тарихы мен технологиясы, Г.М. Фрумкин «Телевизионная режиссура: введение в профессию» [30], С.А.Муратов «Пристрастная камера» [31], Е.Дудинованың «Этика журналиста» [32], И.Н Кемарская «Телевизионный редактор» [33], Д.Н.Дворко «Режиссура мультимедиа (генезис, специфика, эстетические принципы)» [34], Н.В.Алексеева «Цветной фильм» [35], О. С. Горностаева «Специфика профессии режиссера неигрового фильма» [36], И.В.Бойченко «Методический аппарат оценки качества услуг телевизионного контента и его использование в механизме взаимодействия их производителей и потребителей» [37] атты ғылыми еңбектері қарастырылды.

Экрандық өнерді зерттеуші ғалымдардың басым көпшілігі көршілес Ресей мемлекетінің ғалымдары. Телевизиялық саланы әлемдік деңгейде зерттеуде ғалымдар Кеңестік дәуірде жазылған ғылыми еңбектерге сүйенген. Телевизия саласынан ресейлік ғалымдар жазған саусақпен санарық теориялық еңбектер

мен әдістемелік нұсқаулықтардың өзі кеңестік дәуірдегі ғылыми зерттеулер екен. Заманауи еңбектер тек тарихи - танымдық деңгейді қамтиды.

Зерттеу жұмысының тағы бір өзектілігі - отандық телевизиялық ғылым кеңістігінде қазақ тілді еңбектер саусақпен санарлық. Болашақ телевизия кадрларын даярлау барысында Кеңестік дәуірдегі білім беру жүйесіне жүгінуге тура келеді. Тәуелсіздік орнаған жылдардан бастап атқарылған жұмыстар сападан гөрі санға көп негізделді. Бүгінде отандық телевизия жаһандану үдерісінің көшіне ілесіп, көз ілеспес шапшаңдықпен жаңару үстінде.

Қазақстан ғылым кеңістігінде телевизия саласын ғылыми тұрғыда қарастырған ғалымдардың еңбектеріне арнайы шолу жасалды. Атап айтқанда: Қ.Тұрсын «Қазақ теледидары» [38], Ж.Әбдіжәділқызы «Тележурналистика» [39], К.Смаилов «Өнегелі өмір» [40], Ғ.Б.Абильдина «Телевизия өнері: теориясы мен технологиясы» [41], Н.Омашев «Жиырмамыншы жылдар журналистикасы» [42], С.Барлыбаева «Телевизионная журналистика» [43], «Кабельно-спутниковое ТВ в Азии» [44], «Масс-медиа и цивилизация Востока» [45], Қ.Тұрсын «Қазақ телевизиясы» энциклопедиясы, 1,2 том [46], Г.М.Шалахметов «Тележурналистика: теория и практика» [47]. Бұл зерттеу еңбектерде кездесетін бейнелік ақпаратты жеткізудегі телевизиялық режиссураның ролі туралы айтылған тұжырымдар негізге алынды.

1970 жылдарда басшылықта болған белгілі қайраткерлер К.Шалабаев, К.Үсебаев, Х.Хасенов, К.Смайыловтар ашқан «Шұғыла», «Құрдастар», «Ровесники» бағдарламаларының заманауи қазақ телевизиясының жан-жақты дамуына зор үлес қосқан кәсіби-шығармашылық құбылыстар екені аталып өтті.

Тәуелсіздік кезеңіндегі отандық телевизияның көркемдік ерекшеліктерін дамытуда Ғаділбек Шалахметов, Шерхан Мұртаза, Әшірбек Көпішев, Ерлан Сатыбалдиев, Есетжан Қосубаев, Ғалым Доскен, Нұртілеу Иманғалиев, Дәурен Әбдіхамитов, Жанай Омаров, Нұржан Мұхамеджанова, Ерлан Карин сынды жетекшілердің қолтаңбасы мен мүлтіксіз қызметінің нәтижесі баяндалды. Қазіргі уақытта Ләззат Танысбай жетекшілік ететін «Қазақстан» телерадиокорпорациясы дәстүр мен жаңашылдықты сабақтастырып, заманауи үрдісте өз жұмысын жалғастыруда.

Заманауи экрандық өнер режиссурасының бағытын зерттеуде отандық телевизия саласын зерттеген М.К. Барманкуловтың [48], Ж. Тойбаеваның «Әлемдік және отандық тәжірибеде сандық теледидарды меңгеру әдістері» [49], Т.Кабиеваның «Заманауи телевизия режиссурасы: қазақстандық телекөрсерменнің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастырудың жаңа моделі» атты [50] ғылыми жұмыстары пайдаланылды.

Автордың диссертациялық жұмысына жоғарыда келтірілген зерттеулер, мақалалар, рецензиялар мен сұхбаттардағы ғылыми тұжырымдар енгізілген.

Зерттеу жұмысының нысаны – Әлемдік масс-медиа кеңістігіндегі контент құру үрдісі.

Зерттеудің пәні – Отандық телевизияда заманауи ұлттық контент қалыптастыру мәселелері.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – Қазақстан телевизия кеңістігінде ұлттық контент құрудағы режиссура мәселелері мен даму жолдарын кешенді зерттеу.

Зерттеудің міндеттері:

- Әлемдік телережиссураның генезисі мен даму кезеңдерін қарастыру;
- Массмедиа зерттеулеріндегі телережиссураның теориялық негіздерін анықтау;
- Әлемдік телережиссураның контент құрудағы негізгі үрдістерін топтастыру;
- Отандық телеарналардағы контенттің қалыптасуы мен даму кезеңдерін айқындау;
- Қазақстандық телеарналардағы контент құрудың өзекті мәселелерін атап көрсету;
- Отандық телеарналардағы контенттің сапалық ерекшеліктерін негіздеу;
- Медиакөңістіктегі заманауи технологияның қолдану жолдарын және қолданыс аясын саралау;
- Медиаплатформалар контекстіндегі ұлттық медиаконтент қалыптастырудың жаңа теориялық моделін ұсыну.
- Жаһандану процесіндегі отандық телеконтенттің тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктерін жіктеп, салыстырмалы сипатта ғылыми сараптама жасау;

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы:

Бүгінгі телевизия контентіндегі заманауи режиссуралық әдістерді ежелден қалыптасқан дәстүрлі әдістермен салыстырмалы түрде зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар ұсыну зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы болып табылады.

Автор отандық телевизиялық контенттегі режиссура әдістерінің ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеу барысында **ғылыми жаңалығы бар келесі нәтижелерге** қол жеткізді:

- Әлемдік телережиссураның генезисі мен даму кезеңдері сарапталып, контент терминінің негізгі сипаттық белгілері анықталды. Контент ұғымының белгілері айқындалып, оның әлемдік телевизия саласындағы негізгі тұжырымдамалары жүйеленді;
- Масс-медиа зерттеулеріндегі телережиссураның теориялық және техникалық негіздері анықталды;
- Әлемдік деңгейдегі телережиссураның заманауи экрандық контент құру үрдістері тұңғыш рет сараланып, зерттеу нысаны ретінде қарастырылды;
- Отандық телевизияның қалыптасуы яғни әдістерінің сапалы телевизиялық контент құруына және дамуына сараптамалық талдау жүргізіліп, алғашқы рет қазақ телережиссурасы ғылыми тұрғыда жүйеленіп зерттелді;

- Қазақстандық телеарналардағы контент құрудың өзекті мәселелері айқындалды;
- Отандық телеарналардағы контенттің сапалық ерекшеліктері анықталды;
- Медиакеңістікте заманауи технологияларды қолдану тәсілдері ұсынылды;
- Медиаплатформалар кеңістігінде жаңа технологиялар мен режиссураны модернизациялау әдістері арқылы ұлттық контент қалыптастырудың жолдары қарастырылды.
- Бүкіләлемдік жаһандану үрдісі отандық телеконтенттің тақырыптық-шығармашылық, мағыналы-мазмұндық даму перспективалары айқындалды;
- Экрандық өнер саласының теориялық негіздерін зерттей келе, автор заманауи талаптарға сай, экрандық салаға қатысты көркемдік және техникалық шешімдерді, этика-эстетикалық, мағыналы-мазмұнды әдіснамалық принциптерді қамтитын жаңа «сапалы экрандық құралдар» (СЭҚ) терминін қолданысқа ұсынды.
- Экрандық салада режиссуралық кәсіптің барлық ауқымын қамтитын, теориясының толық негіздеріне сүйене отырып жүзеге асатын шығармашылық шешімдерінің, әдіс-тәсілдерінің нәтижесінде қолданылатын, тұңғыш ғылыми айналымға «Режиссерлық формат» терминін енгізді.

Жұмыстың әдіснамалық негіздері

Зерттеу жұмысының ғылыми әдісі негізінде тарихи - танымдық, оқу - әдістемелік, сараптамалық - зерттеу, сипаттау, психологиялық құралдарды қамту арқылы заманауи телевизия мен режиссураға тиісті баға беріледі. Әлемдік және отандық экрандық өндірісте жүрген кәсіби мамандардың әдістемелік тәжірибелеріне сүйеніп жазылған ғылыми - теориялық әдістер осы зерттеу жұмысында кеңінен қолданылды. Көптеген тарихи - танымдық оқулықтар салыстырмалы түрде сараланды. Аудио - визуалды экрандық өнердің түп негізі кино саласына сүйене отырып, теориялық - әдістемелік тұжырымдар жасалды.

Ғылыми зерттеудің теориялық - әдістемелік негізін анықтауда тарихи - танымдық, оқу - әдістемелік, энциклопедиялық - анықтамалық, өнертанушылық әдістер кеңінен қолданылды. Тарихи - танымдық тақырыптарды аудио - визуалды өнер тұрғысынан зерттеуде: Ан. Вартанов, Р. Арнхейм, Ж. Садуль, Е. Теплиц, С. Эйзенштейн, Л. Кулешов, Г. Козинцев, М. Мартен, С. И. Фрейлих, А. Н. Митта сияқты шетелдік ғалымдардың еңбектері қолданылды. Телевизия үлгісіндегі жаңа эфирлік платформаларды анықтаудағы медиатеchnологиялар шеңберінде К.Разлогов, Э.Багиров, В.Костоусов, С.Фурцева, Ю.Богомоллов сынды ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Заманауи экрандық өнер режиссурасының бағытын зерттеуде отандық телевизия қызметкерлерінің зерттеу жұмыстары қолданылды. Солардың ішінде М.К. Барманкулов, С. Барлыбаева, Қ. Тұрсын, Ж. Әбдіжәділқызы, Г.Б. Абильдина, Ж. Тойбаева, Т.Кабиеваның жұмыстары пайдаланылды. Жаһандану процесі аясында

дамыған, жаңа технологиялық мүмкіндіктер нәтижесінде туындаған эфирлік және желілік платформаларды зерттеуде интернет ресурстары мен интернет баспалардың ақпараттық басылымдары пайдаланылды.

Диссертацияда эмпирикалық, гносеологиялық әдістер, тарихи-теориялық, өнертанушылық, ғылыми-жүйелік, сипаттамалық талдаулар, мәдени-танымдық мақалалар көздеріндегі статистикалық мәліметтер, психологиялық әсер ету әдістері, салалық және оқу - әдістемелік әдебиеттерде келтірілген нақты теориялық әдістер мен тұжырымдамалар пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы

Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы болашақ телевизия саласының мамандарын даярлауда контент құрудағы режиссураның әдісін басты назарға ала отырып, отандық телевизия өндірісіндегі тиімді жолдар ұсынылды. Ғылыми еңбектерге сүйене отырып, заманауи телевизия өндірісін модернизациялау негізінде сараптамалық талдау жүргізу, зерттеу жұмысының маңызын арттырды.

Контент құрудағы режиссураның әдістерін зерттеу барысында отандық тележобалар режиссурасының технологиялық әдістері мен кәсіби-шығармашылық жолдары анықталды. Телевизия саласындағы режиссерлық шеберлік қырларын меңгеріп, контент құрудағы режиссура әдісінің ерекшеліктері баяндалып, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан нақты тұжырымдар ұсынылды. Сол тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу телевизия саласында кәсіби білім алушыларға ғылыми-әдістемелік нұсқау, көмекші құрал қызметін атқара алады.

Жұмыста келтірілген негіздемелер нәтижесінде болашақ мамандар даярлаумен қатар, олардың іс жүзінде қолданысқа енгізе алуын қамтамасыз ету көзделген. Отандық режиссура саласының түсірілім барысында жаңа технологиялық стандарттарға сай жұмыс жасауға жол ашады.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

1. Әлемдік телевизияның генезисін зерттеуде телережиссураның қалыптасу тарихындағы негізгі үш кезеңі айқындалды: 1) Телевизияның дербес медиа саласына айналуы (1940-жылдар). 2) Телережиссура саласында кинорежиссура принциптерінің бейімделуі (1950-1960 жж); 3) Телевизия режиссурасының қалыптасуы (1960-1970 жж.); Сондай-ақ телевизиялық контент ұғымының негізгі сипаттық белгілері – ЖТС түсірілімі, көпкамералық түсірілім, синхрон, тікелей эфир, БМЖ (Бейнеомагниттік жазба), т.б. Әлемдік телевизия саласындағы негізгі эфир тарату форматтары ретінде аналогтік, кабельдік, спутниктік, цифрлық тарату жүйесі мен стримингтік платформалар жүйелері айқындалды;

2. Масс-медиа саласында телевизияның ХХ ғасырдың 50-70 жылдары қалыптасқан шығармашылық-көркемдік, ал 80-90 жылдары пайда болған техникалық мүмкіндіктерінің теориялық негіздері, атап айтқанда, экран тілі, авторлық режиссура, телемонтаж принциптері, түсірілім әдістері, телевизияның техникалық тәсілдері және т.б. құбылыстар қарастырылды. Телережиссураның теориялық аспектілерін зерттеу жұмысының нысаны ретінде қарастыру

барысында телережиссураға негізделген ғылыми-теориялық зерттеулердің базасының аздығы анықталды.

3. Әлемдік телевизия үлгілері: көпкамералы (мультикам) түсірілімдер, студиялық, ЖТС-тік, деректі-хроникалық, бейсызықты монтаж, техникалық түсірілім әдістері негізінде бірінғай телевизиялық режиссура стандарттары енгізілгені баяндалды. Енгізілген стандарттарға сәйкес заманауи телевизиялық контенттің технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы даму тенденциялары қарастырылды. Контенттің жанрлық-пішіндік, тақырыптық - мазмұндық ерекшеліктері сарапталды. Әлемдік үрдістерге сай контент құруда телевизиялық режиссура стандарттары қолданылды.

4. Қазақ телевизиясы әлемдік телевизиясы сынды өз тарихында бірнеше даму кезеңдерінен өткен. Отандық телевизияның құрылу кезеңі әлемдік үдерістен кешірек қалыптасқанымен, жаңадан құрылған аудио-визуалды медиа ретінде ұдайы дами бастады. Осы орайда, отандық телевизия тарихындағы контент құрудың бірнеше даму кезеңдерін бөліп қарастыруға болады: 1) Қазақстанда алғаш рет телевизиялық эфир арқылы бағдарламалар тарату тәжірибесі (1958-1960 жж). 2) Ұлттық кәсіби мамандар базасының құрылуы, телебағдарламалар аясының кеңеюі (1960-1970 жж). 3) Телебағдарламалардағы ұлттық контент үлесінің артуы (1970-1980 жж). 4) Қазақстанның тәуелсіздік алуымен эфир тарату жүйесі саяси, әлеуметтік, мәдени, ақпараттық негізде дербес құрылымға айналып, отандық телеконтенттің тақырыптық-мазмұндық тұрғыдан трансформациялануы (1991 ж. бастап). 5) Қазақстандық телевизияның цифрлық форматқа ауысуына байланысты телебейненің техникалық сапасы жақсарып, өндірістің барлық сатыларының едәуір оңтайландырылу кезеңі (2012 ж. бастап).

5. Қазақстандық медиакеңістіктегі телеарналардың контент жасаудағы техникалық сапасы мен мазмұндық құрылымын қарастыру нәтижесінде телевизияның аудио-визуалды экрандық сала ретіндегі бірқатар проблемаларының негізгі себептері анықталды: 1) заманауи жаңа техника мен технологияларға тәуелділігі, 2) жекелеген техникалық кәсіби мамандар тапшылығы, 3) түпнұсқа контенттің аздығы, 4) бәсекенің төмендігі, 5) авторлық және құқықтық нормативтердің сақталмауы.

6. Отандық телевизиялық контентті саралау нәтижесінде оның өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Мәселен, тақырыптық-мазмұндық, жанрлық-пішіндік құрылымы, психологиялық, техникалық тұстары ұлттық контент құрудың негізгі критерийлері ретінде зерделенді. Яғни, контент мазмұнында ұлттық болмыс пен рухани құндылықтар өзегін айқын көрсету және оның техникалық сапасына үлкен мән беру мәселелері қарастырылды.

7. Әлемдік медиакеңістіктегі ақпараттық технологияның прогрессивті даму үрдісімен ерекшеленетін жаһандық стримингтік платформалар аясында отандық экрандық сала мен заманауи цифрлық хабар тарату, интерактивті байланыс, интернет және әлеуметтік желі жүйесіндегі контент мазмұны сарапталды.

8. Медиа платформалар контексінде ұлттық контент құру үрдісі рухани құндылықтарды қайта жаңғырту, отандық телевизия ұғымын қалыптастыру

тұрғысында қарастырылды. Соның нәтижесінде, отандық телеарналардағы контенттің қалыптасу жолы баяндалып, аудио-визуалды сала ретінде ұлттық контент сипатқа ие болды. Рухани жаңғыру бағытында, жаһандану үрдісіне сәйкес, әлемдік режиссура стандарттары негізінде ұлттық контент перспективалары мен көркемдік ерекшеліктері жүйеленді. Ұлттық контентті құру ұлттық кодты анықтау, ұлттық бірегейлік мәселелері, рухани құндылықтарды жаңғырту, тарих пен өркениетті ұлт санасында қалыптастыру, халықтың әлеуметтік мәселелердегі сауатын арттыру сынды маңызды мәселелерді шешудің кілті есебінде ұсынылды.

9. Ақпараттық технологиялық даму құбылыстарын телевизиялық тың дүниелерді қайта модернизациялауға арналған жаңа перспективалар кеңістігінде қарастыру ұсынылды. Отандық медиакеңістікке әлемдік үрдістерге сай заманауи стримингтік платформаларды енгізіп, оны ұлттық контентке негізделген бейнелік ақпараттармен толықтырудың маңызды құбылыс екені аталып өтті. Жаһандану процесінде әлемдік медиакеңістікке жаңадан қосылып жатқан стримингтік платформалардың өсу динамикасын анықтап, контенттің жаңа үлгілерін отандық нарыққа енгізу жайында ұсыныс жасалды.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы және сыннан өтуі:

Ғылыми зерттеудің негізін құрайтын материалдар ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгіленген республикалық басылымдар мен SCOPUS базасына енетін нолдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымдарда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтарында жарияланған:

1. «Отандық телеарналарда заманауи телевизиялық контенттердің даму перспективалары» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі», халықаралық ғылыми-көпшілік журнал, №2 (57) 2018, өнертану. (Астана, 2018), ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журнал ISSN 2073-333X., 70-73 б. [51].

2. «Әлемдік телеарналардағы заманауи тенденциялардың қалыптасуы» // Философия ғылымдарының докторы, профессор АЛТАЕВ ЖАҚЫПБЕК АЛТАЙҰЛЫНЫҢ 70 жылдық мерейтойына арналған «Әл-Фараби қазақ және әлем философиясы, мәдениеті мен өркениетінде» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы, ҚазақҰУ, 2018ж., 334-337 б.[52].

3. «Ел дамуындағы заманауи үрдістерге сай жаңа телевизиялық контент» // Кинотанушы, өнертану кандидаты, профессор, Қазақстандағы кәсіби кинотанудың негізін қалаушы Бауыржан Рамазанұлы Нөгербектің туғанына 70 жыл толуына арнаған «Рухани жаңғыру контексіндегі заманауи кино өнері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары., Алматы, ҚазҰОА, 30 сәуір, 2018ж., 144-146 б. [53].

4. «Қазақстандық телеарналардағы контенттердің дамуы және режиссураның маңыздылығы» // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы, №4 (76), 2018., Алматы, «Қыздар Университеті», ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журнал ISSN 2306-5079, 178-183 б. [54].

5. «Становление и развитие режиссуры на казахстанском телевидение» // «Культурология, филология, искусствоведение: актуальные проблемы

современной науки»: сборник статей по материалам XXXI-XXXII Международной научно-практической конференции, № 2-3(25), (Россия, г. Новосибирск: СибАК, 9 марта, 2020), ISSN 2587-9200., С.13-20 [55].

6. «Становление стриминговых платформ и его воздействие на развитие кино и телевидение» // Қазіргі қоғамның ғылыми жетістіктері», VIII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (1-3 сәуір 2020 ж.) Cognum баспасы, Ливерпуль, Ұлыбритания. 2020 жыл. 912Б., ISBN 978-92-9472-193-8 VIII-я Международная научно-практическая конференция «scientific achievements of modern society», (1-3 апреля 2020 г.) издательство Cognum, Ливерпуль, Великобритания. 2020 год. 912 С., ISBN 978-92-9472-193-8., С. 222-228 [56].

7. «Art direction prospects increation of modern content for domestic TV channels». // Orсіón. - 2020. - Vol. 36, №.91. P. 766-783 [57].

8 «Цифрландыру дәуіріндегі қазақ экрандық саладағы режиссураның түрленуі». // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі», халықаралық ғылыми-көпшілік журнал, №10_1(141)2020, өнертану. ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журнал ISSN 2073-333X., 213-218 б. [58].

Диссертация құрылымы.

Диссертациялық жұмыс Кіріспе, қысқартулардан, үш тараудан, тоғыз тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Мәтін көлемі 124 бет.

Бірінші тарау - «ТЕЛЕРЕЖИССУРАНЫҢ ТАРИХИ –ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ». Бұл тарау қазақ экрандық өнер салаларының пайда болу кезеңінен бастап, жаңа ғасырдағы түрленген құбылыстарын саралайды. Сонымен қатар, телевизиялық саланың кино индустриядан ерекшеліктері сұрыпталып, оның даму жолдары, теориялық негіздері, тарихи құбылыстары зерттелді. Техникалық прогресс аясындағы телевизия режиссурасының контентке және оны аудиторияның қабылдауына әсер ету факторлары ғылыми–теориялық тұрғыда зерделенді. Сонымен қатар, бұл тарауда әлемдік телевизия тарихының даму кезеңдеріндегі қомақты үлес қосқан шығармашылық бағыттардың басты ерекшеліктеріне талдау жасалып, телевизиялық режиссураның сапалы, заманауи контент қалыптастыру мүмкіндіктері сарапталды.

Екінші тарау - «ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕАРНАЛАРЫНДА ҰЛТТЫҚ КОНТЕНТ ҚҰРУ ҮДЕРІСІ». Отандық телевизияның тарихы бай, әрі ғұмырлы. Оның құрылған алғашқы күнінен бастап басынан өткерген тарихи оқиғалары, сол дәуірдің, сол саланың мамандарының пікірлеріне сүйене отырып зерделеніп, қарастырылды. Бүгінгі күні телевизия өндірісінде заманауи режиссура – контенттің ең тиімді және қажетті құралы болып отыр. Ұлттық менталитет пен кеңестік дәуірдің сипаттарына сүйене отырып жасаған алғашқы қадамдарын зерттеуде бұрын-соңды ашылмаған тарихи деректер зерттеуге негіз болды. Қазақ телевизиясына елеулі еңбек сіңірген аға буын телевизия мамандарының зерттеулері сараланды. Осы аспектілердің нәтижелеріне сүйеніп, отандық телевизияның перспективаларына болжамдар жасалды.

ҮШІНШІ ТАРАУ - «ЗАМАНАУИ ҰЛТТЫҚ КОНТЕНТ ҚҰРУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ». Телевизиялық контентті зерделей келе оның техникалық құрылымдарға негізделгенін, әлеуметтік–психологиялық әсерлерін талдай отырып, перспективалық даму жолдарын айқындауға тырыстық. Осы орайда, телевизиялық контент тарихы мен режиссуралық теория ұштасқан тұстағы кәсіби құбылыстардың даму бағыттарына ерекше мән бердік. Жаһандану процестері салдарынан туындаған эфирлік платформалардың жаңа түрлеріне сипаттамалық түсіндірмелер ұсынып, бұл құбылыстың отандық эфир кеңістігіндегі перспективалары талқыланды. Бұл ретте, телевизиялық контент режиссурасына теориялық тұжырымдар жасалып, қолданыс аясындағы кәсіби терминдерге анықтамалар беріледі. Телевизия мамандарының шығармашылық жетістіктері мен көрсетілімдердегі заманауи режиссураның кәсіби деңгейін саралай отырып, телевизиялық контенттің бүгінгі күнге сай даму барысы нақты мысалдар арқылы дәлелденді. Отандық телевизиялық жобалардағы заманауи режиссура әдістерінің жүзеге асу жолдарына ғылыми тұрғыдан баға беріледі. Зерттеудің мақсатын айқындау үшін Отандық және шетелдік телеарналардың эфирлік материалдары мысалға алынады. Отандық телевизия саласындағы контент құрудағы режиссураның орны мен маңызы теориялық тұрғыда жүйеленіп, ғылыми негізде қорытынды жасалды.

Қорытынды. 2018 жылдың 9 қаңтарында Елбасының халыққа жолдаған жолдауынан Қазақстан Республикасының стратегиялық бағытына қатысты «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жарияланды. Сонымен қоса Елбасының: «Отанымыздың көркеюі әркімнің жаңа цифрлық дәуір талаптарына сай болуына байланысты» [59], деген тұжырымдамасы, оның елімізге қойған тапсырмасы мен мемлекетіміздің жаңа бағыты белгіленді. Мәселен, бүкіл-әлемдік жаһандану үдерісінде бірінғай жаңа, заманауи технологиялардың жаппай енуі сынды үрдістерге біздің елдің де сәйкес келу мақсаты көзделген. Осы орайда бұл диссертациялық жұмыс Егеменді еліміздің алдына қойылған бірден бір маңызды мәселенің шешімін тауып, жаңа дәуірдегі Қазақстанның қарқынды дамуына қосар үлесі зор.

1. ТЕЛЕРЕЖИССУРАНЫҢ ТАРИХИ – ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Әлемдік телережиссураның генезисі мен даму кезеңдері.

Аудио-визуалды өнердің ішінде эфир тарату көлемі және ауқымы жағынан бүгінде телевизияға тең келетін платформа кем де кем. Тұтынушылық заманда телевизия - қоғамның ақпаратқа деген сұранысын қамтамасыз ете алатын негізгі құралдардың бірі. Қоғамдық сананы қалыптастырудан, мәдени-танымдық дәстүрді жаңғырту мен ақпарат таратудан бұқаралық ақпарат құралдары саласы ішінен телевизия көш бастап, үлкен күшке ие болған. Әлемдік деңгейде ауқымды таралымға ие болған телевизия саласы, бүгінгі таңда қоғамның айрылмас бөлігіне айналды. «Телевизия» ұғымы грек сөзінен аударғанда «алысқа» және латынның «көру» сөздерінен тұрады [60]. Яғни, Телевизия ұғымы бейненің алыс қашықтыққа таратуды меңзейді.

Телевизиядағы режиссураның даму үрдісін зерттеуде ең алдымен оның мән-мазмұнына, формасына және құрылымына зейін салу керек. Ең әуелде режиссура кәсібінің қандай ұғымдардан тұратыны, қандай қызмет атқаратыны және де қандай құрамдардан тұратыны анықталуы қажет. Телевизиялық режиссура өзіндік негізгі техникалық тәсілдері - кинорежиссурадан бастау алады. Тек кейбір аспектілері қызметіне қарай ерекшеленеді. Бірақ, екі саладағы режиссура да экрандық өнерге жатады. Телевизиялық режиссура өзіне ғана тән суреттеу құралдары мен режиссерлық идея, көркемдік шешімдерден құралады. Режиссердың көркемдік әдістеріне көптеген көмекші құралдар, яғни, аудио-визуалды, вербалды, психологиялық әсер ету және т.б. тәсілдері кіреді. Телевизияның көрермендермен байланыс құралы эфир болса, суреттеу құралдары - режиссерлық әдістерден бастаған жөн.

Телевизия аудио-визуалды сала ретінде, кино, радио, театр, музыка, би, әдебиет пен сәулет өнерін бір арнаға тоғыстырып синтезді дүниеге айналды. Көптеген өнер саласын өз бойына қамтығанымен, телевизия өндіріс алаңы болып табылады. Дегенмен, өнерге қатысты белгілі бір шығармашылық үдерістерді атқару арқылы өнер мен өндіріс арасында сабақтастық байланыс тудыра алды. «Телевизия – қоғамда белгілі бір құндылық немесе тұжырымдаманы белгілеудің негізгі әдістерінің бірі. Телевизияның қоғамдағы рөлі – бұл баяндаушының баршаға ортақ рөлі» [61]. Мәселен, оркестрдегі аспаптардың бір композицияға дирижердің бастауымен біріккеніндей, экрандық өнер саласы да сапалы білімге бай кәсіп иесіне мұқтаж болды. Бұндай маңызды қызметті атқаратын кәсіби маманды - режиссер деп атайды. «Экран тілі» көркемдеуші құралдарға жататын композиция, ракурс, монтаж, жарық пен көлеңке сынды негізгі экрандық суреттеу құралдарынан қалыптасады.

Телевизия ақпараттық алаң болғандықтан көрермендерге анағұрлым тез, әрі түсінуге жеңіл түрде жетуі керек. Сол себепті кадр ұзақтығы динамикалы, алайда ритмі баяндалып жатқан сюжеттің мазмұнына сай болуы маңызды. Кадр мен план ұғымдарын қарастыратын болсақ, телевизиялық өнерде кадр мен план кинематографтағыдай авторлық идеяға толығымен бағынбайды. «Кадр – экранның басты құрылымдық бірлігі; оның құрылуы экран өнерінің мәнін, ал құру сапасы – автордың кәсіби шеберлігінің мәнін анықтайды. Кадрлеу кезінде

қажет объект немесе құбылыс таңдалады, ал түсірушінің шеберлігі – кадр жазықтығында детальдарды негізгіні айшықтап, барлық артық дүниелерді білінер-білінбес етіп орналастыруында жатыр» [62]. Осы жерде келтірілген дәлел, режиссураның кадр арқылы бүкіл экрандық өнер саласына қатысты екенін айқындайды.

Қалыптасқан үрдіс бойынша кез келген түсірілімге кіріспес бұрын материалды режиссер сүзгіден өткізіп, кадрларды монтажды түрде режиссердың ойында жинақталуы қажет. Дыбыспен жұмыс жасағанда да бейнелік рет музыкалық сүйемелдеу мен ритмдік сәйкестікте болуы шарт. Сондай-ақ, кадрлық ұзақтық пен дыбыстық сүйемелдеу кадр ішіндегі динамикаға тұспа-тұс келгені дұрыс. Көрерменнің органикалық, эмоционалдық қабылдауы жүйелі, нәтижелі болуы маңызды. Сол себептен режиссерларды даярлауда олардың кино мен телевизиялық салада жалпы білімінен бөлек, ерекше аспектілеріне де мән беру қажет. Мәселен, телевизиялық режиссер журналистік қызметті де етене игергені маңызды. Мағлұматты шапшаң, әрі мейлінше нақты жеткізу сынды, кейіпкерлерден қажетті ақпаратты кәсіби және телевизиялық форматқа сәйкес ала білуі қажет.

Әдетте телевизияда режиссерлар журналистік мамандықты қатар игерген мамандар болып келеді. Себебі, алғы шепте публицистикалық, филологиялық, тіл және саяси білімдерді қажет ететін телевизия саласы көркемдік режиссураға екінші ретте мұқтаж. Яғни, режиссерлар телевизиялық дүниені даярлағанда ең алдымен журналистикалық зерттеулерге сүйенеді. Әрине, режиссер кәсіби білімінің негізінде түсірілімдер жасайды. Көркемдік бейнені тек режиссерлық тәсілдер арқылы жүзеге асатынын ескерсек, режиссураның телевизияда қаншалықты маңызды екендігі өздігінен айқындалады. Мәселен, С. Фурцева осы тұрғыда мынадай дәлел келтіреді: «Телевизия өзінің спецификалық мүмкіндіктері арқылы образдарды құрудың мықты құралы болып отыр. Оның құрылған кезінің өзінде-ақ газет, радио немесе тіпті кинотеатрлар экранынан берілетін ақпараттан гөрі телевизиялық ақпарат басқаша қабылданатыны айтылған болатын» [63, 90 б.]. Яғни, С. Фурцеваның осы дәлелі диссертацияның бүгінгі күні қаншалықты өзекті екенін анықтайды.

Телевизияның тағы бір ерекшелігі оның баяндаушы құрал ретінде «сөз» маңыздылығы жоғары қойылады. Телевизиялық салада бағдарламалардың тізгінін редакторлардың ұстайтыны да осы себептен. Ақпаратты тарату мақсатын негізге алған телевизия көркемдік ерекшелік ретінде сөздің қадіріне көп мән береді. «Сөздің телевизиядағы айқындаушы құрал ретіндегі рөлі, кинодағы рөлінен жоғарырақ, ал фотографиядағы рөлге қарағанда – теңдесіз. Екі жағдай – үйдегі экранның шектеулі көркемдік ресурстары және ақпараттық бағдарламалардың басым үлесі – дыбыстық-визуалды телевизиялық синтезде сөзге ерекше мән беретінін ұмытпау қажет» [64, 119 б.]. Телевизия көркемдік баяндау құралы ретінде кинематограф сынды масштабты қойылымдар, декорациялар мен бейнелік қатардың синтезделген жиынтығын көрермендерге жеткізуді мақсат тұтпайды. Сол себептен, телевизиялық көркемдік шешімдер сөздің көмегі мен құдіретіне сүйенеді.

Бүгінгі «мыльная опера» жанрындағы телевизиялық фильмдер немесе «ситкомдар» көптеп кездесетіні де осыдан болса керек. Келесі ретте телевизия ақпарат көзі болғандықтан тұрақты қызметкерлерін негізінен журналистер мен филолог мамандардан құрайды. Бұл үрдіс жоғарыда атап өткендей телевизиядағы сөздің басымдылығы мен ақпараттың шапшаңдылығынан туындайды. Тез, әрі жеңіл түрде көрерменге жеткізу мақсатында кез келген текст белгілі бір «сүзгіден» өтеді. «Сөздің» қадірі телевизияда басым болуы осыдан. Сөзге негізделген эфирлік өнердің осы түрі бүгінде сол құдіретті «сөздің» құлына айналғандай.

Заманауи көрермен киноны тарихи контекстінде көптеген өнер түрінің синтезі ретінде қабылдағанындай, бүгінде кино мен телевизияның тұтастығын бір экран көлемінде көргісі келеді. Телевизиядағы режиссура генезисі жаһандану үдерістерінің жаппай эфирлік кеңістікті жаулаудан бастау алып, жаңа формаларға ие болып, дәстүрлі телевизиялық кеңістіктен ілгері жылжуда.

Әлемдік эфир кеңістігіне көз жүгіртіп қарайтын болсақ, заманауи-технологиялық, формалық және де мазмұнды-трансформациялық өзгерістердің орын алып жатқанын оңай аңғаруға болады. Кино көрсетілімге жол тартпаған әдебиеттік шығармалар телевизиялық сериалдардан, телефильмдерден көрінісін тауып жатыр. Яғни, әлемдік классикалық «Джейн Эйр» (*Jane Eyre*), «Даунтон аббатствосы» (*Downton Abbey*) «Абырой мен жалған сезім» (*Pride and Prejudice*) сынды көптеген әдебиеттік шығармалар телевизиялық экран бетінде жарық көрді.

Сол сияқты, телевизиялық мүмкіндіктер жеткіліксіз болған жағдайда, көрінісін үлкен кино экрандардан тауып жатқан дүниелер де аз емес. «Шынында да, көптеген көркем фильмдер теледидарда және киноэкранда, кең форматты, кең экранды немесе әдеткі нұсақаларда бірдей деңгейде қарала береді, ал әдеби мәтіндердің басым бөлігін қабылдау қандай да бір басылым түріне байланысты емес. Алайда бұл жайт экранның көлемі маңызды рөлді атқаратын фильмдерді құруға және басылымның нақты түріне және кітаптың нақты конструктивті шешіміне шақталған әдеби шығармаларды құруға мүлде кедергі келтірмейді» [65, 34 б.]. Бұл пікірге қосыла отырып, автор экрандық өнер саласының өзіндік ерекшеліктерге толы екенін айқындайды.

Яғни, бір экрандық кеңістіктегі дүние екінші дүниеге әлбетте шартты түрде тәуелді емес екендігі анықталды. Әр экрандық сала өзіндік ерекшеліктеріне сай қажеттілікке ғана бағынады, басқаша айтқанда ережелерге сай жасалады.

Өзінің бір мақаласында ғалым Қ. Әбжанов кино мен телевизия шығармашылығының араласу процесіне мынадай түсініктеме береді:

«Біріншіден, кинофильмдер телевизияда жаппай көрсетіліп, ешқандай қайшылықсыз араласты. Нәтижеде кинотеатрлардың көрермендері азайды. Олар телеаудиторияларға айналды.

Екіншіден, кино телевизияға өнімін сатуға көшті. Уақыт өткен сайын кинофильмдердің сату бағасы көтеріле берді. Ақырында телевизия фильмдері сатып алуға қаржысы жетпейтінін байқады.

Үшіншіден, телевизия кинофабрикаларға сұраныспен телефильмдер түсіретін болды. Бірінші кезде үлкен экран киногерлері кіші экран сұранысымен түсіретін фильмге қаржыны бірігіп шығаратын болды. Кинематографистердің шартты талабы бойынша, ортақ өнім алдымен кинопрокат айналымына түсіп, киноөндірісіне тиісті ақшасын шығарып беретін болды. Бұған көңісі келмеген телевизия енді фильмнің қаржысын өзі төлеп те көрді. Бұл тұста кіші экран талаптары деген сөз шықты. Бұл екі түрлі аудитория көрермендерінің өзіндік психологиялық ерекшеліктеріне байланысты сұраныстан туындаған еді.

Төртіншіден, осындай сынақтарды бастан кешірген телевизия 1965-67 жылдары өз ішінен телефильм шығаратын бірлестік ашып алды» [66, 633 б.].

Телевизия мен кинематографты салыстырып қарайтын болсақ, тағы мынадай айырмашылықтарды байқауға болады. Әсіресе, бұл айырмашылық телевизияның қалыптасу сатысында орын алып, әйгілі теоретиктердің талқысына түсіп, зерттеулерінен өткен болатын. Мысалы, Сергей Эйзенштейннің «Монтаж аттракционов», «Монтаж 1938» және Дзига Вертовтың «Киновещь» атты зерттеулері өткен ғасырдың 20-жылдары орын алған. Бұл туралы өзінің «Көркем телевизиясында уақыт мәселелері» («Проблемы времени в художественном телевидении», 1977ж.) кітабында Юри Богомоллов атап өтеді. Бұл мәселенің өзектілігі телевизия мен кино сынды өзге де эфирлік салалардың дамуына септігін тигізгенін байқауға болады. Яғни, Серген Эйзенштейннен бастап, Владимир Саптак, Рудольф Борецкий сынды эфирлік өнер майталмандарының сүзгісінен өткен. Сол себептен мәселе жан-жақты зерттеліп, заманауи эфирлік платформалардың пайда болуына өз үлесін қосты.

Жоғарыда аталған теоретиктердің телевизия мен кинематографтың айырмасын зерттеуде ұқсастығын ескеріп, кинематограф болған оқиғаның өткен шақта, ал телевизия осы шақтағы өзектілігін айқындай отырып, оның болашақта маңыздылығын сараптайды. Яғни, кез келген телевизиялық өнімнің кино туындыдан ерекше болуы оның болмысы мен орын алған оқиғаның уақыты, дәл айтқанда әрекеттің осы уақытта орын алуымен нақтыланады. Расында, кинотуынды авторлық идеясы пайда болуынан бастап, толық түсірілім үдерістерінен өтіп, монтаждалып, дыбысталып, таспаға басылып, үлкен экраннан көрсетілгенше бірнеше ай, кейде жылдар аралығындағы уақытты қамтып жатады.

Керісінше, телевизиялық салада мағлұмат, хабар, не бағдарлама өзектілігін жоғалтпай тез арада эфирге шығуға тырысады. Себебі, телевизияның негізгі мақсаты да осында. Сол себептен, телевизия мен кино саласын қарастырғанда екеуі екі түрлі мағына беретінін ескерген жөн. Алайда жоғарыда аталған теоретиктердің бұл пікірі күшін техникалық дамудың салдарынан жойылды. Дәл осы уақытқа сай өзекті дүниелер телевизиялық эфирді толығымен қамтып қойған жоқ. Телевизиялық эфир тек бір ғана тікелей эфирлі трансляциялармен шектелмеді. Техникалық мүмкіндіктер дами келе, таспаға түсіріліп, монтаждалып, бағдарламалар шығармашылық амал-әрекеттерді қолданып эфирден шығып жатты. Үдерістің осындай тарапынан өткен бағдарламалар

телевизиялық дүниелерді енді керісінше кино өнеріне жақындатты. «Белгілі болғандай, мезеттік телевизияның әмбебап қасиеті емес, оның ішкі заңы емес, тек дамудың бастапқы нүктесі болғандықтан, телевизия мен кино арасындағы шекараны бұлыңғыр ете бастауы қалыпты болып көріне бастады. Онда телевизия – киноматографтың жай ғана бір көрінісі, дайын киноөнімді құру және тираждау, кино өндірудің (магнитті пленка, көптаспалы түсірілім) жаңа технологиясы деп пайымдау қисынды болады. Әрине, мұндай жағдайда әңгіме телеөнер сипаттамасы туралы емес, телевизиялық тарату және телетрансляциялаудың ерекшеліктері туралы айтылуы тиіс. Осындай мәндегі ойдың шабыты зілді, үзілді-кесілді, бірақ іс жүзінде ымыралы наразылықтарды тудырды» [67, 15 б.]. Бұл тарапта Юрий Богомоловтың осы тұжырымдамасы орынды болып келеді.

Кез келген экрандық платформалардағы көріністер кадр көлеміндегі тұйысқан жанды және жансыз денелердің, табиғи және жасанды дүниелердің, белгілі уақыт пен кеңістік заңдылықтарына бағынатын, мағыналы мазмұн мен сипаттауға келетін түсініктерден тұрады. Бұл ұғымдар бейнелеу өнерінде де кездесіп жатады. Алайда, экрандық, яғни, тек бейнелік емес, аудио-визуалды құрылымнан тұратын өнерде, аталған түсініктер экрандық салаға жатады. Біріңғай өнер саласында негізгі суреттеуші құралдар болады. Бейнелеу өнерінде бояу мен қылқалам болса, кино өнерінде ол кадр көлеміндегі кез келген деталь немесе кейіпкер.

Кадр ұғымы француз тілінде «жиіктеме», «жақтау» деген мағына береді. Суретшілер суреттерін салып, жақтау салған сияқты, режиссерлар да материалдық заттармен, іс-әрекеттерге толы, мағыналы интерпритациялармен, жарық, түс, қозғалыс, ойын, қойылымдар арқылы идеяларды экрандық жақтау көлемінде жеткізеді.

Экрандық өнерді өзге өнер саласынан айқындайтын көркемдік маңыздылық сипатқа ие келесі ұғым ол - комфорттық монтаж негізі. Комфорттық монтажда кез келген іс-әрекет уақыт пен кеңістік көлемінде қозғалыс ретін жоғалтпай, шынайы ағымда жүруі тиіс.

Бұл тәсілге қарама-қайшы тәсіл «акцентті монтаж» керісінше, табиғи ағымды қасақана бұзу арқылы режиссердың белгілі бір ұғым немесе нысанға жасанды түрде көрерменнің көңілін бөлуді айтамыз. Соның салдарынан көрермен зейінін нақты нысанға бұрады.

Ал автор көздеген мақсатына тез және оңай жете алады. Бұл екі тәсіл кино өндірісінде кеңінен пайдаланылады. Телевизиялық өндірісте «комфортты монтаж» тәсілі телесериалдарда, репортаждарда, студиялық бағдарламаларда, әсіресе тікелей эфирлерде кең қолданылады. Акцентті монтаж тәсілі арнайы репортаждарда, анонстар мен жарнамаларда және кейбір студиялық бағдарламаларда қолданылады.

ЖТС көмегімен түсірілген репортаждарда монтаж тікелей түсірілім кезінде жүріп жатады. Материалды түсіріліп болғаннан кейін арнайы видеомонтаждық құрылғыларда жасалмайды және де көрермендердің эмоционалдық қатынасуын күшейте алмайды. Арнайы видеомонтаж құрылғылары арқылы монтаждалатын материалдарда режиссер кез келген ыңғайлы сәтте, қажеттілікке сай тұстарда

көрермендердің эмоционалдық тұрғыда қатынасын күшейту мақсатында қосалқы немесе қосымша материалдарды пайдалана алады.

Алайда бұндай тәсілдер міндетті түрде түсірілімге қатысқан кейіпкерлердің пікірі мен ұстанымдарымен сәйкес келеді дегенді білдірмейді. Телевизиялық өнім жасалғанда авторлар көбіне тек көрермендердің бағдарламамен немесе сол телеарнамен байланысын көздейді. Мысалы АҚШ-та 1967 жылы Си-Би-Эс арнасы дайындаған бағдарлама жоғарыда айтылған тұжырымдаманың дәлелі: «Киноүзінді Риганның бұрынғы актер, саясатқа кеткен, сенатор Джордж Мерфиге сөйлеген мезетін түсіріп алған. «Иә, Джордж, – деді Риган, – біз қайтадан кешкі спектакльге қатысамыз». Осы сөздерден кейін Мерфидің асыра салтанатты, қабағы түйілген, айналадағы құбылыстарды құптамаған кейіптегі ірі планы көрсетілді» [63, 87 б]. Бұл жерде орын алған оқиғаны қалжың мәнерінде берілгенімен, шындығында Мерфидің ірі пландағы реакциясы монтаж кезінде арнайы кесіліп салынған. Бұл тәсіл әрине репортажға қатысқан кейіпкерлердің көңілінен шыға қойған жоқ. Дегенмен, бұндай режиссерлық тәсіл нәтижелі екенінің бір дәлелі.

Бұл жерде режиссер «акцентті монтаж» тәсілін қолданған. Ал тікелей эфирде бұндай манипуляциялар жасау мүмкіндігі жоқ. Керісінше, түсірілім барысында оқиға сол сәтте, яғни, іс-әрекет фактті түрде орын алады. Дәл осы айырмашылықтар мен ерекшеліктер кино мен телевизиялық саланы бір бірінен ажыратып және ұқсастықтарын айқындайды.

Алғашқы қадамдарын кинематограф сынды XIX ғасырда бастаған телевизияның мақсаты дегенмен өзгеше болды. Саланы алғашқы зерттеушілер ең әуелде сигналды алыс қашықтыққа таратуды мақсат есебінде ұстанды. XIX ғасырдың соңында тұңғыш нәтиже беретін жаңалықтар ашыла бастады. Бейнелік тасымал алғашында фотографияны тасымалдаудан бой көтерді. Осы тарапта Уиллоуби Смит (*Willoughby Smith*) пен Генрих Герц (*Heinrich Rudolf Hertz*) бастаған жұмысты Паул Нипков (*Paul Julius Gottlieb Nipkow*) өзінің скандаушы дискісін жасауда негізге алғаны мәлім. Дәл осы Нипковтың дискісін телевизияның алғашқы құрылғысы есебінде қарастырылады.

Алғашқы экран құрылғысы мен көрермен қауымның арасындағы ара-қатынас бейне тасымалының тұңғыш тәжірибелердің XIX ғасырда жүзеге аса бастағанымен, нәтижелі жұмыстар жемісін XX ғасырдың басында ғана белгілі бір формаға ие бола бастады. Аз уақыт ішінде көрермендер саны тез арта бастады.

Бұл ғылыми зерттеуде, сонымен қатар телеэкран және көрермендер байланысы зерделенді. Көлемі сіріңке қорабынан сәл ғана үлкен, алғашқы телеэкранда пландар сапа тұрғысынан төмен болғандықтан, жалпы пландағы дүниелерден гөрі ірі пландар басымдылыққа ие болды. Осы фактордың өзі көрсетілім құрылымы мен көрермендік қабылдаудың арасындағы байланысты айқындады.

П. Нипков тәжірибелерінің оңтайлы қыры өзге зерттеуші ғалымдардың тұңғыш телевизияның пайда болуына алып келді. Нипковтың зерттеу жұмыстары бүгінгі күні көптеген өндірушілердің негізінде жатыр. Теледидар

атаулының барлық түрі Нипковтың алғашқы құрылғысының дамуы нәтижесінде пайда болды.

Бұл идеяны дамытуда Джон Берд (*John Logie Baird*), Ованес Адамян (*Adamian Hovhannes*), Лев Термен сынды өнертапқыштар және басқа да ғалымдармен жүзеге тек XX ғасырдың басында ғана тәжірибелік тұрғысынан жүзеге асады. Алайда, бүкіл әлемдік журналистикалық қауымның ортақ шешімі бойынша, телевизияға алғаш дем беріп, өзіндік қалыптасқан сала ретінде толыққанды жүзеге асырған Америка құрама штаттарына көшіп кеткен орыс ғалымы Владимир Зворыкинді атайды.

Оның ойлап тапқан кинескоп аппараты кең тараған телевизиялық аппарат болып, әлемнің түкпір түкпіріне кең тарап, негізгі телевизиялық құрал есебінде пайдаланылды. Тақырыпты зерттеу барысында, телевизияның даму сатысы телевизияның бастамасы ретінде, өткен ғасырдың 30 жылдарынан бастап, кезең кезеңге бөліп, қарастырылады. «Телевизия жүйе ретінде өзінің құрауыштары арқылы ғана емес, сондай-ақ олардың арасындағы байланыстардың бүкіл жиынтығы арқылы түсіндірілуі тиіс» [68, 10 б]. Яғни, Э. Багировтың еңбектерін зерделей келе, телевизиялық режиссураны қалыптасу кезеңдеріне сараптама жасап, даму сатысын аралық кезеңдерге бөліп қарастырған ең тиімді жолдың бірі екені айқындалды. Оның тарихи жолын ашып қарастыратын болсақ, даму кезеңін бірнеше сатыларға бөліп қарастырған дұрыс. Анығырақ айтқанда 10 жылдық кезеңдерге бөліп қарастырған жөн.

1930 жылдары бастау алған телевизия саласы өзінің жұмысын дыбыссыз кинофильмдер мен хроникалық оқиғаларды трансляциалаудан бастады. Алғашқы эфирлер көлемі кішкентай теледидарлар арқылы көрсетілгендіктен көбіне ірі пландардан тұрды. Алғашқы режиссерлық шешімдердің біріне осындай тәсілді жатқызуға болады. Себебі, жаңа специфика жаңаша тәсілдерді қолдануды сұранды. Дегенмен, режиссерлардың бұл жаңадан ашылған салаға жаппай келуі алдағы онжылдықтарда прогрессиялық деңгейді көрсетті.

Өткен ғасырдың 30 - жылдары телевизияның эфир таратуы тұңғыш рет неміс өнертапқышы П. Нипков құрастырған «механикалық дискі» арқылы жүзеге асты. «30-жолды механикалық кескінді жайма жүйесімен сынамалы телевизиялық ақпарат тарату 1929-1931 жылдары әлемнің жетекші елдерінде бір мезгілде іске қосылды. Германияда құрылған 30-жолды формат іс жүзінде халықаралық форматқа айналды» [69, 8 б.]. Сол кездегі тәжірибелі нұсқалар сіріңке қорабы көлеміндей ғана теледидардан таратылды. П. Нипковтың құрылғысын Ресей және өзге Европа ғалымдары зерттеп, дамыта түседі. Қашықтыққа бейне тарату радио сигналдарын тарату үлгісінде жүзеге асты.

Телевизияның басты бағыты - ауыл – аймақтарды ақпараттандыру мақсатында таратуға дейін Нипковтың тәжірибесінің нәтижесінде туындаған алғашқы сигналдар бір дегенде хроникалды фильмдер мен студиялық трансляцияларды емес, алғашында тек адам бетінің сұлбасын, бейнесін таратты.

Келесі 10-20 жылдықта эфирді жылжымалы телевизиялық станция (ЖТС) көмегімен жүргізу перспективалары пайда бола бастайды. XX ғасырдың 30 - жылдардағы телевизия саласы кинематограф саласынан қатты ажырай қойған

жоқ. Айырмашылығы мен ерекшелігі де едәуір болған жоқ. Бұл жерде ұқсастық және етене байланыс аудио-визуалды контенттің толықтай кино өнердің принциптері мен теориялық негіздерінде жүзеге асты. Әсіресе, түсірілген хроника мен фильмдер.

Алайда, 1940 жылдардың соңына қарай ЖТС арқылы таратыла бастаған тікелей таратылымдағы бағдарламалар кино мен телевизия арасын түбегейлі бөлек түсініктерге бөліп бастады. Осы сәттен бастап кино өнер, ал телевизия журналистика қызметін атқара бастады.

Телевизияның таралым принципі - яғни, эфирлік мүмкіндігі қалыптасты. Киномен салыстырғанда көрермендерді үлкен экрандарға шақырған жоқ, керісінше, кез келген көрерменнің үйіне өзі бара бастады. Кинематографтың хроникалды көрсетілімдер мен аттракционды қызметінен өнер саласына енуінің бірден бір себепкер болған, Сергей Эйзенштейн, Лев Кулешов, Дэвид-Уорк Гриффит енгізген «монтаж» ұғымы.

Оқиғаны бас-аяқ монтаж тәсілі арқылы түрлі бейнелер мен түсініктер беру арқылы кино өнер туындыларын жасауға мүмкіндік алды. Негізгі ерекшелігі де осында деп есептеуге болады. Алайда, бұл тәсіл толыққанды қолданысқа телевизияға бейнетаспаның келуімен басталады.

Кино экранда «өткен» мен «болашақты» көрсеткен болса, телевизия көрермендерге «дәл осы уақыттағы» оқиғаларды ұсынды. Сонысымен көрерменнің жылы ықыласына бөленді.

Телевизияға «монтаж» ұғымы тек XX ғасырдың 60 - жылдарының соңына таман ене бастады. Тек тікелей трансляция беріп келген телевизия, көрсетілімдерді жазып алу мүмкіндігіне ие болмады. Сол себептен, эфирден кей кездері оқыс оқиғалар өтіп кетіп жатты.

Көрсетілімдерді таспаға көшіріп жазу қажеттілігі өзекті мәселелердің біріне айналды. Маңыздылығына тоқталсақ: таспаға көшіріп жазу түсірілген материалдарды сақтап, өндеп, монтаждап, қайталап эфирге беруге мүмкіндік туғызды. Бұл тәсілдің тарихи маңызы да айшықты. Бүгінде телевизия өзінің ең бай, әрі құнды бейнетаспа архивімен құнды.

Сол кезеңдегі мамандар телевизияда көбіне техникалық кәсіптерден болды. Себебі, басты тарапта телевизияны ең алдымен жүйеге келтіріп, аумақтарға тарату өзекті болды.

Радио таратылыммен бәсекеге түсу перспективалары телевизияның алдында радикалды шешімдерді қолдануды міндеттеді. Режиссер мамандығы телевизияға бұл аралықта әлі ене қойған жоқ. Көрсетілімге әзірленген материалдар дайын хроникалық, кино түсірілімдерден тұрды.

Телевизиялық режиссер мамандығы кәсібі немесе ұғымы болмаған. Келесі даму кезеңінде де телевизиялық режиссура мамандығының пайда болуына өзіндік кедергілер себеп болды. Телевизияның 30-жылдардағы жаңалығы осындай факторлардан тұрды. Жалпы XX ғасырдың 30 - жылдары телевизия тарихында Нипков есімімен сақталса, келер он жылдық шартты тұрғыда Й. Сталин мен А. Гитлердің есімдерімен сақталды.

Өткен ғасырдың 40 - жылдары аса елеулі өзгерістер әкеле қойған жоқ. Оған себеп болған II Дүниежүзілік Соғыс. Басымдылық радио тарату жүйесіне

берілді. Телевизиялық қораптар өткен он жылдықта эксперименталды құрал ретінде пайдаланса, радио қабылдағыш құралдар бұл сәтке дейін көптеген елдерде қолданыста болды. Оған қоса, радио таратылым жүйесі кең пайдаланысқа ие болып, байланыс құралының негізгі түріне айналды.

Ақпарат сол қиын кезеңдерде тез, әрі жеңіл таралуы әр мемлекетке стратегиялық маңызды қажеттілік болғаны анық. Сол себепті, телевизиялық таралымға қарағанда радио таралым басымдылыққа ие болуы ешбір дәлелді қажет етпейтін, өмірге аса қажетті фактор болды деуге толық негіз бар.

Тек 40 - жылдардың соңы мен 50 жылдардың басында телевизиялық бағдарламалар ЖТС арқылы тек тікелей эфирде, сонымен қатар, дыбыссыз тарата бастады. Ал, дыбыспен бағдарламалар тек студиялық хабарларды дикторлардың көмегімен шығып отырды. Бұл кезеңдер әлі де болса, телевизия саласының енді аяққа тұрып келе жатқанын дәлелдеді. 40-жылдар телевизияның дамуына ешбір жаңалық енгізе алмады.

50 - жылдар кино мен телевизияның айырмашылықтарын одан да айшықтай түсті. Жоғарыда аталған ЖТС көліктерінің кең тарай бастағаны мен студиядан тыс бағдарламалар тарату жүйесіне көшумен ерекшеленді. Тұңғыш эксперименталды ЖТС түсірілімі репортаж үлгісінде 1948 жылы, сол кездегі Ленинград қаласында (Санкт-Петербург) бірінші мамыр парадын түсірді. Түсірілімдер тек репортаж үлгісінде жүріп отырды.

Осы кезеңге дейін репортаждың тек екі түрі болды. Бірі ешбір комментарийсіз (мерекелік шаралар, парадтар, митингілер мен концерттер) және спорттық репортаждар. Спорттық репортаждардағы комментарийлер алайда, радиодан әдетте беріліп жүрген комментарийлермен толықты.

Спорттық репортаж жүргізетін телевизияда комментаторлар болған жоқ. Аудиториялық көлем ұлғая түсуімен телетаратылым жаңа формалар мен жанрлардың пайда болуын талап етті.

Репортаж бен интервью телевизия саласына журналистердің келуімен жаңа деңгейлерге көтеріліп, ақпараттық-публицистикалық, көркемдік-публицистикалық баспасөз жанрларында хабарлар даярлай бастады. Дегенмен, сөздің құдыретінен бөлек ендігі ретте көру мен дыбыстық бейнелерде ақиқатты баяндау қажеттілігі туындады.

Алғашында телевизиялық трансляциялар бір-екі сағат көлемінде, аптасына екі рет қана таратылып отырды. Бірақ, дәл осы онжылдық шамасында телетаратылым екі-үш есеге дейін өсті. Күнделікті қоғамның тұтынатын қажеттілігіне енді.

Телевизиялық бағдарламаларды, фильмдерді, бағдарламаларды даярлауда идеологиялық немесе эстетикалық құндылықтардың орнына, көбіне техникалық-ұйымдастыру мәселелері басым болды. Сонда да, хабарлардың кинематографиялық өнімдерден бірінғай байланысын үзбеді. Дегенмен, өзіндік хабарлар тізімін жасай алды. Тізім негізінен концерттік, балаларға арналған бағдарламалардан, студиялық және ЖТС репортаждардан құрылды. Әлемдік эфирлік таралымға жаһандық сипат бере бастаған телевизия келер онжылдықта өзінің техникалық және публицистикалық дамуын жалғастырады.

60 - жылдар телевизияға публицистика жанрларының телевизиялық ортаға бейімделуімен телепублицистиканың қалыптасуының кезеңі десе болады. Очерктер, теледокументалистика жанрларының, журналисттердің келуімен редакторлық кәсіптің басымдылығымен ерекшеленді.

Алғы шепке дикторлардың орнына автор жүргізушілер шыға бастады. Сонымен қатар, телевизия саласының саяси және экономикалық тәуелділікке түскен кезеңі деп те қарастыруға болады. Ал телевизиялық режиссураның орны күшейе түсті. Техникалық құрылғылармен тығыз байланыста болған, бақылаушы қызметі шығармашылық еркіндіктен гөрі басым болды. Ендігі ретте режиссердың қызметі күрделене түсті. Түсірілімді жоспарды түрде даярлау, арнайы дайындықпен келу, шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға жол салды.

Режиссер түсірілімді редакторлар алдын ала дайындаған сценарий арқылы жүргізді. Бейне мен дыбыстың, жарық пен декорациялардың ролі арта түсті. Режиссерлардың қолына очерктердегі кейіпкерлердің өмір баяны, қызметі және де қоғамдық белсенділігі сынды материалдар жинақталды. Режиссерлар материалдармен жұмыста кинематографиядан жинаған тәжірибелерін қолданды.

70 - жылғы телевизия бейне таспаның келуімен ерекшеленді. Телевизия пайда болған күннен бастап таспалау қажеттілігін қатты сезінді. Тек тікелей эфир форматында жүріп отырған бағдарламалар түрлі тәуекел мен қауіптерге тәуелді болды. Оның үстіне режиссураның ролі толыққанды ашылмады.

Таспаның келуімен түсірілген материалдарды сақтау, мұрағат есебінде пайдалану мүмкіндігі туды. Телевизияның ең басты құндылығы - ол мұрағат. Мұрағатта мәңгі сақталу мүмкіндігі авторлардың, журналистердің және жалпы телевизия саласын келесі бір деңгейге көтерді.

Телевизия мен телевизия саласы қызметкерлерінің маңыздылығы артты. Телевизиялық бағдарламалар режиссердың идеясы мен көзқарастарын ескеріп, арнайы қойылымдарға толы жаңа жанрлар бой көтере бастайды. Телевизиялық фильмдер, телесериалдар, анимациялық мульттоптамалар, репортаждық түсірілімдер монтаждық тәсілдерді еркін қолдана бастайды. «Эйзенштейн қағидасы бойынша «кадрды бір қалыпты етудің бірден бір тәсілі – оны қайталау» [70,16 б.]. Яғни, автор С. Эйзенштейннің шығармашылық шарықтау кезеңдеріне талдау жасай отырып, режиссураның бірден бір маңызды құралы - монтаж тәсілдерінің телевизияға әкелген жаңалықтарын қарастырды. Мәселен, телевизияға таспаның келуі монтаж жасауға мүмкіндік туғыза отырып, бейне ретті байытуға, сонымен қатар, репортаждық немесе теледокументалистика жанрында түсірілген фильмдерге көркемдім бейнелер жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижесінде телевизиялық эфирдегі жаңалықтардың ерекше орны баяндалады. Жаңалықтардың көрсетілу стилистикасы монтаждың көмегімен көрермендердің қызығушылығын еселей отырып, сондай телевизиялық жанрға белгілі бір деңгейде тәуелділікті жүктеді. «Қазіргі кезде болмысты – түсірілген кадрлар ішінен, сондай-ақ олардың үйлесімінен де іздеу керек. Бірақ жас жаңалық ашушылар жаңадан ойлап тапқан мүмкіндіктердің артықшылығын неғұрлым айқын көрсету үшін барлық басқа мүмкіндіктерді жоққа шығарады»

[71], деген Л. Кулешовтың тұжырымы заманауи тәсілдердің өткен ғасырдың басында басталғанын дәлелдейді.

Телевизиялық контенттер байи түсті. Хабарлар саны артып, оларды жанрларға бөліп, спецификасын анықтау, психологиялық, саяси, әлеуметтік құндылықтары айқындалды. Эфир тарату кеңістігі де кеңге жайылды. Аумақ көлемі одақтас республикалар арасына еркін тарады. Бағдарламалар бүкіл әлемдік сүйіспеншілікке бөленді.

Телевизиялық хабарларды өңдеуде, бейне қатарды түсіріп, монтаж процесі аяқталған соң оны дыбыстау процесі-материалды көркемдеу немесе баяндауды маңызды етуде атқарушы рөлдердің бірін атқарады. «Шулы дыбыстау – техникалық дағдылармен қоса адамның жекелей қатысуын, креативтілік, картинаны түрлендіруге деген құлшынысты да талап ететін жұмыс. Қарапайым бейнеқатарды айтарлықтай қызықты, ал мазмұнды көріністі – неғұрлым әсерлі етуге болады» [72, 42 б.]. Осы тұжырым негізінде бейне қатармен, контенттің мазмұнына дыбыстық әрлеудің де қосатын үлесі үлкен екені анықталады.

Дыбысты айта отырып, режиссураға қатысты жарық, декорация, локация, репетиция, қойылым, бейне сынды экрандық режиссура элементтерін қоса кеткен маңызды. Автор зерттеу жұмысын талдау барысында режиссураға қатысты барлық техникалық және шығармашылық аспектілерді қарастырып, «режиссура» ұғымының едәуір терең екендігін анықтайды. Телевизиялық саланың қазіргі қалпындай қалыптасуына тигізген әсерін ерекше айқындады. «Таратудың (бұқаралық-коммуникациялық, ойын-сауық-реактивті, көркем-бейімді) негізгі бағыттары тұрғысында қандай әңгіме айтылса да белгілі бір тапсырмаға байланысты барлық бөлімшелердің әрекеттерін үйлестіретін қоюшы және жетекші ретінде – режиссер шешуші маңызды рөлді атқарады. Оның міндеттеріне ақпараттық және деректі бағдарламаларды дайындау, белгілі бір шығарылымның түпнұсқадағы қойылымдарын қою, материалды экран жағдайына бейімдеу, мәтіннің синхронды аудармасын қаматамасыз ету, суретшілер мен операторлар, жарық қоюшылар мен дыбыс режиссерлар, гримерлер, костюмерлер және музыкалық әрлеушілермен, сондай-ақ бірінші пландағы кейіпкерлер және массовкамен жұмыс істеу кіреді» [73]. Яғни, осы тұжырыммен келісе отырып, автор режиссура кәсібінің, соның ішінде телережиссура мамандығының анағұрлым терең екендігін айқындайды.

80 - жылдар Си Эн Эн, Си Би Эс, Эй Би Си сынды эфирлік телевизиялық арналардың, сонымен қатар, кабельдік HBO, ESPN, Fox news сынды арналардың және де XX ғасырдың 60 - жылдары пайда болған спутниктік арналардың белең алып, қарқынды дами бастаған кезеңімен ерекшеленді. Дәстүрлі эфир тарату жүйелерінің желілері кабельдік және спутниктік арналардың артуымен жаңа эфирлік кезеңге қадам басты. Таспа мен компакт диск, компьютерлік технологиялардың дамуымен телевизия тақырыптық тұрғыда түрлі контенттерге толды.

90 - жылдары телевизия тәуелсіздікке жаңадан қол жеткізген көрші мемлекеттердің мәдениетіне, саяси бағыттарына, экономикалық және әлеуметтік талғамдары мен мүдделеріне сай қызмет атқарды. Сол мемлекеттердің өзіндік этностық мәдениетін тануға көзделген контентпен

толықты. Сонымен қатар, қайта құру кезеңінен қолдаусыз қалған біршама кино және телевизиялық режиссерларға авторлық еркіндікте туындылар жасауға мүмкіндіктерге толы кезең болды.

Телевизияға кинодан және керісінше киноға телевизиядан режиссерлар ауысып отырды. Әлемдік саяси дағдарыстардың режиссерларға жаңа стильдер мен жанрлар іздеуге мүмкіндік туғызып, Спутниктік арналардың дәуірі қарқынды жүріп тұрды.

Аналогтық (эфирлік) телевизияның шарықтау шегіне шығып, көрермен қауымын 70 жылдай түрлі хабарлар, бағдарламалар, фильмдер мен өзге де контенттермен қамтамасыз етіп келген дәуірі өз шегіне жетіп, кезекті цифрлық телевизиялық таратылымға берді. «Цифрлық телевизия – цифрлық сигналдарды пайдаланумен бейнесигналды және дыбыс сигналын кодтау көмегімен телевизиялық кескін мен дыбысты тарату технологиясы» [74]. Яғни, жаңа технологияның игеріліп, аналогтық таратылымның маңыздылығы төмендей түскенін аңғартады.

Бұл кезең жаңа мыңжылдықтың басталуымен сәйкес келді. Жаңа формат жаңа талаптармен толықты.

Спутниктік телевизия мен кабельдік телевизияның ерекшеліктерін зерделеу нәтижесінде екі эфир тарату құралында өзіне тән қасиеттері анықталады. Мәселен, спутниктік телевизия кабельдік телевизияға қарағанда бағдарламалар мен хабарларды тікелей байланыста тарата алады. «Жерсеріктік телевизия-ғарыштағы геостационарлы орбитада орналасқан (бұрын орбиталардың басқа түрлерінде), және таратушы жабдықпен жабдықталған Жердің жасанды серіктерінің ретротрансляторы ретінде қолданылатын телевизиялық сигналды таратушы орталықтан тұтынушыға тарату жүйесі. Жер үстіндегі эфирлік телевизиямен салыстырғанда жерсеріктік телевизия кәдімді әдіспен ретротрансляция үшін қолжетімсіз аумақтардың үлкен бөлігін сапалы телевизиялық сигналмен жабдықтауды қамтамасыз етеді» [75]. Спутниктік эфир жүйесіне анықтама бере отырып, оның аймақтарға телевизиялық контент жеткізудегі айшықты рөлін атап өткен маңызды.

Спутниктік эфир тарату аумағы әлем бойынша шектеусіз. Яғни, тұтынушылардың қалауы бойынша жер шарының кез келген аумағына тез арада тікелей эфирге шығуға мүмкіндік береді. Бұл ерекшелігі негізінен хабарлардың немесе телекөпір сынды байланыс хабарларын дәлме-дәл уақытта таратуға мүмкіндік берді. Түсірілген хабар тікелей эфирде жергілікті сигнал таратушы аппараттан жерсерігіне жіберіліп, тарату станциясымен қабылданды. Сондай трансляциялар арқылы көрермендердің теледидарларына таратылды.

Спутниктік арналарды көрсету спутниктік табақтардың көмегімен ғана жүзеге асырылатын ерекшелікке ие. 2000 жылдың басында Қазақстан аумағында да спутниктік арналардың таралуы кең сипатқа ие болды. Кез келген тұтынушы спутниктік табақтар орнату арқылы әлемнің түкпір-түкпіріне таратылып жатқан арналарға қол жеткізе алды.

Спутниктік арналарға спутниктік табақ және ресивер арқылы арналар таратылады. Спутниктік табақтардың орнатылуы соншалық, қалалардың архитектуралық сипаттары өзгере бастады. Әрбір көпқабатты үйдің терезесі

спутниктік табақпен жабдықталды. Еуропаның өзінде өткен ғасырдың 90 - жылдары спутниктік табақтармен шамамен 10 миллион адам иемденді. Бұл эфир тарату құралы едәуір сұранысқа ие болды. Соған карамастан кабельдік арналар бүгінде спутниктік арналарға бәсекелестік тудыруда.

Кабельдік арналардың ерекшелігі олардың көрермендерге үй сыртына орнатылған ұсқынсыз табақтардан құтылып, ешбір қосалқы құралдарсыз, тікелей теледидарға қосылған кабель арқылы ғана таратылатын арналарды ұсынуында болды. «Кабельді телевизия (ағыл. *Cable television – Community Antenna Television, CATV ағылшын сөзінен қысқартылған атау, ортақ антеннамен телевизия*) – телевизиялық ақпарат таратудың баламалы моделі (сондай-ақ кейде FM-радиотарату), онда телесигнал тұтынушыға тартылған кабель арқылы берілетін жоғары жиіліктегі сигналдар арқылы телесигнал таратылады. Кабельді телевизия эфирлік және серіктік телевизияға тең қолданылады. Мұндай тарату 1949 жылы АҚШ-та әзірленді» [76]. Осы анықтама кабельдік арналардың таралу жүйесі бүгінде адамзат қоғамының өмірінде алатын орнын және маңыздылығын дәлелдейді.

Сонымен қатар, спутниктік арналармен салыстырғанда, кабельдік арналар Қазақстан аумағында көрсетілуге рұқсат етілген, арнайы сертификациядан өткен арналар көрермендерге ұсынды. Яғни, қауіпсіз контентке жол ашты.

Кабельдік арналардың тағы бір ерекшелігі тұтынушыларға қалаған контентін құруға және соны көруге мүмкіндік берді. Әрине, әуелде сұраныс зор қарқын ала қоймады. Дегенмен, уақыт өте тұтынушылар саны артты. Кабельдік арналар жоғары сападағы дүниелерді ұсына алды. Кез келген адам қалауы бойынша кино болмаса ток-шоу, немесе ойын-сауық бағдарламалар тізімін жасап, тек сол бағдарламалар көлемінде эфирге қол жеткізді.

Эфирлік таратылу жүйесі өзгерістерге ұшырады. Сонымен қатар, телевизиялық контентті түсіру процесі цифрландыру, кабельдік интерактивтік факторларын ескерді. Заманауи түсіру құрылғылары цифрлық форматта түсіріп, оның экрандық сәйкестігін 16:9 форматында жүзеге асырды. Кассеталық құрылғылар сол уақытта тек 4:3 экрандық сәйкестікте түсірді.

Бүгінде кассеталық құрылғылардың орнын портативті, ықшам және технологиялық басымдылыққа ие, шапшаң, яғни, flash құрылғылары басты. Әлемдік трендке сай Қазақстандық эфир тарату жүйесі де цифрлық форматқа ауысты. Цифрлық форматқа ауысу тиімділігін Журналистика және масс - коммуникациялық зерттеу мектебінің аға оқытушысы PhD Родика Мелинда, өзінің Еуропа және Румыния телевизиясы туралы жазған «Еуропадағы аналогтық телевизияның цифрлық телевизияға көшуі. Румыниядағы мақсаттары мен күрделілігі» мақаласында цифрлық телевизияның мақсатын зерттей келе, оған келесі сипатта анықтама береді: «Цифрлық телевизия дегеніміз - аналогтық телевизияның сигналды аналогтық және бөлек сигналды таратумен салыстырғанда, аудио және видеоны цифрлық сигналды өңдеу және біріктіктіру арқылы таратуды атайды. 1950 жылғы түрлі-түсті телевизиядан бастау алған телевизия технологиясының эволюцияға ұшыраған инновациялық қызмет түрі. Телевизиялық спектрдың өзге де түрлерін толыққанды пайдалану мақсатында көптеген мемлекеттер аналогтық хабар таратуды цифрлық

телевизияға ауыстыруда. Әлемнің бірқатар мемлекеттері хабар таратудың түрлі стандарттарын енгізуде бейімделудің әр түрлі кезеңінде. Бұл мақала цифрлық технологияларды енгізу сатысының түрлі кезеңіндегі Европалық мемлекеттерге маңызды» [77]. Ғалымның бұл тұжырымдамасы бүгінде Еуропа мемлекеттерінен бөлек, бүкіл әлемдік телевизиялық процестерге де қатысты. Отандық телевизия да осы ғылыми зерттеудегі келтірілген факторлардың нәтижесімен дамып келеді.

Режиссуралық тұрғыдан екі түрлі арна (спутниктік және кабельдік) екі түрлі спецификаны ұстанған режиссерларды талап етті. Екі түрлі бағытта жұмыс атқарды. Мысалы, спутниктік арналардағы режиссерлар тікелей телекөпірлер өткізу шарттарына сай дайындықтан өткен ЖТС жетік меңгерген маман болуы тиіс. Ал кабельдік арналардағы контенттерге сай кинофильм немесе телесериал режиссерлары театрлық қойылымдар мен монтаждық әдістерді жетік меңгеруі шарт. Осыған қарамастан көпсалалы режиссерлар кадры заман талабына сай бой көтеріп келеді.

Телевизиялық эфир таралу жүйесі контентіне сай ерекшеліктерге ие болып, ажыратылғанымен, бүгінде контенттік сан-алуандылық бұл саланы да тыс қалдырған жоқ. Мәселен, контенттік ерекшеліктердің арасы жойылып, бір арна көлемінде контенттік мазмұны әр түрлі бағдарламалар араласып жатыр. Сол себептен, жаңа телевизиялық контенттер білімді, әрі тәжірибелі мамандардың келуін талап етеді. Яғни, шығармашылық тұрғыдан бөлек, режиссерлар телевизиялық көрсетілім аспектілерімен етене таныс, әрі қолайлы түрде пайдалана алатындай дәрежеде болғаны маңызды. Бұл жерде телевизиялық көрсетілім аспектілері дегенде, телевизияның кабельдік, спутниктік, интернеттік таратылым жүйесін меңзейді. Әлем телевизиясының бағытын зерттей келе оның генезистік бейімділігін түсіну қажет. Осы және жоғарыда келтірілген факторлар мен мысалдарды негізге ұстана отырып, бұл диссертациялық жұмыста жаһандану процестерінің мәселелеріне талдаулар жасалды. Мәселен, өнер мен техниканың эфирлік таратылым жүйесіндегі ерекшеліктері. Сондай-ақ, олардың өзара байланысы, әрі қатынасы. Зерттеу жұмыстарының ғылыми негіздемелеріне сүйене отырып, телевизия мен телевизиялық режиссерлардың болашақ бағдарын, мәселелерін анықтауға қолайлы материалдық база құру сынды маңызды мәселелер көтеріледі.

Тарихы тұңғықта жатқан экрандық өнердің-телевизия саласының, шығармашылық қырының шыңы болып есептелетін режиссура саласы кездейсоқ пайда болған жоқ. Қызметтік қажеттіліктен туындаған бұл кәсіп түрі театрдағы режиссураға ұқсас, алайда спецификасы жағынан өзіндік ерекшелері де айқын. Мәселен, актерлерге, олардың ойыны мен декорацияға негізделген театр режиссурасына қарағанда кино режиссурада шешуші аспекті ретінде киноаппараттық құрылғы болды.

Театр сахнасынан тірі адамдар мен көлемді сахнаны тамашалаған көрермен кино туындыны тамашалауда материалдандырылған, жанды адамдарды емес, олардың экрандық бейнесін проекциялық аппараттың көмегімен көре алды. Режиссура саласы кино индустрияда алғашқы қадамын әйгілі Жорж Мельес, Фединанд Зекка сынды режиссерлардың сол заманғы

кинематографисттерден ерекшелену мақсатында жасаған жаңалықтарының салдарынан туындаған.

Кино мен театрға қарағанда телевизиялық режиссер жұмысының өзіндік ерекшеліктері бар. Оған бірнеше факторлар себеп. Мәселен, телевизиядағы режиссердың қызметі ұйымдастырудың нақтылығы мен өнімнің түрі және оның көлеміне байланысты. Яғни, режиссер идеяны ойлап табу, сценарий жазу, декорацияларды құру, музыканы жазу, пландарды ойластыру, ұйымдастырушы топты жалдау және олардың қызметін жітік бақылау, репетициялар жүргізу, түсіру, монтаждау сынды әрекеттерді қадағалайды. Әрине, бұндай режиссерлар өте сирек кездеседі. Бұл үлгідегі режиссерлар кинематографтың қалыптасып, бой көтеріп келе жатқан кезеңінде жиі кездесетін құбылыс болатын. Оның айқын өкілдеріне Чарли Чаплинді, Бастер Китон, Жорж Мельес сынды классикалық кино майталмандары жатады.

Кинематограф дами келе қарапайым аттракциондық көріністерден өсіп, өзіндік белеске шығуға ұмтылды. Белеске барар жолы оны экрандық өнерге әкеліп соқтырды. Кадр көлемінде дамып, жаңа шығармашылық ізденістерге итермеледі. Экраннық өнер үлкен индустрияға айналып, эфирлік дүниелердің пайда болуына әкелді. Және де технологиялық инновациялармен етене дамып, түрлі формаларға ие болды. Жаңа технологиялар жаңа эфирлік платформаларға, ал, жаңа платформалар жаңа контенттерді тудырды. Дегенмен, экрандық өнер үлкен салаға айналғанымен өзінің бастапқы миссиясынан, қызметінен ауытқыған жоқ. Керісінше, жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жаһандану процестерінің ілгерілеуіне, қоғамдық сананың дамуына үлес қосып, әлеуметтік, саяси, рухани құралға айнала білді. Телережиссура өзге режиссура салаларынан ерекшеленіп, өзіндік бағыты мен заңдылықтарына ие болды.

Режиссураның жаңа мамандарына сұраныс туа бастады. Сұранысқа сай ұсыныстар көбейіп, шамамен 60-70 жылдар аралығында технологиялық аспектілерді шығармашылық амбициялармен біріктірген жаңа кәсіби мамандық қалыптасты. Кино және театр саласынан телевизиялық режиссура студиялық сюжеттік, репортаждық түсірілімдерімен ерекшеленді. Жаңа терминологиялармен байып, жаңа түсірілім құралдарының пайда болуына септігін тигізді. Телевизиялық режиссура экрандық өнер саласында өзіндік ойып алар орнын айшықтады. Кино мен театрдан барлық жақсы қырларын зерттей келе, телевизиялық режиссура экрандық тілдің баюына ықпалын тигізді. Зерттеу жұмысында телевизиялық режиссураның аспектілері кеңінен зерттеліп, толық түсініктемелер беріліп, спецификалық әдіс-тәсілдеріне аса үлкен мән беріліп, ашық қарастырылған. Зерттеу нәтижесі бұл саланың көптеген қырлары мен сырларына тек көз жүгіртіп қана қоймай, автор мамандықтың қасиетімен толықтай таныстыруға тырысады.

1.2 Массмедиа зерттеулеріндегі телережиссураның теориялық негіздері.

Массмедияны қандай да бір тұрғыда зерттегенде, оның теориялық, әрі тарихи аспектілерін айналып өту мүмкін емес. Телевизияны ғылыми тұрғыда теориялық аспектілерін қамти отырып зерттегенде автор оның тарихи

құрылымына назар аудара қарастырады. Яғни, Э. Багиров айтқандай: «Теория телевизия дамуының белгілі бір кезеңдерінде телевизияға тән ерекшеліктерден абстракциялана отырып, оның қызметінің негізгі заңдылықтарын құрайтын құрауыштардың барлығын жалпылайды. Өз кезегінде тарих қандай да бір кезеңде телевизияға тән ерекшеліктерді айқындай отырып, жекелеген теориялық принциптерді негізге алады. Сондықтан қарастырудың дербес аспектісі ретінде тарих – телевизия туралы ғылым аясында телевизиялық теорияның құрамдас бөлігі болып отыр» [68, 6 б.]. Яғни, телевизияның теориялық аспектілерін зерттеуде оның тарихын қатар қарастыру қажеттілігін дәлелдейді.

Э. Багиров өз тұжырымдамасында телевизияның дамуында оның көптеген бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста екенін ескеріп, заманауи орнын белгілеуде, оны зерттеуде жалпы журналистика тарихы туралы жазылған еңбектерге сүйену керектігін нақтылайды. «Телевизия тарихы бір-бірімен еш байланысы жоқ техниканың түрлі салаларында сан түрлі ашылулардың тоғысуының нәтижесі екенін көрсетеді» [78]. Осы тұжырымдама телевизия саласына экрандық саласы ішінде ерекше мәнге ие екендігін дәлелдейді.

Телевизия туралы сөз бастамас бұрын, оның тамырына, бастау алған сәтін айтпай кетпеу мүмкін емес. Зерттеу жұмысын телевизия түп тамыры - кинодан бастаған жөн. Кино - синтездік өнер. Кино өнерінің маңыздылығын Кеңес үкіметінің негізін қалаушы В. И. Ленин әрдайым жоғары қойып келген. Кино тек ойын сауық орындарында кең көрсетілімге ие болып, көрсетілімге қажеттілік немесе негіз туындаған сәтте ғана өзге экрандық платформалардан көрініс таба алады.

Ал телевизиялық контент өте ауқымды, әрі формасы мен тарату жүйесі ауысып тұрғанымен әрдайым өзекті және де оны тұтыну анағұрлым қолжетімді болып есептеледі. Телевизиялық режиссураны зерттеу барысында оның модернизацияға ұшырамас бұрын, пайда болу тарихын телевизияның ата-тегі - кинематографты зерттеуден бастаған жөн. Кино тарихшылары Жорж Садульдің, Ежи Теплицтің, кино теоретиктер Сергей Эйзенштейннің, Лев Кулешовтың, Григорий Козинцевтің, киносыншы, зерттеушілер Марсель Мартеннің, Семен Фрейлихтің, Александр Миттаның ғылыми еңбектерін негізге ала отырып, телевизия саласының генезисіне зерттеулер жасалды.

Әйгілі зерттеушілердің еңбектеріне талдаулар жасалып, сол талдаулардың нәтижесінде сәйкес тұжырымдамалар келтірілді.

Автор диссертациялық жұмыста кинематографтан ерекшеленіп шыққан режиссура кәсібінің туындау фактілеріне жүгіне отырып, кино және телевизия саласындағы түбегейлі айырмашылықтары мен оның маңызды мәселелерін қарастырды.

Кинематографтан тәжірибелер нәтижесінде жинақталған көптеген әдістердің жиынтығын - режиссерлық кәсіп (ремесло) дейміз. Ремесло ұғымы тек кино режиссерларының жұмыстарына ғана негізделмеген, бұл әдістер телевизия саласында да оң шешімдерге әкелді.

Телевизиялық салада пландардың қолданылуы кино саласына ұқсағанымен, өзіндік ерекшеліктерге бай екені түрлі бағдарламалардан көруге болады. «Микроплан», «перебивка», «скачок», «мульти-экран» немесе «полиэкран» және т.б. терминдік сөздер көбіне телевизияда қолданыс табады.

Телевизияда көркемдік мазмұннан гөрі кадрлардың ақпараттық қызметке ие екендігі мәлім. Сонымен қатар, камераның қозғалысы кинода көрермендік көзқарастан беру мақсатында «субъективті» түсіру тәсілін телевизиядан гөрі анағұрлым сирек қолданады. Тіпті, бұндай түсіру тәсілін телевизиялық әдіс деп те жатады. Себебі, бұл әдіс көбіне телевизиялық репортаждарда кең қолданысқа ие және көрермендерге оқиғаның шынайылығы мен өзектілігін көрсету мақсатында пайдаланады.

Осы және өзге де әдістер кино мен телевизия саласында режиссерлық әдістерге жатады. «Жиі қателіктерге ұрынбауға көмектесетін қағидалар бар. Бұл кәсіби, шеберлік тәжірибесінің қағидалары. Бұл қағидалар әдеткі алгоритмдер бойынша жұмысты жеңілдетеді. Міне «осыны» бірнеше рет жасау сіздің қолыңыздан келді, демек алдағы уақытта да қолыңыздан келеді» [11, 21б.]. Яғни, Миттаның айтуы бойынша бұл әдістер нәтижелі түрде қолданбалы, әрі көптеген салалық қателіктерге соқтырмауға септігін тигізеді. Яғни режиссура белгілі қағидаларға бағыну нәтижесінде модернизацияға ұшырауда.

Бұл тұжырымдаманы алғашқы болып зерттеп, практикалық тұрғыда экрандық салада, әсіресе режиссуралық тұрғыдан Робер Брессон қолданды. Ол кино ең алдымен режиссурадан тұратынын негізге ұстанды. Сонымен қатар, кинорежиссура саласына қатысты бірнеше мақалалар жазды.

Робер Брессонның замандастары кино өнерін саяси, қоғамдық тақырыптарды ашуға ден қойса, Брессон алғашқылардың бірі болып, кинематографтың режиссерлық болмысын айқындауға тырысты. Брессон туралы көптеген кинематографистер өз еңбектерін арнады. Мысалы, Франсуа Трюффо, Жан-Люк Годар, Андре Базен Брессонның шығармашылығын жоғары бағалады. Брессонның «Француз жаңа толқынының» қалыптасуына үлкен ықпал еткен. Аскеттік қолтаңбасымен ерекшеленген шығармашылығы Андрей Тарковский, Михаел Ханеке, Джим Джармуш, Аки Каурисмяки, Пол Шреддер сынды режиссерлардың шығармашылықтарына үлкен әсер етті. Брессон туралы Тарковский көп естеліктер айтты. Ұзақ ғұмыр шеңберінде Брессон бар жоғы 13 толыққанды фильм түсіріп үлгерді. Олардың көбісі кинематография «классикасына» айналды.

Брессон шығармашылығындағы телевизиялық саламен ұштасатын айқын қырларының бірі ол-кейпкерлердің кәсіби емес, «модельді» актерлердің болуы. Және де музыкалық әрлеудің сиректігі. Осы екі фактор Брессонның туындыларын шынайылықпен ұштастырады. Деректі фактіге сүйендіреді. Алайда, телевизия оқиғаның шынайылығын маңызға тұтса, Брессон форманың шынайылығын көздеді. Дегенмен, екі мақсат та көрермендерде ұқсас әсер туғызды. Кинематорграф пен телевизияның ортақ түсініктерінен бөлек, кеңістіктері мен түпкі мақсаттары да ұқсас. Ортақ негіздер мен түсініктерді иеленген кино мен телевизия ортақ ұғымға синтезделіп, жаңа түсінік пен терминнің пайда болуына себепші.

Зерттеуді эфирлік өнерлердің ең көнесі, әрі ең маңыздысы есебінде танылған кинематографтың негізінде қарастыру маңызды деп шешілді. Мәселен, ағайынды Люмьерлер ашқан өнердің соңғы, әрі ең маңызды түрі - кинематографты бүгінде жер бетіндегі бүкіл адамзат баласы сүйсініп тамашалайтыны айқын. Кинематограф ұғымының көптеген пішіні мен форматтарға бөлініп кеткені соншалық, қазіргі уақытта экрандық өнер туындылары деген атаумен бір түсінікке біріктірілді.

Алайда ағайынды Люмьерлер ашқан ең маңызды тұсына тоқталсақ ол - кадр және бейне. Осы екі элемент бүгінде кез келген кино туынды, анимациялық фильм, телесериал, телевизиялық бағдарлама, деректі фильм, музыкалық клип, тікелей эфир, ток-шоу және т.б. экраннан тамашалайтын дүниелердің негізінде жатыр.

Бар болғаны бір ғасыр шамасында әлемдік медиа кеңістікті жаулап алып, оның басқарушы, әрі қалыптастырушы құралына айналған синтездік өнердің тарихи маңызы мен өзіндік алар орны ерекше. «Медиа дегеніміз – телевизия, радио, газет-журнал, сондай-ақ олардың өндірісіне жұмылған адамдарды қоса алғанда бұқаралық коммуникацияның түрлі құралдары» [79, 143 б.]. Осы тұжырымдама негізінде өз медиа кеңістігімізде бұл саланы терең зерттеу қажеттігін түсінуге болады.

Медиа сөзінің өзі осы кинематограф ұғымының пайда болу салдарынан туындаған сөз.

Бастапқыда тек хроникалды түсірілімдерге негізделген кинематограф өнер саласына айналуы үшін ондаған жылдар қажет болды. Хроникалды түсілімдер көшедегі, вокзалдағы, алаңдардағы көріністермен шектелді. Көрермен қауым үшін осы ұзақтығы 100 метрге жетпейтін таспаға түсірілген көріністердің өзі қызығушылық тудырған аттракцион болды.

Уақыт өте келе, кинематографпен айналысқан көптеген студиялардың арасындағы бәсекелестік нәтижесінде туындылар күрделене түсті. Фильмдердің ұзақтығы едәуір ұзарып, жаңашылдық енгізу мақсатында режиссерлардың көмегіне жүгінуге тура келді. Сөйтіп, кинематографқа кәсіби мамандар тартыла бастады.

Солардың ішінде режиссерлардың алар орны ерекше болды. Режиссерлар түсірілімге шығармашылық тұрғыдан қарады. Түсірілім деңгейін жоғарылатып, кадр көлемінде қойылымдар қойды. Алайда, алғашқы режиссерлар киноға театрдан келді. Бірақ та, өзге саладан келген режиссерлар да болды. Мәселен, киноға сценарий жазған, декорация жасаумен айналысқан, кейде тіпті жоғарыда аталған кәсіптің барлығын бірдей меңгеріп келген азаматтарды атап өтуге болады. Мысалы: Фердинанд Зекка (*Ferdinand Zecca*), Гастон Вель (*Gaston Velle*), Андре Эзе (*André Heuzé*), Луи Ганье (*Louis J. Gasnier*), Люсьен Нонге (*Lucien Nonguet*), Сегундо Шомон (*Segundo de Chomón*), Альбер Капеллани (*Albert Capellani*), Жорж Монка (*Georges Monca*), Викторен Жассэ (*Victorin-Hippolyte Jasset*), Луи Фейад (*Louis Feuillade*) сынды режиссерларды жатқызуға болады.

Алайда, диссертациялық зерттеуде ерекше атап өтетін алғашқы режиссерлардан Жорж Мельестің (*Maries-Georges-Jean Méliès*) еңбектерін атап

өту қажет. Шамамен 500 бен 670 аралығында қысқа және ұзақтығы 40 минутке дейін жететін қойылым тұрғысынан көбіне театрлық қойылымдарға, яғни жалпы планда түсірілген дүниелер жасады. Комбинациялық түсірілімдер пайдаланып, кинематографта арнайы эффектілер қолданған алғашқы режиссер атағына ие болды.

Эксперименттік жобалар шығармашылық жұмыстарға трансформацияланып, өнер атаулыға ие болды. Белгілі бір дәрежеде режиссура модернизацияға ұшырады. Нәтижесінде кино өнерге жақындай түсті. Нақтырақ айтқанда дәл осы режиссерлық өнер, түсірілім мен пост өңдеу сатысында кездейсоқ ұштасқан бір немесе бірнеше өнер нысандарын ритмикалық, монтаждық, логикалық, идеялық, концепциялық, сюжеттік және т.б. кинематографқа жататын аспектілерді байланыстырып, қайталанбас өнер туындысына айналдыра алды.

Кино авторлардың ойларына шек қоймады, керісінше, тереңде жатқан өткен шаққа қайта оралуға, қиялдап, болашаққа деген көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік берді. Өнерді меңзейтін болды. Ал, киноға қарағанда бүгінгіні меңзейтін, дәл осы шақ пен дәл осы кеңістікті ешбір боямасыз, факті тұрғысынан дамып келе жатқан телевизия саласының бағыты мен бағдары мүлде бөлек. Екі бағыт та бірдей түсіру тәсілдерін пайдаланып келеді. Сол себептен нақты түсірілімге қатысты дүниелер тек киноға немесе тек телевизияға қатысты деп бөліп айтуға келмейді.

Осы орайда телевизияның дәуірін зерттей келе, кейбір аспектілеріне талдау жасалды. «Әр жаңа көркем құбылыс сияқты ТВ өзінің спецификасын қалыптастыруда өнердің «аға» түрлерімен қарым-қатынасының бірнеше кезеңін өткереді. Бірінші кезеңде телевизия өзінің эстетикалық қабілетін жаңадан байқай бастап, театрға, әсіресе кинематографқа ашық еліктеуде болады. Сәйкесінше, телевизия спецификасы туралы пайымдау қалыптасады. Сол дәуірге «шағынформатты кино» анықтамасы анағұрлым айшықты болды. Кейінгі уақытта бұл формула қабылданбағанына қарамастан, онда іс-әрекеттердің нақты жағдайы тура айшықталған: осы кезеңде телевизиядағы режиссура экранның шағын мөлшерін есепке алып, іс жүзінде кинорежиссура болып қала берді. Бұл жерде сол жылдардағы телережиссураның кейбір қағидалары бастау алады, атап айтқанда: ірі және орта пландардың басым түсуі, әңгімелеудің баяу қарқыны, кадрларды «бөлшек» редакциялаудың болмауы» [26, 25 б.]. Яғни, телевизия өзінің эстетикалық сипатын айқындай отырып, ондағы режиссерлық қағидалары сақталғанын баяндайды.

Бір қарағанда экранның арғы жағындағы кейіпкер шынайы өмірде бар болғанымен, оның көрермендермен қабылдануы режиссердың шеберлігі мен түсіру техникасын игеруіне байланысты. Мәселен, кейіпкерді түсіру ракурсын өзгерту арқылы көрерменге кейіпкерді басымдылықпен немесе бағыныштық сипатта көрсетуге болады. Немесе, жүргізушінің сұрақтары арқылы кейіпкерді мүлде өзге қырынан танытуға, белгілі бір іріліктер арқылы оның эмоциясын және де монтаж арқылы кейіпкердің позициясын түбегейлі ауыстырып жіберуге болады. Сол себептен, кез келген эфирлік дүниенің түбінде ақиқат мүлде болмауы мүмкін. Бұл экрандық саланың бірден - бір мықты қыры.

Қажеттілікке келсек, бұндай тәсілдер көрермендерде авторларға қажетті эмоцияларды туындатуға мүмкіндік береді. Авторлар көздеген мақсаттарына жетеді. Көрермендердің көңілдерін экран бетіне аудару да таптырмас әдіс. Түсірілім шынайы көрінсе, соғұрлым көрермендер сенуге мәжбүр. Және де, бұл тәсілдер түсірілімге арналған шығынды үнемдеуге, яғни оны барынша тиімді жұмсауға ыңғай туғызады. Осындай әдістерді жетік меңгерген маман продюсерлер үшін таптырмас қызметкер.

Бұл телевизияда жиі қолданылатын тәсіл кинодан бастауын алады. Көрермен экран ішіндегі қойылымды түсірілім екенін біле тұрса да, кейіпкерді түсірілім тобы қоршап тұрғанын білсе де кейіпкерге барынша назарын аударады. Яғни, сахна барынша шынайы шыққанын білдіреді. Сол себептен камераның әрбір қозғалысын мағыналы түрде жасау маңызды. Себебі, кез келген қозғалысты көрермен өзінше түйеді. Алайда, ол түйіндеме автордың айтар ойынан алшақтап кетуі мүмкін.

Бір медиа саланың өзінде режиссерлық мамандық бірнеше түрге бөлінеді. Телевизиялық бағдарламалар түрлі жанрларға, мәселен, жаңалықтар, ЖТС, репортаж, сюжет және т.б. сынды, формасына қарай бөлінгендіктен, оларды түсіру тәсілдері де ерекшеленеді. Ал бұл әрекеттер жүйелі түрде жүзеге асып отыратындықтан, арнайы мамандарды қажет етеді. Сондықтан телевизиялық режиссерларды бағдарлама жанрына сай: ЖТС режиссері, репортажды түсірілімдер (деректік, ТЖК түсірілімдер) режиссері, студиялық түсірілімдер режиссері, сюжетті түсірілімдер режиссері және тағы с.с. болып бөлінеді. Режиссер қызметінің тағы бір түрі ол - координация. Алайда режиссураның бұл түрімен «екінші» режиссерлар айналысады. Бірақ та режиссердың бұл түрі тек кинода кездеседі. Ал, телевизияда осы қызметке ұқсас қызмет жаңалықтар қызметінің режиссерына тән. Мәселен, репортерлер (монтажерлер мен сценарийстер көмегімен) алдын ала даярлап әкелген материалдарды қарап, сюжеттерді біріктіріп, эфирге шығу мазмұнын шешеді. Ондай режиссерларды монтаж режиссерлары деп атайды. Монтажды дәл түсірілім барысында «LIVE» жанрындағы түсірілімдерде жасайтын маман - студия немесе ЖТС режиссері.

Репортажды түсірілім режиссері түсірілім алаңында қажет жағдайда шұғыл шешім қабылдай алатын және ситуацияға тез бейімделе алатын, ұшқыр, қойылым эффектілерін жетік меңгерген маман. Бұндай режиссерлар қарапайым сюжеттерден бастап, журналистік зерттеулер, деректі, қойылым элементтері бар түсірілімдер жасайды. Осы және өзге мысалдар кино мен телевизия режиссерларының жұмыстарын ерекшелейді. Себебі, телевизиялық контенттің өзі әр түрлі жанрға құрылғандықтан, оларды түсірудің өзі белгілі бір тәжірибені қажет етеді. Мысалы симфониялық оркестрді спорттық трансляциялар режиссеры түсіре алмасы анық. Сол сынды спорттық трансляцияны кино қойылымдар түсіріп жүрген режиссер түсіре алмайды.

Телевизия саласында сонымен қатар, кейде режиссер продюсерлік қызметті де қатар атқарып кететін жайы бар. Әлемнің алып арналарында сюжеттер көбіне осындай әдіс арқылы даярланады. Режиссердың продюсерлік қызметті қатар атқаруының маңызды себептерінің бірі ол - қаражат мәселесі. Мәселен, репортаждық түсірілімге бөлінетін қаражатты үнемдеп, оны нәтижелі

өнімге жұмсау басты мақсатқа айналуы заңды құбылыс. Сол себепті, режиссер қаражаттың жұмсалыу ретін продюсер сынды қадағалауы ықтимал.

Әлемдік тәжірибеге сай режиссураның модернизациялау көрінісі отандық телевизияда да байқалып жатыр. Режиссураны модернизациялау құбылысы телевизия саласына тұңғыш режиссерлардың келуімен тікелей байланысты. Себебі, кез келген режиссер алдына қойылған мақсаттарға сай жұмыс жасау үшін түрлі әдістерге жүгінеді. Режиссердың нәтижелі жұмысы сонымен қатар, түсірілім тобы мен эфирге шығаруға қатысты қызметкерлердің біліктілігі мен тәжірибесіне де байланысты. Режиссердың ұжымы ол - оның түсірілім тобы.

Режиссурада техникалық құрылғыларды жетік меңгерумен қатар, теориялық негіздерге де аса үлкен мән берген жөн. Белгілі бір жүйеге сай кадр құрылымын жасау, нәтижелі, мағыналы қойылымдар жасау режиссердың еншісінде. Осы әдістердің барлығы жоғары тарауларда аталған режиссура кәсібін зерттеген мамандардың еңбектерінен алуға болады. Себебі, бұл әдіс - тәсілдер талай зерттеліп, экранның арғы (кадр құрылымы) және бергі жағындағы (түсірілім технологиясы) бүкіл құбылыстар толықтай тәжірибелік әрекеттер арқылы анықталған. Оған көптеген әдеби және ғылыми жұмыстар арналып, танымдық фильмдер жасалып, теориялық негіздер құрылған. Алайда, теориялық принциптерге қарсы көзқарастағы тәжірибе жинақтау арқылы танылған режиссерлар да бар. Олар негізге тек практика мен тәжірибені алға тартады. Мәселен, әйгілі Квентин Тарантино (*Quentin Tarantino*) немесе Джеймс Кэмерон (*James Cameron*). Бұл аты аталған режиссерлардың нәтижелі, әрі жемісті жұмыстары жетіп артылады. Бұл жерде басым фактор ол тәжірибе (практика) және дарын (талант). Режиссерларға дарынның болуы маңыздырақ көрінгенімен, бір дарынның негізінде шығармашылық тұрғыда алысқа бару мүмкін емес. Сол себептен, тәжірибесі бар, дарынына сенген режиссер техникалық әдістерді нәтижесіз пайдалану арқылы көрермендерге түсінуге күрделі туынды жасауы мүмкін. Керісінше, тек теорияға сүйенген режиссер тәжірибе мен дарыны төмен болған жағдайда мағынасы жағынан таяз туынды жасауы мүмкін. Осы орайда жоғарыда аталған екі фактор режиссердың қолында тең дәрежеде болғаны ең тиімді шешім болып табылады.

Мәселен, жоғарыда келтірілген тұжырымдаманы мысал келтіріп қарастыратын болсақ:

- Бірінші жағдайда режиссер теориялық негізге сүйене отырып, жоспарды түрде, пландардың үйлесу заңдылықтарына сай түсірілім жасау арқылы «жансыз», мағынасы төмен нәтижеге жетеді.
- Екінші жағдайда режиссер авторлық ойын өзіндік шешімдер арқылы жасап, дарынды қабілетіне сенетін болса, көрермендерге түпкі ойы анықсыз болып көрінуі ықтимал. Нәтижесінде, түсірілімдегі мән жайды мүлде түсінбей қалуы мүмкін.
- Үшінші жағдайда режиссер авторлық ойын өзіндік шешімдерін теориялық негіздерге сүйене отырып жасау нәтижесінде көрермендерге нақты көздеген мақсатына жеңіл, әрі тез жете алады.

Телевизиялық және өзге де эфирлік түсірілімдер жасауда режиссермен камтылатын жұмыстарға тоқталсақ.

- Ұйымдастыру - режиссердың эфирлік өндіріс формасы келесі факторларға байланысты:
- Түсірілімнің ғимарат ішінде, не табиғат аясында жүргізілуінде.
- Түсірілім тікелей жүреді немесе арнайы таспаға жазылады.
- Іс-әрекет түсірілім барысында қайта түсірілетін немесе түсіру тек бір дубльден жүреді.
- Кеңістік көлеміне, уақыт тапшылығына, жабдықтың аздығына байланысты шектеулер.
- Режиссер түсіруге шешкен тәсілдерге.
- Түсірілім барысына қатысатын адамдар және олардың көлеміне.

Кей жағдайларда режиссердың түсірілімді көп камералы мультикам тәсілімен немесе бір камерамен, бірақ тек қажетті кадрларды нақты түсірумен жасауы тиімділікті арттыруы мүмкін.

- Жоспарлау және орындау. Эфирге көрікті, әрі мейлінше реттелген бағдарлама жасау мақсатында режиссер кадрда болатын іс-әрекетті толықтай білуі қажет. Яғни, кім, қайда, қалай орналасады, не сөйледі, ілгеріде не болатынын бақылауы қажет. Сценарий болған жағдайда сценарий бойынша әрекет етуі керек. Күрделі қойылым болған жағдайда, алдын ала репетиция мен дайындық жүргізуі тиіс.

Бұл талаптар техникалық құрылғыларға да қатысты. Сапалы нәтиже шығу үшін түсірілім тобының жұмысы барынша жоспар бойынша жүру қажет. Тек жаңалықтар жанрындағы түсірілімдер суфлердің көмегімен жүзеге асады. Алғашқы жаңалықтар түсірілімдері жүргізушінің тексті толықтай жаттап айтуды талап етті. Сол себептен сол замандағы дикторлардың атқаратын қызметтері ерекше зор дайындықты талап етті. Кей жағдайларда режиссерлар дикторлық үстелдің астына, камера планынан тыс жерге тығылып, команда беруге тура келген қызықты жағдайлар кездескен. Режиссерлардың міндетті түрде ассистент - көмекшілері болған. Және де сол ассистенттер кейіннен режиссерлардың орнына ауысып, келіп отырған. Бұндай тәжірибе біздің елде әлі де жалғасып келеді.

- Түсірілім бірнеше жағдайда жүргізіліп отырды:
- Үздіксіз (тікелей эфирлер).
- Қойылымды сахналарға бөліп түсіру.
- Бір іс-әрекетті бірнеше ракурстар мен пландарға бөліп түсіру.
- Камералар. Қазіргі таңда түсірілім камералары қызмет саласына қарай екіге бөлінеді: кинокамералар және телекамералар. Кинокамералар мен телекамералардың айырмашылықтары негізінен түсірілген материалдардың көрсету форматына қарай бөлінеді. Мәселен, кинокамералар кинотеатрлардағы үлкен экранда көрсетілетін туындыларға арналғандықтан бейне рұқсаты едәуір көп болады. Оның үстіне жарық құрылғыларын көп қажет етеді. Сондай-ақ, қосалқы техникалық

құрылғылары мен қосымша адамдардың көмегін талап етеді. Бағасы телекамералардан едәуір қымбат тұрады.

Керісінше, телекамералардың көлемі кинокамералармен шамалас (кей жағдайларда үлкен де болып келеді) болғанымен, тасымалдауға, құрастыруға және аз уақыт ішінде түсірілімге кірісуге бейім келеді. Телекамералар өзара студиялық және жеңіл тасымалданатын болып екіге бөлінеді:

- Студиялық камералар студиядағы басқару пультіне жалғануы арқылы сигналды тікелей пульттегі қабылдағышқа тасымалдайды. Және де түсірілім арнайы магнитофондарға немесе цифрлық рекордерлерге жазылады. Сонымен қоса, студиялық камералар кабельдік сымдар арқылы басқару пультіне жалғанады.

- Жеңіл тасымалданатын камералар қуатты алынбалы-салынбалы қуаттаушы батареялардың көмегімен жұмыс жасауға мүмкіндіктері бар. Және де түсірілген материал тікелей камераның өзінде орналасқан камкордерге, ықшам мәлімет тасымалдаушы флешкаларға немесе кассеталарға жазылады. Бұл камералардың көмегімен кез келген жерде, кез келген уақытта түсірілім жасай беруге болады. Сонымен қатар, операторларға түсірілімді түрлі әдістермен түсіруге мүмкіндік береді. Мәселен, түсірілім ракурсын еркін өзгертуге немесе штативсіз иыққа салып және қозғалыс барысында қолға да алып түсіруге болады.

Жоғарыда келтірілген камералардан бөлек ықшам көлемді камералар бар. Бұл камералар көбіне көлемі жағынан үлкен болып келетін кино және телевизиялық камералар сыймайтын, түсірілім жасауға ыңғайы келмейтін күрделі түсірілімдер жасауға мүмкіндік береді. Олардың ықшамдылығы соншалықты, тіпті қалтаға сыйып кетеді. Мәселен, видео жазу мүмкіндігі бар Sony Alpha, Panasonic GH сериасы немесе Canon EOS фотокамераларын атауға болады.

- Режиссердың қызметіне қатысты келесі аспект, оның қосалқы бейне материалдармен жұмысы. Яғни, архивтік материалдар, графикалық көріністер, компьютерлік эффектілер және т.б. Бұл құрылғылармен режиссер негізгі түсірілім аяқталып болған соң, пост - өңдеу кезеңінде жұмыс жасайды. Оны "пост - продакшен" деп атайды.

- Дыбысқа келетін болсақ, режиссер түсірілімге қажетті музыкалық фонды алдын ала ойластырып, түсірілімді музыканың темпіне, не ритміне сай жасауы тиіс. Ондай мүмкіндік болмаған жағдайда монтаж барысында түсірілімді арнайы таңдалған музыканың темпіне сай монтаждайды. Түсірілім барысында дыбыстың жазылуы дыбыс режиссерының қадағалауында болып, микрофондар арқылы арнайы магнитофондарға жазылады.

- Жарық арқылы режиссер түсірілім нысанын ерекше атмосфераға келтіріп, бейнені, кадрды әрлей алады. Кардағы нысандарға қажетті көлем беріп, көзделген нысандарға акцент жасай алады. Жарықтың екі түрі болады:

- Табиғи жарық - күн не ай сәулесінен түсетін жарық. Көбіне ашық кеңістікте жүргізілетін түсірілімдерге тиімді. Сонымен қатар, ол өзіндік түсіру заңдылықтарына бағынышты. Мәселен, күн райынан биікке көтерілген сәтте

түсірілімдерді жүргізу ең тиімсіз уақыт болып есептеледі. Сол себептен, түсірілімді күннің енді шыға берген, не батуға тәмамдаған сәтте жүргізеді.

- Жасанды жарықты техникалық жарық құрылғылары арқылы береді. Бұл жарықтың түрін көбіне ғимарат ішіндегі түсірілімдерде қолданады. Немесе ғимарат ішіндегі түсірілімде табиғи жарықты имитациялау мақсатында пайдаланады.

- Грим және костюм түсірілімге кейіпкерді оңтайлы немесе ұсқынсыз кейіпте көрсетуге қолданады. Барлығы режиссердың авторлық ойы мен көркемдік шешіміне байланысты. Кинода гримді көлемді пайдаланса, телевизияда гримді мейлінше аз пайдалануға тырысады. Себебі, телевизиядағы кейіпкерлер кино кейіпкерлеріне қарағанда шынайы адамдар.

- Және режиссердың игеруге тиісті ең соңғы, әрі ең маңызды құралы ол - монтаж. С. Эйзенштейн XX ғасырдың басында монтаждың кез келген экрандық туындының негізінде жататынын ескерткен. Оның маңыздылығын айқындап, қолданысына аса үлкен мән берген.

Режиссураның телевизиядағы өзге де аспектілерін қарастыратын болсақ, оның өзге де эфирлік өнер саласына ортақ екендігін аңғаруға болады. Мәселен, телевизиялық сериалдар қазақстан телеарналарында кең етек жаюда. Оның жартысынан көбі қазақ тілінде түсірілуде. Телевизиялық студиялар мен репортаждық түсірілімдерде қолданылатын режиссерлық әдістер телесериалдарда қолданысын сирек табады. Оған себеп, форматтардың сәйкес келмеуі. Бағдарламалық түсірілімдер жоғарыда атап өткен ерекшеліктерге сай жасалса, сериалдық өнімдер дәстүрлі кинематографтық түсірілім жүйесі бойынша жасалады.

Ең басты ерекшелігі түсірілімнің арнайы сахналық қойылымдарға сәйкестендіре жасалуында. Бұл ретте дәстүрлі кинорежиссуралық мектептің тәсілдері қолданысқа енеді. Актерлармен жұмыс, мизансахналық қойылым, түсірілім алаңының арнайы жарықпен қамтамасыз етілуі және басқа да аспектілер, сериалдық өнімді кино өнімге жақындатады. Осы орайда, режиссерлардың да кәсіптік біліктілігі алғы шепке шығады. Демек, телевизиялық бағдарламалардан біршама ерекшеліктерге толы сериалдық құрылым, өндіріс барысында өзіндік ерекшелікке сай кәсіптілікті талап етеді. Яғни, кәсіби тұрғыда арнайы мамандарды жұмылдырған жөн. Сол себептен сериал түсірілімін кәсіби кинорежиссер жасағаны абзал. Кәсіби кинорежиссерлардың телевизиялық бағдарламалар режиссерынан айырмашылығы оның түсірілім алаңы, қойылым жанрының негізі, жұмылдырылған түсірілім топ мүшелері, жазылған сценарий ерекшеліктері және т.б. кәсіби айырмашылықтарын қамтитын жұмыстары барысында айқындалады.

Дәстүрлі кинорежиссура дегенде ең алдымен кинематографтан бастау алған экрандық режиссураны меңзейді. Базалық білімдерге сүйеніп жиналған тәжірибе кино саласы мен сериалдық дүниелерді жасауда маңызды рөлге ие болады. Атап өтетін келесі мәселе кәсіби тәжірибелікте. Мәселен, көркемфильмнің бір сахнасын түсіруге жұмсалатын уақыт пен сериалдар түсіру тәжірибесінде түсірілімге жұмсалатын уақыт екі түрлі ұғымға ие.

Кинода бір тәулікке созылған бір сахнаның түсірілімі сериалда бірнеше саханалардың түсіріліміне негізделген. Яғни, режиссер кинода бір ауысым көлемін бір сахналық қойылымды қоюға толықтай жұмсай алса, сериал түсірілімінде бір ауысым көлемінде екі немесе одан да көп сахна түсіріледі. Мысал ретінде, телевизияда кеңінен етек жайған ситкомдық сериалдарды келтіруге болады. Бір декорация аумағында біріңғай қойылған жарық пен техникалық түсірілім құралдарын белгілі бір уақыт көлемінде бірнеше сахна түсіруге мүмкіндік бар. Бұл ерекшелік сериал өнімдерін түсіруді анағұрлым қолайлы етеді.

Түсірілу техникасына жеке тоқталатын болсақ, атап өтетін әдістердің ең маңыздылары мыналар:

- Планның ірілігі. Ірі пландар кадрдағы нысандарды жақыннан, нақты көрсетуге арналған. Бұл әдіс арқылы режиссер көрермендерге назар аудартқысы келген нысанды ерекшелей алады. Ірі пландар кейіпкердің эмоцияларына да көзделген. Сонымен қатар, монтаж барысында бір планнан екінші планға ауысқанда өтуін анағұрлым ыңғайлы етеді. Керісінше, жалпы план кадрда орналасқан нысандардың мекенін, орналасқан аймағын алыстан көрсету арқылы көрсете алады. Сол арқылы егер сыртқы түсірілімдер болған жағдайда, ауа райы жайында да хабар береді. Ірі планға қарағанда жалпы план кадр көлемінде орналасқан нысандардың жалпы санын көрсете алады. Олардың мизансахналық қозғалысын және бағыттарын айқындайды. Екі әдісті де жиі пайдаланған жөнсіз болуы мүмкін. Мәселен, ірі пландар тым көп болған жағдайда іс-әрекетті толықтай көру мүмкіндігінен айрыламыз. Ал, тым артық қолданылған жалпы план кейіпкерлердің эмоцияларын жасырып, нысандарды анық көруге мүмкіндік бермейді. Планның ірілігі кадр ішіндегі нысанның маңыздылығын айшықтайды. Арадағы орташа планды телевизиялық түсірілімдерден гөрі үлкен экрандардан көрсетілетін киноларда қолданған анағұрлым тиімді. Мәселен, тым үлкен экранда ірі план көрермендерді ыңғайсыз күйге соқтыруы ықтимал, ал, жалпы план нысанды эмоционалдық тұрғыда анық бермейді. Сол себептен орташа план арқылы көрермендерге кейіпкерлердің көңіл күйін және орналасу мекенін қабылдауға ыңғайлы етіп беруге қолайлы.

- Дәл планның ірілігі сынды кадр ішіндегі нысанды ерекшелеуде фокустық қашықтық маңызды қызмет атқарады. Фокусты қажетті нысанға беру арқылы ірі план беретін эффектте жақын эффект аламыз.

- Камера басының қозғалысы бірнеше бағытта және іс-қимылда жүреді.

Жалғыз камералық түсірілім студиялық көпкамералық түсірілімге қарағанда күрделілігімен ерекшеленеді. Алайда, бұл әдістің телевизия саласына ену себебі оның ыңғайлылығымен айқындалады. Бұл техниканың өзі бірнеше түсіру тәсілдеріне бөлінеді. Мәселен, тоқтаусыз түсірілім.

Тоқтаусыз түсірілім дегеніміз - кез келген оқиғаны түсіруге келгенде оператор түсірілім баспасын басқалы еш үздіксіз түсіру тәсілі.

- Тоқтаусыз түсіру тәсілімен кейіпкердің немесе нысанның соңынан ілесіп, болмаса етене қозғалып түсіру әдісін пайдалану арқылы оқиғаны сол сәтінде үзіксіз баяндауға болады. Бұл тәсіл әсіресе тікелей эфирге жалғыз

камерамен репортаж түсіргенде қолданылады. Бұл тәсіл арқылы көрерменге кейіпкердің дәл сол сәттегі қобалжуын, көрерменнің кейіпкермен бірге сол сәтті бірге кешуіне әсер етеді. Әрине бұл әдіс үлкен тәжірибені қажет етеді. Әсіресе оператордың тәжірибесі мол болған шарт.

- Келесі әдіс алдыңғысына ұқсайды, тек бір ерекшелігімен айшықталады. Ол - ендігі ретте камераның кейіпкердің қимылына емес, керісінше кейіпкерді камераның бекітілген түсірілім нүктелеріне икемдеу. Яғни, бұл жерде кейіпкерлер камераға бекітілген кадр шеңберінде ғана іс-қимыл жасап, қозғалуға болады. Өзге жағдайда нысанға камераның бекітілген нүктесінен «жақындату», «алыстату» және «фокустық» қашықтықты ауыстыру арқылы басты нысанға назар аударту. Бұл тәсілде мейлінше кадрдың қозғалысын бірқалыпты ету. Мүмкіндік болса, кадрдағы кейіпкердің қозғалысымен тең қозғалту.

- Кей жағдайларда бір немесе одан да көп камералармен түсіру мүмкіндігі туғанда, бір камераны кейіпкердің тұрған мекенін көрсету мақсатында орнатып, ал бір камераны кейіпкердің өзіне аударту арқылы баяндауға болады. Бұл жағдайда бірінші камера қосалқы - көмекші кадр түсіруге, яғни, кейіпкердің іс-әрекетінің қозғалу шеңберінде орнату. Ал, екінші камера арқылы кейіпкердің ірі немесе детальдық пландарын түсіруге мүмкіндік туады. Алайда, бұл тәсіл түсіріліп жатқан кейіпкерді, не нысанды толықтай қамтып көрсетуге жол бермейді. Себебі, түсіргелі тұрған нысандар әрекеті белгісіз. Екінші камераның соның салдарынан жүгі ауырлайды. Сол себептен бұл түсірілім әдісі де бір камералық түсірілімге жатады.

Ал егерде бір камералық түсірілім үзіп түсіруге мүмкіндік берсе, онда келесі әдістер алдыңғы рөлге шығады:

- Бақылауға тура келмейтін әрекеттерді түсірудің негізгі екі тәсілі бар. Олар:

1. Камера қозғалыссыз. Түсірілім түрлілігі масштабтау әдісі арқылы жүзеге асады.

2. Камера еркін қозғалу арқылы кадрды түсіру нүктелерін, көлемін ауыстырып, маңызды деген сәттерді түсіруге мүмкіндік береді.

Бұл түсірілім әдістерін жасағанда әрине өз кезегінде монтаждау қажеттілігі ескеріледі. Сол себептен үзіп түсіру оқиғаның мазмұнына сай жүргізіледі. Режиссер түсірілген материалдарды монтаждың көмегі арқылы жүйеге келтіріп, үздіксіз болған оқиға ретінде ұсына алады. Режиссер көп жағдайда түсірілім алаңын алдын ала зерттеп, түсірілім нүктелерін бекітіп, маңызды деген нысандарды белгілегені жөн. Қажет болған жағдайларда оқиғаны өз ыңғайына ыңғайластыруға болады. Мәселен, кейіпкерлерді кадрға сай іс-әрекет жасалауларын өтіну. Түсірілім өз ретінде жүйелі, сценарий немесе авторлық ойға негізделіп түсірілгені абзал. Монтаж барысында ыңғайлы жағдай туғызары сөзсіз. Бұл ретте бақылауға ыңғайы келетін түсірілімдер өзіндік ерекшеліктерге ие.

Бақылауға ыңғайлы түсірілімдер сценарий желісімен, кейіпкерлердің режиссердың нұсқауларына бейім, әрі камераның түсіру нүктелерін еркін бекітіп, жарық, нысан, іс-әрекеттерді толықтай реттеуге келетін түсірілім әдісін

айтады. Нәтижесінде түсірілген материалдар жеңіл монтаждалып, айтпақ ой нақты болары хақ.

Кинематография саласындағы жаңалықтар телевизиялық үдерістерге таңсық болған жоқ. Екі сала да технологиялық үдерісті өз пайдасына оңтайлы пайдаланды. Екі сала өзара ұқсастыққа ие болғанымен, бағыттары мен эфирлік тарау кеңістіктері екі түрлі болып келді. Сол себептен екі сала әрдайым бір-бірінен бөлек қарастырылады. Басты айырмашылықтарының бірі контент болды. «Контент» түсінігі – ағылшын тілінен аударғанда – мазмұн – кез келген ақпараттық ресурс немесе веб-сайтты толтыру» [80]. Осы түсініктемелер негізінде зерттеу барысында кездесетін контент ұғымы анықтамаға ие бола отырып, қозғалып отырған өзекті мәселелерді шешуде өзінің рөлін айқындайды.

Телевизиялық сала белгілі бір уақыт аралығында, дәл сол уақытқа қатысты өзекті тақырыптарға сай дүниелерді беруге негізделген.

Телевизиялық арналардың көрсетілім контенті ретінде сериалдық өнімдерді кеңінен қолданылатынының бірден бір себебі осында. Сонымен қоса, кино түсірілімге арнайы дайындалатын «раскадровка» сериал түсіріліміне қажет етілмейді. Себебі, сериалдық түсірілімдер бір нысан көлемінде бірнеше сахна түсірілу қажеттілігінен «раскадровкалардың» тиімділігі аз және де, сериалдық өнімдердің көркемдік маңыздылығы төмен. Алайда, бұндай жағдай көбіне отандық өнімдерге қатысты. Себебі, шет ел аумағындағы эфирлік дүниелер мейлі сериал, мейлі кино болсын асқан шеберлікпен жасалады. Сол тұрғыдан қарағанда, отандық телевизиялық режиссерлардың кәсіби деңгейлерін халықаралық деңгейге көтеру қажет. Арнайы оқу орындарында кәсіби мамандарды жұмылдыру, қызықтыру маңызды. Мүмкіндік болса, арнайы мамандарды шетелдерден шақыртып, не болмаса түлектерді шетелдік тәжірибеге жіберіп оқыту аздық етпейді.

Сериалдық өнімдердің сапасы техникалық тұрғыдан жақсы сапада болғанымен, құрылымдық және мазмұндық жағынан осал келеді. Бұндай жағдай өкінішке орай, отандық өнімдерде жиі кездеседі. Оның бірден-бір көрсеткіші отандық телевизиялық өнімдердің, соның ішінде сериалдардың беделді халықаралық фестивальдер мен конкурстардан тыс қалып қойып жатқандығы.

Бір НВО кабельдік арнасының «Игра престолов» сериалы «Эмми - 2019» жүлдесіне 32 номинация алып, жүлде тарихында рекорд орнатты [81]. Немесе «Чернобыль» атты сериал 2019 жылдың сенсациясына айналды. Телевизиялық сериал форматында түсірілгенімен, толықтай кинематографиялық құрылымға толы сериал, телевизиялық контентті келесі бір деңгейге көтерді. Сонымен қатар, кинематографиялық құндылықтарды телеэкранға бейімдеп, кино мен телевизия форматының негізінде, сапалы режиссураны атап өту маңызды. Қазақстандық эфир кеңістігінде экрандық өнер режиссурасының әлемдік деңгейде дамуы, бүгінгі күннің өзекті тақырыптарына айналуда.

Кәсібилік тұрғысынан көрші елдердің контенттеріне әлі де жете қоймаған отандық режиссура, шалыс қадамдар баспау үшін сол салаға қатысты ғылыми мақалалар мен әдебиетке зәру. Көптеген теориялық негіздерге толы салалық

оқулықтар мен мамандардың өсуі бүгінде өзекті мәселелердің бірі. Автор массмедиа кеңістігінде телережиссураның теориялық негіздерін зерттеп, кемшілік тұстары мен даму перспективаларын атап өтеді. Әлемдік телевизиядағы үрдістерді зерделей келе, телережиссураның өзекті мәселелерін қозғайды. Тарихи-теориялық аспектілеріне тоқталып, тұжырымдама жасайды. Зерттеу жұмысының осы тараушасы телережиссураның қалыптасу кезеңдеріне арналды.

1.3 Әлемдік телережиссураның контент құрудағы негізгі үрдістері.

Жаһандық экран саласы осы күні көптеген трансформацияларға ұшырағанымен бастапқы контенттік құрылымы телевизияның пайда болуымен тікелей байланысты. Кино туындылардың көрсетілу форматы мен кеңістігі бөлек болғандықтан, бұл саланың контенттік генезисін қарастыруға келмейді. Кино туындылар бұрын да, қазір де негізінен үлкен форматты – кинотеатрлық көрсетілімдерге жатады. Зерттеу нәтижесінде өзіндік ерекшеліктерге ие екендігі айқындалды.

Телевизия саласы бүгінгі күнгі экрандық көрсетілімдер трансформациясына ұшыраған контенттік эфирлік дүниелерге негіз болды. Себебі, ғылыми жұмыс тақырыбын зерттеу барысында оның генезисін, тарихи мағлұматтар мен зерттеулерді зерделеу барысында анықталды. Мәселен, алғашқы аудио-визуалды сигналдарды таратудан бастау алған тұңғыш эфирлік трансляция көрермендерге бейнелерді, хабарды таратудан бастау алды.

Ақпарат тарату жүйесі радиосигналды таратудың белгілі бір визуалдық формаға келген сәттен бастап, оған аудио сигналды қиылыстыру нәтижесінен туындағаны аңғарылады. Арада, аз уақыт өте келе жаңадан туындаған бұл аудио-визуалды салаға қай елде болмасын, мемлекет тарапынан үлкен мән беріліп, телевизия саласы алғаш күннен бастап, халық мүддесіне қызмет атқара бастады.

Кино саласының қыр-сырын меңгерген мамандар телевизия құралдарының негізін қалаушылары болды. Халық мүддесіне қызмет атқару жұмыстары телевизияның көрерменнің қызығушылығына ие болып, оған белгілі деңгейде сұраныс туғызды. Халық назарына ілігіп, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде салт-дәстүрге айналған телевизияның әсерлік күші уақыт өте арта түсті. Телевизиялық құрал манипуляция күшіне ие бола бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар негізінен контенттік құрылымдар нәтижесінде іске асты. Мәселен, хабар тарату барысында көрермендерді жаңалықтармен қамтамасыз ете отырып, олардың сол хабарға деген көзқарастарын да қалыптастырып отырды.

Әр ел өзінің әдет-ғұрып, салт-дәстүріне сай бағдарламалар түсіріп, көрсетілім кестесін толтырғанымен, психологиялық тұрғыда да жаһандық тенденциялардан тыс қалмады. Көрермен қызығушылығын арттыра алған бағдарлама кейде өзекті жаңалықтардан артық болмаса, кем назарға іліккен жоқ. Бұл орайда контент құрудағы келесі өзекті аспектілерге тоқталуға болады. Мәселен, өз даму жолында телевизия көрермендерге жұмыс жасап келеді. Көрерменді қызықты контентпен қамтамасыз ету жолында телевизия өзекті мәселелер мен оқиғаларды аздық ететінін түсінді. Мәселен, контенттің

құрылымында емес, оның сапасында болды. Сапалық қасиеттерге контенттің көрермендерге «өтімді» бола алуын, сонымен қатар, санасыз сатыда қабылдауын жатқызуға болады. «1-кестеде 2008 жылы, сондай-ақ 2012 жылы көрермендерге телемазмұндағы бірнеше аспект қалай әсер еткені көрсетілген. Сауалнамаға қатысушылардан өз алаңдаушылықтарын 1-5 шкаласы бойынша бағалау сұралды, ондағы 1 саны алаңдаушылықтың мүлде болмауын білдірсе, ал 5 саны – үлкен алаңдаушылықты сипаттады. 2-кестеде «Уилкоксон» белгісі бар тест нәтижелері көрсетілген, ол талданған факторлар бойынша 2008 жылғы алаңдаушылық шамасындағы айырмашылықтардың статистикалық мәнін тексеру үшін қолданылған [82].

Кесте 1

	Барлығы	2008	2012
Қатыгез мазмұнды бағдарламалар	3.78	3.74	3.82
Жаңалықтар	3.52	3.49	3.75
Шамадан тыс жарнама	4.34	4.34	4.35
Мәдени бағдарламалардың жоқтығы	3.78	3.75	3.82
Жұлдыздар туралы бағдарламалар	3.61	3.53	3.70
Мазмұнды бағдарламалардың жоқтығы	3.69	3.66	3.73

Телевизиялық контент жанрына байланысты отандық медиа өз тұтынушыларын қалыптастырады. Қалыптастыру жолы сонымен қатар тек қызығушылық контент ұсынумен емес, белгілі бір дәрежеде көрермендерді өз өнімдеріне тәуелді етіп қояды. Телевизиялық контент көрермендер назарына ілігіп, қызығушылыққа ие болу нәтижесінде белгілі бір сұранысқа ие болады. Тұтынушы қауымның басым көпшілігі бүгінде балалар мен жас өспірімдерге негізделген телевизиялық бағдарламаларды тұтынады. Келесі кезекте жан-жал, зұлымдыққа толы контентті тұтынады. Бұл статистикалық мағлұматтар көптеген елдерде ұқсас және көп жағдайда телевизиялық контент құруда негізгі бағыт есебінде қолданылады. «Қазіргі уақытта әлемде агрессияның өсуі жайында барлық психологтар мен әлеуметтанушылар дабыл қағуда» [50,726]. Яғни, бұл тенденция көрермендердің таза психологиялық күйіне, ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан вербалдық аспектілерге байланысты.

Жоғарыда айтылған «тәуелділік» сөзі негізсіз қолданып жатқан жоқ. Бұл ұғым медиа контентке көрермендердің саналы, не санасыз тұрғыда, сол арналардың ұсынған дүниелерінен туындаған қызығушылық. Сол қызығушылықтан туындаған белгілі бір деңгейдегі тәуелділік. Нәтижесінде

тұтынушылар телевизиялық контенттердің сұранысын қалыптастырады және негізгі бағытын айқандайды.

«Телевизияның көрермендердің санасы мен мінез-құлқына әсер ету проблемасы және оның әсер ету салдары қазіргі әлеуметтік психология мен әлеуметтануда маңызды орындардың бірін алып отыр» [83, 62-67 б.]. Яғни, негативті хабарды тамашалаған көрермен сәйкесінше күйге түсіп, көңілі сол психологиялық әсер етуші факторларға тәуелді бола бастайды. Телевизиялық контенттерді зерттеу барысында олардың психологиялық құрылымдарын қарастырмау мүмкін емес.

Кез келген контенттік бағдарлама телевизиялық форматта белгілі бір жанрлық құрылымдарға, не формалық сипаттарға ие болып келеді. Ақпараттық, танымдық, ойын-сауық, тақырыптық, деректі, репортаждық және басқа да жанрлық ерекшеліктерге ие бағдарламалар өзіне тән контентпен толықтырылады және бағытталады. Мәселен, ақпараттандыру мақсатында таратылатын хабардың түрін «жаңалықтар» деп атаймыз.

Жаналықтар көрермендерді ең маңызды және өзекті ақпараттармен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, кей-жағдайда сараптамалық зерттеу жүргізеді. Сол сияқты жаңалықтар бағдарламасы телеарна саясатына сай белгілі бір хабар тарату саясатына тәуелді болады. Бұл аспект арнаның бағытын айқындайды.

Сонымен қатар, өзге де арналардан ерекшелігін анықтайды. Осы факторларға сәйкес өзіндік аудиториясын, яғни, қалыпты көрермендерін қалыптастырады. Негізгі телевизиялық саясаттың мақсаты да осы бағытта жасалады.

Телевизиялық индустрия өсе келе көрермендер аудиториясын ұлғайту мақсатында бағдарламалар өндірісін жанрларға бөлді. Әрбір жанр белгілі бір көрермендер контингентін экран алдына жинады. Бағдарламалардың шығу уақыты да есепке алына басталды. Яғни, телевизиялық индустрия ішкі нарығын зерттей бастады.

Телевизия келесі сатыда енді технологиялық құрал ғана емес, психологиялық құрал есебінде белгілі бір рөл атқара бастады. Бағдарламаларды көрсету бағытынан, экран алдына көрермендер жинау бағытына көшті.

Телевизияның адамдардың көңіл-күйі мен психологиялық жағдайына әсері мен ықпалы зор екені көптеген ғалымдармен зерттеліп, сол мәселеге арнаған зерттеулері де аз емес. Мәселен Р. Арнхеймнің [22] зерттеулерін атауға болады. Аталған зерттеулердің нәтижесінде телевизиялық көрсетілімдердің «күпия», не «жасырылған» ақпараттық күштерінен сақтануға, не болмаса, пайдалануға мүмкіндік бар. Психологиялық әсер ету мүмкіндіктерін экрандық өнер саласында пайдаланудың шеберлері ретінде режиссерларды атауға болады.

Авторлық материалдарды зерттей келе режиссерлар сол материалдардың ішінде жасырылған көптеген идеяларды таба алады. Ол идеялар негізгі орта идеядан туындайтын, не сол идеяның туындауына себеп болатын қосалқы идеялар болуы мүмкін. Сонымен қатар, идеялардың мазмұнмен толықтырылуы тек режиссерлардың қолында. Яғни, режиссердың авторлық идеяны

интерпретациялауда барлық мүмкіндігі бар. Сол идеяларға, мазмұн мен мағынаға түбінде жауапты адам да режиссер болып саналады.

Психологиялық аспектілерді зерделей келе автор бұндай тәсілдерді режиссерлық мамандықпен тікелей байланыстырады. Себебі, психологиялық әсер ету, аудио-визуалды өнерде өз қолданысы мен көрінісін тек режиссердың қолданған тәсілдері арқылы жүзеге асады. Бұл тарапта режиссер өзінің өмірлік тәжірибесін мысал есебінде келтіре алады. Немесе, материалды зерттеу басарысында автордың ойын көрермендерге мейлінше әсерлі ету мақсатында эмоциалық байланыстарды іздеуге тырысады.

Эмоционалдық күйге енгізу мақсатында көрермендерге психологиялық әсер ету тәсілдерін тиімді пайдаланады. Осы мақсаттағы тәсілдер экрандық өнер саласында бұрыннан кездеседі. Әсіресе телевизия саласында. Қарапайым мысал ретінде күнделікті жаңалықтар бағдарламаларын келтіруге болады.

Күнделікті телевизиялық экраннан жүріп жатқан жаңалықтар әр телеарнада өзіндік баяндау мәнерімен ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктердің түбінде, әр арнаның ішкі саясатына тікелей байланысты. Мәселен, экстремалды жағдайлар арқылы көрермендердің көңіл-күйін, үрей арқылы назарын аудару мақсатында жұмыс істейтін арналар кез келген ақпаратты қауіпті, не үрейлі, не тым асыра қорқынышты етіп көрсетуге бағытталған. Немесе, осы тектес арналарға қарама-қарсы бағытты ұстанған арналардың баяндауында бұл ақпарат мүлде өзгеше көңіл-күй туғызатын тәсілмен эфирге беріледі. Салдарында, көрермендерде ақпараттың басқа да тұстарына мән бере отырып, өзге мәселелерді көтереді. Бұның барлығы экран арқылы психологиялық әсер ету құралдарын жетік меңгеру нәтижесінде жүзеге асып жатады. «Байыпталмаған пәрмен, жөн сілтеу нұсқау және т.б. берудің анағұрлым қарапайым тәсілдерінің бірі НПБ (нейропсихологиялық бағдарламалау) жүйесінде (Эриксон тәсілі) дайындалған. Оның мәнісі мынада: берілетін мәтін – дыбысталатын немесе баспалық – «қойылған сөз» (жасырылған хабарлама) деген енгізіледі. Ол интонациямен немесе графикалық түрде жекелеген сөздер ерекшеленетіндей негізгі мәтіннің ішінде жасалады, жалпы алғанда жасырылған пәрменді құрайды. Бұл жағдайда ақпаратты қабылдауда жартышар арасындағы өзара қатынас механизмі іске қосылады. Хабарлама контекстін бағалауға мидың оң жақ бөлігі жауапты болғандықтан (сөздің мазмұнына – сол жақ ми сыңары), осылайша алынған ақпарат зердеге жетпейді, бірақ өзінің әсерін сақтап қалады» [84,74-81 б.]. Осындай вербалды қарым-қатынас жасау арқылы эфирден берілетін жаңалықтар жанрындағы бағдарламалар мақсатына қарай, контенттік мазмұнға ие болады. Арнаның саясатына байланысты ақпаратты белгілі бір бейне материалдармен толықтырады. Ресейлік «Перец» арнасының мысалында контенттік мазмұнды қарастыратын болсақ, онда бұл арнаның мақсатында көрермендерге экстремалды іс-әрекеттерге негізделген, адамдардың (көрермендердің) көңіл-күйлерін белгілі бір үрейге соқтыру көзделгенін аңғаруға болады. Сол сияқты ресейлік «Комеди клуб» арнасы контенті тек әзіл мен қалжыңға негізделі отырып, көрермендердің көңіл-күйлерін көтеруге бағытталған.

Осы және өзге мысалдар негізінде режиссерлық шеберлік пен біліктілік

жатыр. Кино заңдылықтарына негізделгендей телевизиялық бағдарламалар да режиссердың шығармашылық ой-қырларына тәуелді.

Психологиялық әсерлерді атай келе олардың көрермендерге әсерін автор вербалдық құралдар арқылы баяндайды. Вербалды (яғни сөз арқылы) әсер етуден бөлек, режиссерлардың құралдарына бейвербалдық (ым-ишара тілі) әсер ету тәсілдері де бар. Мысалы, вербалдық құралдарды атағанда телевизиялық жаңалықтарды жүргізуде жүргізушінің қолданатын сөздері, яғни тексттің мазмұны, жүргізушінің оқу интонациясы немесе оқу барысында қажетті сөздерге қойылатын интонациялық акцент және т.б. тәсілдер жатады.

Бір ақпаратты екі саяси бағыттағы телеарналар екі түрлі вербалдық әсірелеу арқылы баяндайды. Бұл тәсіл телеарналарда өзіндік контенттік бағытты ұстанудағы негізгі іс-әрекеттері болып табылады. Бұл жерде телеарнаның саясатына байланысты режиссерлардың психологиялық әсер ету құралдарын нәтижелі пайдалануда, олардың кәсіби шеберліктері шешуші роль атқаратынын дәлелдейді. Сонымен қатар, бейвербалды әсер етудің де шебер қолданысын меңгеру арқылы режиссер бейне репортаждағы немесе жүргізушінің ым-ишара қимыл-әрекеттері арқылы мидың санасыз қабылдау жүйесіне әсер ете алады. Бұл тұжырымдамаға сәйкес телевизиялық әсер ету құралдарын пайдалануда режиссерлық шеберлік пен психологиялық әсер ету аспектілерінің жетік меңгерілуі және көркемдік шешімдер мен тәжірибелік біліктіліктің маман ретінде нәтижелі пайдалануы, әлемдік телевизияның бүгінгі сипатына, тенденциясына үлкен әсер етті.

Әлемдік арналардың басым көпшілігі қалыптасқан бағытпен ілгері жылжып келеді. Бағыттарының негізін құраушы факторлар ол - технология және контент. Саяси және идеологиялық бағыт аясында тақырыптың ашылуына, автордың материалына және шығармашылық топтың біліктілігіне байланысты қалыптасып, бағдарламаның мазмұнында жасырылуы мүмкін. Алайда, зерттеу нәтижесінде ХХІ ғасырдың өткен ғасырмен салыстырғанда телевизиялық эфирде көбіне «ойын-сауыққа» негізделген контент басым екені анықталады. «Стенд-ап», «скетч», комедиялық сериалдар жанрлары сияқты контенттер жаһандық телевизия аумағында одан да ерте кезеңдерде дамыды. Бұндай бағдарламалар кәсіби авторлар мен шығармашылық топтың жұмысын қажет етті және де қойылымдарға негізделген түсірілімдер қалыптасқан телевизиялық түсірілімдерден ерекшеленді. Мазмұнына, оның экрандық интерпретациясына аса үлкен мән берілді.

Автор әлемдік телережиссураның контент құру үрдістерін зерттей келе оның психологиялық және тәжірибелік аспектілерінен бөлек, цифрлық телевизияның дамуы нәтижесінде туындаған мүмкіндіктерді атап өтеді. «Тұтынушыларды қамту үшін қалыптасқан 15 немесе 30 секундтық жарнаманың әсерлілігі төмендеді, оның енді жүздеген жолдары бар, бұқаралық ақпарат құралдарымен, оның ішінде Интернет арқылы ағымдық хабар таратуды қоса алғанда, басқарудың және уақыт өткізудің жаңа тәсілдерін де таңдауға болады» [85, 391 б.]. Келтірілген осы тұжырымдама жарнама негізінде телевизиялық әсер ету факторларын ашып қарастырады.

Контент құруда режиссерлық шеберлік пен біліктілік технологиялық мүмкіндіктерді меңгеруді де ескереді. Цифрлық хабар тарату эфирлік дүниелерге едәуір жаңалықтар енгізді.

Телевизиялық бағдарламаларды даярлау барысында цифрлық құрылғыларды пайдалану нәтижесінде телевизиялық контентті байыту мүмкіндігі арта түсті. Түсірілім техникаларының ықшамдалуы және жоғары сапада бейне жазу жүзеге асты. Соның нәтижесінде түсірілім жүргізу барысында авторлық материалдың мазмұнын кеңінен ашу үшін режиссерлық тәсілдерді мейлінше нәтижелі пайдалануға жол ашылды. Ықшам камералар оған дейін қиын болып саналатын ракурстық түсірілімдер жасауға, жоғары сапалы бейне жазу, монтаж барысында бейненің сапасын жоғалтпайтындай көлемін өзгертуге мүмкіндік берді.

Цифрлық технологиялардың дамуы режиссерлық тәсіл ретінде монтаж барысында бейнені екі немесе оданда көп бөліктерге бөліп, бір экран көлемінде бірнеше бейне көрсету мүмкін болды. Сол арқылы көрермендерге бір экран шеңберінде бірнеше хабар жеткізуге болады.

Цифрлық хабар тарату мультиэкран тәсілін материалды алдын ала монтаждау нәтижесінде салынған полиэкранды ақпаратты енді тікелей хабар тарату барысында да пайдалануға жол ашты. «Грудиннің зерттеулері қосымша мониторлардың әдетте қосалқы қолданысқа қажет екендігін, сонымен қатар, көрерменнің негізгі назарында болмайтын, алайда, қолданушыларды перифериялық мазмұндарымен хабардар ететінін көрсетті» [86, 392 б.]. Яғни, тікелей эфир барысында цифрлық хабар тарату технологиясы жаңалық жасады. Экранды тікелей эфир барысында екі немесе одан да көп бөлікке бөліп, бір экран көлемінде бірнеше ақпарат тарата алатын тәсілдерді қарастырды.

Бұл тәсіл бүгінде жаңалықтар бағдарламаларында, телекөпірлерде, ақпараттық репортаждарда жиі пайдаланылады. Операциялар жоғарыда аталғандай телевизиялық индустрия саласында қолданыс тапты. Алайда, цифрлық хабар тарату технологиясы тек бұнымен шектелмеді. Технологияның оңтайлы мүмкіндіктерін провайдерлер мен кабельдік, интерактивті интернет телевизия операторлары да пайдалана алды. Көбіне бұл қажеттілік жарнамалық қажеттіліктен туады.

Интернет желісі арқылы тарайтын телевизияның бір түрі ол - IP телевизиясы. Желі арқылы тарап, түрлі қызметте пайдаланылады. «IP-телевизия – IP хаттамасы бойынша мәліметтерді тарату желісіндегі сандық телевизияның технологиясы. Осы IP аббревиатураның басталуы мәліметтерді таратудың сол хаттамасы қолданылады дегенді ғана білдіреді, бірақ жүйе жалпы ғаламторда мүлдем ештеңемен байланыспаған. Бұл технология телекоммуникация (оның ішінде кабельдің және спутниктік телевизия) қызметін көрсететін провайдер-компаниялардың есебінен дамып отырғанын атап өту керек. Алайда олардың басты міндеті нарыққа қолда бар кабельдік немесе спутниктік телевизияны тұтатстай немесе ішінара алмастыруға қабілетті техникалық-бәсекеге қабілетті және анағұрлым арзан телевизиялық технологияны беретін техникалық-экономикалық шешімді іздестіру болып табылады» [87], - деген тұжырымдаманы С.П. Кузьмуков келтіреді. Бұл

тұжырымдама негізінде келесі түсінік пайда болады: яғни, IP - телевизия интернет жүйесін пайдалану арқылы кабельдік немесе спутниктік телевизия ұсынып отырған контенттерді іріктеп, көрермендер талабына сай таратады.

Интерактивті телевизияның технологиялық тарау жүйесі осы IP - телевизия жүйесінен бөлек жүйе арқылы жүзеге асады. Ол Интернет - телевизия. Бүкіл стриммингтік арналар осы жүйе арқылы тарайды. Және де бұл телевизиялық жүйенің IP - телевизиядан айырмашылығы бұнда жоғарыда келтірілген Интерактивті телевизия жүйесінің барлық мүмкіндіктері жүзеге асады. Яғни Интерактивті телевизияның негізінде Интернет - телевизия жатыр.

IP - телевизия мен Интернет - телевизия кабельдік және спутниктік телевизияға қарағанда анағұрлым тиімді. Мәселен, арнайы құрылғыларды орнату, тарту, құру сынды шығындарды талап етпейді. Интернет мүмкіндіктері күн өте артып келеді. Технологиялар қарқынды дамып, сымсыз тарату жүйелері жылдан жылға кең етек жайып, сымды байланыс жүйесінен тиімдірек болып келеді. 3G, 4G, ал көп ұзамай интернеттің сымсыз тарату жүйесі дамыған 5G жүйесіне ауысқалы тұр.

Тауашалық арналардың арасында контенті тек жарнамалық дүниелерден тұратын арнайы бағдарламалардан құралған Shopping Live, Top Shop TV, «Бум-ТВ» сынды арналар кездеседі. «Leomax тұтас теледүкен желісін иеленеді. Shop24, Diskont-tv және Leomax өзі – осының барлығы өзінікі. Бұдан басқа да компаниялар бар ғой: Shopping Live, Top Shop TV, «Бум-ТВ» және тағысын тағылар. Барлығы – оннан астам. Олардың ішіндегі ірісінің ақшалай түсімі – аса зор. Ең ірісі - Shopping Live-та. TNS Russia мәліметі бойынша, 2017 жылы дүкен 7,3 млрд рубль тапқан. Екінші орында – Shop24. Бұл компанияның түсімі – жылына 1,3 млрд рубль» [88]. Бұл жерде тауашалық арналардың қарқынды дамуының дәлелі ретінде жарнамалық контентті қамтитын арналар келтірілген.

Бұл келтірілген мысалдар тауашалық арналардың біркелкі, дара еместігін айқындайды. Және де коммерциалық бағыт бағдарды қоса ұстайтыны айқындайды. Кез келген ұйым немесе корпорация өзіндік бағытын ұстанатыны - факт. Сонысымен ерекшеленеді. Жарнамалық тауарларды насихаттайтын арна сияқты толықтай кино туындылардан құралған келесі бір ұйым «Настрой кино» контенті біріңғай кино туындылардан құралған. Қазіргі таңда осындай тауашалық бағыттар белең алды.

Тауашалық арналарға - тақырыбы мен мазмұны бір бағытты телевизиялық өнімге арналған, жанры біріңғай сипаттағы контенттерден құралған арналарды атаймыз. Әлемдік телережиссураның дамуы мен түр сипаты тауашалық арналардың бағытына сай келеді. Мәселен, сериалдық өнімдерді түсіруге бағытталған тауашалық арналардың контентін қалыптастыруда телевизиялық режиссерлардың еңбегі зор. Немесе, осы сынды арналардың ішінде тек студиялық бағдарламаларды, спорттық трансляцияларды, жаңалық сюжеттерді ұсынатын арналардың эфирлік дүниелерге жауап беретін бірден бір кәсіби, білікті маман ол - режиссер.

Контентті құруда режиссер жалпы арна бағдарламалардың мазмұнына емес, тек жанрына байланысты жұмыс атқарады. Жоғарыда келтірілген тауашалық арналардың өнімдерін осы ғылыми жұмыстың зерттеуге арналған

материалдары есебінде қарастыруға толық негіз бар. Бұл жерде жаңа формация режиссерларының шығармашылық тұстардан бөлек техникалық мүмкіндіктерді меңгеруді талап етіледі деген сөз. Осы орайда тағы бір мәселе туындайды.

Техникалық режиссерлардың немесе техникалық құрылғыларды жетік меңгерген мамандардың тобы алдағы экрандық дүниелердің құрылуы мен дамуына тікелей байланысты болатынын айқындайды. Техникалық құрылғыларды және монтаж принциптері мен тәсілдерін жетік меңгерген режиссерлар ғана сапалы экрандық өнер туындыларын түсіруге қабілетті.

Бірінші тарау бойынша тұжырым.

Телевизиялық режиссер мамандығының маңыздылығы мен ерекшелігі қандай екендігі, қандай деңгейде және оны қай салада пайдаланады, оған қойылатын талаптарға тікелей байланысты. Осы орайда режиссердың жұмысы аса үлкен мәнге ие.

Бұл тарауда телережиссураның генезисі телевизия тарихымен қатар, экрандық саланың қалыптасу кезеңі ХХ ғасырдың 30-ы жылдарынан бастап қарастырылады.

Телевизия саласының пайда болуы мен қалыптасу деңгейі, оның өзге экрандық саламен салыстырғанда 1940 жылы дербестікке ие болу жолы зерделенді.

Телережиссураның 1950-1960жж кинорежиссурадан бейімделген негізгі жүйелері қарастырылып, ерекшеліктеріне түсініктемелер берілді.

Бүгінгі күні режиссерлар өткен ғасырдағы даму кезеңдерімен салыстырғанда көбіне арнайы мамандардың көмегіне жүгінеді. Оларға сценаристер, редактор, операторлар, қоюшы-суретшілер, композиторлар, жарық қоюшылар, декораторлар, гафферлер, фокуспуллерлер, ассистенттер, және т.б. мамандар жатады. Бұл ретте режиссерға тек түсірілім барысында өндірісті жіті қадағалап, монтажға қажетті кадрларды таңдау ғана қалады. Алайда, өткен ғасырдың 60-70 жылдары телевизияда режиссураның қалыптасуы алғашқы қадамдардың нақты режиссер мамандарының шығармашылық ізденістері, тәуекелге бел буған сәттері, телевизия тарихында орын алған әдістердің пайда болуы қарастырылды.

1950-1970 жылдары қалыптасқан шығармашылық-көркемдік және 1980-1990 жылдардағы техникалық мүмкіндіктердің теориялық негіздері қарастырылып, телережиссура мамандығына арналған зерттеулердің кемшілік тұстары анықталды.

Әлемдік телережиссура үрдісінде заманауи талаптарға сай телевизиялық контенттің қалыптасуы, жасаған алғашқы қадамдары, телережиссураның стандарттары зерделенді.

2 ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕАРНАЛАРЫНДА ҰЛТТЫҚ КОНТЕНТ ҚҰРУ ҮДЕРІСІ

2.1 Отандық телеарналардағы контенттің қалыптасуы мен даму кезеңдері.

BBC, FOX, HBO, CNN сынды әлемдік телевизия алыптары өзге елдерге тренд нұсқаушы қалыптан бөлек, эфир тарату мүмкіндіктерін кеңейтуде алғашқы қадамдар жасап, өзге елдерге заманауи технологияларды ұсынып жатқаны ежелден белгілі. Тұңғыш кеңформатты телекөрсетілім, тұңғыш цифрлық эфирлер сияқты экрандық салаға тән құбылыстар қолданысқа, дамыған батыс мемлекеттерде енді. Сәйкесінше, ол жақта мамандар даярлау дәрежесі де жоғары деңгейде екені айқын. Дегенмен, телевизиялық режиссура әдістерінің өзі де жаңалық емес. Себебі, кез келген эфирден тамашалайтын шығармашылық әдістер ілгеріде экраннан көрінісін тапқан. Сол көрініс тапқан экрандық кеңістік әрине кино саласы.

Телевизияға режиссерлар кино индустриядан келгендігін автор алдыңғы тарауларда атап, оның тарихи – теориялық тұстарын зерделеді. Мәселен, қазақ телевизиясының қалыптасу сатысын қарастыратын болсақ, отандық телевизиялық мамандардың алғашқы легін даярлауда, қазақ киносының атасы атанған атақты Шәкен Айманов елеулі үлесін қосқанын бірі білсе, бірі біле бермейді. Тұңғыш режиссерлар мен дикторларды таңдауда Шәкен Аймановтың қосқан үлесін ескермеу мүмкін емес.

Қазақ телевизиясының әлем телевизия саласынан кешірек дамып келгені ескерілетін болса, отандық телевизиялық режиссураның да әлемдік үрдістен сәл кеш дамығаны аңғарылады. Сол себептен, зерттеу барысында әлемдік алып арналардың әрдайым технологиялық ілгері дамуда болғаны айқындалады. «Жалпы кадрлардың ретін дұрыс құра білу - телевизия режиссерының қолындағы аса қуатты құрал. Өйткені ірі көріністе көрсетілген адамның бет-жүзі, жекелеген қиықтар, үзіктер экранда айтылып жатқан әдемі сөздердің бағасын аспанға көтеруі де мүмкін, керісінше, аяқ асты етуі, түгін қоймай жоққа шығаруы да ғажап емес» [38, 78 б.]. Бұл Совет Мазғұтовтың сөзі сонау қазақ телевизиясының нық тұру сатысында телевизия режиссурасының ерекше рөлін айқындап айтуы, сонымен қатар, экрандық өнерде мңызды құрал екендігін дәлелдейді.

Қазақстан телережиссурасының қалыптасуы қазақ территориясында эфирлік көрсетілімдердің қалыптасуымен тұспа тұс келеді. Радио мен телевизияның Қазақстан аумағында пайда болуы Кеңестік кезеңмен тікелей байланысты, әрі даму сатылары бірдей болып келеді. Телевизиялық даму кезеңін осы диссертацияда елімізге ортақ болып келген, отандық телевизияның дамуына негіз болған Кеңестік Одақ кеңістігіндегі телевизиялық тарихқа сүйене отырып жасалды. Кеңестік Одақ телевизиясымен етене дамыған әлем телевизия саласы көбіне ортақ жаңалықтар ашып, бірдей жетістіктерге жетіп отырған. Сонымен қатар, бірлесе отырып, тәжірибе алмасып, техникалық құрылғылар мен эфир тарату стандарттарын ортақ деңгейде қарастырғаны да

белгілі факт. Сол себептен Кеңестік телевизияны әлемдік телевизия дамуынан бөліп қарастыру мүмкін емес.

60 жылдық тарихы бар қазақ телевизия саласында тұңғыш режиссер мамандар әуелде көрші Ресей мемлекетінен жұмылдырылған болатын. Себебі, аяққа енді тұрып жатқан жаңа саланы тәжірибелі мамандардың көмегімен ғана жүзеге асыру мүмкін болды. Тұңғыш телевизиялық режиссерлардың қатары жас мамандармен толықты. Алғашқы телевизиялық контенттер ЖТС түсірілімдері мен басым көпшілігі хроникалық және жаңалықтар трансляциялары болғандықтан, осы саладағы режиссерлар басым болды. Яғни, пульттік басқару жүйесі мен студиялық түсірілімдерді жетік меңгеру бастапқы рөлде болды.

Телевизия саласына жеке тоқталып кететін болсақ, телевизия қалыптасқалы негізгі үш құрылымнан тұрады. Олар: видео, мәтін, дауыс. Яғни, осы үш құрылым телевизияның кез келген жанрының, сюжетінің, бағдарламасының негізінде тұрады. Осы үш құрылымның әрқайсысына жеке тоқталып өтетін болсақ: экран арқылы таралатын сигнал телевизиялық проекцияға айналып, белгілі бір визуалдық сипатқа айналады. Сол арқылы көрініс табады. Бұл ерекшелік видеоға қатысты.

Видео арқылы телевизия кез келген ақпаратты орын алған жерінен, оқиғаның кейіпкерлерімен, мән-жайымен толықтай таныстырып, бейнелі түрде баяндайды. Бұл жерде режиссер мен телеоператордың жұмысы бірінші тарапта. Мәселен, сюжет жасау барысында сценарий негізінде немесе керісінше сценарий болмаған түсірілімде бейненің мазмұнына толықтай телевизиялық режиссер жауапты. Оның бұл қызметінде белсенді көмекшісі, әрі әріптесі оператор болып табылады.

Әр маман өзінің білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып жұмыс жасайды. Бұл тарапта кәсіптік біліктілік алдыңғы орынға шығады. Әрине, алғашында телевизияға мамандар жоғарыда аталып өткендей кино саласынан тартылды. Алайда, кино саласында негізге сценарий мен қойылым тұрса, телевизия және соған ұқсас заманауи салада бүгінде журналисттік пікір мен мәтін және дауыс кіреді. Сол себептен телевизиялық мамандар, оның ішінде телережиссер мен телеоператор белгілі бір ерекшеліктерге бейім келуі шарт. Бұл жерде белгілі журналист, телевизиялық редактор Гүлнәр Мұқанованың телевизия саласы туралы айтқан мына сөздері орынды: «Телевизия – ең алдымен видео, теледидар алдындағы адам ақпаратты негізінен көз арқылы алады деген ойларды жиі кездестіруге болады. Иә, видеоның рөлі жоғары. Онымен таласпаймыз. Бірақ, видеоны алға шығарып, дауыс пен мәтінді кейінге шегеруге еш болмайды» [89, 264 б.]. Дегенмен, телевизиялық жанрлар, мәселен, репортаж, сюжет немесе бағдарлама болсын ымырасыз қағида емес. Жанрлар бір – бірімен араласып, бірін – бірі толықтыра алады.

Совет Мазғұтовтың осы ойын өзінің пікірімен Қ. Тұрсын былай толықтырады: «Экрандағы автор идеясы мен ойының тоғысынан туындаған нұсқалар мен көріністердің орын-орнымен қалануы, оның жымы мен жігін білдірмей қабыса қиюласуы, әрі оған өзіндік үн дарыта отырып, келісті де келбетті түр іздеу де режиссердың көрегенділігіне байланысты» [38, 78 б.].

Яғни, экрандық бейнелер мен телевизиялық жанрларды түрлендіруде режиссердың тәжірибелігінен бөлек, оның ұшқыр ой мен кәсібилілікке ие болуы шарт деген тұжырым жасауға болады.

Қазақ экрандық саласындағы телевизия, қалыптасу кезеңі тәуелсіздік жылдарына дейін консервативтік бағытта келді. Яғни, кез келген экрандық сала жанрлары бөлек болғанымен, идеологиялық бір бағытта жүріп келді. Дәлірек айтсақ, Кеңес үкіметінің партиясы ұсынған бағытта дамыды. Жанрлық үдерістер мүлде жүрген жоқ. Даму үдерісі алайда, көбіне техникалық тұрғыда жүріп жатты. Сонымен, режиссер толықтай бейне ретке жауап беруімен қоса, телевизиялық салада журналисттік мәтінге де тәуелді болды.

Журналисттік сюжеттер телережиссердың шығармашылық еркіндігі, оның авторлық ықпалынсыз, керісінше, жураналисттің авторлық мәтіні негізінде түсіріліп, монтажданды және сюжет толықтай журналисттің иелігінде болды. Телевизияда режиссердың қызметі атқарушылық сипатта болуының бірден – бір көрінісі осы. Яғни, телевизиялық салада режиссер көп жағдайда автор бола алмайды. Ол тек атқарушылық - жауапты қызметте. Қазақстан аумағында дамып келген телевизиялық режиссердың сипаты осы қалыпта әлі де жалғасып келеді.

Режиссер мәтін мен дауысқа тәуелді. Бұл телевизиялық саланың бұрынғы, ескірген моделі деуге бүгінде негіз бар. Телевизиялық өнімдердің шетелдік модельдерінде бағдарламалар немесе сюжеттер жасауда видео, мәтін, дыбыс сынды түсініктер тек белгілі мамандардың құзырында ғана емес, бір журналистің деңгейінде жасалатын тенденцияға бұрылғалы бір шама уақыт өтті. Яғни, телевизиялық саланың бір – бірімен араласуы нәтижесінде көпсалалы мамандардың пайда болуы заңды құбылыс. Сонымен қатар, режиссер журналист және оператор сынды мамандармен тең дәрежеде біліктілігі артты деген сөз.

Телережиссурада авторлық қолтаңбаның пайда болуына әкеліп соқтырды. Әрине, мазмұндық құрылымы тұрғысынан қарағанда бұл өзгерістер қазақ экрандық өнердің дамуына үлкен серпіліс берері сөзсіз. Автор отандық медиа дамуының кемшілік тұстарына заманауи режиссер мамандарының тапшылығын өзекті мәселе ретінде қарастырады.

Қазақ телевизиясы контентінің пайда болуы бұрын соңды қазақ экранында болмаған, алайда өз қалыптасу жолын айқындай алған құбылыс. Эфир таратудың алғашқы қадамдарымен етене дамып, 60 жыл ішінде эфирлік үрдіспен тығыз байланыста болды. Қазақ телевизиясының алғашқы эфир таратуы мен контенттік тұңғыш қадамы араға аз уақыт салып, бітісе жасалып, кейінде үзілмес даму сатысына түсті. Қазақ телевизиясында режиссураның қалыптасуы өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастау алды. Сол кезеңнен бастап телевизиялық режиссураның өзіндік сипаты мен дәстүрі қалыптасты.

Осы тақырыптағы бағдарламалардың телевизиялық экрандарда бірнеше түрі эфирге шықты. Алғашқысы бүгінде Жүрсін Ерманның есімімен ғана елестейтін, алайда, бірі білсе бірі біле бермейтін бір факт ескерілмейді: «Айтыс» бағдарламасының тізгінін алғашқы ұстаған адам, ол - Сұлтан Оразалинов. Кейіннен Жүрсін Ерманның жалғауымен жалғасты. Алып сахнада

қойылып, ЖТС түсірілімі арқылы эфирге трансляцияланған республикалық ақындар сайысы «Айтыс» кештері кейіннен, телевизия саласында белгілі продюсер Ертай Нүсіпжанов бастаған «Айтыс» телевизиялық шоуына ұласты.

Осы тектес қазақ менталитетіне ғана сай төл өнеріміз бен өркениетімізге негізделген бағдарламалар, олардың қатарында жарық көрген «Терме», «Алты бақан», «Көкпар», «Ақ сүйек», «Қымызхана», «Тамаша», «Алтын сақа», «Шынның жүзі», «Ұят болмасын», «Әсем әуен, тәтті күй», «Ұлы дала сазы», «Сегіз қырлы» және т.б. бағдарламалар қазақ телевизиясын жаһандық телевизиядан дәстүріміз бен рухани құндылықтарымыздың ерекше тұстарымен ерекшелейді. Сонымен қатар, өзіндік болмысын, төл орнын айқындайды.

«Дыбыспен қосалқы жүре бастаған осы кезеңде телевизияның жарығы қазақ жеріне де жетіп, тұңғыш рет қазіргі Алматы қаласында 1958 жылы 8 наурыздан бастап хабар таратыла бастады. Республикалық телерадиоорталығының тарихы (Желтоқсан к., 175; тел. 62-42-59) Алматыда 8.3.1958 жылдан басталған. 1974-1981 жылдары телебағдарламаларды біртіндеп түрлі-түсті кескінге ауыстыру іске асырылды. Қазақ телевизиясының бағдарламалары радиорелелік және кабельдік байланыс желісінің көмегімен республика облыстарына таратылады» [90, 284 б.]. Бүкіл әлемдік телевизиямен етене дамып келген отандық телевизиясының да жеткен белестері аз емес. 50-жылдар сонымен, телевизия және жалпы эфирлік таралу жүйесіне қосқан жаңалықтары осылай ерекшеленіп қана қоймай, бүкіл әлем бойынша үлкен сұранысқа ие бола бастайды. Осы онжылдықтың соңында қазіргі Қазақстан Республикасы аумағында тұңғыш телевизиялық эфир таратыла бастайды.

XX ғасырдың 50 - жылдары Қазақ Телевизиясы тарихы сол кездегі радио саласының майталманы, аса көрнеткі қайраткер Қанапия Мұстафин есімімен тарихта қалды. Осы тұлғаның тұсында Қазақ Телевизиясы алғашқы хабарлар тарата бастайды. 2020 жылы жасы 100-ге толған Қазақ Телевизиясының тұңғыш әйел дикторы З. Жұматова эфирге шыққан алғаш дикторы болды. Сол кездегі телевизия мамандарын құруда Қазақстан экран өнерінің майталманы, атақты кинорежиссер, КСРО Халық әртісі Шәкен Айманов маңызды роль атқарды. Алғашқы дикторларға Мәскеуден Юрий Левитан келіп дәріс берді. Осындай жаңалықтарға толы 50 - жылдар Қ. Мұстафиннің есімімен тарихта қалды. Және де осы 50 - жылдардың соңында Қазақ Телевизиясы иелігіне тұңғыш ЖТС түседі.

Дәл осы 60-жылдар қазақ эфирлік индустриясында үлкен жаңалыққа тап болады. Қазақ жерінен эфирге шыққан бағдарламалар көрші елдерге тарап, осы онжылдықтың басында-ақ қазақ телевизиясының көрермендер саны өзге елдердің көрермендерін қосқанда ондаған миллиондардан асты. Бұл онжылдық Қазақ Телевизиясы тарихында Қ. Сағындықов пен К. Шалабаевтың есімдерімен байланысты. Алғашқысының тұсында тұңғыш репортаждық түсірілімдер пайдаланса, ал екіншісінің тұсында Қазақ Телевизиясы «Қазақтелефильм» студиясы құрылады.

Кеңестік кезеңдегі қазақ телевизиясы өз кәсіби мамандарын жинаумен айналысты. Телевизия саласында жұмыс жасайтын қызметкерлерді басшылық Мәскеу қаласына оқуға жіберіп отырды. Солай өзіндік кадрлық қажеттіліктерін

қамтамасыз етіп отырды. Қазақ телевизиясы да кәсіби мамандармен толығып жатты. Арасында өзге ұлт өкілдерімен бірге қазақ ұлтының өкілдері де болды. Қазақ телевизиясы ендігі ретте кәсіби «қазақ» мамандарымен толықты. Телережиссура мамандығы да тұңғыш рет қазақ жерінің тумасына бұйырды. Кәсіпті жетік меңгере алатын, кәсіби біліктілікті, шығармашылық шешімдерді шебер пайдалана алатын кәсіп иелері енді қазақ телевизиясының да еншісінде болды.

Осы ретте қазақ телережиссурасының қалыптасуының, ізін салушылардың бірі Шолпан Баймолдинаның бір естелігі, осы тұжырымдаманың дәлелі: «Әлі күнге дейін есімде. Бірде, хабарымыздың біріне жауып тұрған қардың көріністері керек болмасы бар ма? Ал, оны қайдан аламыз. Жыл мезгілі болса, көктем айы. Содан біз қағазды көп етіп ұсақтап жыртып, соны камераның алдынан, жоғарыдан қардың жапалақтап жауып тұрған сәтін бейнелейтіндей етіп жіберіп отырдық. Солай етіп, қардың жауып тұрған сәтін көрерменге иллюзиялық күйде бердік» [38, 157 б.]. Режиссерлардың телевизия саласында маңыздылығы туралы өз кітабында Қ. Тұрсын, телевизияның құрылымында негіз болатын тағандардың бірі ретінде ерекше атап өтеді: «Теледидарда Н. Заболоцкийше айтсақ әлгі үш таған «Редактор - Режиссер - Оператор» немесе мұны қысқартып «Р - Р - О» десек те түйінді. Редакторда идеядан басталған ой, тақырыпқа ұласып, одан сюжет не сценарий туындаса, ал режиссер редактордың ой-қиялындағы көмескі әлде көрнекті ойын құлпырта түрлендіріп, орын-орнымен жымдастыра, қиюластыра, оператор сценарийдегі ойды тірі көрініске айналдырып, оған жан бітіретін кадрларды таңдап, сұрыптап түсіретін маман» [38, 11 б.]. Яғни, режиссерлық жұмыс телевизияда ұйымдастырушылық қабілетпен қатар, топтық жұмысты да меңзейді.

80 - жылдар отандық арналарда одақтас республикаларды біріктірген Ресейлік Орталық Телевизия өткерген оқиғалармен ортақ болды. «Қайта құру» кезеңі телевизияға біршама өзгерістер әкелумен есте қалды. Үкіметтік қайта жаңғыру саясатынан туындаған қоғамдық, әлеуметтік және экономикалық қобалжулар телевизиялық эфирді екіге бөлді. Жаңашылдық іздеген демократтар мен конвсервативті коммунистердің айқас алаңына айналған телевизия саласы жаңа студиялардың ашылуымен, теледебаттардың көбеюі мен тікелей трансляциялардың көптеп шығуымен ерекшеленді. Алайда, отандық арналарды әлемдік телевизия деңгейіне көтеруге жол ашылды.

Кеңестік кезеңнің аяқталуымен кино және телевизия саласында ежелден қалыптасқан режиссерлық мектептің жоғалуы қатар келді. Түсірілім технологиясына аса үлкен мән беріліп, теориясының пайда болуына үлкен әсерін тигізген кеңестік режиссуралық мектеп дәуірі аяқталып, бүгінгі күні режиссура мектебінде АҚШ, Ұлы Британия сынды алпауыт елдердің массмедиалық мектептері көш бастап келеді.

Тәуелсіздік алғалы, талай тағылымды дүниелер жарық көрді. Қазақ телевизиясы өзінің дара жолын КСРО-дан бөлінген уақыттан бастады. Тоқырау мен дағдарысқа тұспа тұс келген Тәуелсіз Қазақстан телевизиясы либералдық бағытқа бет бұрды. Қазақстан өз шекарасын әлемге айқара ашуының жақсы да, жаман тұстары қатар келді. Дәл осы жағдай, Ресейдің контентін, отандық

медиаарыққа мықтап енуіне себепші болды. Бір жақты саясаттың салдарынан Қазақ телевизиясы, Ресейден бір саты төмен болды. Көршілес ел, шекарадан өтсе де, Қазақстан Ресейдің медианарығына өте алған жоқ. 90 жылдары қазақ телевизиясы трансляция тұсында тілдік қысым көргені белгілі. Қазақша бағдарламаның пайыздық көрсеткіші 50%-дан төмен болды. Бұл проблема өзінің өзектілігін әлі де жойған жоқ. «Еуразия» бірінші арнасының басшысы Сергей Киселевтың айтуынша: «Қазақстандық телеарналар тілдік мазмұнға және жарнамалық шектеулерге қойылатын мемлекеттік қатаң талаптарға бағынады, ал Ресей медианарығында тілдік барьер жоқ. Бұл өз кезеңінде, қазақстан медианарығының дамуын айтарлықтай бәсеңдетеді. Мемлекет телевизияға бизнес көзі ретінде қараған емес, әуелі бұл идеологиялық құрал. Телевизияның қазіргі қиындығының барлығы, құрылғаннан бастау алған. Мемлекет тарапынан көрген қысым мен тапсырыстардың көптігі отандық телевизияның әлемдік деңгейде дамуына кері әсерін тигізді» [91]. Әлі де тигізіп келеді. Жоғарыда аталып өткен мәселелер, отандық телевизияға қарсы антидрайвер болды десек қателеспейміз. Ендеше, отандық телевизияның «беташар» жобаларын тілге тиек етіп, өткенге көз салу маңызды.

Қазақ телевизиясындағы алғашқы контенттің қалыптасуы еліміздің Кеңестік Одақ құрамында болған кезеңде орын алды. Кеңестік дәуірдің дикторы Юрий Ливитан: «КСРОдағы ең мықты дикторлық топ, Алматыдан» - деп, тұжырымдаған. Қазақстандағы алғашы телеарналар шебін «Gala TV» «Отырар ТВ», «Азия ТВ», «Дала ТВ» сынды арналар бастаған. Қазақстан КСРО аймағынан бөлініп шыққаннан кейін, аталған арналардың орнына жаңа телеарналар бой көрсетті. 1990 жылы «КТК» арнасы дүниеге келсе, 1991 жылы «НТК» ашылды. Көп ұзамай 1993 жылы қатарға «31» арна да қосылды. 1995 жылы 16 мамырда, «Алма ТВ-ға» алғашқы тұтынушы қосылғаннан кейін, Қазақстандағы коммерциялық арналарға жол салынды.

Тәуелсіздікпен қатар елімізде «Хабар» арнасы ашылды, себебі мемлекетті аяққа тұрғызумен қатар, елде ақпараттық кеңістік құру қажет болды. 14 сағат эфирде болған «Хабар» арнасы контентті тек жаңалықтармен шектемей, көптеген тың жобалар жасады. Қазақ тележурналистикасының алғашқы жұлдыздары да, «Хабар» арнасынан түлеп ұшты. Олардың қатарында: Дана Нұржігіт, Ерлан Бекхожин, Зейн Әліпбек, Айгүл Мүкей, Қымбат Досжан, Динара Егеубаева, Сергей Куянов, Сергей Пономаревтар бар. «Хабар» арнасы 1997 жылы 27 қаңтардан бастап өз жиілігінде хабар тарата бастады. Ал 1998 жылдың 14 мамырында «Хабар» агенттігі жабық акционерлік қоғамы болып құрылды. 2003 жылдың қазан айында ашық акционерлік қоғамға айналған агенттік құрамында қазір «Хабар» арнасымен қатар «24kz» арнасы, «Caspionet» (қазіргі таңда «KazakhTV») спутниктік арнасы бар. Эфирдегі контенттің 70% телеарнаның төл туындыларынан құралады, яғни телеарнада түсірілетін бағдарламалар, фильмдер мен телехикаялар. Көрсетілімдердегі бағдарламалардың 90% әлеуметтік маңызды тақырыптарды қамтиды. Тәуелсіздік хабар таратудың 55% мемлекеттік тілде жүзеге асырылады.

2008 жылдың 1 наурызынан бастап «31 арнаның» хабарлар реті жаңа ойын-сауықтық үлгіге көшті: «31 арна» телерадиокомпаниясы мен «СТС

Медиа», жаңа холдинг – «31 арна» компаниялар тобын құру туралы келісім-шарт жасасты. Қазір бағдарламалар реті арнайы «31 арна» үшін жасалған және алынған, жергілікті және шетелдік бағдарламалық өнімдерден тұрады. «31 арна» сапалы кинематография өнімдеріне баса назар аударады. Дүйсенбі мен жұма аралығында және демалыс күндері көрермендерге әлемдік танымал режиссерлардың, беделді кинофестивальдардың сыйлығын иеленген кино картиналар және жаһандық кинематографияның классикасына айналған ең атақты және қызықты фильмдер ұсынылады. 2011 жылы «31 арна» Paramount Pictures киностудиясы киноөнімдерді және The Walt Disney Company эфирден көрсетуге лицензиялық құқыққа ие болды. Бұл отандық телеарналар тарихындағы ірі америкалық кинокомпанияның тұңғыш жасалған келісім-шарт болып табылады. «31 арнаның» жаңалықтар қызметіне биыл 24 жыл толды. Осы уақыт аралығында «Информбюроның» форматы бірнеше рет өзгеріске ұшырап, жаңа айдарлар пайда болды, жүргізушілері ауысты. Бағдарлама еліміздегі кәсіби журналистердің бірнеше толқынын дайындап шығарды. Ал Ұлттың айнасына айналып үлгерген ұлттық арна 1985 жылғы қайта құру кезеңі Қазақ телевизиясына да өз ықпалын тигізді.

Елде белең алған дағдарыс пен саяси ахуалды таразы басына теңестірген телеарна тығырықтан шығар жол іздеді. 1991 жылы ел Тәуелсіздігін халыққа бірінші боп жеткізіп, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ант қабылдау рәсімін көрсеткен «Qazaqstan» телеарнасы болды. Ықылым заманнан әрбір ақпарат құралы алдыменен өз елінің ұлттық идеологиясын басты мақсатта ұстауға дағдыланған. Елдің де талабы ең алдымен тек қазақ тілінде хабар тарататын телеарна керектігін жеткізді. Бұл түйіннің шешімін жарты ғасырға жуық шежіресі бар «Qazaqstan» ұлттық арнасының шешуі заңды еді. 2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасымен Ұлттық арна 100 пайыз қазақ тілінде хабар таратуға көшті. Қажеттіліктен туындаған өзекті мәселенің өзектілігі осылайша жойылған болатын. Қазіргі таңда Ұлттық арнаның контенті, қазақ тілінде жасалынып, қалың көпшілікке таратылуда.

Рейтингі жоғары жеке меншік арна ол әрине «КТК» арнасы. 1990 жылдың 2 қарашасында алғашқы жекеменшік телеарна болып қалыптасты. Оның негізін салған - Изя Эйнехович Фидель. Тура сағат 17:00-де эфирге шыққан жаңа телеарна кодтық болатын. Бастапқыда бағдарламалар тек шетел фильмдері, диснейлік мультфильмдер мен көңіл көтеретін шетелдің жобаларынан құралды. Арнаның бас режиссеры Александр Колесников былай деп есіне алады: «Декодерлер әлі есімде. Жұрт жаппай ұзын-сонар кезекке тұрып декодер сатып ала бастады. Сол кездегі алғашқы есепшіміз Вера Николаевна Сергеева жалғыз өзі үлгере алмай, демалыс күндері бүкіл КТК ұжымы оған жабылып көмектесетін. Таңнан кешке дейін декодерді орнату туралы өтініш қабылдаған еді. Жиналған қаржы едәуір соманы құрады, шамамен 1.8 миллион рубль! Қызығы сол, бір жарым аптадан соң ешқандай кодтаусыз-ақ «Таң» телеарнасы таратылымын бастады. Бірақ біздің артықшылығымыз - метрлік диапазон болды, ал «Таң» - ДМВ, сол себепті халық бізге легімен келді» [92]. Бұл

естеліктер отандық телевизияның құрылған сәтіндегі кездестірген алғашқы қиындықтарының дәлелі.

Тәуелсіздіктің туы тігіліп, қазақ телевизиясы өзіндік жеке жобалар жасауды да үйрене бастады. Қазақ телевизиясының жаңа контентін қалыптастырған, шоқтығы биік, ел аузында қалған бағдарламаларға тоқтала кетсек. 1994-1996жж– Вадим Вдовин мен Сергей Пономаревтің Қазақстандағы тұңғыш таңғы бағдарламасы «Здравствуйте!» (1994-1996) аз уақыт ішінде көрермендердің көзайымына айналды. Осы толқында жаңа әлеуметтік «Неотложка» бағдарламасы дүниеге келді. Оның тұрақты жүргізушісі Флора Алиева болды. Алпыс жылдығын жақында тойлаған «Қазақстан» арнасының да бүгінде өткенді ұмытпай, алға ұмтылуда «Жаңа Астана мен алыс Америкаға дейінгі аралықтағы саяси оқиғаларды, ел өміріндегі елеулі өзгерістерді эфирден беру сол журналистерге жүктелді. Қазіргі сюжетке арқау болған кейіпкерлерді телеарнаның тарландары десе болады. Олар әлі де эфирде» [93]. Осы естеліктерге сүйене отырып, қазақстан арналарындағы контент құрудағы алғашқы қадамдардың күрделілігін анықтауға болады.

«Qazaqstan» Ұлттық арнасының ең танымал, беташар жобасы және қазақ телевизиясы тарихындағы алғашқы таңертеңгілік бағдарлама бұл әрине «Tansholpan». Бағдарламаның негізін қалаған Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан Мұртаза. Ол 1992 жылдың 14 желтоқсан күні алғаш рет бұл жобаны эфирге шығарды. Жүргізушілік тізгінді телевизия саласының шеберлері Иманбай Жұбай мен Лаура Жүсіпжанова ұстады. Көрермендерге соңғы 25 жылда «Арай», «Жаңа күн», «Таңсәрі», «Оян, қазақ!», «Көңілашар», «Қайырлы таң, Қазақстан!», «Ассалаумағалейкум, ағайын!» деген атауларымен шығып, тек, 2010 жылы жоба қайтадан «Таңшолпан» деген алғашқы атауына қайтадан ие болды. Ұлттық арна ұсынған тағы бір телеөнім «Екі жұлдыз». 4 маусымға созылған бағдарлама, көпшіліктің көзайымына айналып, ел аузында қалған жобалардың бірегейі.

2001 жылы «Хабар» «Кто возьмет миллион?» шоуын ұсынды. Әйгілі ағылшындық «Celador» компаниясының лицензиясымен шығарылған бұл жоба қазақстандық ТВ-да жарық көрген тұңғыш әлемдік деңгейдегі көңіл-көтеретін теле-шоу болды. Ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларды асырап алуға арналған әлеуметтік жоба «Дорога домой». Бағдарлама авторы Марианна Гурина болса, жүргізушісі Оксана Василенко: бағдарлама ашылғаннан бері 300-ге жуық жетім бала өз отбасын тапты.

Телеарнаның өткенін бағамдап – сағымға айналған, шақтарға оралуға мүмкіндік беретін бұл әрине «Алтын қор». Қазақ телевизиясының алтын қорына кіретін есте қалған ерекше жобалар: «Ұят болмасын», «Жетпіс жеті күн», «Біздің көшенің тұрғындары», «Тіл», «Еркектің аты еркек», «Таң қалмаңыз», «Шатақхана» сынды эксклюзивті авторлық бағдарламалар, сонымен қатар 2000 жылдардың басында өте танымал болған алғашқы отандық сериалдардың бірегейі «Перекресток» болып табылады. Қазақ телевизиясындағы ұлттық контенттің алғашқы толқын осылайша дамыды.

Еліміздегі балаларға арналған тұңғыш арна - «Balapan» телеарнасы. Бүлдіршіндерге арналған арнаның контенті өкінішке орай шетелдің

мультфильмдерінен құрылып басталды. Бұл еліміздегі анимация саласының әлсіздігінің айқын көрінісі. Отандық арнадағы бағдарламаларға жаңарту еңгізіп, заман талабына сай қарыштау керектігі, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Әсіресе, балалар тәрбиесіне қатысты. Ғаламтордан әлемнің анимациясын көріп үйренген балалар, Қазақстан ұсынып отырған кейбір сапасыз дүниелерді қабылдай алмайды. Бұл өз алдына бүкіл ұрпақты өз тілінен алшақтатын жайт. Қазақша ойлай алмайтын буын өсіп келу қаупі жоғары дәрежені көрсетуі ықтимал.

Отандық арналар мен ондағы ұлттық контенттерге аса мән беріп зерттеген автор, диссертациялық жұмысында Қазақстан арналарының тарихын зерделей келе, өзекті мәселелерін де атап өтеді.

Қазақстан аумағында «Netflix» сияқты телеарна ашу қажеттілігі де актуалды зерттеу нысандарына айналып барады. Оған себеп көп, біріншіден әнге немесе спортқа арналған тауашалық арналар елімізде жетіп артылады. Ал ғылыми арналар мүлдем жоқ. Бар болса да, танымал емес. Көрсетіліп отырған контенті көбіне ескірген бейне материалдар. Алайда, арнаны ғаламтормен ұштастыра отыра, әлемге әйгілі деректі фильмдерге негізделген отандық ғылыми арналарды дамытуға технологиялық өрлеу жеткілікті. Халықаралық медиа сарапшылар 2020 жылдан кейін, классикалық БАҚ-тар ақпарат таратудың жылдамдығы жөнінен біршама артта қалады деп ескертуде. Қолында ұялы телефоны бар барлық адам, ақпарат тарата алады. Телеарнаның ақпараттық кеңістіктегі ең құнды құралы - сенімді контент. Біріншіден, әзірге медиа тұтынушылардың 58% телеарна ұсынған өнімге сенім білдіреді. Екіншіден, қазір ең жедел деген теледидардың өзі әлеуметтік желіні тұтынып отыр. Осы ғасыр бұл тұрғыдан ғаламат өзгерістерге тап болды.

Алайда, осы уақытта адамдар, қандай ақпаратты қалай аламын десе де қауқарлы. Нақтырақ айтсақ, қазіргі қоғам жеңіл ақпаратқа әуес.

Қазақстанда барлық бұқаралық ақпарат құралдарының төрттен бірі республикалық деңгейі арналар болып табылады. Баспа, массмедиа мемлекеттік және жеке тарату желілері арқылы таратылады, электрондық БАҚ мемлекеттік эфирлік желілерді пайдаланады, сондай-ақ кабельдік желілер мен спутник арқылы хабар таратуда. «Ақпараттың алғашқы жолы айқын әрі нақты болуы – шарт» [39, 14 б.], қағидасына сүйене отырып, БАҚ-тың кең таралуынан бөлек, оның нақты фактілерге сүйене отырып жариялануын қадағалау міндетті.

Қазақстанда 20-дан астам эфир арналары бар. Республика тұрғындарының жартысынан астамы («Хабар», «Qazaqstan» және, жеке КТК, НТК, «Жетінші арна», «Астана» және «31 арна») отандық телевизиялық эфирді тұтынады. Арналардың басым бөлігі Нұрсұлтаннан, қалғандары Алматыдан хабар таратады. Ұлттық контентті құрудың жолы белгілі бір деңгейге келгені анық. Алайда сапасы әзірге сын көтермей жатыр. Отандық арналарда шет елдің өнімдері қазақы менталитетке сай етіп және оны сапалы етіп шығарылуы шарт. Себебі біздегі «көшірменің» өзі де кейде көрерменнің талғамынан шыға бермейді. Яғни, «көшіру» сапасы да төмен.

Сонымен қатар, қазақстандық көрермендердің басым бөлігі, қазақ тіліндегі контентке баса назар аударуда. Бұл жәйт, отандық кинематографияға да оң әсер

етуде. Себебі соңғы бірнеше жылда, қазақстандық режиссерлардың қолдарынан көптеген фильмдер қазақ тілінде жарыққа шықты. Кассалық көрсеткіші де, шет елдің фильмдерінен кем емес. Шет елдің телехикаяларын көрсеткіші жоғары болғанымен, отандық өнімге ден қоятын уақыт келді. Сонымен қатар, жергілікті көрермендерге, менталитеті мен тәлім тәрбиесіне келісті дүниелер ұнайды.

Түсіру әдістеріне тоқталсақ. Дәстүрлі түсірілім техникалары жыл – ара өзгеріп отыру нәтижесінде, түсіру тәсілдері де өзгеріп жатады. Мәселен, сұхбат түсіру барысында видеоны мейлінше қозғалыссыз түсіру үшін штатив пайдаланса, бүгінде түсірілімді штативсіз, арнайы құрал - стабилизаторлар арқылы жүзеге асыруға болады. Бір стабилизатор құрылғылардың бүгіннің өзінде (түсірілім ерекшелігіне қарай) сан алуан түрі бар. Оған қоса панорама жасау үшін бұрында ауыр қозғалмалы арба және рельс сияқты құрылғылар пайдаланса, бүгінде жеңіл, әрі шағын «слайдер» жүйесін қолдану анағұрлым тиімді. 1960 жылдары алғашқы түсірілімдер ЖТС көмегімен жүзеге асқан. Одан бөлек түсірілімдер телеарналардың студиялық блоктарында жүргізілген. Ең алғашқы бағдарламалар ЖТС көмегімен түрлі репортаждық түсірілімге шығып отырған. Магниттік таспа жүйесі әлі қалыптаса қоймаған кезеңдерде эфирге дикторлар тікелей шығып отырған. Түсірілім видеосы хроникалық түсірілімдерден тұрды. Кейіннен сюжеттік жанр пайда болу нәтижесінде телевизияға репортерлер келді. Олармен бірге кадрға бағдарламалар кейіпкерлері ене бастады.

Осы негізгі бағыттар әлем телевизиясы саласында түрлі трансформацияларға ұшырап отырғанымен, жанрлық сипаттамалары өзгеріссіз. Ғылыми зерттеу нәтижесінде бұл жанрлардың тек контенттік мазмұнда ғана өзгеріп отыратыны анықталды. Кино индустриядан келген тенденциялық өзгерістер телевизия саласының шығармашылық аспектілеріне қатты әсер берді. Телевизиялық өнімдердегі жаңа әдістер бұл салаға кино өнерінен енетіні анық. Сараптама жүргізу нәтижесінде келесі ұқсастықтар анықталды:

1. Операторлық түсіру техникасында. Мәселен, ракурстар мен камераның кадр ішіндегі нысандардың қозғалысына қатысты позициясын ауыстыруы. Яғни, статикалық түсіру тәсілдері ескірді. Оның орнына динамикалық түсірілімдер енді. Түсірілім нүктелерінің консервативті қалыбынан, мобильді сипатқа ауысты. Ракурстардың пайдалану мүмкіндіктері кеңейді. Ауада қалықтап түсіру мүмкіндігі қолданысқа шағын «дрондардың» келуімен жүзеге еркін аса бастады. Ауыр ұшу техникасын арнайы жасақ бөлімдердің көмегінсіз, адамдарға қауіп-қатерсіз қала немесе қоғамдық орындарда түсірілім жүргізуге жол ашты. Кинематографиялық әсер беретін тәсілдерге ауысты.

2. Ритмді монтаж тәсілдері телевизияға кино өнерінен енді. Динамикалық сюжеттер жасауда ритмді монтаж жиі, әрі сәтті қолданылатын тәсіл. Бұл тәсіл сонымен қатар аудио-визуалды ретті түрлендірді, осал жерлерді жасырды, көрермен назарын бейнелік шешімге аударды.

3. Қолайлы, шағын, кәсіби түсіру техникаларының қолжетімділігі. Бұл мүмкіндік көптеген өндірістік мәселелерді шешті. Кез келген нысандарды

ешбір қиындықсыз, үлкен қаражатсыз түсіруге жол ашылды. Ауыр және көлемді техникалық құрылғыларды жалға алудың қажеті жойылды. Мобильді, жеңіл, жоғарғы сапада түсіруге арналған техникалар бүгінде телевизиялық салаға толықтай енді. Өндірістік мәселелер шешіле бастады. Тез, әрі жылдам түсіру телевизия үшін ең басты шарттардың бірі.

Жоғарыда келтірілген факторлар тұрғысынан қарастырғанда, осы мүмкіндіктер телевизиялық салада көптеген жанрларды қамти отырып, сапалы дүниелерді жасап, контенттердің мазмұнын кеңейтуге жол ашты. Басты техникалық мәселелер шешіліп, заманауи талаптарға сай дамуға көшті.

2.2 Қазақстандық телеарналардағы контент құрудың өзекті мәселелері.

Телевизия пайда болғалы қоғамдағы өзекті мәселелерді, әлеуметтік жағдайларды, рухани және тұрмыстық болмыс тақырыптардағы телевизиялық контенттің негізгі құрылымы болды. Телевизия өткен ғасырдың басында пайда болғанымен, қалыпты контент құру сол ғасырдың ортасынан бастау алды. Толықтай құрылып, қалыптасып, белгілі бір деңгейге тек XX ғасырдың соңғы тұстарында ғана жетті. Бұл тенденцияның қарқынды дамуы әлемде көптеген елдердің ақпараттандыру саясатының ықпалынан туындады. Дәлірек айтсақ, әлемдік жаһандану үдерісі салдарынан.

Мемлекеттік дiңгектiң бiрден-бiр кұраушы кұралы ақпараттық кеңiстiк болды. Ақпаратқа сұраныс өздiгiнен туындаған жоқ. Үкiметтiң халықты сауаттандыру саясаты өткен ғасырдың 90-ы жылдарында - БАҚ-ты кеңiнен пайдалануға тырысты. «БАҚ, бұқаралық ақпарат кұралдары (mass communication media, mass media, media of communication, news media) – халықтың ауқымды бөлiгiне ақпарат таратудың техникалық, ұйымдастырушылық және басқа да кұралдары. БАҚ-қа мыналар жатады: мерзiмдi баспасөз, радио-, теле- бейне бағдарлама, кинохроникалық бағдарлама, бұқаралық ақпаратты мерзiмдi таратудың басқа да түрлерi» [94, 335 б.]. Яғни, аталған қызметтерi мен түрлерi ең әуелде адамзат мүддесiне жұмыс жасау керек. Қазақстан аумағында сәйкесiнше дәрежеде болуы шарт. Сол кезде ғана БАҚ өз мiндетiн толық атқарды деп есептеуге болады.

Ал, БАҚ-тың ең беделдi күшiне радио мен телевизия, газеттер мен журналдар ие болды.

Қазақ елiнiң көрермендерiне шетелдiк арналардың контентiмен танысуға мүмкiндiк туды. Спутниктiк арналар сынды кабельдiк арналар да әлем арналары ұсынған контенттердi отандық көрермендерге ұсынды.

Аудио-визуалды өнер саласында телевизия, XX ғасырда ең үлкен қолданысқа ие бола бастады. 2000-2010 жылдар аралығында кейбiр БАҚ, мәселен, газет басылымдары азая түстi. Газет басылымдары ендiгi ретте цифрлық форматта, интернет кеңiстiгiнде жариялануын жалғастырды.

Телевизиялық даму үдерiсi үнемі технологиялық даму үрдістерімен қатар жүрді. Технологиялық даму өз ретінде телевизиялық дүниелерді қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

Телевизияның идеологиялық құрал ретінде өз заманында Кеңестік үкімет өте нәтижелі пайдаланды. Сонымен қатар, медиа және ақпарат кеңістігі идеологиялық саясатқа тәуелді болды. Эфирлік кестені, идеологиялық контентті қарастырушы Кеңестік билік өз құзырында ұстады. Үкімет тарапынан әр уақытта сұранысқа ие болды. Нәтижесінде бүкіл кеңестік қоғамы «батыс» мемлекетінің саясатына түбегейлі қарсы бағытта үгіттелді. Тек кеңестік заман ыдырағаннан соң, ендігі тәуелсіз мемлекеттер «батысқа», батыс мемлекеттерінің технологияларына еркін қол жеткізе бастады. Идеологиялық негіздер өзгеріп, телевизиялық контенттер де жаңа мазмұндарға толықты. Бұл бағыттың «дұрыс» не «бұрыс» бағытта дамуын осы саладағы журналисттердің арнайы мақалалары бар.

«Тәуелділік», «сұраныс» ұғымдары көрермендерге, яғни қоғамға, бұл ұғымдардың адамдармен психологиялық деңгейде байланысуының нәтижесінде қалыптасып отыр. Сонымен қатар, телевизиялық контенттің адамдарға және қоғамдық санаға әсерін тигізді. Бұл жерде фактор тек телевизиялық немесе аудио-визуалдық, экрандық өнерлерге ғана қатысты меңзелмейді. Жалпы БАҚ-қа қатысты келтірілген. Мәселен, Дж. Брайант және Сюзан Томпсон зерттеулерінде БАҚ-тың қоғамға қатынасын қарастырады. Оның болмысын және әсер етуін зерделейді. Мысалы, олардың қоғамдық деңгейдегі БАҚ-тың әсері туралы еңбектерінің бірінде былай деп жазды: «Әлеуметтік деңгейдегі медиа әсерге мысал ретінде М.Л. Де Флер мен С. Болл-Рокеш жасаған медиатәуелділік үлгісін (модель) алдық. (DeFleur & BallRokeach, 1976). Бұл модельдің мәні – массмедиа (ақпараттық жүйе) мен қоғам (әлеуметтік жүйе) арасындағы қатынас. Модель қазіргі қоғамда жеке тұлғаның жаңалықтар мен ақпарат көзі ретінде, БАҚ-қа тәуелділігі үнемі артып келеді деп болжайды. Жеке тұлғаның БАҚ-қа тәуелділік деңгейі мен медиа әсердің қарқындылығы қоғамның тұрақты немесе тұрақсыздығымен, бұқаралық ақпарат құралдарына ақпарат көзі ретінде берілетін әлеуметтік маңыздылық дәрежесімен тығыз байланысты. Бұл үлгі БАҚ, қоғам және аудитория арасындағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттестікті, сондай-ақ, медиа әсерді байқатады. Дағдарыс кезінде жаңалықтарға деген сұраныстың артуы медиатәуелділікке мысал бола алады. Сын сәттерде (мәселен, президент Дж. Кеннедидің қазасы немесе «Челленджер» ғарыш кемесі жарылған кездегідей) адамдар ақпарат көзі ретінде, тіпті психологиялық жайлылықты сезіну үшін бұқаралық ақпарат көзіне жүгінеді. Осындай сәттерде қоғамдағы жекелеген адамдардың массмедиаға тәуелділігі арта түседі» [21, 29 б.]. БАҚ-тың осындай әсер ету тұсын тиімді пайдалану нәтижесінде, ақпаратты қарусыз күшке айналдыруға болады. Немесе ақпараттандыру арқылы керісінше сақтық шараларды күшейтуге мүмкіндік береді.

Мәселен, бүгінгі жағдайға БАҚ әлемді жаулаған короновирустық дертке қатысты бүкіл ақпаратты қамтып, карантиндік жағдайда отырған әлеуметке дер кезінде өзекті жаңалықтармен қамтамасыз етуде.

Әрине, бұл жерде де жоғарыдағы мысалда келтірілгендей сұраныс факторы өзекті екені айқын. Себебі, кез келген адамның бойында болатын қызығушылық сезімі басымдылық танытады. Сонымен қатар, өзге форматтағы

контенттен гөрі, көрермендердің ақпаратқа негізделген контентке сұранысы артады. Яғни, телевизиялық кеңістікте контенттің алғаш үлгілеріне жаңалықтарды жатқызуға болады. Бұл тұжырымдамаға негіз есебінде кез келген телевизиялық арнаның тарихынан аңғаруға болады.

Кез келген елдегі телевизия құралы құрылғалы алғашқы хабарлары ретінде жаңалықтарды таңдады. Жаңалықтар өз ретінде көрермендердің қызығушылығын оятумен қатар олардың сұранысына ие бола бастады. Тарихи дағдылар осы феноменнің қалыптасуына бірден бір дәлел. Технологиялық мүмкіндіктердің дамуы осы қажеттіліктерді қамтамасыз ету мақсатында прогрессивті даму сатысына өтті. Көптеген телевизиялық эфир құралдары көрермендердің психологиялық қабылдау аспектілеріне негізделген.

Яғни, технологиялық прогресс психологиялық аспектілерге тікелей қатысты екенін аңғаруға болады. Осы іспетес үлгілер өзге форматты бағдарламаларда да көрініс табады. Мәселен, отбасылық ойын-сауық бағдарламалар, интеллектуалды сайыстар, ғылыми-танымдық бағдарламалар, ток-шоу немесе балаларға арналған бағдарламалардың негізінде психологиялық әсер ету факторлары жатыр.

Телевизияның психологиялық әсер етуші факторларын зерттейтін бүгінгі таңда жазылған еңбектер аз емес. Басым көпшілігі ғылыми-зерттеу жұмыстары. Бұндай жұмыстардың басым көпшілігі шетел зерттеушілердің еңбектерінен тұрады. Мәселен, шетелдік ғылыми жұмыстарға келесі авторлардың жұмыстары кіреді: Р. Арнхейм, Ричард Брайс, Э. Барри Робертс, Эндрю Фокс және т.б. Өкінішке орай отандық үлгілер кем де кем. Отандық көп жұмыстар публицистикалық және ақпараттық немесе энциклопедиялық анықтамалар негізінде құралған.

Контент ұғымына қатысты мәселелерге, оның ақпараттық қоғамның қалыптасуын техникалық және шығармашылық сипаттамасын пайдалануды жатқызуға болады. Бүгінгі таңда контент құрумен қатар оны сақтап, түрлендіруінің және еркін таралуының мүмкіндігі артып отыр. Бұның барлығы контенттің цифрлық түрде сақталуының нәтижесі. Бұл ұғымның мәселелерін шешуде аталған сипаттамаларды ескере кету маңызды. Себебі, контенттің сапасы мен мазмұнына жоғарыда аталған факторлар тікелей әсер етеді.

Контент құрушы арналар оның спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық, ұйымдастырушылық, ғылыми-техникалық қырларын жетік меңгерді. Сол білімдердің нәтижесінде контенттің түбінде көрермендермен орнайтын байланыстарын айқындайды, қалыптастыруға септігін тигізеді және арна мен көрермен арасындағы байланысты зерттеуге мүмкіндік береді.

Шығармашылық тұрғыда туындаған мәселелерді шешуге де үлкен жол ашылды. Мәселен, әрбір өзіндік контент құрған арналар бағыттарын айқындағанда, контенттің маңызымен қатар, оның шығармашылық ерекшеліктерін де айқындауға тырысады. Осыдан туындаған кейбір шығармашылық шешімдер түбінде контенттің мазмұнына тигізетін әсері көп. Ал, барлық дәлелдерді біріктіре келе, көрермендерге контенттің сапалы үлгілерін ұсынуға мүмкіндік береді. «Ақпараттық қоғамның қалыптасуы және

қарқынды дамып келе жатқан ғылыми-техникалық прогресс контент саласында техникалық, ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық мәселелер тізбегін тудырды. Жоғарыда санамаланған мәселелер арасында жаңалық жасап, таратуға ғана емес, сонымен қатар оны сақтауға, жинақтауға, қайта бөлуге, түрлендіруге, тіпті қайта форматтауға мүмкіндік беретін цифрлық негіздегі телекоммуникация құралдары мен ақпараттық технологияларды конвергенциялау ерекше орын алады. Байланыс пен информатиканың конвергенциясы көптеген тұтынушыларға ұсынылып отырған ерекше өнім – «контент» жасауға себепші болды. Өзіндік ерекшелігі бар ақпараттық ресурстардың өзгеше контент өндіруі мен тұтынуы барлық қатысушылардың өзара әрекеттесуін және көрсетілетін қызмет сапасын ескере отырып, контент-қызмет нарығындағы ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастарды басқару мәселелерінде ғылыми, әдістемелік және қолданбалы шешімдерді қажет етеді» [95, 9 б.]. Яғни, сапалы контент ұсынуда техникалық мәселелерден бөлек, ұйымдастыру, ғылыми – методикалық, экономикалық және қолданбалы мәселелердің өзектілігі бар. Контент дамуының генезисінде шешімді талап ететін мәселелердің болуы орынды.

Сұранысқа ие болудан бөлек, сұранысқа сай болу да өзекті мәселелердің бірі. Осы факторлар контенттік өнімдердің құрылымына өз әсерін тигізеді. Автор ғылыми зерттеудің нәтижесінде мазмұнына сай контенттер телевизиялық және кино контент болып екіге бөлінетінін айқындайды. Екі бағыт та қазіргі таңда аналогтық эфир тарату жүйесіне тәуелділігін жойған. Бүгінде өзекті эфирлік тарату жүйесі интернет желісі арқылы жүзеге асып жатыр. Кейбір өзекті контент өнімдерін кабельдік және спутниктік арналардан табуға мүмкіндік жоқ. Осы сәтті тиімді пайдаланып жатқан интернет жүйесі өзге эфир тарату жүйелеріне қарағанда ерекше басымдылықпен озып келеді. Тарату тұрғысынан да, тұтыну тұрғысынан да тиімді.

Телевизиялық қасиеттердің уақыт еншісінен өтіп, талай психо-физикалық зерттеулердің нәтижесінде жүзеге асты. Алайда, контенттің тарихи аспектілерінен бөлек, оның заманауи үдерістерге тәуелділігі бүгінгі зерттеу жұмысының өзекті тақырыптарының бірі және оны зерттеудегі басты мақсаты. Автор зерттеуінде телевизия саласының осы бір қырына мән береді. Жаһандану сатысына жататын технологиялық даму үдерісі телевизия саласына үлкен мүмкіндіктер алып келгенін ескереді.

Кез келген саланың дамуында оның алға қойған бизнес-жоспар немесе стратегиялық бағыты болады. «Бизнес» дегенде кәсіби дайындық, кәсіптік негіз ұғымдары меңзеледі. Контент даярлауда белгілі жоспар болатыны айқын. Сол сияқты, бүкіл арнаның да, тіпті мемлекеттің телевизиялық саясатына қатысты бағдарын айтамыз. Телевизия саласы саяси призмадан қарастырылғанда ең алдымен оның геопозициялық орны, содан соң оның коммерциялық маңыздылығы қарастырылады. Сонымен қатар, тілдік аспектілер: яғни, аудиторияның тілдік сипаттарға сай қамтылуы маңызды рөлдерді атқарады.

Қазақстан аумағында телевизиялық жүйелерді жекелеген адам басқарғанымен, мақсат-мүддесі ең алдымен мемлекеттік саясаттың бағдарымен құрамдас. Сонымен, телевизиялық контенттер дамымас бұрын, телевизияның

ішкі саясаты қалыптасуы қажет. Келесі кезекте телевизиялық бизнес-жоспар нақты, әрі айқын болуы керек. Сю Уорд және Том О'Риган телевизиялық үрдісті зерттеу жұмыстарының бірінде Тимти Хейвенстің зерттеуін келтіреді: «Тимоти Хейвенс (2003) халықаралық теледидар нарығын зерттеуінде бизнес шешімдері белгісіздікпен шектелген кезде (мысалы, бағдарламаның мақсатты аудиторияға жететіндігін болжау кезінде) сатып алу туралы шешімдер үш факторға негізделеді деп болжайды: біріншіден, бағдарлама аудиторияны қызықтыратын және ұзақ өмір сүрудің индикаторы ретінде үй аудиториясымен эмоционалды резонанс таба ма; екіншіден, жеткізушінің сенімділігі, сапасы мен дәйектілігінің кепілі ретінде өндірушінің немесе өндірістік компанияның беделі; үшіншіден, елдің геолінгвистикалық жағдайы және бағдарламалау жанрларының жекелеген түрлеріне контент өндіруші ретіндегі символдық жағдайы» [96, 35 б.]. Яғни, телевизиялық контентке қатысты үш бағытты айқындап кетуге болады.

Олар ең алдымен бизнес-жоспар: бағдарламалардың көзделген аудиториямен байланысы. Бағдарлама көрермендермен эмоционалдық деңгейде байланыс таба алады ма? Осы бағыт бірінші орында. Екінші ретте контент құрушы компанияның беделі. Бұл жерде компанияның потенциалы көрермендерге ұсынылып отырған контент мазмұнына кепіл бола алуы. Компанияның соған қабілетінің және беделінің болуы шешуші факторлардың бірі екендігі туралы жазды. Және ең соңғы фактор, ол жоғарыда айтылған саяси ұғымдар. Мәселен, контент ұсынып отырған компанияның аудиторияның географиялық орналасуына, тіліне қатысты жанрлық дүниелер жасауы.

Контент құруда телеарналар бәсекеге түсудің салдарынан кейбір өзгешеліктер мен ерекшеліктерді игеруге тырысуда. Бірі тек жаңалықтар таратуға негізделсе, кейбірі музыкалды бағытты таңдайды. Сол себептен бүгінде телеарналардың көптігі қанша болса, арна эфирлерін соншалықты контент құрайды. Заманауи тенденция телеарналардың тек белгілі бір бағытты таңдап, сол бағытқа сай контентті құруға жұмыс жасайды. Бұндай стратегия көрермендердің де үйреншікті арналарынан өздеріне қажетті, нақты контентті тұтынуға мүмкіндік береді. Кез келген контент сонымен қатар арнайы шығармашылық талпынысты талап етеді. Бұл тұрғыда телеарналардың шығармашылық топтарының мамандандырылуы мен тәжірибелік біліктілігі алғы шепке шығып отыр.

Телевизиялық саладағы өзгерістер мен құбылыстар заманауи интернет журналдарда сирек кездеседі. Кино саласымен салыстырмалы тұрғыда қарастырса, телевизия саласына қатысты зерттеулер аз кездеседі. Басылымдар да кем де кем. Оның ішінде контент туралы мағлұматтар зерттеушілерге белгілі бір қиындықтар туғызады. Алайда, бұл жай себепсіз емес. Телевизиялық сала тоқтаусыз «конвеерлік» жұмыс болғандықтан, ішкі сараптамаға, зерттеулерге қауқарсыз. Өнімділік - басты талап. Негізге алынған жанрлар күнделікті эфирді билейді. Олар:

- Ойын-сауық бағдарламалар
- Ақпараттық бағдарламалар

- Ғылыми-танымдылық бағдарламалар болып, негізгі үш топқа бөліп қарастыруға болады.

Соңғы 5-10 жыл шамасындағы өзгерістердің нәтижесі: «Мәдениет», «Білім» сынды тақырыптық арналардың ашылуы және «Балапан» арнасының, сонымен қатар «Қазспорт» арнасының ашылуы қазақстан арналарына жаңа өзгерістер әкелуімен ерекшеленді. Әр арна өзінің тақырыбына сай контент ұсынды. 2011-2012 жылдары ашылған «Мәдениет» арнасы көрермендерге ресейлік «Культура» арнасы сияқты мәдениет пен өркениетке сай бағдарламалар ұсынып, кабельдік арналар жүйесінде ерекше орынға ие болды. «Мәдениет» арнасы аналогтық сапада хабар таратты. Цифрлық сапада хабар тарату Қазақстанда тек 2014 жылдан бастап енгізе бастады. «Мәдениет» арнасының бағдарламаларына «Алтын көмбе» интеллектуалды сайысы, «Өркениет» ток-шоуы, «Диагонали творчества» мәдени танымдық циклы және «Сол жылдар» атты концерттік-шоу бағдарламалары және т.б. бағдарламаларды қосқанда он сегіз бағдарлама ұсынды. Контенттің 40% өнімі ішкі, қалған 60% сырттан сатып алынатын өнім.

Арнада қазақстанға әйгілі режиссерлар жұмыс жасады. Арна тізгінін телевизия саласының үздігі, әйгілі «Аманат», «Ауылдың алты аузы», бағдарламаларының авторы Сағатбек Қалиев болды. Телевизия саласындағы беделді азаматтардың бірі саналатын С. Қалиевтің «Атамекен» газетіне берген бір сұхбатында бүгінгі телевизия туралы айтқаны: «Телевизия саласы - дайын білімді төге салатын ашық алаңқай емес. Қабылданған тұжырымдамада бір жыл ішінде қандай бағытта даму керектігі, одан әрі қалай жұмыс істеу керектігі бәрі айқын жазылған. Телевизия мен кино арасында ұқсастық - технологиялық мүмкіндіктерінде ғана, ал режиссерлер мен редакторлардың жұмысы екі басқа. Телевизия - күнделікті өнім шығаратын зауыт сынды. Дегенмен, бізде талантты жастар көп. Өте көп» [97]. Қазіргі таңда жас мамандардың кәсіптілігі мен біліктілігі туралы айтқаны аңғарылады.

«Балапан» арнасы тұңғыш рет жас өспірімдер мен кішкентай балаларға арналған бағдарламалар, бейне фильмдер және анимациялық туындылар ұсынды. Алғашында сегіз сағаттық таратылымнан бастау алған бұл арналар көп ұзамай жиырма сағаттық таратуға дейін барды. Ал «Қазспорт» арнасы спорт сүйер қауымға эксклюзивті трансляциялар ұсынып, көптеген шетел арналарының деңгейіндегі сапаға жете алды.

Мәселен, «Сочи 2014» қысқы, «Rio 2016» жазғы олимпиадалық ойындары, 2014 жылы Бразилияда өткен, 2018 жылы Ресейде өткен футболдан әлем чемпионаттарының көрсетілімі, Астана мен Алматы қалаларында өткен қысқы «Универсиада 2017» ойындарының және т.б. халықаралық деңгейдегі додалардың эфирін тікелей эфирде таратып келді. Бүгінде эфирлік жұмысын жалғастырып келе жатқан тек «Балапан» мен «Қазспорт» арналары ғана. Өкінішке орай белгілі себептермен «Мәдениет» және «Білім» арналары біріктіріліп, соңында «Қазақ ТВ» арнасына ауысып кетті.

Қазақ телеэфир өнідірісінде кабельдік таратылым жүйесі бүгінде көбіне шетелдік арналардың контенттерін ұсынуда. Отандық кабельдік провайдерлер тұтынушыларға HD сапасында эфир таратады. Соның ішінде «Alma TV»,

«IDTV» және «OTAU TV» спутниктік жүйелері. Бұл кабельдік арналар жүйелерінде өзіндік контенті жоқ. Тарату өнімдері отандық көпсалалы контентті арналардан тұрады. Алайда, «Alma TV» кабельдік тарату жүйесіне қарағанда «IDTV» тарату жүйесі эфирді интернет жүйесі арқылы жүргізеді. Дегенмен, екі арна да өзіндік контент ұсынбайды. Мәселен, кабельдік «НВО», стримингтік «Amazon» мен «Netflix» контенттерді өздері құрып, түсіріп, эфирге өздерінен ұсынады. Оған қоса, қаржыландыруды да өз мойындарына алады. Бірақ-та, қаржыны жарнамадан таппайды.

Отандық телевизияда сапалы контенттердің қалыптасуы психологиялық аспектілерімен қатар, техникалық мүмкіндіктерді, телеарналардағы контенттерді байытуға септігін тигізді. Мәселен, бағдарлама мазмұнын мағыналы тұрғыда ашуда, студиялық түсірілімдерді стационарлы студиялық камералардан бөлек, ықшам, әрі қолайлы камералардың көмегімен жүргізуге болады. Көлемі сіріңкенің қорабындай камераларды кез келген жарық құрылғыларға ілу арқылы түсірілімнің жаңа ракурстарын қолдануға болады: жоғарғы немесе төменгі ракурстардан панның композициясын құруға болады. Алайда, бұл тәсіл телевизияда студиялық түсірілімдерге ғана қатысты емес, қойылым элементтері бар түсірілімдерге тиімдірек пайдалануға болады. Мысалы, сериалдық өнімдерге немесе телефильмдерге. Яғни, ғылымның психологиялық және технологиялық әдістері жаңа телевизиялық контент құруға мүмкіндік ашты.

2.3 Отандық телеарналардағы контенттің сапалық ерекшеліктері.

Жүз жылдан астам тарихы бар кино өнері өзінің экрандық өнер саласы ретінде қалыптасқанда, түсірілімі тек хроникалық кадрлардан құралған болатын. Шынайы болмысты бейнелейтін, тарихи ақпаратқа толы тұңғыш түсірілімдер болашақта алып индустрияға айналды. Кино түсірілімдерінің табиғатын тәжірибелі түрде қалыптастырған алғашқы режиссерлар мен операторлардың еңбектері әуелде телевизиялық саланың пайда болуына, кейіннен желілік эфир платформаларына үлесуіне себеп болды. Тұңғыш хроникалық түсірілімдер бүгінде деректі фильмдерге трансформацияланды, экрандық өнер саласында өзіндік телевизиялық жанрға да айналып үлгерді. Әуелде көшеде, жолда, вокзалда болып жатқан «шынайы өмір ағысын» немесе көрінісін түсірумен шектелді. Бүгінде сол үлгідегі түсірілімдерді қолдану арқылы жасалған аудио-визуалды зерттеу жұмыстарды деректі фильмдер деп атайды. «Көп ұзамай, 1930 жылдан соң, түрлі басылымдарда жаңа сөз бен жаңа есім жүйелі түрде атала бастады. Бұл «жаңа сөз» – «деректі фильм», ал жаңа есім – Джон Грирсон еді. Бұл атаулар алғаш рет 1926 жылдың ақпанында Грирсонның «Нью-Йорк Сан» үшін жазған шолу материалында аталды. Француздардың саяхат туралы фильмдерге қолданатын «documentaire» терминін Грирсон Роберт Флахертидің оңтүстік теңіз тұрғындарының өмірін баяндайтын «Моана» фильміне қатысты пайдаланды [98, 172-173 б.]. Бұл жанр бүгінгі күні көбіне телевизиялық экраннан көрсетілуде. Және контенттің алғашқы түрі ретінде кез келген арналардың құрамында тұрақты түрде кездесіп тұрады.

Көркем фильм алғашында таспаға кинематография жанрына «Жат» материалдарды - театр, эстрада, цирк дүниелерін түсірді. Өткен ғасырдың соңында кино техникалық сиқырға толы, қарапайым аттракцион болып келді. Негізінен жинақталған суреттерді «тірілтумен» шектелген. Көрермендерге де тек «жан біткен суреттерімен» ғана қызықты бола алды. Бірақ салаға кино теориясын зерттеген ҚСРО кино теоретиктері: С. Эйзенштейн, Д. Вертов, Л. Кулешов, М. Ромм, бертінде А. Тарковский, В. Шукшин, А. Митта, шетелдік А. Хичкок, Ф. Трюфо, Ж. Годар, Ф. Феллини сынды әйгілі режиссерлар, ұстаздар мен ғалымдардың келуімен кинематография өнер атаулыға ие болды. Сол себепті, бүгінгі телевизия саласында ашылып жатқан жаңа форматтар, контент пен платформаларды зерттеу өте маңызды.

Интернеттің мүмкіндігін оң пайдаға асырған әлемдік телевизия ендігі ретте кабельдік арналар үлгісінде, интернет кеңістігінде индивидуалды телевизиялық контенттер ұсынуда. Бүгінгі күнге дейін телевизия видео және телеөнімдерді тасымалдаудың бірінғай үлгісін ұсынып келді. Таңдау құралы есебінде тек өзге арнаға ауысу мүмкіндігі ғана болды. Ал, интернет жүйесінде тұтыну жүйесіне өзіндік өзгертулер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігі бұрын соңды еніп қойған. Және сол енгізілген өзгерістерге тиісті жауапты көруге болады. Осындай әсерді интерактивті байланыс дейді. Телевизиялық сала бұл құралдан құр қалған еді. Дегенмен, телевизия саласының ерекше артықшылығы да болды. Ол - оның ақпараттық қажеттілігі.

Көрермендердің ықыласына тәуелді телевизия саласы, өзіне назар аудару мақсатында ұсынып отырған өнімінің сапасы мен саналуандылығына аса үлкен мән берді. Алайда, ақпараттың көптілігінен, көрермендердің оны қамту мүмкіндігі жетпей жатады. Адамзаттың өмір сүру салтында жайлылықтың жылдан жылға артып келу салдарынан көрермендер тек нақты контентті қамтығанды қалайды. Сол себептен интерактивті телевизия әрбір көрерменнің қажетсіз ақпаратты ысырып, қажетті ақпаратты қалдыруға, іріктеуге мүмкіндік береді. Бұл жерде маңызды аспектілердің бірі - ол broadcasting жүйесінен narrowcasting жүйесіне ауысу. Яғни, теле, видео өнімдердің жалпылама түрінің пассивті тұтынушыларынан, телебағдарламаларды қалыптастыру мен тарату процестерінің белсенді қатысушыларына айналдыру.

Теледидардың атқаратын рөлі арта түсуде. Дүниеге «ақылды теледидарлар» (Smart TV) келуде. Смарт ТВ жүйесі орнатылған теледидарлар интерактивті мүмкіндіктерді пайдалануға тиімді. Интерактивті теледидар мен Смарт ТВ жүйесін бір ұғымда түсінуге болады.

Жоғарыда келтірілген қызмет түрлері ақылы түрде жүргізіледі. Бұндай тұтынушыға ыңғайлы, әрі тиімді қызмет түрі алғашында АҚШ-та пайда болды. «Үй тұрмыс-салтының ритмі өзгеруде: уақыт ендігі жағдайда онлайн коммуникация әсерінен байланысқа түскен адамның, ұжымдық құрылымына бағынышты» [99, 298 б.]. Бұдан барып, онлайн сауда дами бастады. Бұндай үрдіс кейіннен дамыған елдерге тарап, қазіргі таңда дамушы елдердің де тұтыну қызметінің түріне айналды.

Телевизиялық бағдарламалар қайтадан кинематограф саласына оралды. Интернет платформалары ұсынып жатқан контенттердің басым көпшілігі телесериалдар мен кинофильмдер.

Телевизиялық салада үлкен өзгерістер орын алуда. Дегенмен, телевизиялық ток-шоулар мен деректі телефильмдер әлі де аз кездесіп жатқан жоқ. Олар бүгінде кең етек жайған кабельдік тарату жүйелерінде көптеп кездесіп жатады.

Ғылыми зерттеу нәтижесінде кабельдік операторлар жүйесінде, спутниктік арналар топтамасы іспеттес үрдістер орнағаны анықталды. Мәселен, бір ғана «Алма – ТВ» кабельдік арналар жүйесі немесе «Қазақтелеком» интернет теледидары топтамаларында бір жанрдағы арналардың бірнешеуін табуға болады.

«Тоқсаныншы жылдардың орта шенінде кабелді телевизияның локальді бренді саналатын «Алма-ТВ», «Секател» және «Қазорталық ТВ» Алматы мен Астана және Қарағанды шаһарларына аяқ басты. Дәл осы жылы жерсеріктік хабар тарату желісі – «Жарық» құрылып, елді мекендердің тұрғындары «Қазақстан» телеарнасын көре бастады. 1995 жылы ұлттық хабар таратуды жерсеріктік хабар таратуға ауыстыру туралы жарлық шықты» [100]. Яғни, елде құрылған алғашқы кабельдік провайдерлер, өткен ғасырдың 90-ы жылдары отандық көрермендерді техника тұрғысынан сапалы көрсетілімдермен қамтамасыз ете бастады.

Кабельдік арналар таратылу тұрғысынан 2010 жылдар шамасына дейін тұтынушыларға аналогтық сигналдар арқылы тарайтын эфир ұсына алды. Ал, сол сәтте спутниктік арналар цифрлық жүйеде тарады. Бұл спутниктік арналардың кабельдік арналардан айқын артықшылығының бір факторы болды. Жағдай тек ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығында ғана өзгеріске ұшырады. Қазақстан эфирі цифрлық жүйеге ауыса бастады. Цифрлық жүйенің артықшылығы аналогтық жүйеден басымдылығы айқын болды.

Цифрлық жүйеге ауыса отырып, эфирлік контенттің экран көлемінің 16:9 форматына көшуін қамтамасыз етті. Бұл заман талабына сай әрекет болды. Себебі, заманауи теледидарлар осы форматта өндіріліп, жаппай шығарылымға көшті. Көрсетілім стандарттары теледидарлардың экран стандарттарына сай болуы міндеттелді. Қазақстан бұл тенденциядан тыс қалған жоқ. Мысалы, Қазақстан аумағындағы кабельдік арналардың дамуы өткен ғасырдың аяғынан басталып, бүгінде еліміздің бүкіл аумақтарында негізгі телевизиялық экран көзіне айналып отыр. Осы тұрғыда Аль-Фараби атындағы ҚазМУдың профессоры С. Х. Барлыбаеваның: «Ел аумағында алғашқы кабелді телевидение желілері 1980-жылдардың соңында құрыла бастады. Қазіргі кезде кабелді телевидение қызметін республика аумағында, негізінен облыс орталықтары мен еліміздің ірі қалаларында кабелдік теледидар желілерінің 146 операторы ұсынады. Елде кабелдік телевидение жүйесі қарқынды дамып келеді, осы хабар тарату түрінің абоненттеріне 100-ден аса арна ұсынылған. 2003 жылдың наурызында Қазақстанда «Кабелді ТВ операторларының қауымдастығы» құрылды» [101]- деген сөздерін, әлемдік технологиялық

үдерістің елімізді де қамтығанының дәлелі есебінде қарастырамыз. Ал, интернеттік мүмкіндіктердің телевизияның дамуына қосқан үлесі қаншама.

Мәселен, хабар таратудан телевизияға ең басты бәсекелестік туғызатын интернет кеңістігінде түрлі телевизиялық және өзге де экрандық контенттер ұсынып жатқан платформалар көптеп кездеседі. Бұл құбылыс отандық медиа кеңістікті жанамалап өткен жоқ. Дара болса да, әлемдік үлгідегі «Dagplay» отандық интернет платформасы сапалы контент ұсынуға мүдделі.

Эфирлік өнерлердің қандай да контент құруында шығармашылық еңбектің жатқаны әйгілі. Шығармашылық топ, авторлық идеялар мен тәжірибелік кәсіптің негізінде сапалы контент құрылуы мүмкін. Ал оның негізгі күші ретінде режиссураны айтамыз. Режиссураның негізінде құрылған кез келген эфирлік контент қандай да болмасын платформада өз болмысына сай формаға ие бола алады.

Viasat History, History HD, Viasat Explorer, HDL, H2 HD, Discovery Channel, National Geographik, Nat Geo Wild, Viasat Nature, Моя планета, Техно 24 және т.б. арналар бір кабелдік арналар жүйесінде орналасқан. Бұл заманауи стримингтік сервистердің құрылымдарынан бөлек, ертерек қалыптасқан поликонтентті сервистердің алғашқы моделі.

Деректі бағдарламалар телеарналарда сюжеттік жанрды қоса алғанда ең көп тараған жанр. Көптеген арналар деректі жанрындағы бағдарламаларды жасауды негізге алады. Әйгілі National Geographik арнасы толығымен контентін деректі бағдарламаларға бағыттаған. Оның ішінде деректі циклдер, сериалдар, түсірілімдер мен зерттеулер. Осы арнаның үлгісінде өзге де арналар деректі жанрды қолдауда. «Қазіргі кезде салмақты телевизиялық және деректі фильмдер негізінен кешкі және түнгі эфирге қойылады, кейде жекелеген арналар осындай форматқа (Мәдениет, Бірінші деректі және т.б.) маманданады. Кейбір деректі фильмдер телеарнаның тапсырысы бойынша жасалады. Бұл стиль, тақырып және жанр бойынша өзара байланысқан, бірнеше серияларға бөлінген бірыңғай, біртұтас тақырыптық фильм немесе бағдарламалар болуы мүмкін («Мәдениет» телеарнасындағы «Менің күміс шарым» айдары, «Ресей» телеарнасындағы «Николай Сванидземен тарихи жылнамалар» бағдарламасы). Көптеген деректі фильмдер бүін бағдарламалар циклдарын құрайды: Лев Николаевтың «Код жизни» бағдарламасы (Первый канал), Владимир Познер мен Иван Ургант жүргізетін «Одноэтажная Америка» (Первый канал) бағдарламасы, «Письма из провинции» («Культура») және басқалары» [102, 195 б.]. Телевизиялық режиссураның айқын ерекшеліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі медиа алаң осындай арналардың негізінде қалыптасады.

Алпыс жыл тарихы бар қазақ телевизиясы, отыз жыл тәуелсіздікте медиа алаңында көптеген жетістіктерге жетті. Сан-алуан контенттен құралған отызға жуық арналар бар. Интернеттік, спутниктік, кабельдік арналар жүйесі де дамыған. Алайда, нақты бағытта контентін қалыптастырған арналар аз. Бұл мәселе телевизиялық режиссерлардың көпсалалы болғанымен, нақты бағытта дамытуға кері әсерін тигізуде.

Режиссура жылдар бойы ізденістер мен зерттеулердің нәтижесінде дамитын өнер. Кәсіби мамандар даярлағанмен, тәжірибелі мамандар даярлау үшін белгілі бір бағытта, жанрда режиссерлар жылдар бойы жұмыс жасаулары шарт. Жоғарыда аталған National Geographik арнасының өнімдеріндей деректі фильмдер жасау үшін, осындай арналардың деңгейіне жету үшін режиссерлар жылдар бойы салалық (профильдік) дамуда болу керек. Бүгінгі қазақ медиа кеңістігінде бұндай режиссерлардың болуына осы бағыттағы арналардың жоқтығы кері әсер тигізуде. Бұл мәселе тек деректі жанрдағы контенттерге ғана қатысты емес. Өзге де бірінғай контенттік арналардың қалыптаспауы телевизиялық режиссураның үдерісіне қажетті деңгейде ықпал ете алмауда. Деректі жанры мысалында телевизиялық режиссура қарастырылатын болса, онда ол түпкі тамыры – кино өнерімен ұштастырылады. Оның негізгі принциптерін қолданып, оның теориялық негіздерін ескереді.

Сонымен қатар, өндірістік кеңістікте түсірілім аспектілерін толық пайдаланады. Режиссерлық біліктілікті айқындайды, дамытады, заманауи тенденцияларға сай өзгертеді. «Телебағдарламаларды сараптау мәдениет және өнер университеттерінде жоғары білікті кадрлар – телевизия режиссерлерін даярлау сапасы туралы ой қозғауға мәжбүрлейді. Ол әлемдік телевизия режиссурасының заманауи әдіснамалары мен қағидаттарына негізделген жаңа тәсілдерді қажет етеді. Осыған байланысты, режиссердың ойындағысын жан-жақты жүзеге асыруға қызмет ететін практик-режиссерлардың заманауи технологиялар мен әдістерді игеруі, қазіргі заманғы қарым-қатынасты дамытуы мақсатында кәсіби біліктілігін арттыру мәселесі де өзекті болып отыр, онсыз қазіргі өркениет технологиясы дәуіріндегі телевизияны елестету мүмкін емес» [103]. Осы қағидаларға жүгіну барысында телевизиялық өндіріс үрдісін қалыптастыруға мүмкіндіктер ашылады. Басты шарт бәсекелестік. Осы келтірілген тұжырымдамалар негізінде технологиялық мүмкіндіктерді меңгеру. Технологиялық мүмкіндіктерді жетік меңгеру арқылы қолжетімділікті арттыру. Қолданыстағы гаджеттер мен интернеттік жүйелерді тиімді пайдалану.

БАҚ-та жарияланып жатқан оқиғаларды, құбылыстарды дер кезінде таратып жатқан да осы телевизия. Телевизия мен өзге медиа салада көптеген журналдар мен газеттер шығып жатыр. Солардың ішінде отандық «Прайм тайм» («Prime time»), «Телерадио», «Информационные телекоммуникационные сети», «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы» және т.б. журналдар бар. Осы журналдарда бүгінгі күнгі медиа кеңістіктің хал-ақуалы басты назарда. Оған бірден бір себеп әлемдік технологиялық үдеріс. Бүкіл дүниежүзілік технологиялық үдерісті басты экономикалық даму күші ретінде қарастыратын елдер, оның тынысы мен өзгерістеріне аса үлкен мән беріп қарайды.

«Бұқаралық ақпарат саласын зерттеушілердің пікірінше, медиаландшафт жедел өзгеруде, осыған байланысты телерадио қызметінде де, журналистерге қатысты да көп өзгерістер күтіп тұр. Жаңа ақпараттық технологиялар ақпаратты тұтынудың философиясын түбегейлі өзгертіп келеді» [104, 23 б.], деген Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультеті, телерадиожурналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі

Аязби Бейсенқұловтың пікірі негізді екенін өзі келесі сөздермен дәлелдейді: «Біріншіден, телерадио эфирлік кестеге тәуелділік деген ұғым жойылу алдында. Ендігі жерде көрермен жаңалықтардың эфирге шығатын уақытын күтіп отырмайды, оны өзіне қолайлы уақытта, кез-келген жерден Интернет арқылы қарай алады. Екіншіден, «екінші экран» тұжырымдамасы күш алып келеді, яғни дәстүрлі теледидардың орнына медиатұтынушылар мобильді смартфондар мен планшеттерді кең қолдана бастады. Үшіншіден, телерадиодағы негізгі қаржыландыру мен табыс көзі деп жарнаманы қарастыратын болсақ, онда да елеулі қауіптер қылаң беруде. Баспасөз жарнамасы тіпті құлдыраған. Төртіншіден, Netflix, Youtube, Hulu сияқты бейнеақпарат таратушы қызметтер дәстүрлі телевизияға бәсекелес дәрежесіне көтерілді. Бесіншіден, журналистика саласында да роботтар мен компьютерлік бағдарламалар көп орын ала бастады» [104, 23 б.]. Осы тұжырымдама негізінде отандық арналардың бүгінгі сәтінен көрініс таба отырып, болашақ бағдарына болжау жасауға болады.

Жаһандану құбылысы ерекшеліктерінің бірі адамзат баласына барынша қолайлы мүмкіндіктер жасау, өмір сүру салтын жеңілдету. Есесіне көрермен қауымға да бұрын соңды болмаған мүмкіндіктер сыйлауда. Мәселен, үлкен экраннан жарық көрген дүниелер көп ұзамай телевизиялық экрандарға шығып жатыр. Алайда бұл әдеттегі құбылыс.

Жаһандану құбылысының айқын көрінісін телевизиялық форматта түсірілген кейбір фильмдердің, арнайы интернеттік платформа аясында пайда болған телевизиялық арналардан көрсетілуінде. Немесе керісінше үлкен экрандарда жарық көруі тиіс дүниелердің көрсетілімі кинотеатрлар желісінен тыс өтіп, интернет кеңістігіндегі эфирлік платформаларға көшуі. Жаңа тенденцияға сай интернет кеңістігін игерген эфирлік арналар жаңа заман көрермендеріне жаңа контент іздеу сатысында қарқынды дамып келеді. Қолайлы, әрі қажет контент бүгінгі көрермендерді мазалайтын мәселелердің бірі.

Спутниктік арналар мен кабельдік арналар ұсынып келген сол кездегі өзекті контент бүгінде сұранысы төмендеп бара жатқан кейіп танытуда. Көрермен назарына тәуелді эфирлік индустрия технологиялық даму заманын тиімді пайдалануда. Тенденция интернет кеңістігіндегі эфирлік платформалардың, олардың өзгеше контентінің бағытына ауып барады.

Интернет кеңістігіндегі платформалардың пайда болуы заңды құбылыс. Бұл заманауи жаһандану құбылысының өзектілігі тек отандық эфирлік кеңістікте орын алып жатқан жоқ. Жоғарыда атап өткендей, бұл жаһандық құбылыс әлемдік технологиялық үрдістің дамуымен етене келе жатыр. Сонымен қатар, көптеген жылдар бойы өзінің сәйкестендіру (идентификация) паспортын іздеуде. Әлемге кеңінен тараған БАҚ заманауи үрдістерге сай өзінің дәстүрлі кеңістігін жаһандық құбылыспен етене ауыстырып жатқан жайы бар. Мәселен - Электронды БАҚ-ты қарастырсақ. «Электронды БАҚ – ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуынан туындаған журналистикадағы жаңа ұғым. Біз қазіргі қолданыстағы барлық медиа салалары дәл осы электронды БАҚ-ның бір бөлігі. БАҚ-тың бірқатар коммуникация мен ақпараттық

ерекшеліктеріне байланысты, интернетті қолдану арқылы жаңа бұқаралық ақпарат құралының электронды түрі дүниеге келді. Электронды-БАҚ-тың алғашқы нұсқасы, 1987 жылы АҚШ-та пайда болған. «The San Jose Mercury News» газеті тұңғыш рет көпшілік қауымға электронды нұсқасынмен жарияланды. Қазіргі таңда, АҚШ-тағы күнделікті басылымдардың тиражы жарты жылда қазан айынан наурыз айына дейінгі аралықта – 2,5%, ал апталық газеттердің тиражы – 3,1% азайған. Керісінше, онлайн БАҚ күннен-күнге қарқынды түрде даму үстінде» [105]. Бұндай құбылыстар режиссура мамандығының күрделене түсуіне әкеп соқтырды. Жоғарыда аталған құбылыстар бүгінде отандық кеңістікте де аздаған жылдар көлемінде кең етек жаятыны болжануда. Ендігі ретте ақылы қызметке көшкен арналар тұтынушы талғамына сай, қызығушылығын жаулай алатын, шығармашылық еркіндікке толы контенттер ұсынатыны анық. Шетелдік модель біздің елде де қолданысқа енері сөзсіз.

Бұл құбылыстың артықшылығы: авторлардың шығармашылық еркіндігі, жарнаманың болмауы және кез-келген көрерменнің өзі қалаған уақытында тамашалай алуында. Сол себептен, бүгінгі режиссер көпсалалы, әрі заманауи үрдістерді еркін меңгере алатын маман болуы тиіс.

Кинофильмдердің өзгешелігін телевизиялық форматтарға және керісінше жасауды еркін меңгере алу сияқты қабілеттер, шешуші факторлардың бірі. Яғни, жаһандану үрдістерімен етене дамып келген телевизия саласы сияқты режиссура кәсібі де жаңа деңгейге көтерілді.

Бұл ретте осы салаға арнайы даярлау курстары мен ғылыми зерттеу жұмыстарының маңызы зор. Әйгілі теоретиктердің зерттеулеріне сүйене отырып, режиссура саласын зерделеп дамыту бағытындағы алғашқы ғылыми жұмыс ретінде осы диссертациялық жұмыс қарастырылды. Жаңа формациялық мамандар - жаңа заман талабы.

Кез келген телевизиялық кеңістікте, соның ішінде кабельдік, интернет және спутниктік арналар ұсынған контентінің қызықты, әрі көрермендерінің көп болғанын қалайды. Оның маңызды көрсеткіші болып, сол арналардың рейтингісі болып табылады. Арна басшылары контентін байыту мақсатында қыруар қаржы жұмсап, елеулі еңбек атқаратыны сөзсіз.

Бұл мақсатта басшылық кәсіби, әрі тәжірибелі продюсерлерді жалдап, экрандық өнімнің сапасын өсіруді талап етеді. Әдетте тәжірибесі мол продюсерлер нарық талаптарына сай өнім жасауға тырысады. Басты мақсат ретінде біріншіден телевизиялық өнімнің (сериал, телефильм, студиялық және т.б. бағдарламалар) коммерциалық өміршендігі болып табылады. Себебі, өнімге жаратылған қаржы пайда әкелуі шарт. Сондықтан, дайын өнімді отандық арналардан көрсетуден бөлек, оның әлемдік арналарға көрсетуге лайықты етіп жасау және өтімділігін қамтамасыз ету.

Өнім техникалық және мазмұндық талаптардан бөлек, сапалық көрсеткіші мен бәсекеге лайықты болып шығуы өте маңызды. Коммерциялық потенциалы мол өнім табыспен қоса, өндіруші ел мен сол арнаға деген көзқарасты тиімді жағынан қалыптастырады. Жанры көбіне комедия, мелодрама, триллер сияқты

фильмдер көрермендерге қатты эмоционалдық әсер беруі арқылы жас өспірім көрермендерден бастап, жасы үлкен қауымға дейін қызықты бола алады.

Сонымен қатар, гендерлік, діни-нанымдық, фантастикалық құрылымдарға бай және т.б. экрандық өнімдер өзіндік аудиториясына ие. Бұндай өнімдер де көрермендер тарапынан қызығушылық таныту көрсеткіші жоғары. Алайда, одан бөлек көрсетілім уақыты да маңызды рөл атқарады. Мәселен, прайм-тайм уақытындағы көрсетілімдер ең көп көрермен жинайды. Продюсерлер осы және өзге де талаптарға сай өнімдер жасауда көптеген статистикалық көрсеткіштерге және рейтингтік көрсеткіштерге шолу жасайды. Кәсіби мамандарды жалдауға тырысады.

Кеңестік заман ыдырап, экрандық сала біршама әлсіреген, кинотеатралдық көрсетілімдер бір жола жоғалып кеткен тұста бүкіл экрандық өнер құлдырауға ұшырап, қайта қалыпқа келуге ұзақ уақыт пен күш жұмсайды. Сол арада кино және телевизиялық сарапшылардың, сыншылардың, өндірушілердің басқа салаға бет бұрып, кетіп қалуы экрандық саланың дамуына кері ықпал етті. Кей жағдайда бүгінгі күннің өзінде қайта қалыпқа келе алмай жатқан жайы бар. Мәселен, қазақ тілді кәсіби режиссерлар мен кино сарапшылар әлі де кем.

Кеңестік кезеңде кино және телевизиялық өнімдер коммерциялық тұрғыдан қаралмай, керісінше, көбіне көрермендік потенциал жинауға бағытталған еді. Сол үрдіс кеңес заманы ыдырағалы үзіліп, экрандық кино және телевизиялық салаға жаңа кезең режиссерларын әкелді. Кейінгі режиссерлар көрерменге бағытталған туындылар өкінішке орай жасай алмады. Дәл сол аралықта авторлық туындылар жарық көре бастады. Бәсекелік нарыққа да әлі қадам баса қоймаған.

Бүгінде бұл сала қайта жаңғыруға бел буды деуге болады. Алайда, ғылыми тұрғыдан гөрі тәжірибелік даму бағыты басым болды. Өндірістік үрдістер салаға кәсіби емес, өзге саладан мамандарды қызықтырды. Тәжірибеден гөрі ынта алғы рөлге шықты. «Отандық режиссураны ілгері дамытуда әлемдік стандарттарды ескерген жөн»[53,144 б.]. Яғни, экрандық кеңістікке талас сапалы дүниелерді талап етті. Отандық арналарға мұхиттың арғы жағынан техника және сапа жағынан күшті, бәсекелес арналар сес көрсете бастады. Отандық нарық шетелдік арналар мен контентпен тола бастады. Көрермен назары сол жаққа ауды. Бұл тенденция аналогтық арналардан бөлек, отандық кабельдік арналарды, спутниктік арналармен қоса, интернет кеңістігін қамтыды. «Телерадио хабарларын тарату, телекоммуникация және бейнені өңдеу салалары (Интернет / Дүниежүзілік желі) біртұтас мультимедиялық нарыққа жылдам ауысуда. Қазіргі заманда телевизия операторлары дауыстық телефония қызметтері мен бейнелік кескіндер ұсынса, ал интернет желісі негізгі қызметтерді ұсынады. Сонымен қатар, бұл конвергенция алдағы онжылдықта жылдамдауы мүмкін» [106, 54 б.]. Бәсекелестік бүкіл цифрлық және спутниктік эфирлерге ауысып, күшейе бастады.

Шетелдік арналардың арасында CNN International, BBC world, National Geographic, Discovery Channel, Discovery Science, MTV, Animal Planet, сонымен қоса HBO, Fox life, Sony television, Nickelodeon, Cartoon Network және т.б. сынды кино және сериалдық өнімдер ұсынатын әлемдік алып арналар кең

таратылымға енді. Сапалық контент ұсынуда бұл арналар өз ара бәсекеге де түсіп жатты. Сол себептен, технологиялық үдеріс қарқынды дамып келді.

Бәсекеге түсе алмағанын түсінген арналар контенттерін ішкі құндылықтарға бұра бастады. Дәстүр, жергілікті мәдениет, өркениет, спорт, балалар тәрбиесі сынды өндірістік ұсыныстар 70 жыл кеңес саясатының ықпалында болған жоғары жастағы буынға қызық болғанымен, тәуелсіздік құрдастары мен жас буынға қажетті әсер ете алмады.

Сан алуандылығымен көз тартатын шетелдік арналар көрермендердің санасын тез, әрі жеңіл жаулап ала алды. Ал, сол ұрпақпен бірге экрандық туындыларға деген көзқарас та етене өзгеріп келді. Ендігі кеңістік дәстүрлі эфирлерден цифрлық платформаларға ауысты.

Интернет платформаларындағы пайда болған жаңа экрандық кеңістік, оның кино мен телевизиядан синтезделіп құралған контентін сонау ХХ ғасырдың 80 - жылдары киносыншы, журналист К. Разлогов кітабында былай деп болжап кеткен: «Кинематография мен телевизия қарым-қатынас мақсатында, арнайы түрде құрылымдалған шындықтың дыбыстық және визуалды көрінісі, яғни белгілі бір белгілер жүйесі болып табылады. Олар шынайы болмыстың белгілерін қолданады, мәдени кодқа сүйенеді. Сонымен қатар, экрандағы шығармашылықтың «өмір ағынынан» айырмашылығы – өмір заңдылығын шағырландырып, кездейсоқтықты жоққа шығарып, «мағыналық түйінге» айнала келе, өзінің көп сатылы кодын қалыптастырады. Сондықтан, экранда көрсетілген кез-келген өнер туындысы, қатты айтқанда, ол тіпті өзгеріссіз қайта жасалса да, жаңа құрылымды қалыптастырады» [65, 49 б.]. Яғни, кез келген экрандық шығарма қандай кеңістікте көрінісін таппасын, өзіндік «кодын» жоғалтпайды. Бұл теория интернет платформаларындағы қалыптасып жатқан үрдісті белгілі бір заңды құбылыс екендігін дәлелдейді. Дәлірек айтсақ, жаһандану үрдісінің нәтижелі жүйесі.

Жаһандану үрдісінің нәтижелерінің бірі мобильділік. Бұл ұғым технологиямен тікелей байланысты болғанымен, ең әуелде қоғамдық, адамзаттық қарым-қатынас, байланыс іздеу табиғатынан туындаған. «Мобильді қозғалыс», «мобильді байланыс», «мобильді құрылғылар» сынды технология мен социологияны меңзейтін бұл ұғым телевизиялық өнерді тыс өте алмады. «Дамыған елдерде мобильді контент пен қосымшалар мобильді телекоммуникациялық қызмет пен контент индустриясы кірісінің негізгі қозғаушы күшіне айналады» [107, р 2.]. Медиа сала мен экрандық өнердің мобильді болуы, оның табиғи ортасына, табиғатының бір бөлшегіне айналды. Хабар, ақпарат тарату тек эфирлік, кабельдік немесе спутниктік арналардың айрықша құзыретіне ғана енбей, бұл құқықпен интернеттік кеңістікпен, жүйелер мен жүктеулермен тең дәрежеде бөлісуге мәжбүр.

Бұл тұрғыда «Искусство кино» киножурналында Анна Качкаева мақаласында мынадай пікір келтіреді: «Желінің жаңа билігі пайда бола бастағаны бәріне анық. Олар екі әлемді, екі коммуникация түрі: дәстүрлі мен жаңасын байланыстыруға қабілетті. Дегенмен, мұндай байланыс бұрыннан қалыптасқан өзара әрекеттестік тәжірибесіне және екі коммуникациялық модельдің бірін-бірі толықтыруына негізделген. Бірақ есте ұстайтын басты

нәрсе – әлеуметтік медиа – жаңа байланыс арналары біртіндеп өзгерістің басты драйверіне айналып келеді» [108]. Мақаланың авторы өз пікірінде маңызды мәселенің бірі - медиа және экран өнерінің доминациялық рөлін ерекше атап өтуде. Байланыс деңгейінің өсіп, доминантты позицияда, яғни бүгінде эфирлік хабарлардың, соның ішінде контенттің желілер арқылы таралуы кең етек жайып, басымдылығын айқындауда.

Коммуникациялық формалардың жаңа желілік формаға трансформациясының көрермендер талғамында потенциалы артуда. «Мобильді телевизия терминіне және концепциясына қатысты байланыстың екі түрі бар: мобильді телевизия және мобильді құрылғыларға арналған телевизия. Мобильді құрылғылардағы телевизия дегенде яғни, дәстүрлі телевизиялық контенттердің мобильді құрылғылардағы ретрансляциясы меңзеледі. Контент мобильді құрылғыларда жасалмайды, тек ықшамдалады, не қысқартылады. Алғашқы қадамдарда қызмет көрсету формасының көшбасшысы да болып келді. АҚШта мәселен, MobiTV мобильді телевизиялық қызметі 25-тен астам дәстүрлі телевизиялық арналарды ұялы байланыс арқылы таратады» [109]. Мобильді телевизияның отандық үлгісіне Galam TV қосымшасы жатады. Бұл отандық ретранслятор шетелдік Netflix, iVi, Megogo мобильдік қосымшалары сынды, алайда контенті қазақстандық арналарды және қазақстан аумағында тарайтын, тіркелген провайдерлері топтасқан қосымша. Және арналардың эфирін кез келген мобильдік құрылғы арқылы таратады. Тарату және жүктеу жүйесі тұтынушылар үшін ақысыз, эфирді цифрлық форматта таратады.

Қазақ телевизиясының заманауи үрдістерге сай дамуы, оның жекелеген формаларының интернет берген кеңістіктерде кеңінен, әрі сапалы түрде дамуының өзектілігін тілге тиек еткен қазақ журналистикасының майталманы, зерттеушісі, профессор Құдайберген Тұрсын былай жазды: «Теледидар хабарларынан шалғайдағы шағыл құмның ішінде қой өсіріп жүрген шопан, алыс ауыл төскейін түлеткен тракторшы, жомарт жерді жайнатқан диқан, от көсеген металлург, зәулім үй салған құрылысшы талғамынан табылу шығармашылық әрі техникалық топтан тынымсыз ізденісті талап етеді» [110, 71 б.]. Бұл ойында профессор технологиялық мүмкіндіктердің шалғайдағы әлеуметке хабар таратудың маңыздылығын айқындады. Телевизиялық өнердің массмедиа түріне жатқызудың өзі оның осындай ерекшелігіне байланысты екенін дәлелдейді. Ал ХХІ ғасырда эфирлік, әсіресе телевизиялық өнер саласының жік жікке, түр түрге бөлінуі сатысында өзектілігін жойған жоқ.

Сондай-ақ, шығармашылық ізденістің қажеттілігі эфирлік контент құруда шешуді рөл атқаратыны анық. Себебі, шығармашылық топтың негізін құрушы, идеялық бастаманың авторы, әрі жүзеге асырушы - режиссердың көзқарасынан қалыптасатыны жоғарыда аталып өтті. Режиссерлық ізденіс түсірілім нысанының немесе арнаның қалыптасқан, не қалыптасытру мақсатында қойған бағытына байланысты зерттеледі. Материалдық база жинақталып, түсірілім топ құрылады. Қ. Тұрсын ойының жалғасында эфирлік дүниелердің келесі бір маңыздылығын атап өтті: «Күн сайын өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында, тағы басқа салалардағы сенімді техниканың тілін меңгеру мәселесін көтеріп қою жеткіліксіз, оның экономикалық тиімділігін арттыру, техника сенімділігін

ұлғайту мәселелерін қамту журналистер үшін қажет нәрсе» [110, 71 б.]. Яғни, бұл жерде профессор көрермен талғамынан туындаған сұраныстан бөлек, эфирлік кеңістігінің кең жайылуын экономикалық тұрғыдан да қарастырады. Расында, көпсалалы болу режиссерлық мамандық үшін өзекті мәселе. Заман талабына сай режиссерлардың кәсіби деңгейінің өсуі заңды құбылыс. Мамандық даярлауда бүгінгі күннің талаптарына сай болғанын ескерген жөн. Сонымен қатар, кәсіби мамандар даярлауда талапкерлердің біліктілігімен қоса, тәжірибелік тұстарына тиісті баға бере отырып, іріктеген маңызды.

Заманауи эфирлік кеңістік интернет жүйесінен тұрақты орнын тапты. Интернет жүйелерінің дамуы оның тарау жылдамдығы мен қамту аумағының кеңдігімен жер бетіндегі адамдардың нәсіліне, тұрмыс – салтына, ұлтына қарамай, қалаған талғамға сай өнім тұтынуға мүмкіндік берді. Бұл жаһандану үрдіске белсене ауысқан ең әуелде БАҚ десек болады. Оның ішінде телевизия және газет. Көп ұзамай оларға радио мен кино индустрия да бет бұрды.

Эфирлік дүниелерді интернет жүйесі арқылы тұтыну түрлі «гаджеттердің» келуімен одан арта күшейе түсті. Себебі, заманауи гаджеттер интернет арқылы тарайтын дүниелерді жер бетінің кез келген жерінде, қалаған уақытында тұтынуға мүмкін туғызды. Радио эфирлер ендігі ретте тек аумақтық радиостанциялардың хабар тарату кеңістігінің шектеулі аумағынан тыс тарауға мүмкіндік алды, әлемнің түкпір – түкпіріне тарай алды. Сол сияқты телевизиялық өнімге шексіз мүмкіндіктер туды. Әуелде жүйесіз орналасқан контент бірте – бірте ауқымды платформаларға бірікті. Бағыт – бағдар пайда болды. Соған сай контент қалыптаса бастады.

Ақпарат интернет жүйесі, әлеуметтік жүйелеріне эфирлік контент ретінде тарай бастады. Бүкіл назар әлеуметтік желілерге ауысқалы мерзімдік газеттік басылымдар өзектілігімен бірге оқырмандарын, яғни, тұтынушыларын жоғалта бастады. Осыған орай алаңдаушылықты «Қазақстан журналистерінің тәжірибелік нұсқаулығы» кітабінде былай делінген: «Мультимедианы жақтайтындар рынокқа сіңіп кеткен қағидаларды бұзу қиын екендігін айтады. Мәселен, көптеген баспагерлер Интернеттің кеңінен таралуынан қорқады. Шынымен де, адамдардың әсіресе, жас ұрпақтың Интернетке қызығушылығы артып, газетті оқушылар азайып барады.

2006 жылы әлем бойынша Интернетті пайдаланушылар саны 1 млрд адамнан асып жығылған» [86, 419 б.]. Яғни, баспа өнімдерінің ауыр, алайда біріңғай шешімге баруға мәжбүр болғандығын аңғарамыз. Сондықтан баспа өнімдері интернет жүйесіне ауысып, сайттар ашылады. Соңғы болып сайт ашқан газеттің бірі әйгілі «TIMES» пен «Wall street journal» болды. Youtube, Wikipedia, Google, Mail, Yandex сынды ақпараттық – іздеу жүйелеріне өзге де редакциялық басылымдардың сайттары және сонымен қатар кез келген медиаконтент ұсына алған хостингтер өз өнімдерін интернетте орналастырды.

Интернет кеңістікке көшудің келесі бір факторы ол жарнама. «2010 ж. қорытындысы бойынша АҚШ-та онлайн-жарнамалардың көлемі тұңғыш рет басылымдарға берілетін жарнамалардың көрсеткішінен асып түскен. Егер де интернет арқылы таралған жарнамалар құны 25,8 млрд долларға жетсе, басылым жарнамаларының қол жеткізген межесі 22,8 млрд доллар. Осындайда

кейбір Батыс сарапшыларының «газеттердің орнын онлайн-басылымдар басады» деген ойы еріксіз еске түседі. The Wall Street Journal басылымының хабарлауынша, Американың Газеттер қауымдастығы «жарнама рыногы тұрақтанып келеді, жарнамадан түсетін табыстан айырылу процесі төмендеп жатыр» деген мәлімдеме таратқан. Әйтсе де соңғы жылдары көптеген ірі әлемдік басылымдар газеттік форматтан онлайн-нұсқаға көшіп жатыр. АҚШ-та ірі газеттердің күнделікті және апталық таралымы бірнеше есе төмендеп кеткен» [111, 7 б.]. Бұл ретте дигитализация үдерісі заманауи технологияларды жеткілікті игергендігін аңғартады.

Соңғы он жыл шамасында әйгілі «Apple», «Samsung», «LG» және т.б. өндірістік гиганттар техникалық үрдісті едәуір ілгері жылжытып, дүниеге «смартфон», «планшет», «смартсағат», «мобильді камера», «мобильді қосымша» және т.б. құрылғылар, түсініктер мен жаңа терминдер енгізеді. Әрбір жаңа атау белгілі бір цифрлық жүйе арқылы жұмыс жасап, қолайлы мүмкіндіктерге қол жеткізді.

Интернет жүйесіне шығу ендігі ретте үлкен компаниялардың қалыпты міндеттеріне айналды. Интернет арқылы тек ақпарат қана емес, видео және аудио контенттер де кеңінен тарай бастады. Қазақстан интернет кеңістігіндегі контентпен салыстырғанда анағұрлым жүйелестірілген. Нарық заманы мен заңдылықтары Ресей мен АҚШ сынды мемлекеттерді эфирлік өнімдерді жинақы, тұтынушыларға түсінікті, әрі ыңғайлы алгоритмде жүйелестіруге мәжбүрледі. Оның үстіне бәсекелестік факторлары да молынан кездеседі. Әр экрандық өнер өзіндік әдістерімен ерекшеленгендей, цифрлық платформаларға шығып жатқан экрандық дүниелер лайықты деңгейде шығып, көрермендер көңіліне оңай жол табудың тәсілін іздейді. Бұл ретте кез келген авторлық концепцияны нәтижелі жетістікке жеткізе алатын маманның болғаны абзал. Ал, кез келген экрандық дүниені эфирге шығаруда режиссердың атқаратын рөлі зор. Жұмыс алаңы өзгергенімен бұрынғы жүйеде жүзеге асыра беруге болатын сияқты көрінгенмен, цифрлық платформаларда техника мен шығармашылық мүмкіндіктер қолдануда ешқандай шек қойылмаған. Яғни, бір жағынан режиссерлар шексіз мүмкіндіктерге қол жеткізген болса, екінші жағынан бәсекелестікке түсіп, өзге формалардан ерекшеленіп, дер кезінде бүкіл әлемдік трендтерге бейімделе алуы шарт.

Мәселен, техникалық құрылғылардың еркін пайдалануға жағдай туғанымен, ой жеткізуде нәтижелі еңбек атқару маңыздылығы сәйкесінше арта түсті. Жүйесіз қолданылған әдістер режиссурада жалған образдар тудырып, көрермендерді жаңылыстыруы әбден мүмкін. Ал, автордың ойы ұшқыр болуы, оның визуалды түрде мағыналы, терең жеткізе алуында. Әлемдік практикада режиссерлар цифрлық порталдар мен интернет кеңістігіне қазақстандық режиссерлардан ерте келгені ғана артықшылық болып тұр. Келесі бір себеп, үлкен қаражатпен жұмыс жасай білу. Сеніммен тапсырылған қаржы дұрыс жұмсалуды визуалдық бейне айқын, сюжеттік баяндауды қызықты жеткізе алуы. Себебі, бүгінде цифрлық платформалар ұсынып отырған арналар коммерциялық тұрғыдан қарайтын болсақ анағұрлым сапалы дүниелер ұсынып отыр. Мысалы: «Игра престолов» атты сериал үлкен қаражатпен жұмыс

жасағаны белгілі. Сюжеттері де өзге туындыларға ұқсамайтын ерекше туындылар екені баршаға мәлім. Алайда, қаражаттың мұқият жұмсалуды талап ететін эпизодтарға авторлар белігі бір режиссерларды ғана шақыртып отырғаны тағы бар. Бұл режиссерлар тек күрделі сахнаны ғана қойюмен айналыспай, сеніммен тапсырылған қаражатты нәтижелі пайдалана алады.

Екінші тарау бойынша тұжырым.

Автор отандық телевизия тарихындағы контенттің қалыптасу кезеңдеріне тоқтап, оның тарихи тұстарын айқындайды. Телевизиялық контент, соның ішінде ұлттық контент және оның құрамы, негіздері зерттеліп, телевизиядағы тарихи құбылыстарды ашып айтады.

Отандық контент құрудағы психологиялық, техникалық, технологиялық тұстары қарастырылады. Телевизиялық режиссураның кинорежиссурадан айырмашылығы мен құрылымдық ерекшеліктері зерделенеді. Көрермендермен орнайтын байланыс туралы да ашып айтылады.

Сонымен қатар, отандық арналардағы контент құрудың өзекті мәселелері қозғалып, оның сапалық, мазмұндық тараптарына, кәсіби мамандар тапшылығы мен бәсекенің төмендігіне ерекше мән беріледі.

3 ЗАМАНАУИ ҰЛТТЫҚ КОНТЕНТ ҚҰРУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.

3.1 Медиакеңістіктегі заманауи технологияны қолдану жолдары

Экрандық өнер саласында түсірілім әдістері әлем бойынша бірінғай үрдіспен жасалады. Бұл үрдіс бүкіл дүние жүзіндегі түсірілім техникаларының және жалпылама тәжірибенің ұқсастығынан туындаған. Оқулықтар мен теориялық әдебиеттер де бірінғай. Шығу тегі де бір. Телевизиялық түсірілімдер көбіне техникалық құралдар мен әдістердің көмегімен жүзеге асады. Кез келген экрандық салада модернизациялау үрдісі олардың техникалық ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Теориялық негіздерге сүйене отырып, тәжірибе жүзінде қолданысқа ие болған әдістердің модернизациялану бағыты бүгінде өзектілік тұрғысынан күннен-күнге арта түсуде. «Қазақстан телевизиясының бай тарихы мен технологиялық құрылымы отандық теледидар мен бұқаралық ақпарат құралдарын телевизиялық хабар таратудың жаңа түрлеріне итермелейді» [57, 822 б.]. Сол себептен, ең алдымен техникалық үрдістеріне аса мән берген жөн.

Экрандық өндіріс калыпты көрерменсіз өз кәсібін жалғастыра алмайды. Экрандық өнімдер кинотеатрлық үлкен экраннан бастау алған сәттен бастап, бүгінде түрлі формалар мен көлемдерде көрермендерге жол тартуда. Басты мақсат көрермендерге лайықты, өтімді өнім ұсыну. Тек көрермендердің қызығушылығы үлкенді – кішілі телеарналардың, интернет арналардың, видеопрокаттық ұйымдардың өтімділігін анықтайды.

Қызықты, әрі жеңіл дүниелерді ұсыну арқылы арналар өз рейтингілерін жоғарылатып жатыр. Рейтинг бүгінде телеарналардың арасындағы бәсекелестікте сұранысын сұрыптайтын құрал. Алайда, жоғары рейтинг тек жоғары деңгейде жасалған өндірісте ғана болады деген пікір шындыққа жанаса бермейді. Сол сияқты сапалы, әрі мазмұнды өнім әр кезде жоғары рейтингке ие бола бермейді. Эфирге шығатын кез келген өнім біріншіден көрермендермен тығыз байланыс орнатуы қажет. Бұл әрекеттің нәтижелі іске асуына техникалық аспектілерден бөлек, кәсіби біліктілік те аса үлкен рөл атқарады. Яғни, көрермендер көңілінен шығатын, мазмұнды, әрі сапалы өнім арқылы жоғары рейтинг бере алатын контент расында жоғарыда аталған мәселелерге тап болады.

Әлемдік телевизияда, соның ішінде, батыс телевизиясында режиссура кәсібі алғашқы технологиялық жаңалықтарға ие болу салдарынан, өзге дамушы елдермен салыстырғанда ұдайы көш бастап келеді. Бұл тұрғыда дамушы елдерге іріктелген, нәтижелі, дайын технологиялар мен жүйелер тез еніп, жеңіл игеріледі. Себебі, сол елдердің сұраныстарына байланысты өндіріліп, белгілі іріктеулерге сәйкес, тәжірибелік сүзгілерден өтеді.

Режиссерлардың көздеген кадрларын еркін түсіру жолында түрлі шығармашылық шешімдерге, тәжірибелерге баруы жаңа технологиялар мен жаңа ізденістерге әкеліп соғуда. Сондай-ақ, телеарналардың контентін байыту бүгінгі заманауи арналардың басты талабына айналды. Осындай технологиялық мүмкіндіктерді деректі фильмдерді түсіргенде еркін пайдалану арқылы контент өзгеше формаға ие болады. Ертеректе деректі түсірілімдер жүргізгенде, үлкен

көлемді камералар оператордың қимыл-әрекеттерін шектеген болса, қазіргі кезде ықшам, бірақ сапасы жоғары камералардың көмегімен операторға ракурстар алып түсіру мүмкіндігі арта түсті. Соның нәтижесінде Discovery Channel немесе National Geographic сынды телеарналардан «саяхат» форматындағы деректі фильмдерді, адам аяғы баспаған алқаптарды тереңірек көрсету мүмкін болды. Мысалы: «Алтын дүрлікпесі» («Золотая лихорадка» - Discovery Channel Russia), «Ажалды балық аулау» («Смертельный улов» - Discovery Channel Russia), «Super! Нағыз экстрим» («Super! Настоящий экстрим» - Русский Экстрим) немесе Ресейлік ОРТ арнасындағы «Соңғы қаһарман» (Последний герой) тележобалары. Ғылыми зерттеу жұмыстары технология мен шығармашылық ізденістердің ұштасқан тұстарын ашып, сол үрдісті дамытудағы мәселелердің шешіміне талдау жасалды. Талдаудың нәтижесінде телевизиялық салада контентті дамытуға көзделген технологиялық мүмкіндіктерді айқындады.

«... бағдарлама дайындаудан қатерлі ештеңе жоқ – бұл маркетинг, жарнама және сол секілді салаларға ұқсас сендіруге бағытталған кәсіп. Сізге қажетті әсерді алу үшін бүкіл түсірілім тобын бағыттай білу және жұмысты түзету – режиссерлік өнердің бір бөлігі» [112, 21 б.]. Яғни, телережиссер техникалық құрылғылар арқылы көрермендерге автордың идеясын көзге ілікпейтіндей кәсіби деңгейде жеткізе білу керек.

Әйгілі Британдық «BBC» арнасының маманы Дж. Миллерсонның айтуы бойынша, экран ішіндегі және экранның сыртындағы екі әлемді байланыстыратын адам ол – режиссер. Эфирлік құралдардың бүгінгі күні көптігі сонша, тұтынушы көрермендерде таңдау мүмкіндігі өте көп. Дегенмен, көрермендерге арналардың сан алуандылығы емес, сол арналардың ұсынып отырған контенті, оның деңгейі, сапасы, әсерлілігі маңызды. Мәселен, бір арна ұсынған өнімді өзге арналар да ұсынуы мүмкін. Немесе, видео тасымалдаушы құралдары арқылы, болмаса коммерциялық келісімдер арқылы бір өнім кез келген арнадан тарауға мүмкіндігі бар. Кейбір платформалар экрандық өнімдерді жан – жақтан жинақтап, өз платформалары арқылы тұтынушыға оның қалаған уақытында еркін көрсету мүмкіндіктерін жасап қойған.

Телевизия деген ұғым бұрын тек теледидардан ғана шығып отыратын өнімдерді ұсынып отырғандықтан, сол техникалық құрылғымен үндес болды. Киноның кинотеатрдан көрсетілгені сынды. Алайда, кино өнімдерін біз бүгінде теледидардан да көріп жатырмыз. Оған қоса, кейбір кино туындылар арнайы теледидарлық көрсетілімдерге шақталып жасалған. Ал, қазіргі таңда эфирлік дүниелердің белгіленген шекарасы жоқ. Бір экранға арналған туынды кез келген эфирлік арналардан көрсетіліп жатыр. Бүгінгі техниканың мүмкіндіктері оған еркін жол ашып беруде. «Мультимедиялық контентті форматтау, оның көрнектілігі, фрагменттілігі және оның оқырмандар тарапынан қабылдауының сызықты еместігі – осының бәрі телевизиялық жанрлар жүйесінің жаңаруына жетелеп жатыр. Жаңару негізінде ақпаратты берудің тұжырымдамалық және бейнелі тәсілдерінің оңтайлы үйлесімін іздеу, эмоциялық және эстетикалық бастамалардың болуымен фактілерді мазмұндау қисынына бағынатын және нақты творчестволық міндетті тиімді шешуге ықпал ететін түсірілім мен

монтаждың ерекше түрін таңдау жатыр» [113, 74 б.]. Зерттеу нәтижесінде, көрермендер эфирлік туындылардың экранның көлеміне байланысты емес, оның мағыналығына, туындының өзіндік ерекше әсерлілігіне аса мән беретіні анықталды. Интернет платформалар да осы принципті негізге ала отырып жасалуда.

Әрбір эфирлік контент жанрына байланысты арнайы режиссерлық кірісті, әдістерді талап етеді. Себебі, әр бағдарламаның өзіндік сипаты мен түсірілу заңдылықтары бар. Жанрлары бойынша ерекшеленетін өндірістік типтерді атап өтетін болсақ:

- Студиялық түсірілімдерге интервью, ток – шоу, жаналықтар, кейбір концерттік шоулар жатады. Бұл типті түсірілімдер арнайы ЖТС комплексі арқылы да жүзеге аса алады. Мәселен, симфониялық оркестрлердің концерттерін түсіргенде. Режиссер бұл жағдайда түсірілімді басқару пульті арқылы жүзеге асырады. Сонымен қатар, режиссер музыкалық аспаптардың түрі мен атауларымен жалпылама болса да таныс болуы маңызды. Түсірілім барысында ойнап жатқан аспапты кадрда түсіріп тұру, концерттің бейнелі көрсетілімін байыта түседі. Түсірілімді кәсіби деңгейге көтереді. Бұл түсірілімдер негізінен студиялық басқару пультінен жүргізіледі. Режиссерлардың студиялық түсірілімдер элементтерімен жақын таныс болуы шарт. Мәселен, студиялық түсірілімдерде көбіне стационарлы камералар орнатылғандықтан түсірілімдердің басым көпшілігі статикалық түрде жүреді. Орналасу позициялары әр бағдарламаға бекітіліп, операторлар белгіленген алгоритм жүйесімен жұмыс жасайды. Мысалы, ток – шоууды алып қарастыратын болсақ, қонақ пен жүргізушіге арналған пландар саны олардың қозғалыс кеңістігіне сай шектеулі болады. План саны екі немесе үшеу болады. Камералар бірін – бірі жауып қалып, кедергі келтірмес үшін амплитудалық қозғалысы алдын ала бекітіліп, одан ауытқуына болмайды.

- Телевизиялық репортаждық түсірілімдер сюжеттік және хроникалық болуы мүмкін. Бірінші жағдайда репортаж арнайы түсіріледі. Мысалы, спорттық репортажды түсіруде режиссер әр спорттық саланың ерекшелігіне сай ойынды немесе жарысты көрермендерге үздіксіз, маңызды сәттерін камерадан тыс қалдырмай, кадрдағы іс-әрекетті әсерлі етіп беруі тиіс. Түсірілім ЖТС көмегімен жүргізілген жағдайда баяу қайталаулар беру де көзделген. Кейіпкерлерден сұхбат алуда ракурс пен жарықты шеберлікпен пайдаланған жөн. Кадрдан тыс мәтінді (КТМ) кейіпкердің ішкі дүниесін кеңірек, әдеби мәнерде жеткізу мақсатында қолдануға болады. Репортаждық түсірілімдер ЖТС немесе ТЖК түсірілімдерімен жүргізуіне болады.

- Бірінші жағдайда режиссер түсірілімді стационарлы камераларды пайдалану арқылы басқару пульті арқылы түсіре алады. Дәл осы әдіспен алғашқы телевизиялық түсірілімдер көрермендерге жол тартқан.

- Екінші түсірілім жағдайында камера мобильді, кадрға журналист, не кейіпкер кіріп, сөйлеулеріне болады. Сюжетті толықтыру мақсатында қосымша бейне материалдар түсіру қажет болады. Режиссер репортаждың тақырыбына сай видео түсірілімдер жинақтайды да, монтаж барысында қосып отыруына мүмкіндік алады. Ал, хроникалды сюжеттер көбіне архивтік материалдарға

негізделіп жасалады. Яғни, бұл жерде кадрдан тыс мәтін (КТМ) болады. Автордың сюжеті ертеректе болған оқиға немесе кейіпкер жайында болуы мүмкін. Репортаждық түсірілімдердің тағы бір ерекшелігі режиссер және түсірілім топ табиғат аясында тірі декорациялармен, ал, ғимарат ішіндегі түсірілімдерді сол ғимарат ішіндегі қалыпты декорациялармен түсіруге мәжбүр. Студиялық түсірілімдерде керісінше декорациялар арнайы сызылып, жасатылады. Түсірілім дайын декорациялардың көмегімен жүреді.

Кез келген түсірілімнің техникасын игеру нәтижесінде бейненің жүйесіз бейнеленуінен гөрі, камераның қозғалысы арқылы белгілі бір нысандарды ерекшелеп, оған назар аудартуға болады. Түсірілім техникаларына оның стилі, планның ірілігі, экранның мөлшері және т.б. аспектілер жатады. Камераның қозғалысы көрерменнің көзі десе де болады. Оның әр бір қозғалысы, ракурсы, ауытқуы арқылы режиссер көрермендерді белгілі бір көңіл күйге енгізеді. Сол арқылы оған әсер етеді. Сол техникалық әдістерді меңгеру нәтижесінде кадрларды жүйелі түрде байланыстырып, толыққанды оқиғаны жинастыруға болады.

Одан бөлек кадрдың құрылымына да аса мән берген жөн. Кадрдан тыс жиналған түсірілім тобы белгілі бір қызмет атқарғаны сияқты, кадрдың ішіндегі кез келген нысан өзіне тиесілі қызметін атқарады. Оның композициялық заңдылықтарға сай орналасуы бейнені көрнекті, әрі әдемі етіп көрсете алады. Композиция кейде кадр ішіндегі заттарға қатысты қолданылса, кей жағдайларда режиссер актерлер мен камераның орналасу нүктелері алдын ала белгілеу арқылы жасайды. Барлық әрекет кадр көлеміндегі мағыналы бөліктерге барынша назар аударту мақсатында жасалады.

Түсірілімді екі және одан да көп камералармен түсіруде қалыпты жағдайда ЖТС немесе студиялық түсірілімдері қарастырылады. Бұл түсірілімдер студияда немесе студиядан тыс аумақта да жүргізіле береді. Алайда, бұл түсірілімнің түрі бүгінде әлем телевизиясының модернизациялау сатысынан өту барысында біршама өзгерістерге ие болды. Кейбір аспектілер кино түсірілімдерінен телевизия саласына ауысып жатқан деңгейде.

Кино түсірілімдер көбіне бір камералық түсірілімдерді негізінен пайдаланып жатса, сериалдық өнімдер екі немесе одан да көп камералардың көмегімен жүзеге асады. Сериалдар өндірісі қазіргі таңда жекеменшік студияларда түсіріліп жатыр. Ал, эфирлік көрсетілім алаңы болып теледидар есептеледі. Бұл түсірілімнің түрлеріне сондай-ақ көркем фильмдерден бөлек деректі фильмдер де кіреді. Көп камералы түсірілімдердің көбі статикалық қалыпта штативтың көмегімен түсірелетін болса, заманауи үлгілері жалғыз камералы қозғалысты түсіру әдістерін де пайдаланып келеді. Оған себеп болатын бірнеше фактор бар. Соның бірі автордың белгілі бір сахнаны қою барысындағы мақсаттарына байланысты. Сол факторлардың бірі болып актерлердің мизансахна көлеміндегі қозғалысы, эмоционалдық күйі немесе нысандардың кадр көлеміндегі іс-қимылы. Осы орайда, көптеген камералардың жеке - жеке міндеттемелері болады. Студиялық түсірілімде операторлық кран көмегімен бір камера оқиғаның орын алып отырған нысананын көрсету мақсатында үнемі жалпы планды ұстайтын болса, келесі камералар

кейіпкерлердің іс-әрекетіне байланысты ірі немесе орташа планды ұстауға көзделген. Алайда, режиссерлардың ескеретін бір жайт - түсірілім толықтай ірі және орта планда ғана түсіріліп, материалдың басым көпшілігі тек детальдерден құралмағаны дұрыс. Себебі, монтаждау нәтижесінде оқиғаның кейіпкерлермен, кейіпкерлердің өзара байланысы түсініксіз немесе мүлде басқаша ой беру қаупі туындайды.

Студиялық түсірілімдерден тағы бір ерекшелігі - ол монтаж тек түсірілім аяқталған сәтте ғана жүзеге асады. Қазақстан экрандық дүниелерде жоғарыда аталған әдістердің барлық түрлері қолданылады. Әсіресе, сериалдық өнімдердің көптеп түсірілу салдарынан көп камералы түсірілімдердің заманауи үлгілері кеңінен пайдаланылып келеді. Әрине көптеген мәселе қаражатқа да байланысты. Сол себептен әмбебап түсірілім тобы, соның ішінде әмбебап режиссерлар болғаны отандық экрандық саланың, дәлірек айтқанда контенттің қарқынды дамуына үлкен серпін береді.

Қазақстандық арналардың жеке сайттары мен әлеуметтік желілерде орналастырған контенті болғанымен, әлемдік тәжірибеден біршама артта қалып жатыр. Отандық телеарналардағы контенттің дамуына серпіліс берген келесі бір жаңалық - ол цифрлық мүмкіндіктер.

Әлем цифрлық форматқа ауысып, аналогтық эфир жүйесінен бас тартқанына он жылға жуық уақыт өтті. Алайда, телевизия саласының түбінде толықтай цифрлық жүйеге ауысатыны туралы алғашқы болжамдар өткен ғасырдың 80-жылдары жасалып жатты. Яғни, бұл технологияның ұзақ уақыт аралығында зерттеліп, зерделеніп қолданысқа енгендігін айқындайды. Сонымен қатар, телевизиялық өнімдердің толықтай цифрлық форматқа көшуі, бұл технологияның тиімділігі орасан зор екендігін дәлелдейді. Мәселен, бүгінде аналогтық телевизия термині қолданысы, оның эфирлік таратылымы сынды біртін-біртін азайып барады.

Жаһандану даму үдерісі орнында тұрмайды. Сондықтан, телевизиялық салада технологиялық даму бағыты тиімді пайдаланылады. Цифрлық телевизия туралы алғашқы деректерді өткен ғасырдың 80 жылдары алғаш рет, өздерінің еңбектінде М. И. Кривошеев, Л. С. Виленчик, И. Н. Красносельский, В. Н. Чудов, Л. А. Севальнев, В. С. Игнаткин, В. Т. Хоробрых, Е. Н. Дикарев бірлесіп жазған зерттеу жұмыстарында атап өтеді: «Цифрлық әдістер телевизия сигналын тарату кезінде бұрмалануды айтарлықтай азайту, сондай-ақ телевизия техникасының алдында тұрған бірқатар басқа да міндетті шешуге мүмкіндік береді. Сондықтан соңғы жылдары Кеңес Одағында да, шетелде де сандық телевизияға көп көңіл бөлініп келеді. Сандық телевизия –телевизиялық сигналды өңдеу, сақтау және тарату операциялары сандық қалыпқа қайта түрлендірумен байланысты телевизиялық техниканың саласы» [114, б б.]. Осы дәйек негізінде цифрлық телевизияның медиа салаға енуі КСРО және АҚШ сынды мемлекеттердің жоспарында болғандығы айқындалады.

Цифрлық телевизия көрермендерге жол тартқалы телевизияның құрылымы да біршама өзгерістерге ұшырады. Оның контент құруда режиссуралық тәсілдер мен мүмкіндіктер жатыр. Сонымен қатар, бүгінде телевизиялық режиссура модернизацияға ұшырады. Таспаға түсірілген тың дүниелер

цифрлық тасымалдаушы құрылғылармен орын ауысты. Телевизиялық контентті беру, ұсыну тәсілдері де өзгерістерге ұшырауда. Цифрлық телевизия заманауи компьютерлік арнайы эффектілерді кеңінен пайдалануға жол ашты. Мысалы, компьютерлік графиканың даму көрсеткішінің ең соңғы үлгісі, әрі ең тиімдісі «Vizart» сынды графикалық қосымшаларды атап өтуге болады. Отандық телевизияда бұл әдіс те өз қолданысын табуда.

Заманауи технологияларды атағанда графикалық дизайн жүктемелерін атап өтпеу мүмкін емес. Солардың бірі Vizrt компьютерлік инфографика жүйесі. «Vizrt шешімі нақты уақытта 2D және 3D графикасын жасауға арналған. Бағдарламалық негізгі үш компонентке дизайн, басқару және рендерингке (нақты уақытта эфирге графиканы шығару) арналған қосымша кіреді. Vizrt артықшылығы – нақты уақытта 3D графика мен анимация рендерингінің тамаша сапасы» [115]. Vizrt компьютерлік инфографика жүйесі жаңалықтар бағдарламаларында жиі қолданысқа ие болуда. Отандық медиа жүйелері шетелдік аналогтарды өте тиімді пайдалануда. Маңызды жаңалықтарды жедел, әрі интерактивті жүйеде жеткізуде Vizrt графикалық бағдарламасы таптырмас құрал. Тікелей эфир барысында еркін түрде қолдануға мүмкіндік береді. Әрі ақпараттарды графикалық тұрғыда байыта түседі. Студияда тікелей эфир барысында бейне графикаларды енгізумен қатар, титрларды теруге, видео материалдарды қолдануға мүмкіндік береді. Жаңалықтар бағдарламаларынан бөлек бұл жүйе ауа-райы бағдарламаларында жиі қолданыс тапқан. Әрі осы күнге дейін тиімді қолданылуда. «Vizrt түрлі нарықпен, ең алдымен ол хабар тарату, хабар тарату графикасын басқаруға арналған құралдар және толықтырылған шынайылықпен жұмыс істейді. Біз сондай-ақ хабар таратушыларға стадиондардан визуалды әсердің көмегімен контент жасауға көмектесе отырып, спорт нарығына да көз тігіп отырмыз. Спорттық трансляция – біз қамтуға ұмтылатын нарықтағы негізгі сегменттің екіншісі» [116]. Яғни, бұл графикалық жүйе бүгінгі таңда қолданысын телевизиялық саланың барлық түрінде кеңінен кездесіп жатыр.

Vizrt компаниясының өнімі әлемдік нарықта 2D және 3D графикасының шынайы көрсетілім құрылымында таптырмас құрал. Қазақстан Республикасы аумағында бұл технологияны алғашқылардың бірі болып эфирлік құрылымына енгізген «Qazaqstan» ұлттық арнасы. Жаңалықтар бағдарламасы мен ауа - райы болжамында жиі қолданыс тапты.

Қазақстан аумағында бұл технологияны меңгерген мамандардың алғашқыларының бірі болып, Мәскеуден арнайы білім алып келген дизайнер Асхат Есімбек. Ол өзі меңгерген технологияны өз пайдасына ғана артып қана қойған жоқ, сонымен қатар отандық арнаның беделін атаулы сайыстарда көтерді. «Ұлттық арнаның дизайнерлері Мәскеуде өткен «МедиаБрэнд» халықаралық байқауында жүлделі орынға ие болды. Байқауды ұйымдастырушылар Ұлттық арна ұжымын жоғары бағалады. Украина мен Ресейдің ең танымал телеарналары қатысқан сайыста, Асхат Есімбектің еңбегі «Тікелей эфирдегі графика» номинациясы бойынша 2-ші орын алды» [117]. Осы ақпарат негізінде бұл инфографикалық жүйенің елімізде тиімді, әрі нәтижелі қолданысқа енгенін аңғаруға болады.

Бұл технологияның нәтижелі көрсеткіштерге жетуі отандық эфирдің толықтай цифрландыру «дигитализациялануымен» тікелей байланысты. Себебі, кез келген графикалық бағдарламалар қазіргі таңда цифрлық сақтау және өңдеу құрылғыларымен жабдықталуын талап етеді. Компьютерлік, яғни, виртуалды кеңістікте орын алатын графикалық түрлендірулер тек цифрлық бағдарламалардың көмегімен өз қызметін атқара алады.

Кез келген манипуляция цифрлық жүйеде көркемдік бейнеге түрленеді. Ал қазіргі таңда тікелей эфир трансляциялары толықтай цифрлық жүйеге ауысқан. Бұл үрдіс шамамен 2012 жылдан басталды. Vizrt компьютерлік графикасы елімізде 2013 жылы алғаш рет қолданылды. «Vizrt – RT-Set және PEAK Pilot атты екі жетекші виртуалды студияны әзірлеушілердің бірігуі нәтижесінде құрылған компания – 3D-графика, виртуалды студия және ақпарат жинау, редакциялау мен көрнекіліктің жалпы идеясымен біріктірілген контентті басқаруға арналған масштабталатын ең қуатты өнім жиынтығын ұсынады. Модульді құрылым мен түрлі платформалардың (Windows, Linux және IRIX) қолдауы бюджетті есепке ала отырып, кез келген міндетке оңтайлы шешім таңдауға мүмкіндік береді» [118]. Қазақстан Республикасы аумағындағы заманауи технологиялардың соңғысы болып осы, Vizrt технологиялары табылады.

Кино саласына қарағанда телевизия саласы жеңіл, мобильді, әрі тиімді технологияларға тез қол жеткізді. Бұның басты себебі, күнделікті «конвеер» телевизия саласынан технологиялық жаңаруды үнемі қажет етіп отырды. Сонымен қатар, тек телевизия саласы талаптарына сай мамандардың даярлауын қажет етті. Алайда, технологиялық аспектілер телевизия саласының тек басты мәселелерін шешіп отырды. Ол - уақытылы, өзекті, мазмұнды және де сапалы контент.

Телевизия жаңа белестерді бағындырып, келесі, адамзат баласына әлі таңсық белестерге көтерілу сатысында. Сондықтан, бұл саланы дәл қазіргі уақытта зерттеу, осы диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаттарының бірі. Автор зерттеу жұмысында телевизияның әлі зерттелмеген тұсына мән беріп қарастырады. Автор өтпелі кезең және заманауи үрдістерді зерделеп, бұл салада ондаған жылдар бойы орын алып келген жаңалықтарға талдау жасап, анықтамалар берді. Телевизия саласы бүгінде жаңа терминдерге толықты. Мысалы: автоматтандырылған видеомонтаж, автотрекинг, кодтау, монитор, оптикалы-талшықты, синхрондау, жоғары анықтықтағы телевизия, түрлі түсті телевизия жүйесі, цифрлық технологиялар, элетрондық кинематограф және т.б. Жаңа ғасыр, жаңа формат, жаңа платформалар телевизия саласына жаңа терминдер енгізді. Ақпарат саласының жаһандану сатысымен етене өзгеріп, дамуымен аудио-визуалды бейнелі қатар да заман талабына сай генезистік өзгерістерге ұшырады. «Локализация көрермен қызығушылығының жаһандануына маңызды қосымша ретінде белгілі бір теңгерімді ағымға айшық айналып келеді. Біріншіден, бүкіл әлемде байқалған жергілікті телевизияның, бірінші кезекте кабельді телевизияның «өсу қарқыны». Екіншіден, әр көрерменнің жеке телебағдарлама құруға деген құлшынысы. Мұндай мүмкіндікті қызуғушылықтарға маманданған көптеген эфирлік және кабельді

арналар (әдетте ақылы арналар) беріп отыр» [119, 11 б.]. Осындай өзгерістер телевизиялық кеңістіктің оңтайлы нәтижеге жетіп отырғандығының көрсеткіші.

А. Я. Юровский, В. Л. Цвик, Г. В. Кузнецов ХХІ ғасырдың басында жаңалық ретінде зерттеген кабельдік арналарды телевизия саласының жаңа буыны деседі. Алайда, келесі онжылдық ішінде телевизия ұғымына интернет арналар мен интернет телевизия сынды жаңа медиаплатформалар пайда болды. «Медиаплатформа дегеніміз – қолданушы айтарлықтай экономикалық конъюнктурадағы бәсекеге қабілетті артықшылықты анықтай алатын жолдарда орналасқан кез-келген ақпаратты Интернетте орналастыруға арналған нүктелер жиынтығы» [120]. Яғни, медиаплатформалардың негізінде ақпараттық тарату жүйесі маңызды.

Қазақстан аумағында және қазақ тілде жарық көрген ғылыми жұмыстар, ғылыми-теориялық зерттеулер жоқ. Жаһандану құбылысы белсендігін төмендетпей, керісінше ілгері бағытта үлкен жылдамдықпен дамып келеді.

Технологиялық үдерістің нәтижесінде туындаған, әрі тұтынушының өмір-салтына ыңғайлылық тұсынан тиімді. «Интерактивті телевизия - қосымша телевизия қызметін көрсету жүйесі пайдаланылады. Хабарда абоненттің сұрауы бойынша мәтіндік, графиктік және басқа да ақпараттарды береді, сонымен қатар оларды диспетке немесе үйдегі телеэкранға шығарады. Абонент үйден шықпай-ақ телефон әлде арнаулы кабельдік желі арқылы екіжақты байланыс орнатады және телебағдарламалардың әйгілілігін ішінара зерттеуге қатысады. Ұлыбританияның «Вьюдейта», Канаданың «Телидон» арналары әлемдегі интерактивті телевизиялық жүйелердің үлгілері» [111, 7 б.]. Алайда, Интерактивті теледидар «мультимедиа» сияқты көп мағыналы термин. Интерактивті телевизия саласындағы компаниялардың ұсынатын қалыптасқан қызмет түрлері бар. Олар:

1. Кеңейтілген немесе интернет ТВ арқылы көрермендер қосымша ақпараттық құралдарға қол жеткізе алады. Соның ішінде интернет желісіндегі қосымшаларға. Бағдарламалар көре отырып, интернет кеңістігінен өзіне қажетті ақпаратты таба алады және де электронды пошта, интернет-дүкендерге, дербес ақпараттарды жүйелеуге қол жеткізе алады. Сонымен қатар көріп отырған бағдарламалар жайында түрлі мағлұматтар ала алады. Кеңейтілген ТВ көрерменінде қызықтырған ақпаратты электрондық бағдарламалар жүйесі арқылы таба алады.

2. Дербес ТВ көрермендерге қызықтырған бағдарламаларын уақытын өзі таңдауға мүмкіндік береді. Осылайша көрермен өзіне қажетті бағдарламаларды таңдап қана қоймай, қалаған уақытында көруге мүмкін алады. Сонымен қатар, көрермен ұнаған бағдарламаны өзінің дербес цифрлық тасымалдаушы құралына жүктеп, сақтай алады. Арна ұсынған бағдарламаларды өзі таңдай алады.

3. Интерактивті ТВ аталған телевизия жүйесіндегі ең күрделі түрі десе болады. Мәселен, телевизияның бұл түрі жоғарыда аталған жүйелерден ерекшелігі көрермендер бұл жерде бағдарлама барысына ықпал ете алады. Оның түсірілімінің бағытына еніп, нәтижесіне әсер етуге мүмкіндік береді. Кейбір компаниялар көрермендерге футбол матчарында алаңда орнатылған кез

келген камерадан тамашалауға мүмкіндік береді. Немесе кең етек жайған сериалдар көрсетілімінің соңғы сериасындағы сюжеттік шешімін көрермендердің даусы арқылы жасай алады.

4. Интеллектуалды үй жүйесі. Бұл жүйе болашаққа бағдар есебінде қарастырылады. Себебі, бүкіл үй-ішіндегі электрондық жүйелер болашақта интернет жүйесі арқылы байланысқаннан кейін, оны басқару дистанционды жүргізіліп, бірінғай басқару тетігімен жүзеге асырылады. Бүгінде Smart жүйесі теледидар мен мобильді құрылғыларда кеңінен орнатылған және интернет арқылы байланыстырылған.

Қолжетімді көрсетілімдер дәуірі орнағаны келесі мысалдан байқауға болады: жер жаһанды жаулаған короновирустық індеттің әсерінен көрермендерінен айырылған кейбір спорттық шаралар, өз қызметтерін онлайн трансляция нәтижесінде жүзеге асырды. Сонымен қатар, эфир «эксклюзивті» болуы шартынан көрсетілім тек интернеттік жүйе арқылы тіркелген тұтынушыларға ұсынылған. Бұл да бір телевизиялық контент таралуы, бүгінде интернет жүйесіне ауысқандығын аңғартады.

3.2 Медиа платформалар контекстінде ұлттық контент қалыптастыру аспектілері.

Бір шығармашылық бірлестіктің шеңберінде жасалған түрлі бағдарламалар отандық арналардағы контенттердің негізін құрды. Телеарналардың аздығына байланысты өткен ғасырдың 90-жылдары телевизиялық контенттердің басым көпшілігі ақпараттық, балаларға, ойын-сауық бағдарламалардан тұрды. Алайда негізгі бағытты ақпараттық-танымдық бағдарламалар иемденді.

Телевизиялық шығармашылық топ ішін-ара бірнеше бірлестіктерге бөлінген болатын. Барлық өндіріс ішкі ресурстардың көмегімен жүзеге асырылатын. Шығармашылық бөлімдер: мәдени, балалар мен жас-өспірімдер, спорттық, ақпараттық-танымдық болып бірнеше топтарға бөлінді. Әр бөлім өзінің бағытына сай бағдарламалар даярлады. Яғни, бір арна эфирге жоғарыда аталған барлық бағдарламаларды көрсетумен айналысып, эфирлік уақытты толықтырған. Сонымен қатар, кішігірім студиялар да бағдарламалар жасап, телевизияға ұсынды. Бұндай жеке студиялар кейіннен үлкен етек жайып, телевизиялық көптеген бағдарламалар «аутсорсинг» өндіріске бет бұрады.

2000-жылдардан бері елімізде көптеген жаңа арналар ашыла бастайды. Олардың басым көпшілігі ХХІ ғасырдың 10-жылдарына тура келеді. Жеке дара спорттық, мәдени, ғылыми-танымдық, балалар арналары ашылады. Әрбір жаңа ашылған арна тек өзіндік бағытпен эфирлік дүниелер ұсынады. Бағытына сай контенттер жасайды. Бағдарламалардың біраз бөлігі арналардың ішкі өндірісі нәтижесінде жасалса, кей бағдарламалар «аутсорсингке» шығарылады. Бағдарламалар күндізгі шығарылымнан толық тәуліктік көрсетілімдерге дейін эфир уақытын кеңейтеді. Соның нәтижесінде елімізде толық циклды жұмыс жасайтын арналардың саны 25-30 арнаға дейін өседі.

2012-ші жылдан бастап көбісі цифрлық тарату жүйесіне ауысып, көрермендерге жоғары деңгейдегі эфир ұсынады.

Отандық телеконтенттің заманауи үлгілері еліміздің тәуелсіздік алған кезеңінен бастау алады. Кейіннен, 2010 жылдардан жаңа екпін алып, технологиялық үдеріс нәтижесінде біршама серпіліс алып, ілгеріледі. Телевизиялық эфир таратылымы аналогты форматтан цифрлық форматқа ауысқалы телевизиялық арналар көбейіп, контенттік сан-алуандылық арта түсті. Цифрлық формат техникалық мүмкіндіктерді арттырып, оларды мамандармен жетік меңгеруді талап етті.

Тәуелсіздікке дейінгі жылдары арналар аналогты эфир таратумен қоса, кеңестік дәуірден қалыптасып қалған дәстүрлермен контент құрып келген. Кейбір бағдарламалар, тіпті көрші одақтас мемлекеттердің бағдарламалары ұқсас және олардың аналогиялық контенттерін жасап келді.

Бүгінде заманауи отандық арна көрермендерге қазіргі заманға сай, әлемдік деңгейде түсірілген бағдарламалармен, отандық, толықтай цифрландырылған желілік таратылымға енгізілген, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті контент құру жолында. Көптеген стримингтік сервистерге, интернет платформаларға орналаластырылған балалар аудиториясына негізделген контентке, бүгінде отандық арналар да қосылып келеді. Мәселен, енді «Балапан» арнасының өнімдерін Youtube интернет желісінен көруге болады. Телевизиядан әлеуметтік желіге және керісінше, әлеуметтік желіден телеэфирге көшіп жатқан бағдарламаларды көреміз. Бұл құбылыс телевизиялық кеңістіктің кең көлемді таратылымға шығып, кей жағдайда трансформацияға ұшырады деуге толық негіз бар.

Екі эфирлік платформа екі түрлі тарату кеңістігінде орналасқанымен, түпкі аудиториясы ортақ. Екі платформаның ерекшеліктеріне тоқталсақ, телевизиялық эфир тарату платформалары бағдарламаларды бекітілген уақыт шеңберінде көрсетсе, интернет платформалары бағдарламаларын тұтынушыға оның қалаған уақытында көрсетуге мүмкіндік береді. Бұндай екпін отандық эфир тарату жүйесінде тек контент даярлаумен жүзеге асып жатқан жоқ. Бұл жерде көптеген заңнамалық үрдістер ескеріліп, дүниежүзілік стандарттарға бейімделу факторлары орын алып жатыр. Яғни, отандық эфир кеңістігі ауқымын кеңейтудегі мүмкіндіктері техникалық, шығармашылық тұрғыдан бөлек, заңнамалық нормаларға сай дамып келеді. Әлеуметтік желілер тұтынушыларға көптеген тұтыну мүмкіндіктерін беру мен қатар, контент жүктеушілерге қойылатын талаптары аз емес. Интеллектуалдық иеліктердің заң жүзінде қорғалуы ең алдымен отандық өнімдерге қажет. Бұл заманауи қадам ғана емес, отандық өнімдерді бәсекелестікте, әлемдік деңгейдегі қорғалуын қамтамасыз ету.

«Мультимедиалық контент өндірісі қазіргі кезеңде конвергенция жағдайында телевизияның қызмет етуінің жалғыз сипаттамасы емес». [121, 1108–1122 б.]. Бүгінде отандық телережиссура осы әлемдік телережиссураның моделі негізінде қалыптасқан. Алайда, жергілікті менталитетке байланысты белгілі түрлендірулерге ұшыраған. Бұндай түрлендірулер отандық телевизиялық өнімдерден кездестіреміз. Мәселен, қазақ өркениетінің төл өнері - айтыс өнеріне негізделген тақырыптық атауы сәйкесінше «Айтыс» деп аталатын бағдарламаларды атаймыз.

Отандық телевизиялық контент ескіден заманауи кезеңге көшуі еліміздің егемендігімен бірге жүзеге асуда. Заманауи телевизиялық контент әр арнада ерекше, ал кей жағдайларда біріңғай болып келеді. Мәселен музыкалық арналар эфирден тек музыкалық клиптер көрсетуімен қатар, ән тақырыптарына сай өзара ерекшеленуге тырысуда. Осыған орай көрермендердің өзіне ыңғайлы контентті музыкалық клиптер көрсетуге бағытталған арналардың ішінен де таба алады. Қазіргі таңда музыкалық арналардың жалпы саны бесеу, олар: Gakku TV, Toi duman, Zhuldyz TV, Dombura, Hit TV. Бұл арналар шетелдік MTV, Channel V, RUTV, MuzTV сынды музыкалық арналарының қазақстандық аналогиясы десе болады. Басты бағыты заманауи шоу-бизнес пен отандық музыка кеңістігіндегі жаңалықтармен таныстыру.

Ақпараттық контенттен құралған арналарға Хабар, Хабар 24, Atameken Business Channel, Kazakh TV, Caspionet, Tourism KZ сынды арналар жатады. Бұл арналар тек ақпараттық жаңалықтар мен танымдық бағдарламалар жасаумен айналысады.

Әзіл-қалжың контенттен тұратын Tamasha TV арнасы 2019 жылдан бастап хабар тарата бастады. Бұл арна Ресейлік Comedy Club телеарнасының аналогі.

Отандық кино туындылар мен мультфильдер және сериалдар контентінен тұратын «Ел Арна» арнасы, отандық және әлемдік спортқа шолу жасайтын «Qazsport», Балалар мен жасөспірімдерге арналған «Balapan» телеарналары тақырыбына сай контент қалыптастырып келеді.

Осы және өзге арналар цифрлық эфир тарату жүйесі бойынша таратылады. Телевизиялық платформада - кабельдік және спутниктік жүйелері арқылы. Дегенмен, бұл арналардың интернет платформасында да жеке сайттары бар.

Қазақстан аумағындағы эфирлік арналардың басым көпшілігі кабельдік эфир тарату жүйесінде орналасқан. Тек алыс-аймақтарда тұтынушылар интернет желісінің толыққанды таратылып, жұмыс жасай алмау себебінен әзірше спутниктік сигнал қабылдау тарелкалары көмегімен отандық арналарға қол жеткізеді. Келесі платформаға интернет платформаларын жатқызуға болады. Алайда, бұл жүйе Қазақстанда толыққанды дамымаған. Яғни, шетелдік платформалардың ұсынған контентін тұтынуға мәжбүр.

Сонымен, Қазақстан эфир тарату платформалары үшеу, бірақ үшеуінен екеуі тек таратушы болса, қалғаны тек құрумен айналысады. Шетелдік аналогияға сай өзі контент құрып, оны кабельдік немесе интернет жүйесі арқылы таратумен айналыспайды. Сол себептен отандық эфир тарату жүйесі нақты платформасыз.

Мәселен, Америкалық НВО арнасы кабельдік және спутниктік тарату жүйесімен жұмыс істейді. Арнадағы контенттерді толығымен өзі жасайды. Бағдарламалардан бөлек сериалдар, фильмдер, спорттық трансляциялар және т.б. Бұл алып корпорация негізінен америка құрлығында өзіндік кабельдік жүйесін қалыптастырған. Қазіргі таңда тұтынушылар саны бір АҚШ-тың өзінде 40 миллиондай, ал әлем бойынша олардың саны 50 миллионнан асып түседі. Жақын арада стримингтік платформаға көшу жоспарларында бар. Осы сияқты арналар шетел мемлекеттерінде кең тараған.

Ал интернет платформаларына келетін болсақ, бұл кеңістікте де көш бастап келе жатқан жоғарыда аты аталған АҚШ. Мәселен, Netflix, Amazon, Hulu және оларға жақында қосылған Apple+, HBO max, Disney+ стримингтік платформалары. Бұл платформалар жоғарыда атап өтілгендей бүкіл контентті өздері құрайды. Яғни, Қазақстандық эфир кеңістігімен салыстыратын болсақ, отандық арналар контент құрағанымен оны таратумен кабельдік операторлар немесе спутниктік операторлар айналысады. Ал интернет кеңістігінде әлеуметтік желілер немесе сайттарда телевизиялық эфирден өткен түпнұсқа контенттің қайталаулары салынып отырады. Яғни, жаһандық контекстте шетелдік экрандық тарату жүйелері мен платформалары қазақстандық эфир тарату жүйесі эфир тарату кеңістігінің басымдылығында.

Салыстырылып тұрған эфирлік жүйелердің ұқсастықтарына олардың өзіндік контент құрулары болса, айырмашылықтары сол контентті тарату жүйесінің қалыптасуында. Мәселен, HBO кабельдік эфир тарату жүйесі тұтас өзі қалыптастыратын контентті тек жеке өзінің кабельдік жүйесі арқылы таратса, қазақстандық арналар өзіндік контент құрғанымен өзге эфир тарату операторларына жүгінеді. «Тұтынушылар жергілікті интернет провайдерлер немесе жекеменшік сатушылары арқылы тіркеліп, транзакциялық және онлайн-контентке, таратылымға, жазылымға рұқсатқа қол жеткізу мақсатында, приставка немесе арнайы видеомагнитофон алады. Олар трансляцияланып жатқан арналарды көріп, жазып алумен қатар, қуалаушы телевизиялардың жүйелік қызметтеріне қол жеткізе алады. Олар бастапқы пакет шеңберінде қырыққа жуық ағылшын тілді премиум-класс және қосымша Netflix пакеттері мен азиялық тілдегі арналарды тамашалай алады. Тұтынушылар кітапханадағы 4000 астам фильм, эпизодтар және телебағдарламалар маусымдарын жалға немесе сатып ала алады. Олар теледидарға арналған Youtube секілді веб-қосымшаларды қолдана алады. Осының барлығын теледидарда немесе мобильдік құрылғыларда iOS және Android операциялық жүйелеріне арналған тегін жүктемелері арқылы тұтынуға болады» [122]. Осы мақалада келдірілген дәйектер эфирлік кеңістіктің дәстүрлі арналардан желілік арналарға көшіп бастағанын айқындайды.

Стримингтік сервистердің дамуын зерттей келе Netflix платформасын атамай өту мүмкін емес. Netflix-тің сәтті өркендеуі заманауи технологиялардың дамуына тікелей байланысты. Алайда бұл жүйенің нәтижелі болуы, оның негізінде интернет желісі мен интерактивті жүйелердің қарқынды дамуы және оның қолжетімділігінде. Дәстүрлі экрандық кино және телевизиялық көрсетілімдерден көрермендерді бастартуға мәжбүрлеген жүйе десек, қателеспейміз. Осындай сәтті жүйенің пайда болуы 1997 жылы интернет енді қарқын ала бастаған сәтте және тұтынушыларының саны небәрі он миллионға жеткен сәттен басталады. 90-ы жылдардың соңы видео кассеталар мен видеопрокат жүйесінің дәуірі болатын. Яғни, кино және телевизиялық контент кабельдік, спутниктік, аналогтық тарату жүйелерінен бөлек видео таспаларды жалға беру арқылы тарады.

Сол кезеңде бүгінде әйгілі Netflix жүйесі де ірге тасын қалаған болатын. Netflix жүйесінің негізін қалаушылар Рид Хастингс және Марк Рендольф.

Алайда Netflix жалға видео таспаларды емес, сол кезде қарқын алып келе жатқан DVD дискілерге жазылған лицензияланған фильмдерді ұсынды. Видео фильмдері дәстүрлі VHS таспаларына жазылған прокат көшбасшысы Blockbuster video-ға қарағанда Netflix жалға беру жүйесін тек интернет желісі арқылы жүргізеді. Алғашында бір реттік жалға беру принципі бір айлық жазылу мүмкіндігіне ұласты. Бұл жерде Netflix өзінің айқын басымдылығын аңғарта алды. Видео өнімдерді өзге, жалға беру компаниялардан айырмашылығы, оның тұтынушыларға берген мүмкіндіктерінде. Netflix тұтынушыларын жалға беру пункттеріне бару, құжаттарды толтыру сынды іс-қимылдардан босатып, ол жұмысты өз мойнына алды. Сол арқылы өзінің тұтынушылар алдында тиімділігін арттырды. Бірақ, бәсекелес компаниялар да көп ұзамай интернет пен пошталық жеткізу қызметтерін жетік меңгере бастады.

Дегенмен, Netflix-тің бәсекелес компаниялардан басымдылығы оның ұсынған контентінде болды. Жаңа релиздер мөлшері тек 30% құрағанымен, Netflix тұтынушыларға көптеген тәуелсіз авторлардың өнімдерін ұсынды. Оған қоса Netflix Cinematch жүйесі арқылы тұтынушыларға персонификацияланған контент ұсынды. Бұл жүйенің алгоритмі өзге жүйелерге қарағанда күрделірек, алайда тиімділігін дәлелдеді.

Netflix-тің бүгінгі күні ең басты құндылықтарының бірі - ол авторлық фильмдердің ғұмырын ұзартып, көрермендердің оларға деген қызығушылын арттырды. Бүгінгі танымал стримингтік Netflix дәуірі 2007 жылдан бастау алып, тұтынушыларға Watch now жүйесін ұсынды. Осы сәттен бастап тұтынушылар контентті интернет арқылы онлайн («онлайн» - жүйеде, байланыста деген мағынада), яғни тікелей эфир секілді формада көре алды.

Ал 2013 жылдан бастап Netflix дайын контенттен бөлек, өзіндік түпнұсқа контент жасауға көшеді. Алғашқы туындылары «Карточный домик» сериалы болды.

2019 жылы Netflix қоржынында 250-ге жуық фильм және 400-ден астам сериалдар бар. Netflix, Amazon prime, Hulu, Apple+, Disney+ және тағы басқа стримингтік сервистердің болашағы қаншалықты жарқын болмақ, ол тек уақыт еншісіндегі сұрақ. Кино және телевизиялық контенттердің өсіп, өркендеуіне қосар үлесі зор екені айқын және осы мәселе экрандық өнердің үрдісі тұрғысында маңыздырақ. Себебі, көптеген телевизиялық контенттер эфирлік кестедегі жоспарға немесе эфирлік уақыт көлеміне бейімделу нәтижесінде белгілі бір шарттарға көнуге мәжбүр.

Бұл бірінші ретте туындының сапасына шығармашылық, құрылымдық, идеялық тұрғыдан кері әсерін береді. Сол себепті стримингтік платформалардың өзге эфирлік тарату жүйелеріне қарағанда айқын басымдылығы көрінеді. Авторлардың, режиссерлардың идеяларын телевизиялық форматтарға бағынышты етпей, техникалық мүмкіндіктерін шектемей, керісінше, жаңа белестерге жетелейді.

Эксперименталды фильмдер дәстүрлі экрандардан табылмасы бірнеше себептерге байланысты. Ал дәстүрлі экрандық эфир тарату жүйелерімен салыстырғанда стримингтік сервистерде эксперименталдық фильмдермен қатар, авторлық дүниелерге орын талылды. Алайда, барлық стримингтік сервистер

бүгінде назарды кино және сериалдық туындыларға негізделген. Стримингтік сервистердің ең басты артықшылығы бола тұра, ең үлкен кемшілігіне айналып бара жатқаны анық. Көптеген тұтынушылар бірінғай кино немесе сериалдық контентті тұтынуға дайын емес. Соның бірден-бір дәлелі америкалық Dazn стримингтік порталы тек спорттық контенттен құралған. Осы факторларға негізделе келе стримингтік платформалардың тұтынушылары әлі де жаңа көрермендермен толары анық. Бұл мүмкіндіктің дамуы кез келген елде, мелмекетте, тіпті континентте өз қарқынын ала алады.

Осыдан туындайтын келесі мәселе, қазіргі тенденцияға сай көбейіп келе жатқан арналардың көбі интернет кеңістігін паналауға көшіп жатыр. Стримингтік платформалардың кең етек жаюы осы факторлардың салдарынан туындауда.

2020 жылдың сәуіріне сай стримингтік платформалар саны артып қана қоймай, олардың көрермендер саны рекордтар орнатуда. 2020 жылы орнаған әлемдік кризис салдарынан кино индустрия үлкен зардап шеккенімен, стримингтік платформаларға керісінше үлкен серпіліс беруде. Бір ғана Netflix стримингтік сервисі 2020 жылдың бірінші тоқсанында тұтынушылар санының рекордтық 16 миллион қосылушыларға артқанын мәлімдеді. Бұл көрсеткіш стримингтік сервистің өз болжамдарынан да артық көрсеткіш болды.

«Бүгінде бұл стримингтік платформада 182 миллион аккаунт тіркелген. Бұған қоса 2019 жылы қосылған Disney+ стримингтік платформасы да бар жоғы жарты жыл шамасында тұтынушылар санының 50 миллиондық көрсеткішке жеткенін жариялап үлгерді» [123]. Осы мақалаға сүйене отырып, стримингтік платформалардың қарқынды дамуымен қатар дәстүрлі телевизиялық түсінік те болашақта елеулі өзгерістерге ұшырауы әбден мүмкін екендігін аңғаруға болады. Себебі, жаңа шығармашылық үдерісті көру мақсатында, көптеген көрермендер контентті қойылымдылық түсірілімдерге толы, кино немесе сериалдарға назарларын бұрып, тұтынуын толықтай сол бағыттағы экрандық өнер түріне ауыстырып жіберулері мүмкін.

«Кинопоиск» сайты тек кино өндіріске негізделген интернет журнал. Алайда, кино өндірісте орын алып жатқан құбылыстар телевизиялық аумақпен бірге бүкіл эфирлік дүниелерді қамтуы санаулы жылдарда геометриялық прогрессия көрсету болжануда. Ғылыми жұмыста келтірілген барлық факторлар сол тұжырымдаманың айғағы есебінде қарастыруға болады.

Ұлттық контентті дамытуда еліміздің арналары едәуір жұмыс атқарған. Мәселен, технологиялық үдерісті уақтылы меңгеріп, қажетті сұранысты қамтып отыр. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасында көптеген медиа шаралар өткізіліп, спорттық промоушендер көптеп тартылуда. Әлемге әйгілі «Tour de France» вело жарысының Қазақстанда өтетін «Tour de Almaty» немесе «Tour de Astana» шараларын түсіріп, Қазақстан аумағында кең көлемде тарататын «Qazsport» арнасы, осы және де әлемдік жекпе-жек додаларына жататын бокс жұлдыздарымен өтетін елімізге маңызды ашараларды дер кезінде және жоғары сапада ұсынады. Бұл еліміздің медиа аумағындағы үлкен жетістіктердің бірі.

Спорттық контентке негізделген арнаның ауқымды жұмысы нәтижесінде еліміздің шалғай аудандарында әлемдік додалардан уақтылы хабардар болып,

актуалды шаралардан тыс қалып қалмауға және ұлттық маңызы бар шаралардан тыс қалмауға көмектеседі.

2012 жылдан бүкіл отандық арналардың цифрлық тарату жүйесіне ауысуымен, оларды жоғары сапада, әлемдік деңгейде тамашалау мүмкіндігі туды. Мәселен, «Қазақстанда интернет қолданушыларының қатары қарқындап өсіп келеді. 2000 жылдан 2003 жыл аралығындағы кезеңде оның саны жыл сайын 200%-ға артқан. 2000 жылдан 2009 жыл аралығында Қазақстандағы интернет қолданушылар саны 70 мыңнан 2,3 млн адамға дейін көбейген (30 есеге артқан). ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің мәліметі бойынша 2011 жылдың басында елімізде интернет қолданушылардың саны 4 млн 300 мың болса, ал 2011 жылдың соңында интернет қолданушылар 6,7 млн жеткен. Республикада 24 мемлекеттік интернет ресурс жұмыс істейді (6). 2012 жылдың басында Қазақстандағы интернет қолданушылар саны 8,7 млн адам деп есептелген, бұл халық санының 50% (республикада 16,8 млн тұрғын бар)» [124]. Осы дәйектерге сүйене отырып, қазақстандағы желілік, яғни интернет жүйесінің дамуы жоғары деңгейде деуге толық негіз бар.

Заманауи контент ұсынуда отандық арналар кей жағдайларда бәсекелестікке түсіп, контентін сан және сапа жағынан арттыруға беделді. Сериалдық өнімдер артып, олардың таратылымы отандық арналардың көлемінен шығып, кей жағдайларда шетелдік сатылымға шығып жатыр. Яғни бұл отандық өнімнің белгілі бір деңгейде әлемдік стандарттарға сай өнім жасауда оңтайлы нәтиже көрсеткені. Сонымен қоса, эксклюзивті құқықтарға ие болған шетелдік алып медиа компаниялар Қазақстанда өткен шараларды жергілікті техникалық қамтамасыздандырудан еш кемшілік көрген жоқ. Сол шараларға жоғарыда аталған «Tour de Almaty» мен «Tour de Astana», «Универсияда - 2017», «Азияда - 2017» спорттық шаралары.

Қайта құрылған «Ел Арна» арнасының ашылуымен отандық кино және сериалдық өнімдер екінші демге ие болып, қайта жаңғыруға мүмкіндік алды. Үлкен кинотеатрлық көрсетілімнен тыс қалған туындылар көрермен назарына ілігуге мүмкіндік алды. Көптеген кино майталмандар туындыларын көпшілікке ұсына алды. Бұл да бір үлкен жетістік. Бір жағынан бұл құбылыс телеарналар арасындағы бәсекелестікке себепші болды. Тұтынушылар бүгінде қалаған контентін тұтыну үшін белгілі бір деңгейде қалыптасқан платформаларға ие болды. Алайда, жоғарыда атап өткендей бұл «дәстүрлі» телевизиялық платформа. Ұлттық контентті дамытуда «Ел арна» телеарнасы үлкен еңбек атқарып келеді.

Таратылым жүйесі кабельдік сигнал тарату операторларына тікелей тәуелді. Яғни тұтынушы алдында таңдау шектеулі, әрі заманауи тенденциялардан тыс қалған. Әлемдік тәжірибеде тұтынушылар алдында таңдаулар едәуір көп. Тұтынушылар қалаған контентін сан алуан кабельдік операторлар мен интернет желісі ұсынған платформалардан таңдай алады. Осы орайда отандық платформалардың дамуы мен жетістіктері белгілі бір кемшіліктермен тұтас келеді. Оларға негізгі факторлардың үш түрін жатқызуға болады.

1. Эфирлік дүниелерді таратушы операторлардың сан жағынан шектеулілігі.

2. Аймақтардың қажетті деңгейде заманауи байланыс жүйелерімен толыққанды қамтамасыз етілмеуі. Бұл жерде интернет жүйесінің республикамыздың шалғай аудандарына әлі де болса қажетті деңгейде жете қоймағандығы эфирлік дүниелердің тұтынуына кедергі тудыруда.

3. Тұтынушы қауымының аздығы да белгілі бір кедергілерге себеп. Себебі, жаңа платформалардың пайда болуына көптеген жағдайда кең ауқымды аудиторияның болғаны негізгі шарттарының бірі болып есептеледі.

Алайда барлығы жоғарыда айтылғандай тек даму тенденциясында болған жоқ. Егемендік алып, эфирдің таратылуы ендігі кеңестік үлгіден демократиялық үлгіге көше бастаған кезеңде, яғни өткен ғасырдың 90-шы жылдардың басында телевизия және жалпы БАҚ белгілі бір қиындықтарға тап болды. Телевизиялық өнімнің өзгешеленуі жаңашылықты талап етті. Көрермендер жаңа саяси бағыттағы бағдарламаларды күтті.

Егеменді елдің эфирі қандай эфирлік дүниелер ұсынбақ, демократиялық бағыт көрермендерге ұсынатын контенті қандай болмақ? Осы және өзге де сұрақтар көрермендер көкейінде, ал тележурналисттер мен БАҚ өкілдерінің басты мақсаты ретінде алдарында тұрды. Қалыптасқан телевизиялық контенттен көрермендердің назарын өзге, түсінігі әлі қалыптаса қоймаған бағытта ұсынылмақ контенттің мазмұны көрермендер түгілі журналисттердің өздеріне де беймәлім болды. Дегенмен, мақсат қойылды. Келесі ретте тез арада жаңа үлгідегі эфир ұсыну қажет болды. Осы және өзге де жағдайлар БАҚ өкілдері алдында тең жағдайда сәтті де, сәтсіз жобалар жасауға әкеліп соқтырды. Даму үдерісі кемшіліктермен етене қалыптасты. Елдегі қоғамдық және саяси даму эфирлік тарату жүйесінде де қалыптасуды қажет етті.

Сонымен қатар, жаңа бағыт пен терминдердің түсініктемесі эфир бетінен ізделді. Мәселен, нарықтық экономика, демократия, егемендік, тәуелсіздік, зайырлы, т.с.с жаңа терминдер мен түсініктер халқымыз үшін тек сөз ретінде емес, іс-әрекет нәтижесінде бейнелі түрде көріністі қажет етті. Телевизиялық индустрия осы бағытта ағартушылық қызметке көшті. Осы ретте эфирлік дүниелер келесі бір қиындықтарға тап болды: «Нарық қатынастары кезеңінде тележурналистика хабарларының сапасы төмен, әрі онда ой тереңдігі мен күрескерлік қасиет жетіспей жатты. Демек, теледидар хабарларында елеулі мәселелер барар жеріне жеткізілмеді, сюжеттерде сараптау аз байқалды. Мәселені шешудің жолдары, әдіс-амалдары сараланбай, көрерменге қанық, дәлелді пікірлер ұсынылмады. Себебі, оларда сарапшылдық, нарықтық қатынастардың заңдылықтарын, қыр-сырын (мәселен, маркетинг, менеджмент, жарнама, т.б) білу жағы төмен еді. Нарықтық қатынастар жүйесіне байланысты олардың ауызекі айтылатын, экраннан көрсетілетін материалдарында жалпыламалық басымдылық танытты. Сондықтан тележурналисттер мәселенің астарына терең үңіліп, қазіргі нарықтық қатынастардың қыр-сырын, кәсіпкерліктің мән-маңызын білмегендіктен ол мәселелерге кең түрде бара алмады. Сөйтіп, кеңестік жүйеден бөлек, жаңа қоғамдық құрылыс БАҚ-тың алдына тың міндеттер қойды» [110, 190 б.]. Яғни, нарық қатынастары

телевизиялық өнімді тұтынушылардың жаңа формациясын қалыптастырды. Ұлттық бағыттағы бағдарламалар нарықтық, экономикалық, саяси және қайта жаңғыру бағытындағы бағдарламаларға ауысты. Өз күнін өздері көруге мәжбүр арналар қаражат табу мақсатында эфирлік уақыттарын жарнамаларға толтыруға бет бұрды. Сонымен қатар контенттің басым көпшілігі көрермендердің экономикалық және құқықтық сауаттылыққа бағыттады.

1990-2000 жж. аясында сырттан кино және видео өнімдер отандық арналарға көп мөлшерде келіп жатты. Бұрын соңды ондай дүниелер көрермендер тез әуестеніп, негізгі сұраныстарға сондай өнімдер ие бола бастады. Яғни, отандық арналар өзіндік заманауи контент ұсынудан гөрі, көрермендерге шетелдік өнімдерді тұтынуға мәжбүрледі. Жаңа формациядағы көрермендердің саналуан контентті тұтынуға жолдары ашылды. Шетелдік өнімдер отандық өнімдерге белгілі деңгейде қиындықтар туғызды. Алайда, көптеген ұлттық контентті дамытуға кері әсерін тигізіп те жатты.

Заманауи тенденцияларға сай өнім шығару отандық арналардың сол кездегі басты мақсаттарына айналса, шетелдік өнімдер сол тенденцияға түсуге бағыт көрсетті. Дегенмен, әлі де отандық арналарда бірінғай бағытта жасалған ұлттық контентке толы арналар ашыла қоймады.

Отандық арналардың сол кездегі негізгі кемшіліктерінің бірі, бір арна көлемін мейлінше көптеген, түрлі контентке толтыру болды. Соған қоса арналар өз эфирлерінен көрермендерді қатты қызықтырған шетелдік фильмдер мен бағдарламаларды көрсетуге тырысты. Алайда, көрермендерді қызықтыру мен қатар, жалықтырып жіберген жайттары кездесті. Мәселен, бір арнадан көрсетілген фильм немесе бағдарлама көп ұзамай өзге отандық арналардан көрсетіліп жатты. Нәтижесінде көрермендер бірінғай қайталанған өнімдерден тез жалыға бастады. Сол себептен арналардың рейтингтік көрсеткіштері төмендей бастады. Жобалардың басым бөлігі, танымал шоулардың аналогтары. Сондықтан, Қазақстандағы рейтингі жоғары бағдарламалардың барлығы шетелдік, отандық өнім тек - жаңалықтар.

Көрермен назары мен рейтингтік көрсеткіштер арналарды бір бірімен бәсекелестікке түсуге әкеп соқтырды. Бірақ та отандық арналар отандық контент ұсынудың орнына шетелдік өнімдерді алғаш болып көрсету таласына түседі. Соның салдарынан ұлттық контент әлсірей бастады. Тіпті жойылу қаупі туындады.

Нарықтық қатынастар орнау мен қатар эфирдегі жарнамалардың үлесі арта бастады. Еліміздің кейбір аймақтарында жарнамалар арнайы блок түрінде шығып, шамамен 30 минуттай уақыт шеңберінде жүрді. Бұны да бір контент есебінде қарастыруға болады. Себебі, мақсаты айқын, мазмұны тұтас, эфирде көлемді уақыт алып отыр.

Шетелдік өнімдерді ұсынумен алысқа бармайтынын дер кезінде түсінген кейбір арналар өзіндік ішкі өнімдерін жасай бастады. Кеңестік дәуірден қалыптасып қалған бағдарламалар үлгісіндегі хабарлармен қатар арналар ішкі сұранысты қанағаттандыратын өнім жасай бастады. Сондай бағдарламалардың алғашқылары болып С. Аббас-шах ұсынған «Хабар» арнасының өнімдері болды. Бұрын соңды көрмеген жаңа форматтағы бағдарламалар тез арада үлкен

сұранысқа ие болып, «Хабар» арнасының өзге отандық арналар арасында беделі аз уақыт ішінде жоғарылай түсті. Өзге де арналар эфирлерін «құттықтау», портрет, ұлттық ойындар, әндер мен күйлерге арналған бағдарламалар ашып, қазақ телевизиясында ұлттық контенттің дамуына өзіндік үлесін қосты.

Саяси, нарықтық, құқықтық бағдарламалардың үлесі азайя берді. Олардың орнын рухани қазынамызға бағытталған бағдарламалар ашылып, кейбір арналардың негізгі эфирлік уақытын қамтыды. Солардың бірі, әрі алғашқысы болып «Қазақстан - 1» арнасы болды. Төл өнерімізді, ұлттық санамызды, рухани қазынамызды қайта жаңғыртуға бағытталған арнаның жолы көптеген жаңалықтарға толы болды. Техникалық базасын да ең алғашқы болып жаңартқан да осы арна болды. Ұлттық өнеріміз - айтыс өнерін эфир биігіне көтеріп, бүкіл қазақстан аумағында көптеген жанкүйерлер жинап, сол уақытқа сай «фанбазасын» қалыптастырды. «Аманат» атты ұлттық өнерімізге арналған С. Қалиевтың авторлық бағдарламалары төл өнерімізді жаңғыртумен қатар, тарих парақтарына көз жүгіртті. Аймақтарға кең тараған арналардың көшін бастаған «Хабар» және «Қазақстан-1» арналары басым көпшілігін құраған этникалық көрермендерді толықтай қажетті ұлттық контентпен қамтамасыз етті. Сол уақытқа сай заманауи, әрі маңызды дүниелер ұсына алды. Қазақстандық эфир кеңістігі ХХ аяғында түрлі жанрлардағы бағдарламалар мен сануалуан тақырыптарды қозғаған өнімдерге толы болды. Ал ХХІ ғасыр елімізде телевизиялық кеңістікті қалыптастырып қана қоймай, олардың контентін ұлттық нақыштағы бағдарламалармен толықтыра алды. Мазмұны да, бағдары да рухани құндылықтарымызды жаңғыртуға бағытталған, ұлттық контент негізінде отандық арналар көптеп ашыла бастады. Бұл Тәуелсіз Қазақстан тарихында бұрын-соңды болмаған ерекше құбылыс болды.

3.3 Жаһандану процесіндегі отандық телеконтенттің тақырыптық-мазмұндық даму перспективалары

Саналуан телевизиялық өнімдердің арасында жанрлық бағдарламалар, сериалдар, деректі фильмдер, концерттер, жаңалықтар көптеп кездеседі. Таңдау құқығына ие телекөрермендер жаһандық технологиялардың қолжетімділігі нәтижесінде түрлі контенттерді игере алады. Оның ішінде әлемдік өнімдермен қоса отандық өнімдер бар. Алайда, қазақстан телекөрермендері заманауи үрдістерге сай дамуда. Бұл жерде автор әлемдік үрдіске сай отандық эфир кеңістігінде экрандық өнімдердің, соның ішінде телевизиялық өнімдердің, жалпы телеиндустрияның заманауи үлгісіне сай ілгері жылжу қажеттілігін зерттеу нәтижесінде тұжырымдама келтіреді. Яғни, технологиялық прогресс тенденциясы оған қатысты кез келген дүниелерді жаңа трансформацияларға ұшыратып, жаңа сипаттамаға сай болуын қамтамасыз етеді. Телевизиялық индустрия сол өзгерістерге ұшырауда.

Қазақ телевизиясы ХХІ ғасырдың жартысына дейін қайта жаңғыруы қажет. Бұл уақыт талабы және руханият деңгейіндегі ұлттық мүдде. Экрандық саладағы жаңа бағыттардың пайда болуы мен телевизиялық контенттің артуы дәстүрлі телевизиялық тенденцияларды қайта қарастыруға мәжбүрледі. Бүгінгі

калыптасқан үрдіс саналуан трансформациялардың салдарынан өзіндік анықтамаға ие идентификациялық сипатынан айырылды. Бұған дәлел бірінен біріне жағаласып, араласып, қажетті-қажетсіз кірісіп жатқан жанрлық, мазмұндық, этикалық, этникалық және эстетикалық түрлендірулер. Әлем телевизиясының көшбасшылары ондаған жылдар бойы қалыптастырған үрдісін бүгінде Қазақ телевизиясында үлгілі көрінісін таппай жатыр. Керісінше, отандық арналар қалыптасқан үрдіс көлемінен шыға алмай, бір арна көлемінде бірнеше жанрдағы, түрлі бағыттағы, бірімен-бірі ұштаспайтын контент ұсынуда. Бұл үрдіс Қазақстан аумағында егемендік алғаннан кейінгі телевизияның, алғаш пайда болған сәтінен бастау алды. Телевизиялық сигнал тарағалы оның эфирлік уақыты да ұлғая түсті. Бір тәуліктің жартысынан көп уақыт трансляция жүргізу қажеттілігі артты. Көрермендер тарапынан да үлкен сұранысқа ие болды. Сол себептен, отандық тұңғыш телеарналар өз эфирлік уақыттарын белгілі бір контентпен толықтыруға мәжбүр болды. Оған қоса айтылмаған тақырыптар, ашылмаған тың дүниелер де өз көрініс табуға тырысты. Оның үстіне жаңа сала көптеген кәсіби мамандардың келуімен жаңа экрандық тілді - «журналистік тілді» игеруге тырысты. Жаңадан келген шығармашылық топтар бағдарлама тақырыптарын ашуда барлық білімдері мен тәжірибелерін шыңдады. Осы және өзге де көптеген факторлар алғашында қазақ телевизиясында бір арна көлемінде бір - бірінен қатты ерекшеленетін бағдарламалар мен контентін құрады.

XX ғасырдың 60-70 жылдары қазақстан аумағында негізгі арна есебінде бір ғана «Қазақ телевизиясы» болса, сол арнаның бірнеше өндірістік-шығармашылық бөлімдері болды. «Мәдени-танымдық», «спорттық», «балалар редакциясы» және т.б. шығармашылықтар топтардан құрылды. Алайда, бұл саналуан бөлімдердің өзіне тән ерекше контент даярлағанымен шығармашылық мамандық иелері, яғни кәсіби режиссерлар саны сол құрлым көп болған жоқ.

Тіпті, қазақ телевизиясының алғаш құрылған сәттерінде режиссер мамандары тапшы болғаны анық. Ал «қолда бар» режиссерлар алғашында бір арна көлемінде бірнеше контентке жауапты екені келесі деректен мәлім: «Алғашқыда жастар бағдарламасының бас редакциясы «Құрдастарда», кейін «Ровесникіде» істеген жылдары «Бәрін білгім келеді (ББК)», «Ерден атаның ертегілері», «Сенің кітап сөреңде», «РОМБ», жастардың конкурстық хабарлары «Пай-пай - жиырма бес», «Мың да бір рахмет» секілді сан алуан жанрлардағы телехабарларды экранда ойнатып та, ойлантып та бере білді. Студияның әрекет орны екенін терең сезінген режиссер, бір мезілде экрандағы «сөз сиқырын» да түрлендіріп әрі түлете отырып, оны көрермен ынтығатындай жағдайға дейін алып келіп, қаунауы әбден піскен сәтте ғана экранға ұсынып отырды. Режиссердың әрбір телехабар төңірегіндегі дербес пайымы, өзіндік ой түзуі, қойылым әлемін өз интеллектуалы тұрғысынан талдап-таразылауы да оның тың ізденістегі «өзіндік менін» танытты» [38, 157 б.]. Осы деректер нәтижесінде отандық арналарда кәсіби мамандардың өз кезеңінде белгілі бір тапшылыққа тап болғанын және сондай мәселелердің өзекті болғанын аңғарамыз.

Кабельдік, интернет, спутниктік, аналогтық арналардың саны өте аз, ал сапасы сын көтермейді.

Сын тұрғысынан қарастырғанда Қазақстан аумағындағы эфирлік кеңістік сапасыз сипатқа ие. Бұл үрдіс көрермендердің көлемін арттырудың орнына, керісінше көрермендердің қызығушылықтарын өзінен алшақтатуда. Әлемдік үрдіске сай, бағыт әрбір арна өзіне тиесілі контентпен қалыптасуы қажет. Ал, бүгінгі қазақ телевизиясындағы жағдай әлемдік телевизия кеңістігіндегі жағдайға қарама-қайшы бағытта жалғасып келеді. Сол себептен, көптеген қиындықтарға ұрынып, құнын жоғалтуда. Айшықты орнын айқындай алмауда. Автор зерттеу барысында әлемдік деңгейдегі экрандық салаға шолу жасап, сол телевизиялық индустрияның бағытын зерделейді. Нәтижесінде отандық эфирлік кеңістігіміздің бүгінгі жағдайы анықталды. Көптеген түрлендірулерге ұшыраған отандық экрандық өнердің перспективалық бағытына теориялық тұжырымдамалар ұсынады. Мәселен:

- Эcranдық өнердің дәстүрлі эфир толқындарының таралуына жеңіл де, жылдам технологиялық өзгерістердің оңтайлы әсері жайлы көптеген дәлелдер келтіріліп, ғылыми баспаларға сілтемелер жасалды.

- Жаһандану үдерісінің әлем телевизиясын және толықтай экрандық өнердің жаңа таралу жүйесіне көшкендігі аңғарылды.

- Әлемдік баспалардан дәлелдер келтірілді.

- Салыстырмалы түрде отандық эфир кеңістігі мен әлемдік эфир үрдістері қарастырылды.

- Отандық телевизиялық саланың прогрессивтік шкаласы келтіріліп, тарихи шолу мен даму бағыттары айқындалды.

Жоғарыда аталған стримингтік сервистердің соңғы жылдары көптеп пайда болуы әлемдік технологиялық жаһанданудың контекстінде қалыпты жағдай. Себебі, бір бағытты контенттік арналар интернет жүйесінің келгенімен, жүйелі түрде реттелмеген. Интернет жүйесі бұл процестерге тек серпін берумен, таралу кеңістігін кеңейтумен шектелді.

Біріңғай контенттік арналарға жоғарыда аты аталған National Geographic, Discovery Channel, CNN, CBS, Nickelodeon, TV 1000, Россия Культура және т.б. арналар кіреді. Осы ретте бұл арналардың сипатын анықтау мақсатында екі категорияға бөлуге болады. Біріншісі: бұл арналар контенттің біріңғай бағытта құрылған өнімдерге негіздеген. Екіншіден: аудиториялық ауқымдылықты кеңейту және тарату жүйесін кабелдік тарату жүйесі арқылы атқарады. Алайда, бұл категориялар бүгінде тағы біреуге көбейді. Ол - интернет желісі. Кабельдік провайдерлерге қарағанда сапасы жағынан едәуір басымдылыққа ие интернет арналардың провайдерлері техникалық артықшылыққа ие. Тарату жылдамдығы оптикалық сымдардың тез өткізгіштігінің нәтижесінде тұтынушыларға бейне рұқсаты (разрешение) өте жоғары және де Smart TV жүктемелері орнатылған теледидарлардың мүмкіншіліктерін толықтай пайдалануға мүмкіндік туғызуда.

Қазақстан аумағындағы кабелдік тарату жүйесі сияқты, эфирлік тарату жүйесі мәселелерін автор зерттеу жұмысының алғы тарауларында көтеріп, оларға анықтама береді.

Тарату жүйесін кеңейтуден бөлек тұрған маңызды мәселе ол - контенттік мазмұн. Оны қалыптастыру және оның шығармашылық, техникалық аспектілерін автор зерттеу жұмысының өзекті мәселелеріне айналдырып,

жоғарғы тарауларда зерттеп, зерделеп, белгілі бір теориялық тұжырымдалар келтіреді. Оған қоса, бұл қозғалып жатқан мәселелер тек автордың ғана пікірінен келтіріліп қойылмады.

Бүгінгі республикамыздағы әлеуметтік жағдайлар, автор ұсынып отырған прогрессивті тұжырымдамаларды тек субъективті пікір тұрғысынан қараудан бөлек, мемлекеттік маңызы бар мәселелердің деңгейіне дейін көтеріп отыр. Автор бұған дәлел ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 183 қаулысымен бекітілген Ақпарат саласын дамытудың 2020 – 2022 жылдарға арналған ұлттық жоспарын келтіреді [125]. Бұл қаулыда өзекті мәселелерге мемлекет тарапынан аса үлкен мән беріліп отыр.

Мәселен, Ұлттық ақпарат саласындағы жоспардың бекітілуі. Яғни, үкімет бекітіп отырған қаулыда ақпараттық саламыздың сапасын арттыру мақсатында нақты, әрі жүйелі жоспарды құру және оны орындау. Республикамыздың Премьер - министрі жеке бақылауына алып отырғаны, бұл саланың маңыздылығын айқындап отыр. Зерттеу жұмысы барысында аталған контент, интернеттік телевизия, рейтинг және т.б. терминдердің жоғарғы деңгейдегі маңызға ие екендігі айқындалады. Сараптау нәтижесінде «рейтинг» термині отандық арналарлағы контенттік өнімдердің сапасына және мазмұнына әсері бар екені анықталды. Телевизиялық өнімнің дәрежесі оның рейтингтік көрсеткішімен есептеледі. Көрсеткіштер тарапынан қандай сұранысқа ие екенін көрсетеді. Рейтингке байланысты арналардағы жарнаманың саны мен құны бекітіледі. Алайда, рейтингтік көрсеткіш телевизиялық өнімнің жоғары сапалы дүние екенін айқындамайды.

Рейтинг бағдарламаның мазмұнына және көбіне оның актуалдылығына байланысты әсерлі өлшеуіш құралы болып келеді. Оған қоса техникалық жабдықталудың жоғары дәрежесін талап етпейді. Өте жоғары деңгейдегі техникалық жабдықталған студия немесе қойылымдық түсіріліммен қатар, қарапайым түсіру құралдарымен теңдей түсірілім жүргізуге болады. Айқын дәлел ретінде Youtube әлеуметтік желісіндегі блогерлердің және өзге де арналардың өнімдерін келтіруге болады.

Бұндай әлеуметтік желілерде рейтингтік өлшеушінің аналогтары қолданылады. Мәселен, әрбір өнім немесе жариялауға қойылған «лайк» не, «дизлайк» батырмалары. Мысалы, Youtube әлеуметтік желісінде көрсеткіштердің сұранысын анықтау алгоритмдері телевизиялық өнімдердің өлшеу алгоритмдерінен өзгеше. Youtube әлеуметтік желісі саясатына байланысты. Телевизиялық рейтингтік көрсеткіш нәтижесінде туындайтын қаржылық табыс әлеуметтік желілер мен интернет жүйесін пайдаланатын экрандық көрсету сервистерінде өзіндік жүйеге ие. Мәселен, Youtube әлеуметтік желісіндегі «монетизация», Youtube бекіткен ішкі саясат негізінде жүзеге асады. Сонымен, рейтинг термині анықтамасы - оның қолдану аймағына байланысты ерекше сипатқа ие болады. Көрсеткіштер қызығушылығы көрсеткіші - индикаторы. Және қаржылық табыс көзі екені анықталды.

Контент терминіне сипаттас ұғымдарға телевизиялық бағдарламалар, баспа құралдарындағы мақалалар, кино өндірістегі фильмдер жатады. Интернет

желісі арқылы кеңінен таралып жатқан Netflix стримингтік сервисі және осы сипаттас өзге де интернеттік аудио-визуалды өнім ұсынатын платформалардың барлығы белгілі бір сипатқа және көлемге сай контенттен тұрады. Отандық арналардағы контент мәселелерінің өзектілігі олардың саны мен сипатында. Және олардың таралуының жүйесіздігінде. «Ұлттық жоспар» келтірілген Үкіметтік қаулыда осы айтылған мәселелердің шешімі мен жүйелендірілуі келтірілген. Бұл қаулы негізінде арналар болашақта нақты бағытта дамып, контенттік бағдарларын анықтайды.

«Ұлттық жоспар» қаулысы отандық медиа өндірістің өсу қарқынын зерттеу нәтижесінде келесі тұжырымдамалар жасайды: ең алдымен ол - сараптама.

Отандық медиа кеңістігіне қатысты толықтырулар мен өзгертулер енгізбес бұрын, оның барлық қырларын зерттеу қажет. Сол себептен орын алған өзекті мәселелер ең әуелі сараптамалық анықтамалардан өту қажет. Сараптамалар нәтижесінде отанымызда 3600 БАҚ бар. Бұл көрсеткіш отандық БАҚ-тың оңтайлы дамуының бірден бір көрсеткіші.

Қаулының бұл зерттеу жұмысына қатысты - телевизия және интернет ресурстарының жүйесін отандық мүддеге жұмылдыру. Оның заңнамалық - құқықтық мүддесін қорғау болып табылады.

БАҚ-тың ішінде кең таралған түрі ол - телевизия. Атап өтілгендей, отандық медиа кеңістігінде телевизияның басымдылығы оның аймақтық қолжетілімдігінде. Оның өзге формалары эфирлік тарату жүйелерінде, интернет арналарда, стримингтік платформаларда өз тауашасын тапты. Дегенмен, олардың бәсекелестік ортасы толыққанды дамымаған. Себебі арналар өз ара бәсекеге түсуі рейтинг көрсеткішінің бір ғана ресми сараптама жасайтын жалғыз ғана ұйым бар. Бұл жүйе рейтингтік көрсеткіштің шынайы көрсеткіш бермейтінін аңғартады. Осы тұста отандық экрандық салалар бірінші ретте контентінің мазмұнымен, сапасымен және нарықтық бәсекеге түсуі нәтижесінде анықталу қажет. Алайда, көрсеткіш нәтижелері коммерциялық арналарға жарнамалық өнімдерді реттеуге қатысты. Ал рухани құндылықтар мен мемлекеттік мүддеге қатысты экрандық өнімдер мен арналар, контентінің өзіне тән, белгілі бір бағытта негізделіп, жасалуы керек. Бұл факторларға қатысты зерттеу жұмысы қаулының телевизиямен байланысты мәселелердің келесі тұжырымдамаларын келтіреді:

1. Контент сапасы. Отандық телеарналардағы контент сапасы әлі де бәсекелестік ортаның шектеулігі мен продакш - студиялар даму деңгейінің төмендігімен айқындалады.

2. Аймақтық арналардың бәсекеге қабылетсіздігі.

3. Өлшеу тиімділігінің медиа өлшем жүйесінің жоқтығы.

Телевизиялық арналардың көбейуі олардың тақырыптарға сай, саяси бағдарларға сай, көрермендік сұраныстарға сай іріктеліп, жіктелуіне әкеліп соқты. Бұдан туындайтын мәселе олардың ерекшеліктерін айшықтап, тауашаларға бөлу, сол арқылы тұтынушы ауқымын ұлғайтып, бағытына сай контент даярлау. «Жоғарыда аталып өткен стримингтік платформалардың сәттілігін ескере отырып, Netflix пен Amazon көрермендерге өздерінің

оригиналды контенттерін екі есеге ұлғайту мақсаттарына таң қалуға болмайды. Ampere Analysis зерттеулеріне сәйкес, Netflix қазіргі таңда өзінің жарық көрген 229 контенттеріне тағы 250 контент қосуды жоспарлап отыр. Дәл сондай бағытта Amazon платформасы жобамен 105 контентіне тағы 100-ге жуық проектілер қоспақ» [126]. Мәселен, осы күнде Netflix және Amazon Prime тұрақты тұтынушылар санын екі есеге ұлғайтпақ. Яғни, контентке көрермендер тарапынан сұраныс артып бара жатқандығы аңғарылады.

Автор өзінің «әлемдік телеарналардағы заманауи тенденциялардың қалыптасуы» атты мақаласында әйгілі Netflix және Amazon секілді стримингтік платформаларға анықтама береді. Мәселен, Рид Хастингс пен Марк Рэндольф 1997 құрған Netflix компаниясы «бүгінде әлемнің 130 мемлекетіне тарайды. Көрермендер саны 50 миллионнан асады» [127]. Бұл жерде автор стримингтік платформалардың қарқынды дамығанын осы деректер негізінде дәлелдейді.

Заманауи контент дамуы ең алдымен бүгінде орналасу кеңістігін дәстүрлі платформалар мен тарату жүйесінен ауыстырды. Нәтижесінде контент мазмұнының заманауи өнімдер сұранысына сай трансформацияланды. Интернет платформалар өз ретінде эфирлік нарықты зерттей келе, өз кеңістігіне ие бола бастады. Алғашқылардың бірі болып Netflix қалыптасты. Netflix дәстүрлі видео прокат жүйесінің цифрланған нұсқасы ретінде қалыптасты. Алайда, бұл платформа сынды жаңадан ашылып бастаған платформаларда телевизиялық контентке ұқсас өнімдер табылмады. Бұл орайда контенттік трансформациялаудың өзекті бағытын аңғаруға болады. Негізгі бағыт кино және сериалдық өнімдерге ауысты. Бұл бағыт тек біріңғай контенттерден тұрғандықтан өзіндік арна есебінде қалыптасты. Яғни, стримингтік платформалар ежелден қалыптасқан телевизиялық дәстүрге сай поликонтенттік трансляциялардан моноконтенттік трансляцияларға көшті. Біріңғай форматтағы және мазмұндағы контенттен құрылған арналар бүгінде біріңғай контенттен құрылған өнімдер ұсынуда. Алайда, бұл тенденция өзге форматтағы контенттің жойылуына әкеліп соқпады. Керісінше, эфирлік кеңістік стримингтік платформаларға кеңейді. Стримингтік платформалар кең етек жайды. Әр платформа бағытына сай контент ұсынумен айналыса бастады. Мысалы, спорттық контенттен тұратын платформалар тек спортқа қатысты контент жасақтады. Жаңалықтарға негізделген платформалар тек жаңалықтар мен ақпараттық бағдарламалардан тұратын контент ұсынды. Бірақ, контент көлемі мен платформалардың саны жағынан кино және сериалдық контенттен тұратын стримингтік сервистер басым.

«Объективті түрде кез келген мультимедиалық жүйе коммуникация құралын сипаттайды, және технологиялардың дамуымен өз міндеттерін орындауда қуаты артып келеді. Адресатқа дейін жету мүмкіндігі, мектеп оқушыларынан бастап зейнеткерлерге дейін ең кең ауқымды аудиторияны қамту, көрнекілік тұрғысында айшықты құралдар, жаңа аудиовизуалды құралдар мен интерактивтілікті қолдана отырып, спецификалық көркемдікті құра білу – орасан күштің әсерлі ортасын байқатады. Мультимедиа өнердің дәстүрлі түрлерінен жекелеген тұлғаға және қоғамға әсер етуі арқылы ерекшеленеді. Осы тұрғыда мультимедиалық жүйе жалпы мәдениеттің бөлігі,

сондай-ақ мәдениеттің ерекше түрі болып саналады. Мультимедиялық құралдар мен олардың технологиялық ерекшеліктері заманауи өркениет пен мәдениеттің заманауи қырларының бірін құрайды» [128]. Автор осы пікірге келісе отырып, цифрлық, интернеттік, мультимедиялық құралдардың қазіргі таңда өзекті мәселерге айналғанын және нәтижелі эффектіге жеткендігін өз зерттеуінде ашып көрсетеді.

Қазіргі таңда қазақстан эфирлік кеңістігінде сан-алуан арналардың көп болуы тауашалық арналарға ұласты. Бұл жаңаша термин бар құрылымды жүйелендіру мақсатында жасалды. Тұтынушы - көрермендерде өз талғамына сай контент тұтыну мүмкіндігі пайда болды. Мәселен, деректі фильмдерді ұнататын көрермен National Geographic, Discovery channel, History сынды арналарды ешбір өзге тақырыптағы бағдарламалардың, не кино өнімдерінің араласуынсыз тамашалай алады.

Жарнамалық өнімдердің жариялануы да тауашалық арналардың көмегімен өз тұтынушыларына бір қадам жақын бола алады. Мәселен, деректі фильмдер арналарына саяхаттаушы тауарларын ұсынатын, немесе, ғылыми - оқу жабдық құралдарын саудалайтын өндіруші тұтынушыларына актуалды бағдарлама аясында өз жарнамасын орната алады. Сол арқылы оңтайлы нәтижелерге ие болады. Кез келген эфирлік кеңістікте қалыптасқан тауашалық арналардың пайда болуы ұзақ уақыт нәтижесінде туындаған заман талабы.

Отандық тауашалық арналардың бірі, әрі соңғысы - «Абай ТВ» арнасы. Қазақ руханияты мен мәдениетін, дәстүрі мен өркениетін қалың көпшілікке көрсету мақсатында эфирге 2020 жылдың 30 мауысымынан бастап шығып жатыр. Аты айтып тұрғандай бағдарламаларының мазмұны да сондай салмақты дүниелерді көрсету көзделген. Контенттік мазмұны атауына сай. Ғұлама ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай атын иемденген телеарна отандық кабельдік және спутниктік арналарда таратыла бастады. Эфирлік таратылуы тек дәстүрлі телевизиялық платформада ғана емес, жеке сайтында және Youtube интернет желісінде жүзеге асып жатыр. «Музыка великой степи», «Үркер», «Сарасөз», «Вечные ценности», «Шебер» және т.б. бағдарламалардан тұратын телеарна бүгінгі таңда өзектілігі жағынан уақытылы қамтылып, қоғамдық сананы ағарту жолында нағыз берер пайдасы мол арналардың бірі.

Ұлттық медиа контенттің қалыптасуына едәуір үлес қосуда «Абай ТВ» арнасының маңызы өте зор. Қазақ телевизия тарихында осы тектес арналарды шолып өтетін болсақ, бұл форматтағы арналар өкінішке орай кездеспейді. 2012 жылы қазақстан экрандарында жарыққа шыққан жалғыз арна - «Мәдениет» арнасы ғана, мағынасы мен мазмұнына толықтай сай болған. Өкінішке орай ол арнаның дәуірі ұзаққа созылмады. Себебі, кез келген арнаның контенті атына сай тақырыпты бағдарламаларды ұсынып қана қоймай, сол контенттерді заманауи үрдістерге сай технологиялық жаңалықтармен толықтырған маңызды. Заманауи көрерменнің қабылдау реакциясы мен талғамы дәстүрлі өнер туындыларының темпі мен ритмі сияқты емес, өте шұғыл, әрі шапшаң. Дегенмен, бұл заманауи мәселелер. Ал, өзектілігі тұрғысынан, идеологиялық маңыздылығы жағынан осы тектес арналардың көптеп кездесуін автор қажет деп есептейді. Сонымен қатар, осы зерттеу жұмысында өзекті мәселелердің бірі

есебінде көтереді. Әрине, осындай арналардың ұзаққа бармауы мамандардың тапшылығы мен олардың кәсіби біліктілігінің төмендеуінде. Себебі, қазақстан арналары 60 жылдық тарихында үнемі даму үстінде. Әсіресе техникалық жабдықталуы бүгінде әлемдік ірі арналарының деңгейінде. Алайда, мамандардың кәсіби дамуы сәйкесінше дамуы соңғы онжылдықта керісінше төмендеуде. Жоғарыда аталған арналардың жабылуы секілді салдар осы тенденцияның белең алып бара жатқанының бір дәлелі. Өкінішке орай нақты дәлелдер кем де кем. Себебі, бұл өршіп тұрған мәселені зерттеу жұмыстары белгілі себептерге сай мүмкін болмай тұр. БАҚ қатысты кез келген ішкі тәртіп пен заңдылықтар ішкі саясаттарға байланысты жариялануы әзірше қатаң тыйым үстінде.

«Қазақы» бейнені эфирге кеңінен тарататын отандық телевизия көшбасшыларына «Қазақстан» Ұлттық арнасын, «Хабар» арнасын, сондай-ақ, «Мәдениет», «Kazakh TV» және жаңадан ашылған «Абай» арналарын атауға болады.

Ал жаһандық трендке келер болсақ: Әлемдік телевизия көшбасшыларына әлемге әйгілі BBC, NBC, CNN, HBO және тағы басқа алыптар жатады. Ғасыр шеңберінде қалыптасқан олар бүгінде негізгі телевизиялық тренд құраушы арналар. Сонымен қатар, әлемдік контент тұтынушылары көлемінен көш бастайды. «Соңғы он жылдықтарда хабар тарату технологияларының дамуы дүние жүзінде телеканал санының күрт өсуіне және әртараптандырылуына ықпал етті. Бұл процесс табиғи түрде әлемдік телеарналардың пайда болуына алып келді – салалық тақырыптарды қаузайттын хабар тарату желілері пайда болды. Олардың ең маңыздылары ақпараттық, ғылыми-көпшілік және ойын-сауық арналары болды (соның ішінде кинокөрсетілім де бар).

Жаһандық телевизиялық хабар тарату әлемнің барлық дерлік елдерін қамтып, мақсатты аудиторияны қалыптастыруға әсер етеді, көрерменді құндылықтарды, талғамы мен өмір салтына байланысты саралайды» [129, 72-б.]. Төменгі кестеде бүгінгі таңда тараған негізгі жаһандық және ірі аумақтық телеарналардың тізімі келтірілген.

Кесте 2

Ақпараттық	Ғылыми-танымдық	Ойын-сауық
Жаһандық әмбебап жаңалықтар арналары CNN International BBC World Bloomberg Euronews CNBC Спорттық арналар ESPN International Eurosport	National Geographic Discovery Channel Discovery Science Discovery Travel Animal Planet Natgeo Wild	Музыкалық арналар MTV VH-1 MEZZO Кинокөрсетілім арналары TV 1000 MGM Paramount Fox life

Өз кезегінде Қазақстан арналарының бүгінге қалыптасқан арналар тізімі келесі кестеде:

Кестенің жалғасы 2

Ақпараттық	Ғылыми-танымдық	Ойын-сауық
<p>Хабар 24 Atameken businnes Kazakh TV Спорттық арна Qazsport</p>		<p>Музыкалық арналар Gakku fm Toi duman Әмбебап арналар 7 арна Tamasha TV Dombura TV Hit TV 31 арна НТК Балаларға арналған Balapan TV</p>

Жоғарыда келтірілген кестеде отандық эфирлік кеңістікте арналардың контенті жанрлары мен бағыттарына қарай ерекшелене қоймаған. Басым көпшілігі ойын-сауық арналары болса, өзге жанрлардағы контент әмбебап арналардың құрамына кіретіні байқалады. Яғни, қазақстандық арналардың тақырыптарына қарай әлі күнге дейін бөліне қоймағандығы айқындалады. Бұдан түйетін нәтиже: отандық эфир тарату жүйесі технологиялық прогресті игере алмаған, жаһандық өзгерістерге қадам басқанымен толыққанды игерілмеген. Осы орайда отандық эфир кеңістігінен жоғалып кеткен тауашалық арналарды да атап өту өзекті. Себебі, ғылыми-танымдық арналардың тізімін бастаған жалғыз арна «Білім» арнасы толыққанды ғылымға негізделген болатын. Ал, өркениетіміз бен дәстүр негіздеріне арналған тұңғыш «Мәдениет» арнасы да бүгінде еш бір отандық арналар тізімінен табылмайды. Өкініштісі - екі арна да тауашалық арналардың алғашқылары болды. Өз контентін толықтай қалыптастырып, «Мәдениет» арнасы көптеген контенттік бағдарламаларды өзі өндіретін. Ал, «Білім» арнасы отандық білім салаларына қызмет атқарғанын ерекше атап өту маңызды. Екі арна кейіннен біріккенімен, өкінішке орай экран кеңістігінде эфирлерін сақтап қала алмады. Осы жағдайдың бірден бір себебі, отандық көрермендердің басым көпшілігі ойын-сауық бағдарламаларды тұтынады. Оған қосалқы себептің бірін әлеуметтік желілерді де қосуға болады. Ақпараттық заманда өсіп келе жатқан адамзат баласына қабылдауға жеңіл, есте сақтау қабілетін қажет ететпейтін контентті тұтыну қолайлы болып тұр. Алайда, бұл жерде көпшілік «масса» тұрғысында айтылып отыр. Ал, маңыздылық, құндылық тұрғысынан айтатын болсақ, отандық арналардың контентін қандай бағдарламалармен толықтыру қажеттілігі айқын.

Еліміз Тәуелсіздік алғалы, отандық масс-медиа кеңістігі көптеген өзгерістерге ұшырап, заман талабына сай қарыштап даму үстінде. Маркетингтік зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, телевизия – БАҚ-тың ең танымал түрі болып келсе, КТК телеарнасы көп көрілетін, рейтингі ең жоғары – 13,8% арна болып табылады. Сарапшылардың бағамынша, көрермендердің арасында ерекше сұранысқа ие ол – ресейлік телеарналар. Отандық арналарға ортақ проблема да осы. Телеарнадағы көрерменге ұсынылып отырған бағдарламалардың басым бөлігі шетелдік контент. Жалпылама статистикаға көз жүгіртсек, көрермендердің жанрлық талабы мен сұранысының басым бөлігі «телесериал» өнімі. Телесериал - контенттің ең қымбат түрі. Ресей теле нарығында тарихи сериалдың бір бөлімі шамамен 300 000 АҚШ долларын құрайды. Сериал өндіруден алдына жан салмайтын бауырлас Түрік елі, көршілес Ресей және көрерменге ыстық Корей елі болып табылады. Дәл осы үш мемлекеттің кино және телевизия саласы өндіріп отырған телесериалдар қазақстандық көрерменнің сұранысын өтеп қана қоймай, қызығушылығын арттыруда. Қазіргі таңда отандық арналар, шетелдік сериалдардан бас тартуда. Мақсаты, отандық телесериалдарды шығару, арттыру. Алайда, қазақстандық сериалдарға бөлінетін бюджет, шетелмен салыстырғанда 5 есе аз. Сол себепті, түрік немесе корей сериалдарымен бәсекелесу өте қиын. Телесериалдан кейінгі орындарды, ойын-сауық, ток-шоу, жаңалықтар, музыкалық бағдарламалар өзара бөлісіп алды. Дегенмен, көрерменге ұсынылып отырған контент, телеарнаның форматы мен аудиториясына да тікелей байланысты. Мысалға, НТК арнасының бағыты ойын сауық. Сол себепті бағдарламаларының 44% ойын-сауық бағдарламалары болса, қалған 33% сериалдар құрайды.

Еліміздің атын арқалаған, Qazaqstan телеарнасы керісінше отандық өнімге баса назар аударып, бағдарламаның барлық түрін ұсынады. Яғни, белгілі бір бағытта жұмыс жасамайды, көрерменге сан түрлі контентті таңдауға мүмкіншілік береді.

Шетелдік контент ұсынудың алғы шебінде «31 арна», «Астана» және «Еуразия» арналары тұр. Бұл телеарналар көрермендерге алыс-жақын шетелдік бағдарламалар мен сериалдарды ұсынуда. Осы тұста «31 арна» «Сети телевизионных станций», ал «Еуразия» арнасы «Бүкіл әлемдік желілер» «Первый канал» компанияларының сублицензиясына кіретінін ескере кету керек.

Жалпы телевизиялық контент, телеарнаның бет пердесі екені анық. Сол себепті әлемдік медиа магнаттар контентке аса мән беріп, оған орасан зор қаражат жұмсайды. Мысалыға Қытайдың Xiaomi компаниясы телевизиялық контент жасап шығаруға 1 млрд АҚШ доллар бөлген. Ал 2002 жылы Фалангунь белсенділері мемлекеттік бағдарламалардың орнына, өздерінің контентін жасап, телеарнаға шығарған. Қазіргі таңда Отандық телеарналар ренессанс кезіңінде. Оған себеп ғаламтор.

Көптеген ТМД елдері телеарналары әлемдік алып арналардың трансляция модельдеріне, телевизиялық контенттеріне сүйене отырып, хабар таратудағы заманауи трендті пайдалануға тырысады. Көптеген техникалық әдістер әлемдік алып арналарда алғашқы қолданысын тапты. Көптеген жанрлар да осы аты

әлемге әйгілі арналардың эфирлерінен тұңғыш көрініс тапқан. Ең соңғы үлгілерінен мәселен: «Выжить любой ценой», «Топ Гир», «Грязная работенка» сынды жанрлық дүниелер өзге елдердегі арналарда қайта жаңғырып, көптеген еліктеуші бағдарламалар пайда болып жатыр. Сондай тенденциялардың бір мысалы ретінде «Қазақстан» Ұлттық арнасындағы Discovery Channel арнасының «Выжить любой ценой» бағдарламасының көшірмесі «Табиғат аясында 24 сағат» бағдарламасын атауға болады.

Отандық медиа кеңістігіндегі осы тектес қайталаулар бір жағынан тиімді, алайда, кері әсер беретін тұстары да жоқ емес. Мәселен, шетелдік медиа контентті көшіру әлемдік деңгейдегі көрермендер тарапынан жоғары сұранысқа ие, нәтижесінде жоғары рейтингті көрсеткіш беретінінің кепілі. Сонымен қатар, жүйелі түрде өндірісі дайын контентті жасау едәуір жеңіл еді. Алайда кемшілік тұстары да бар. Мысалы, басты, әрі ең маңызды тұсы ол түпнұсқалы контенттің жоқтығы болып саналады.

Заманауи көзқараста қойылған міндетті шарттар жоқ. Жаһандану үдерісінде ондай ұғым біртіндеп келе жоғалып бара жатыр. Оған айқын дәлел ретінде отандық арналардағы телевизиялық форматтағы сериалдардың көптеп кездесуі. Ал, сериалдардың басым көпшілігі кино қойылымдар, кино түсірілімдері негізінде жасалған. Нәтижесінде көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп жатқан тұстары аңғарылады.

Кез келген үдеріс даму үстінде болғандықтан, Қазақстан экрандық саласы бұл жаһандық үрдістен тыс қалған жоқ. Оның бастамасы ретінде әлеуметтік желілердегі түрлі форматтардағы түсірілімдер мен видеолық топтамалар. Хаостық кейіпте орналасқан видеолар белгілі бір жүйеге топтастырылмаған. Яғни, бұл үрдіс дәл қазіргі уақытта қазақ интернет контенті алғашқы кадамдарын енді бастап келе жатқанын айқындайды. Цифрлық платформаларда дамып келе жатқан эфирлік контенттер өз – ара ерекшелену мақсатында түрлі әдістерге жүгінеді.

Эфирлік заңдылық қалыпты тарату жүйесінде болғандықтан уақытқа тәуелді болып келеді. Сол себептен, түрлі әдістер тек формалық сипатта ғана емес, уақыт кеңістігін ескерумен етене дамуда. Көпсалалы бір маманға сұраныстың өсуі бүгінгі күнгі заман талабы.

Жалпы қазақ телевизиясы тақырыбында зерттеушілердің тапшылығы мен зерттеу жұмыстарының аздығы отандық телевизияның ғылыми тұрғыда дамуына кері әсерін тигізуде. Сонымен қатар, тауашалық арналардың ғұмырының ұзақтығына өзіндік үлестерін қосуда.

Тауашалық арналардың жолында кездесетін келесі бір мәселе ол - эфирлік таралу. Эфирлік таралу жолдары зерттеу жұмысының басында бірнеше рет аталды. Оларға көрермен, яғни тұтынушының көру және есту қабілеттері арқылы (яғни, аудио-визуалды түрде) жүзеге асатын, экрандық көрсету жүйесі арқылы кез келген медиа платформадағы өнімдердің кабельдік, спутниктік, аналогтық, интернеттік және т.б. желілер арқылы таралатын жолдарды атаймыз. Эфирлік таралу жүйесі контенттік өнімдердің соңғы нүктесі - көрермендер назары.

Сонымен қатар, тауашалық арналардың эфирлік таралу кеңістігінде кездестіретін келесі бір мәселе - ол тұтынушылардың таңдау мүмкіндігі. Яғни, көрермендердің өндіруші ұсынып отырған контенттердің еркін түрде таңдау жасай алу мүмкіндігінде. Бұндай мүмкіндіктің ежелден келе жатқан бір формасы «анонс» немесе аңдатпа болатын. Көрермендер арнадағы болатын хабардың уақытын натқтылау үшін аңдатпаға жүгінетін. Оны баспасөз басылымдарынан немесе теледидардан телевизиялық дайджесттен ғана таба алатын. Бұл тәсіл өзіне тән қиындықтарға тап болды. Ондай қиындықтарға аңдатпаның жүретін уақытының көрермендерге белгісіз кезеңде өтуі. Бұл тұрғыда тарату жүйесі негізінде интернеттік желілерді пайдаланатын арналар даусыз артықшылықтарға ие. Мәселен, әлемге әйгілі Netflix сынды стримингтік платформаларды алатын болсақ, ондағы контент ешбір аңдатпаға тәуелді емес.

Ондай түсінік тіпті бұндай эфирлік тарату платформаларына таңсық. Себебі, бұл сервистер контентін алдын ала платформада жүктеп қояды және де көрермен қалаған контентті қалаған уақытында тұтына береді. Сол себептен, сүйікті хабарларын жіберіп алу рәсімінен аулақ болады. Алайда, бұл жүйе аңдатпалық қажеттіліктен мүлдем бас тартуды меңземейді. Контенттік жарнамалар, яғни аңдатпалар аталған платформалардың өзінде, интерфейстік мәзірде немесе сол платформаларға тиесілі кез келген әлеуметтік желілерде орналастырылады. Осындай артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін платформалардың заманауи үрдіске сай отандық медиа кеңістікте болуы шарт. Бұл тұжырымдама отандық медиа кеңістікте контенттік бәсекелестіктің жаңа белестерге көтеріліп, өзара жоғары сатыға көтерілуін қамтамасыз ететіні анық. Сол арқылы отандық контенттің әлемдік деңгейдегі өнімдер қатарына қосылуын жетілдіреді. Әлемде ең көп таралған аудио-визуалды контент бүгінде кино туындылары. Сол себептен, көптеген эфир тарату құралдары көрсетілім кестелерін экрандық өнердің осы түрімен толықтырады. Автордың зерттеу негізін кино туындыларына сүйене және мысал келтіре жүргізгені заңды. Телевизиялық өнімдер көптігіне қарамастан, иелену құқықтары көбіне сол таратушы арнаның меншігінде сақталып, көпшілікке таралып кетуі белгілі себептермен шектелген. Бұл тұрғыда кино өнімдері еркін айналымда жүріп, таспадан таспаға оңай көшіп жатыр. Оған қоса, телевизия мен кино индустрия ежелден өз ара бәсекелестікте екені анық.

Бәсекелестік контент сапасы мен санында өрбитіні анық. Тауашалық арналардың өзара бәсекелестікке түсу арқылы, сол бәсекелестіктен айырылудың бірден бір жолы осы. Себебі, арналар тауашалық деңгейде дамуының нәтижесінде бірінің контентін бірі қайталай алмайды. Қайталаған жағдайдың өзінде едәуір басымдылықпен ғана ерекшелене алатынын ескереді. Осы ретте зерттеу жұмысы нәтижесінде келесі тұжырымдама туындайды: контент бір арна шеңберінде өзді-өздігімен бәсекелестікке түседі. Яғни, контент ұсынып отырған кез келген арна ішкі өнімдер арасында ұқсастықарға, бірінғайлыққа, қайталауларға жол бермеуге тырысады. Соның салдарынан әр кез түп нұсқалы контент ұсынып, оның сапасы мен санын арттыруға мәжбүр болады. Нәтижесінде тұтынушылар сапалы өнімді тұтына алады. Ал, түпкі мақсат - отандық арналардың әлемдік деңгейге көтеріліп, заманауи талаптарға

толықтай сай болуы - жүзеге асады. Жаңадан бекітілген үкіметтің БАҚ саласына қатысты №183 қаулысында осы мәселелер қарастырылған. Оған қоса, қаулыда салалық журналистиканың дамуы мен жаңа формациялық мамандар даярлау мәселесі көрсетіледі. Яғни, қазіргі таңдағы журналистика және БАҚ саласындағы ақаулардың бірі, және жалған ақпараттардың таралуына себепкер салалық білімсіздіктің көзін жою мәселелері көтеріліп, одан құтылудың жолдары қарастырылған.

Жаңа салалық журналистиканың дамуы және контенттік бір бағыттылық экрандық өнер салаларына жаңа мамандардың келуімен ерекшеленеді. Яғни, сериалдық немесе кино фильмдік бағыттағы арналар біріңғай теле және кино режиссерлардың келуін меңзейді. Алайда, бұл тұжырымдаманың кері негіздемесі - кино фильмдік, сериалдық контенттерден тұратын арналар отандық кинотеатрларға шыққан немесе киностудиялардың түсірген дайын дүниелерін пайдаланып, өзіндік өндірісті қажетсінебеуі әбден ықтимал. Оның үстіне телевизиялық мамандықтың қыр - сырын білетін режиссер және де телевизиялық өндірісті жетік меңгерген мамандар осы уақытқа дейін жетіп артылады. Оқыту, білімді арттыру мәселесінде де басымдық осындай дайын, әрі тәжірибелі мамандарға берілуі ықтимал. Маман даярлауда жоғарыда аталған екі бағыт та өмір сүруге құқылы. Ескі және жаңа оқыту модельдері дайын мамандардың да бәсекелестікке түсіп, прогрессивті тенденцияға ауысады деп болжануда. Қазақстан арналарында режиссураның дамуына екі жағдай да оңтайлы. Бұл ретте даму перспективалары жалпы эфирлік таралу жүйелерінен бөлек, ішкі құрылымдарды да қамтуы автордың пікірінше тиімді деп есептеледі. Салалық журналистикамен басталған модернизация келесі ретте кәсіптік салалардың дамуына әкеледі деп болжануда. Автор аталған өзгеріс факторларын ескеріп, отандық экран салаларын зерттеп, зерделеу маңызды деп есептейді. Осы жолда көптеген техникалық, салалық, кәсіптік, ғылыми еңбектердің жазылуы және кең көлемде таралуы қамтамасыз етілуі тиіс деген тұжырымдама келеді. «Технологиялық тұрғыда отандық цифрлық телевизия әлемдік стандарттарды игеру әрекеттерін оңтайлы, әрі тиімді қолдана алды» [54, 218 б.]. Жаңа формациядағы мамандарды даярлау сол мамандарды даярлайтын кәсіби ұстаздардың болуын талап етеді. Бұндай мамандардың осы салада көбіне теориялық білімсіз жүргендігі мәлім. Мамандардың басым көпшілігі іс-жүзіндегі тәжірибедегі мамандар-практиктер. Теориялық негіздер мен тәжірибелерді ұштастыру арқылы нәтижесінде сапалы білім беру базасын қалыптастыру экрандық өнер саласында қалыпты жағдайға келеді. Яғни, бұл үрдістің жүзеге асуы тек уақыт еншісіндегі мәселе екені анық. Мықты мамандарды даярлау ұлт мүддесі үшін үлкен жетістік. Мәселен, зерттеу жұмысының авторы өзінің «Қазақстандық телеарналардағы контенттің дамуы және режиссураның маңыздылығы» атты мақаласында мәселенің мынадай тұстарына мән береді: «Телевизияға қатысты кез келген мамандықтың тәжірибе мен кәсібиліктің негізінде қалыптасу керектігі, оның заманауи талаптарға сай, әрі бәсекелестікке қабілеттілігін арттырады. Бүгінде телевизия саласында қызмет атқарып келе жатқан кездейсоқ мамандық иелері бой көтеріп келеді. Олар телевизиялық өндірісті ішкі процестеріне белсенді араласу салдарынан

жұмыс атқарып келе жатқан қызметкерлер. Арнайы білімі жоқ. Яғни, телевизиялық өндірістің теориялық аспектілерінен бейхабар, олар көбіне «конвеерлік» өнімнің үздіксіз жүріп отыруын ғана қамтамасыз ете алады. Мамандықтары өзге кәсіптен болғандықтан телевизия өндірісіне айтарлықтай интеграция енгізулері қиынның қисыны» [54]. Бұл жоғарыда келтірілген тұжырымға кереғар пікірге ұқсас болғанымен, теориялық білімнің тыс қалып кетпеу мақсатында айтылған. Яғни, тәжірибелік білімнің маңыздылығын ескере отырып, теориялық негіздердің де артықшылықтарын зерттейді. Осы тұжырымдама негізінде автордың бірнеше мақалалары жарық көрді. Солардың бірі «Ел дамуындағы заманауи үрдістерге сай жаңа телевизиялық контент» мақаласы. Бұл мақалада автор әлемдік медиа кеңістік контекстіндегі отандық экрандық өнер саласының ерекшеліктері туралы баяндайды. Техникалық және заманауи жаһандану үрдісіне отандық эфирлік құрылымдардың бейімділігі мен қазақтандық көрермендердің өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Жаһандану үрдістеріне сай дами келе, ғасырлар бойы қалыптасқан локалды (жергілікті) менталитеттің бар екендігін дәлелдейді. Менталдық айырмашылықтарға сәйкес, отандық эфир кеңістігін жаһандану үдерісіне сай дамыту қажеттілігін тұжырымдайды. Соның ішінде режиссура мамандығын ерекше атап өтеді. Режиссура мамандығы экрандық өнер саласында маңызды орын алады. Аудио-визуалды контенттің сапалы болып шығуы көбіне режиссерлардың шеберлігіне тікелей байланысты. «Отандық режиссураны ілгері дамытуда әлемдік стандарттарды ескерген жөн. Сол стандарттарды қазақ менталитетіне, талғамына, ұстанымына, салт-дәстүріне, мәдениетіне сәйкес бейімдеп, мемлекеттік Бұқаралық ақпарат құралдарына жаңа дем берумен қатар, халықаралық медиа стандарттарға сай сапалы контент пен кәсіби кадрлар даярлау болып табылады. Зерттеудің басты мәселесі әлемдік және отандық телевизиядағы режиссураның телеконтентіне елеулі әсеріне бағытталған. Телевизиялық режиссураны модернизациялау арқылы сапалы телевизиялық контенттің бағыттарын айқындау керектігіне мән берілген» [53] - деп, автор өз мақаласында отандық медиа кеңістікте контенттің сапалы дамуында қазақ халқына тән менталитетті ескере отырып, кәсіби мамандарды даярлау керектігін айқындайды. Сонымен қатар, кәсіби режиссер мамандығын даярлауда телевизиялық саладан бөлек, аудио-визуалды өнердің іргетасын қалаған кино саласына көп сүйенеді. Себебі, телевизиялық режиссураның пайда болуы да кино режиссерлардың келуімен байланысты.

Режиссердың идеясын бейнелі түрде кадр шеңберінде көрікті, әрі терең мағыналы көрініс табуына оператордың рөлі зор. Сондай-ақ, монтажер түсірілген материалдардың режиссердың идеясына сай, мағыналы да, жүйелі түрде жинақтауы маңызды. Қазіргі таңда бұл жиі кездесетін тәжірибе. Режиссерлардың көпсалалы болуы бүгінде заман талабы. Осы тарапта автор ғылыми зерттеу нәтижесінде жоғарыда келтірілген тұжырымдамалар негізінде айналымға «Режиссерлық формат» терминін енгізеді. «Режиссер» - фр. «меңгеруші» [130] және "формат" - "кұрастыру", "кұрау" мағыналарында беріледі [131]. Режиссерлық формат бүгінде режиссураның көпсалалы кәсіптік

ұғымын, яғни кино, театр, медиа, хореография, шоу және т.б. өнерге қатысты салаға қолдануды ұсынады.

Кинематографияда алғаш қолданысын тапқан экрандық бейнелеу құралдары бүгінде тек кино саласында қолданылып жатқан жоқ. Массмедиадың қарқынды дамуы салдарынан кинематографиялық ұғымдар мен оған қатысты түсініктер бүгінде кең таралуда. Мәселен, «Кинематографияның бейнелеу құралдары (КБК) - авторлардың шығармашылық мұраттарына сай киноөнері туындыларының бейнелігі мен көркемдік тұтастығына қол жеткізуге мүмкіндік тудыратын тәсілдер мен шығармашылық әдістердің қосындысы» [66, 631 б.] «Кинематографияның бейнелеу құралдары» ұғымы негізінде автор зерттеу жұмысында, кадр ұғымының маңыздылығын, оның сапалы экрандық құралы есебінде қарастыруды ұсынады. Сапалы экрандық құралдар кеңістіктік және уақыттық көлемдерден тұрады.

Сапалы экрандық құралдар (СЭҚ) - режиссерлық әдістер негізінде, экрандық аудио-визуалды бейнелеу құралдарының тек сипаттық емес, мағыналы-мазмұндық тұрғысында және теориялық-шығармашылық әдіснамалар арқылы жүзеге асады. Яғни, авторлық идеяның көркемдік, әрі мағыналық мазмұнын ашуда режиссерлық әдістер ұғымына кіретін аудио-визуалды шешімдердің жиынтығын атаймыз.

Режиссерлық әдістер әдетте техникалық құрылғылар мен тәсілдер және шығармашылық шешімдер арқылы жүзеге асады. Әсіресе, экрандық өнер саласындағы режиссерларға экрандық жақтау көлемінде көру қабілетіне, олардың табиғи дарыны немесе кәсіби біліктілігі сай болуы шарт. Тек сол кезде ғана нағыз көркемдік құндылыққа толы шығармашылық туынды жасауға мүмкіндік туады. «Біздің ісімізде бастысы, әрине, елестету, қиялдау. Ол өмір сияқты нандыра білуі керек. Бірақ бір нәрсені білген пайдалы. Дегенмен біз миллиондаған адамды қараңғы залға отырғызамыз. Және олар барлығы бірге мойындарын созып, біз не көрсетсек соған қарайды. Бір адамдай толғанады да, күледі де, және фильм сәтті шықса, өмір мәнді, қызығырақ, жарқын секілді көрінеді. Бұл жерде ептілік таланттан да кем болмауы тиіс. Былайша айтқанда өнер. Ол талантқа кең таралған қателікті болдырмауға көмектеседі» [11, 15 б.]. Автор осы пікірге келісе отырып, режиссерлық әдістер туралы А. Миттаның жазған еңбектерінен толыққанды зерттеу жүргізу нәтижесінде, сапалы экрандық құралдар тікелей режиссерлық көзқарас пен әдістеріне тәуелді деген тұжырымдамаға келеді. Ол құралдарға кадр, план, ракурс, монтаж сынды ұғымдар жатады. Мәселен, план арқылы режиссерлар жақтау көлемінде көрерменді оқиғаның орын алып отырған мекенін, ал ірілігімен қажетті нысанға зейінін сала алады. Алғашқы эфир шыққан күннен бастап телевизия саласында план ірілігін пайдаланудың үлкен маңыздылығы айқындалды.

Дегенмен, телевизиядағы режиссура кино режиссурасынан аса қатты ерекшелене қоймаған тұстары да байқалады. Режиссура СЭҚ принциптерін қолданды. Яғни, монтаж, ракурс, план, кадр, т.б. түсініктерін қамтитын ұғымдарды. Телевизиялық режиссура сөзінің мағынасында СЭҚ, яғни телевизиялық көріністер, түсірілімдер, сонымен қатар телевизиялық жанрлар, телебағдарламалар және режиссура мамандығының ерекшеліктері арқылы

жүзеге асатын аудио-визуалды формалар жатыр. Телевизиялық режиссура әлемге телеэфир сияқты әлемдік деңгейге ХХ ғасырдың екінші жартысында жетті. Мәселен, монтаж тәсілі арнайы дайындалған репортажда немесе жылжымалы телевизиялық станция арқылы шығып жатқан тікелей эфирдегі репортажда ортақ режиссерлық заңдарға бағынды. Мысалы, пландардың сәйкестенуі, олардың көрерменнің қабылдауына ыңғайлы болуы планнан планға ауысқанда (немесе план ірілігі ауысқанда) белгілі қалыптасқан ережелерді сақтауы қажет. Сол ережелердің нәтижесінде көрермен мағлұматты тез, әрі жеңіл қабылдай алады. Алғашқы телевизиялық режиссерлар да ең әуелі осы кино саласынан келген мамандар болатын. Сол себептен, автор мақалаларында көптеген кино режиссерлардың, кино тарихшылардың және кино сыншылардың еңбектеріне сілтеме жасайды. Солардың қатарында атақты С. Эйзенштейннің, Г. Козинцевтің, А. Базеннің, Э.Вильярехо, Жорж Садульдің, Ежи Теплицтің, Марсель Мартен, С. И. Фрейлих, А. Н. Митта және т.б. кино майталмандары бар. Кино теориялары негіздеріне сүйене отырып, автор телевизиялық майталмандардың еңбектерін тыс қалдырған жоқ. Экрандық өнер саласының дамуы автордың зерттеу тақырыбында өзекті орын алды. Сапалы контент және кәсіби мамандар мемлекетіміздің қарқынды дамуының көрсеткіші. Елімізде мамандар даярлау дәстүрінің жаңа деңгейге өсуі әлемдік үрдіс контекстінде оңтайлы өзгеріп келеді. Бұл тарапта автор зерттеу жұмысы нәтижесінде отандық медиа саласында СЭҚ жетік меңгерген мамандардың қажеттілігіне назар аударады.

Кез келген СЭҚ шығармашылық және техникалық құрылымнан тұрады. Шығармашылық құрылымы автордың ойы, идеясы, толғанысы, білімі және т.б. аспектілерден тұрса, техникалық құрылым осы айтылған концепцияларды жүзеге асыратын құрал болып табылады.

Түсірілім қандай жанрда, қандай форматта, қандай платформада болмасын ең әуелі а). Жоспардан тұрады. ә). Сол жоспарды жүзеге асыру үдерісі. б). Техникалық құрылым түсірілім негізінде шешуші рөлді атқарады. Сонымен қатар, техникалық мүмкіндіктер мен құрылғылар үнемі жаңартылу үстінде.

Осы ретте СЭҚ режиссурада техникамен тығыз байланысқа түседі. Яғни, режиссер бойындағы дарыны мен қатар техникалық аспектілерді жетік меңгеруі міндетті. Оған қосалқы негіз ретінде бүгінде түсірілім техникаларының жеңілдену үдерісі болып табылады. Бір камераның өзімен түрлі күрделіліктегі түсірілімдер жасауға мүмкіндіктер туды. Мәселен, зум арқылы жақындатып, немесе алыстатуға, фокустық ара - қашықтықты ауыстыру арқылы белгілі бір нысанды ерекшелеуге, микрофон арқылы нақты дыбысқа акцент қоюға және де белгілі бір нысанмен бірге кеңістікте қозғалуға болады. Сонымен қатар жарықты түсіру әдістерін де бір түсірілім барысында бірнеше рет өзгерту арқылы, түрлі бейнелер жасауға мүмкіндік бар. Осы және өзге де әдістер арқылы экрандық сала көрермендерге жалған дүние көрсетеді.

Кино және телевизия саласын зерттеген шетел және Ресей ғалымдарының еңбектерінен бөлек аз болса да, құндылығымен артық еңбектері автордың назарынан тыс қалған жоқ. Автор зерттеу жұмысы барысында отандық кино және телевизия майталмандарының мақалалары мен ғылыми жұмыстарына

сүйенді. Отандық авторлардың еңбектері қазақстан медиа кеңістігіндегі мәселелерді елімізде тұңғыш телевизия ашылғалы өзекті болып келеді. Ол үдерістің кезең кезеңдерден өтуі, дамуы, бейімделуі автордың осы ғылыми зерттеуінде кеңінен зерделенеді.

Дегенмен, көптеген мәселелер әлі де туындауда. Сол мәселелер осы ғылыми жұмыста анықталып, зерделенді. Осы зерттеу жұмысы отандық медиа кеңістігіндегі заманауи мамандар тапшылығын айқындайды. Нарықтық сұраныстағы экрандық дүниелерді, телевизиялық және өзге де эфирлік платформалардағы контенттердің өзектілігі, дамуы, тенденциялары және сапасы осы докторлық диссертация жұмысында зерттелді. Өзекті мәселелер телевизия және өзге де эфирлік платформалар өзгерістерге ұшырап, даму үдерісі барысында әрдайым ғылыми тұрғыда зерттеу нысаны болады.

Үшінші тарау бойынша тұжырым.

Қазіргі таңда Қазақстандағы телеарналар отандық өнім жасап, қалыптасқан контентті одан әрі жаңартуда. Бұл құбылыс арналардың рейтингін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар қалың көпшіліктің отандық арнаға деген сенімділігін арттыруда. Телеарна мен ғаламтордың бәсекелестігін ескере отырып, ақпарат майданында телеарналарға контентті жақсарту, сонымен қатар интерактивті болу маңызды шешім деп түйіндеуге болады. Медиа продакшн кеңістігі экрандық саладағы көптеген мәселелерді шешумен айналысып келеді. Осы орайда автордың зерттеу жұмысында көптеген технологиялардың отандық медиа кеңістігіне қызмет етуімен қатар, әрдайым жаңарып отыруы өзекті мәселелердің бірі есебінде қозғалады. Технологиялық мүмкіндіктердің өндіріс барысына әсері зерттеліп, режиссер маманының шығармашылық талпыныстарына тигізетін әсері зерделенді. Технологиялық қамтамасыз ету үдерісі отандық арналарда контент құрудағы жолдары мен салдары сарапталды. Зерттеу жұмысы бүгінгі медиа кеңістіктегі салалық мамандардың жетістіктері мен кемшілік тұстары да қарастырылды.

Телеарналардағы заманауи контент құрудағы тенденциялардың тез өзгеруі зерттеу жұмысының қозғаған өзекті мәселелерінің бірі. Салдарында, соңғы жылдары, бүкіл әлемде ақылы арналар пакеттері көбейді. Мысалы, Еуропа тұрғындарының 50% ақылы арнаны көретін көрінеді. Қазақстанда бұл көрсеткіш 38% көрсетіп тұр. Шетелдік тәжірибелерге сүйенсек, енді көрермендер, бағдарлама уақытын өздері қоя алатындай мүмкіндіктер ашылып жатыр. Бұл классикалық бағытқа қарсы, интерактивті телевизияның басымдылығының көрсеткіші. Өткен ғасырда бастау алған отандық телевизиялық шартты дүниелер, мәселен, түсіру техникалары мен шығармашылық ойлар ХХІ ғасырда ғана белсенді дами бастады. Автор осы және өзге де келтірілген тұжырымдар негізінде, отандық медиа кеңістігінде ұлттық контент қалыптастыруға қатысты түсініктемелер мен дәлелдер келтіреді.

Жаһандану үрдісі отандық медиа кеңістікте салалық телеарналардың ашылуы заңды құбылыс ретінде қарастырады және бұл тенденцияның жаһандық медианың талабы есебінде түсіндіреді. Автор контенті заманауи

арналар қажеттілігін бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі екендігін айқындайды.

Сөзсіз телеарналарда, интернет жүйесінде, стримингтік платформаларда сапалы телеконтент қалыптастыру қажет. Бұл ғылыми зерттеу Қазақстан медиа алаңындағы телевизиялық контенттердің генезисімен қатар, жаһандық тенденцияларға сай мамандардың, әсіресе, режиссураның перспективаларын зерттеді. Телевизиялық режиссураның белгілі бір контент аясында даму шартына сай отандық медиа кеңістікте, тұрақты қалыптасқан контенттік арналардың болуы заңды құбылыс. Бұл тұжырымдама негізінде келесі шешім жолдары ұсынылды:

1. Отандық медиа алаңда бірінғай бағыттағы арналарды қалыптастыру.
2. Бірінғай бағыттағы, моноконтентті арналар санын көбейту.
3. Моноконтентті арналар топтамаларын біріктірмей, еркін даму үдерісіне бейімдеу. Яғни, арналардың өзін-өзі дамыту, қаржыландыру саясатына көшу. Тек тәуелсіз, мемлекеттік қолдаусыз дамыған арналар өзара бәсекелестіктің нәтижесінде үдерісті тенденцияға көше алады.

Қорытынды

Қазақстан Республикасындағы телеарналардың контент құру генезисі мен даму үдерісі қазақ елінің КСРО құрамында болған сәтінен бастап, тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл аясында, әлемдік тенденцияларға сай жалғасын табуда. Бұл ретте, техникалық жаңалықтардың пайда болуы да өз септігін тигізуде. Қазақстан бұл тұрғыда жаһандық тәжірибені қолданып, ілгері жылжуда. Телевизиялық даму үдерістері - үкіметтік қолдау тауып, Елбасы мен Республика Президентінің басты назарында. Әлемдегі 30 дамушы елмен бірге Қазақстан ақпарат кеңістігіндегі телевизиялық контент рухани құндылықтарды сақтау, оны дәріптеу сынды ізгі дүниелермен толығуда. Себебі, Қазақстан Республикасы - дүйім әлем елдерінің назарында. Әуелі киноиндустриядан бастау алған еліміздің экрандық саласы, бүгінде ғаламтор желісінде кең қанат жайды. Адамзат тарихында болмаған тың жаңалықтар Қазақстан медиакеңістігінен де орын алды. Аға буын өкілдерінің жинақтаған тәжірибесі мен білімдері бүгінгі жас ұрпақ киногерлері мен телевизия саласы қызметкерлерінің заманауи талаптарға сай, кәсіби бәсекеге қабілетті маманға айналуына тікелей септігін тигізді.

Телевизиялық сала ғылымы тарихи деректермен қатар технологиялық және теориялық зерттеулерді қамтиды. Осы орайда, бірқатар тың еңбектер жарияланды. Көптеген зерттеуші-ғалымдардың пікірлері таспаға жазылып, басылым беттерінде жарық көрді. Осынау құнды еңбектер бүгінде шынайы қазынаға айналды. Жас буын мамандар осы еңбектердің арқасында кәсіби біліктіліктерін шыңдауда. Бүгінде телевизия тек жаңалықтармен таныстырып қана қоймай, қоғамның барлық саласын қамтитын тың дүниелерді қалыптастыра алатын деңгейге жетті. Шетелдердегі телевизия мамандарының озық тәжірибесі біздің отандық телевизиялық үдеріске өз әсерін тигізді. Әлемдік деңгейдегі шоулар, бағдарламалар, токшоулар, сериалдар, кинолар және т.б. контент бүгінде өз елімізде түсіріліп, ұлттық менталитке бейімделіп келеді. КСРО кезеңімен салыстырғанда тәуелсіз Қазақстанда білім алуға, шетел аралауға, әлемді шарлап, тәжірибе жинақтауға ешқандай шектеу жоқ. Сол себептен, ұлттық телевизияның даму көрсеткіші - еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалының едәуір даму көрсеткіші деп санауға барлық негіз бар. Телевизиялық контент 60 жыл тарихы бар отандық телевизиялық индустриямызда алғаш пайда болған сәтінен бастап тікелей режиссерлық мамандықпен тығыз байланыста дамып келеді.

Әрбір контент қандай тарихи кезеңде болмасын режиссерлық алғырлық, кәсіби шеберліктің нәтижесінде көрермендерге ұсынылды. Осы тұста режиссердың шығармашылық тұлға ретінде телевизияның дамуына қосқан үлесін атап өту – парыз. Көптеген журналистер мен редакторлар, репортерлер мен продюсерлерді тәрбиелеп шығарған қазақ телевизиясының тұлғалар тәрбиелеудегі орны айрықша бөлек екенін атап айтқан абзал. Режиссерлармен қатар, бірігіп жұмыс атқарған мамандар ортақ идеяға бар күш-жігерін салып еңбек етті. Осындай ұжымдық жұмыс әлі күнге дейін отандық телевизия саласында нәтижелі жемісін беруде. Аға буын журналистері мен режиссерлар

калыптастырған игі дәстүрді жаңа буын журналистері мен режиссерлары жалғастырып келе жатыр. Зерттеу нәтижесінде телевизиялық контент сапасының қандай да бір шығармашылық тұлғалардың кәсіби деңгейімен тікелей байланысты екені анықталды. Демек, бағдарламаларды, контентті қалыптасыратын - тұлғалар. Ал, жүзеге асыруға мүмкіндік беретін - техникалық құралдар мен ақпараттық технология.

Әлбетте, бейнелі ақпарат таратудағы техникалық мүмкіндіктердің орасан зор ролін ерекше атап өту – маңызды құбылыс. Телевизия тарихы айқындап бергендей, көрермендер назарына кез-келген телевизиялық контенттің жетуі – ғылыми-техникалық прогрестің нәтижесі. Ақ - қара түсті бейнеден басталған көріністер бүгінде компьютерлік арнайы эффектілерге бай, 2D, 3D, т.с.с. анимациялық эффектілер екі эфирдің бірінде қолданылып келеді. Эфирлік толқын арқылы тараған сигналдар бүгінде ұялы телефон толқындары арқылы таралуда. Өткен ғасырдың 50 – жылдарындағы сіріңкенің қорапшасындай теледидарлар қазіргі таңда бөлменің жартысындай көлемді алып жататын жұқа плазмалық теледидарларға ұласты. Бұрын-соңды көрермендер теледидар тамашалауға арнайы уақытта арнайы жерге баруға мәжбүр болса, бұл күнде қалталы телефондар - смартфондардың көмегімен әлемнің кез-келген нүктесінде көре алатындай деңгейге жетті.

Өткен ғасырдың соңына дейін теледидардан өткен бағдарламаларды қайта көру үшін оның қайталауын күтіп, сол уақытқа үлгеру қажеттілігі бүгінгі технологиялық мүмкіндіктердің нәтижесінде артта қалды. Эфирді жазып алу функциясы көмегімен өткізіп алған эфирді арнаның жадына тікелей эфир барысында жазып алып, оны сол сәтте қайталап көруге мүмкіндік туды. Телевизиялық контенттің ендігі жерде арнайы уақытта тамашалаудың да қажеті өздігінен күн тәртібінен түсіп қалды. Бүгінде кез-келген контентті кез-келген уақытта, кез-келген интернетке қосылған құралдың көмегімен тұтына алуға мүмкіндіктер бар. Тұтынушы көрермендердің өздері қалаған контентті жалғыз арнадан арнайы көрсетілім уақытысында көрудің де қазіргі таңда қажеті жоқ. Осы және өзге де технократиялық факторлар әлемнің түкпір - түкпіріндегі экрандық үрдістер отандық эфир кеңістігін жаһандық өзгерістерден тыс қалдырған жоқ.

Ұлттық экрандық өнер – отандық телевизия заманауи көрермендердің сұраныстарына орай туындыларды ұсынуға ұмтылып, уақыт көшіне ілесіп келеді. Себебі, оның әзірлеген контенті заманауи талаптарға сай және көрермендер тарапынан үлкен сұранысқа ие. Телевизиялық контенттің кез-келгені өзінің тұрақты көрермендерімен бай. Рейтингілік көрсеткіштер көрермендер сұраныстарына сай контентті алға шығарып, деңгейі төмен контентті экран беттерінен ығыстырып жібереді. Контент сұраныстарды қамти отырып, халықтың әлеуметтік, саяси хал-ахуалын баяндайды. Сол себептен халықтық сипатқа ие болады. Бұл ретте отандық телевизиялық контенттің даму перспективалары жарқын, потенциалы мықты екені аңғарылады. Ғылыми жұмыстың зерттеу нысандары толық зерттелгенімен, әлі де ашатын тың дүниелер көп екендігі айқындалды. Бұл зерттеу еңбек телевизиялық салаларға арналып жазылған ғылыми- публицистикалық жұмыстарға негізделіп жазылды.

60 жыл тарихы бар отандық телевизия хронологиялық кезеңдерге - он жылдықтарға бөлініп зерттелді. Сол кезеңдерге шолу жасалып, телевизиялық жаңалықтарға талдау жасалды. Зерттеуде отандық телевизияның шығармашылық, технологиялық аспектілері толық қамтылды. Сонымен қатар, автор зерттеу жұмысы барысында айқындалған мәселелерге баға беру арқылы шешу жолдарын ұсынады.

Ғылыми жұмыста телевизияның тарихи даму аспектілеріне ден қойып, уақыт аясындағы трансформациялары зерттелді. Даму сатысының кезеңдерін онжылдықтарға бөліп, әр онжылдықта орын алған өзгерістеріне шолу жасалды. Сол кезеңдерге сәйкес жаңалықтарын айқындады. Автор кез-келген телевизиялық жаңалықтың техникалық жаңалықтармен тығыз байланысын зерттеді. Ғылыми жұмыста сонымен қатар, телевизиялық эфирдің тарату жүйесінің мәселелері мен перспективаларына қатысты мәселелерге талдау жасалды. Телевизия саласының кәсіби терминдерін пайдалану арқылы оның функционалдық мәнін ашып көрсетті. Телевизия саласының адамзат тарихына енгеннен бергі уақыт аясына шолу жасалып, телевизияның кәсіби сала ретінде қалыптасуы тарихи призма тұрғысынан қарастырылды. Оның тарихи аспектідегі техникалық жаңалықтары анықталды.

Балама эфир тарату мен цифрлық жүйе үрдісі қатар дамып келеді. Сол үдерістерге қатысты эфирлік материалдардың сапасы прогрессивті дамуды қажет етеді. Бұл ретте технологиялық және шығармашылық бағытта қатар даму - заңды құбылыс. Жаңа технологиялық мүмкіндіктер шығармашылыққа жаңа талаптар қойып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Соның ішінде режиссура саласына әлемдік түсірілім стандарттарын енгізу ерекше маңызға ие болды. Отандық режиссураны ілгері дамытуда әлемдік стандарттарды есепке алған абзал. Сол стандарттарды қазақ халқының ұлттық мүддесіне, эстетикалық талғамы мен адамгершілік ұстанымына, тарихи салт-дәстүрі мен рухани мәдениетіне сай бейімдеп, мемлекеттік БАҚ жүйесіне жаңа дем берумен қатар, халықаралық медиастандарттарға сай контент пен кадрлар даярлау ісіне үлес қосу - диссертациялық жұмыстың басты мақсаты. Ал отандық режиссураны, ұлттық телеконтентті әлемдік деңгейге жеткізу ғылыми жұмыстың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу үшін, отандық медиа және цифрлық эфир тарату салаларының жаһандану талаптарына сәйкестігі осы зерттеуде арнайы қарастырылды. Осыған орай орын алған мәселелер мен оларды шешу жолдары баяндалды. Елбасы алға қойған мақсаттарды жүзеге асыруға атсалысу зерттеу жұмысының негізгі міндеті саналып, сол бағытта тиісті қорытындылар жасалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы [https //www.akorda.kz](https://www.akorda.kz). 17.04.2017.
- 2 ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың жолдауы. [https //ult.kz](https://ult.kz). 25.06.2018.
- 3 Садуль Ж. Всеобщая история кино. – М.: Искусство, 1982. - 592 с.
- 4 Теплиц Е. История киноискусства. – М.: Прогресс, 1968. - 338 с.
- 5 Базен А. Что такое кино? // Онтология фотографического образа – М.: Искусство, 1972. – 384 с.
- 6 Эйзенштейн С. Монтаж. – М.: Эйзенштейн-центр; Музей кино, 2000. – 592 с.
- 7 Кулешов Л. Теория, Критика, Педагогика. – М.: Искусство, 1987. – 448 с.
- 8 Козинцев Г. Собрание сочинений: в 5 т. – Ленинград: Искусство, 1983. – Т. 2: Критико-публицистические статьи и выступления. Заметки об искусстве и людях искусства. – 527 с.
- 9 Мартен М. Язык кино. – М.: Искусство, 1959. – 292 с.
- 10 Фрейлих С. И. Киноискусство. Теория и практика – М.: Академический проект, 2015. – 560 с.
- 11 Митта, А. Н. Кино между адом и раем: Кино по Эйзенштейну, Чехову, Шекспиру, Куросаве, Феллини, Хичкоку, Тарковскому... – М.: Подкова: Эксмо-Пресс, 2002. – 478 с.
- 12 Owens J., Millerson G. Television production. –New–York: Focal Press., 2009. –P. 464.
- 13 Ted White. Writing, reporting and producing. –Oxford: Taylor & Francis., 2005. –P. 544.
- 14 Head S. W., Sterling C. H.: Broadcasting in America: A Survey of Electronic Media. – Boston: Houghton Mifflin., 1990. –P. 273.
- 15 Ward P. Picture composition for film and television. –Oxford: Focal Press., 2003. – P. 261.
- 16 Block B. The visual story. –Massachusetts: Focal Press., 2008. – P. 293.
- 17 Bermingham A. Location Lighting for Television. – Focal Press, 2013. – P. 279.
- 18 Tuggle C.A., Carr F., Huffman S.: Broadcast news. –New–York: McGraw-Hill Humanities, 2000. – P. 272.
- 19 Robert L.Hilliard.: Writing for Television, Radio, and New Media. – Michael Rosenberg, 2011. – P. 508.
- 20 Майн Х. Средства массовой информации в ФРГ. – Риден: Коллоквиум: Фолькер Шпис ТОО, 1996. – 158 с.
- 21 Брайант Д., Томпсон С. Основы воздействия СМИ. Пер. с англ. В.В. Кулебы и Я.А. Лебеденка – М.: Вильямс, 2004. – 432 с.
- 22 Р. Арнхейм. Искусство и визуальное восприятие. – М.: Архитектура – С, 2012. – 392 с.
- 23 В. Знаков. Психология понимания: Проблемы и перспективы. – М.:

- «Институт психологии РАН», 2005. – 448 с.
- 24 Feshbach S., Singer Robert D. Television and Aggression: An Experimental Field Study. – San Francisco: Jossey-Bass., 1971. – P.186.
- 25 Борецкий Р., Юровский А. Основы телевизионной журналистики. – М.: Изд – во МГУ, 1966. – 336 с.
- 26 Вартанов Ан. Режиссер на телевидение. Статьи, интервью. – М.: Искусство, 1978. – 200 с.
- 27 Вильчек В. Под знаком ТВ. – М. : Искусство, 1987. – 239 с.
- 28 Медынский С. Компонуем кинокадр. – М.: Искусство, 1992. – 240 с.
- 29 Вачнадзе Г. Всемирное телевидение. Новые средства массовой информации – их аудитория, техника, бизнес, политика. – Тбилиси. Гантлеба, 1989. – 672 с.
- 30 Фрумкин Г.М. Телевизионная режиссура. Введение в профессию: учеб. пособие для вузов. – М.: Академический проект, 2009. – 137 с.
- 31 Муратов С.А. Пристрастная камера: Телевизионный мастер-класс. – М.: Аспект Пресс, 2004 – 192 с.
- 32 Дудинова, Е. И. Этика журналиста: учебное пособие. Каз. нац. ун-т им. аль-Фараби. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2012. – 235 с.
- 33 Кемарская И.Н. Телевизионный редактор. – М.: Аспект-пресс, 2004. – 191 с.
- 34 Дворко Д.Н. Режиссура мультимедиа (генезис, специфика, эстетические принципы: дис. ... док. иск. наук: 17.00.03 / Санкт-Петербургский Гуманитарный университет профсоюзов. – СПб., 2004. – 334 с.
- 35 Алексеева Н. В. Цветной фильм. – М.: искусство, 1980. – 175 с.
- 36 Горностаева О. С Специфика профессии режиссера неигрового фильма: Учебное пособие. – М.: ВГИК, 1989. – 74 с.
- 37 Бойченко И.В. Методический аппарат оценки качества услуг телевизионного контента и его использование в механизме взаимодействия их производителей и потребителей: дис. ... док. канд. экон. наук: 08.00.05 / Московский технический университет связи и информатики. – М., 2007. – 176 с.
- 38 Тұрсын Қ. Қазақ теледидары: тарих пен тағылым. – Алматы: Digital media Asia, 2008. – 272 б.
- 39 Әбдіжәділқызы Жидегұл. Тележурналистика. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 154 б.
- 40 Смаилов К. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 364 б.
- 41 Абильдина Ғ.Б. Телевизия өнері: теориясы мен технологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 390 б.
- 42 Омашев Н. Жиырмасыншы жылдар журналистикасы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. – 320 б.
- 43 Барлыбаева С.Х. Телевизионная журналистика: учеб. пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 194 с.
- 44 Барлыбаева С. Х. Кабельно-спутниковое ТВ в Азии. – Алматы: КазГУ, 1997.

- 45 Барлыбаева С. Х. Масс-медиа и цивилизация Востока. – Алматы, КазГУ, 2000.
- 46 Тұрсын Қ. Қазақ телевизиясы. – Алматы: Digital media Asia, – 2009. – 640 б.
- 47 Шалахметов Г.М. Тележурналистика: теория и практика. – Астана, 2008. – 215 с.
- 48 Барманқұлов М.К. Телевизия бизнес, әлде билік? – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 156 б.
- 49 Тойбаева Ж. Әлемдік және отандық тәжірибеде сандық теледидарды меңгеру әдістері. – Алматы, 2013. – 220 б.
- 50 Кабиева Т. Режиссура современного телевидения: новая модель формирования социально – культурных ценностей казахстанского телезрителя: диссертация. док. философии (PhD): 6D040600 / Казахская Национальная академия искусств им. Т.К. Жургенова. – Алматы, 2020. –121 с. Инв. №0620РК00173.
- 51 Бакеева М. «Отандық телеарналарда заманауи телевизиялық контенттердің даму перспективалары» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі», халықаралық ғылыми–көпшілік журнал. – Астана, Өнертану. – 2018. – №2 (57). – 70–73 б.
- 52 Бакеева М. «Әлемдік телеарналардағы заманауи тенденциялардың қалыптасуы» // Философия ғылымдарының докторы, профессор Алтаев Жақыпбек Алтайұлының 70 жылдық мерейтойына арналған «Әл-Фараби қазақ және әлем философиясы, мәдениеті мен өркениетінде» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, ҚазақҰУ. – 2018. – 334–337 б.
- 53 Бакеева М. «Ел дамуындағы заманауи үрдістерге сай жаңа телевизиялық контент» // Кинотанушы, өнертану кандидаты, профессор, Қазақстандағы кәсіби кинотанудың негізін қалаушы Бауыржан Рамазанұлы Нөгербектің туғанына 70 жыл толуына арнаған «Рухани жаңғыру контексіндегі заманауи кино өнері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, ҚазҰӨА, 30 сәуір, – 2018ж., – 144–146 б.
- 54 Бакеева М.К., Айдар А.М. «Қазақстандық телеарналардағы контенттердің дамуы және режиссураның маңыздылығы» // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – Алматы, 2018. – № 4 (76). – 178–183 б.
- 55 Бакеева М.К., Айдар А.М. «Становление и развитие режиссуры на казахстанском телевидение» // «Культурология, филология, искусствоведение: актуальные проблемы современной науки»: сборник статей по материалам XXXI-XXXII Международной научно-практической конференции. – Новосибирск: СибАК, – 2020. – № 2-3(25). – 13–20 с.
- 56 Бакеева М.К, Айдар А.М. «Становление стриминговых платформ и его воздействие на развитие кино и телевидение» // VIII Международная научно-практическая конференция: «Scientific achievements of modern

- society». – Ливерпуль: Cognum, – 2020. – С. 222-228.
- 57 Bakeyeva M., Aidar A., Omur S., Toibayeva Zh., Bekniyazova B. «Art direction prospects increation of modern content for domestic TV channels» // *Opcción*. – 2020. – Vol. 36, №. 91. – P. 766–783.
- 58 Бакеева М.К., Айдар А.М. «Цифрландыру дәуіріндегі қазақ экрандық саладағы режиссураның түрленуі» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі», халықаралық ғылыми–көпшілік журнал. – Астана, Өнертану. – 2020. – №10, – 213–218 б.
- 59 Елбасы Н. Назарбаевтың жолдауы. <https://www.akorda.kz/kz.09.01.2018>.
- 60 Телевидение. <https://kk.wikipedia.org/wiki>. 16.01.2016.
- 61 Alison F. Slade, Narro J. Amber, Burton P. Buchanan, Gordon Alley-Young. *Reality Television: Oddities of Culture*. –Lanham: Lexington Books, 2015. –P. 284.
- 62 Универсальная журналистика: учебное пособие для вузов/ под ред. Л.П. Шестеркиной. – М.: Аспект Пресс, 2016. – 480 с.
- 63 Фурцева С. Мир площадью в сантиметры. – М.: Искусство, 1975. – 110 с.
- 64 Варганов А. С. От фото до видео. – М.: Искусство, 1996. – 220с.
- 65 Разлогов К. Искусство экрана: проблемы выразительности. – М.: Искусство, 1982. – 158 с.
- 66 Қазақ телевизиясы. Энциклопедия. – Алматы: Digital Media Asia, 2011. 2-т. – 640 б.
- 67 Богомолов Ю. Проблемы времени в художественном телевидении. – М.: Искусство, 1977. – 127 с.
- 68 Багиров Э. Г. Очерки теории телевидения. – М.: Искусство, 1978. – 152 с.
- 69 Костоусов В.П. История телевидения. Телевидение в лицах, цифрах и событиях: учебное пособие для вузов. – Екатеринбург. Российский государственный профессионально-педагогический университет, 2014. – 199 с.
- 70 Эйзенштейн С. Монтаж. – М.: Музей кино, 2000. – 592 с.
- 71 Кулешов Л. Теория, Критика, Педагогика. – М.: Искусство, 1987. – 448 с.
- 72 Тимофеева А. Шумовое оформление фильмов и телесериалов. Часть – 3 // *Звукорежиссер*. – Москва: «Издательство 625», 2011. – № 06(127). – С. 40-44.
- 73 Режиссер на телевидении. <http://sanat.orexca.com>. 02.03.2012.
- 74 Цифровое телевидение. <https://ru.wikipedia.org>. 21.11.2020.
- 75 Спутниковое телевидение. <https://ru.wikipedia.org>. 07.11.2020.
- 76 Кабельное телевидение. <https://ru.wikipedia.org>. 21.06.2020.
- 77 Rodica Melinda Sutu. The Transition from Analogue to Digital Television in Europe. Challenges and Difficulties for Romania. <https://www.researchgate.net>. 06.03.2013.
- 78 Ержанова А.М. Телевидение как вид Коммуникации // *Евразийское*

- сообщество. Экономика, политика, культура. – Алматы, 2010. – №1(69). – С. 180-183.
- 79 Anderson S., Bateman H., Harris E., McAdam K. Dictionary of Media Studies. – London: A & C Black Publishers Ltd., 2006. –P. 289.
- 80 Что такое контент //http:glossary.ccteam.ru. 22.05.2020.
- 81 «Эмми -2019». <https://www.kinopoisk.ru>. 16.07.2019.
- 82 Juan P. Artero, Cristina Etayo & Alfonso Sánchez-Tabernero. The evolution of viewers' concerns and perceptions of television content quality // Journal of Media Business Studies. – 2015. – Vol.12, № 4. – P. 205-223.
- 83 Дроздов А. Ю. «Агрессивное» телевидение: социально-психологический анализ феномена // Социологические исследования. – 2001. – № 8. – С. 62-67.
- 84 Гримак Л.П. Гипноз и телевидение // Прикладная психология. – М.: Магистр, 1999. – №1. – С. 74-81.
- 85 Jennings Bryant and Mary Beth Oliver. Media effects: Advances in Theory and Research. 3rd Edition. – New York: Taylor & Francis, 2009. –P. 657.
- 86 Timothy Neate, Matt Jones, Michael Evans. Cross-device media: a review of second screening and multi-device television. – London: Springer-Verlag, 2017. –P. 391-405.
- 87 Кузьмуков С.П. Отличительные особенности IP-телевидения и internet-телевидения // Перспективы развития информационных технологий. – 2013. – №11. – С. 139-143.
- 88 Бред телемагазинов. Вот почему в них не стоит покупать nanoшвабры и чудо-тряпки. <https://hitech.mail.ru>. 25.07.2020.
- 89 Қазақстан журналистерінің тәжірибесінен: Тәжірибелік нұсқаулық. – Алматы, 2008. – 436 б.
- 90 «Алматы» энциклопедиясы / Нұрғалиев Р.Н. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 344 б.
- 91 Сергей Киселев: «Развивать казахстанский телевизионный контент трудно, но реально». <https://kapital.kz>. 06.12.2012.
- 92 Телеарна туралы. КТК тарихы: 1991. <https://www.ktk.kz>.
- 93 Қазақ телевизиясына – 60 жыл. <https://qazaqstan.tv>. 12.03.2018.
- 94 Романовский И. Масс медиа. Словарь терминов и понятий. – М.:Издание Союза журналистов России, 2004. – 480 с.
- 95 Бойченко И.В. Методический аппарат оценки качества услуг телевизионного контента и его использование в механизме взаимодействия их производителей и потребителей: диссертация. Кандидат экономических наук: 08.00.05 / Московский технический университет связи и информатики. – Москва, 2007. – 179 с. Инв. №003052874.
- 96 Ward S., O'Regan T. Defining a national brand: Australian television drama and the global television market // Journal of Australian Studies. – 2011. – Vol.35,№ 1. –P. 33-47.
- 97 Сағатбек Қалиев: «Біз әлі өзімізді тану үстіндеміз». <https://turkystan.kz>. 13.12.2012.

- 98 Нөгербек Б., Наурызбекова Г.Қ., Мұқышева Н.Р. Қазақ киносының тарихы. – Алматы: ИздатМаркет, 2005. – 289 б.
- 99 Сергеева О. Компьютерный экран как элемент домашней повседневности // Экранная культура. Теоретические проблемы: сб. Статей/отв. ред. К.Э. Разлогов. – СПб.: «Дмитрий Буланин», 2012. – С. 752.
- 100 Цифрлы эфирлік телевизия – мемлекеттік хабар таратудың жаңа стандарты. <https://egemen.kz>. 06.09.2018.
- 101 Барлыбаева С.Х. Современное медиа развитие в казахстане. <https://research-journal.org>.
- 102 Оганесова Ю.А. Теледокументалистика как формат современной программы эфирного и медиаконтента // Вестник ВГУ. Серия: «Филология. Журналистика». – Воронеж, 2012. – №2. – С. 198-200.
- 103 Вартанова Е.Л., Зинченко Ю.П., Миронов В.В., Петренко В.Ф., Пронина Е.Е. Человек как субъект и объект медиапсихологии. – М.: МГУ имени М. В. Ломоносова / Ин-т человека; Изд-во Моск. ун-та, 2011. – 824 с.
- 104 Бейсенқұлов А. Медиа орта өзгерді // Prime time. – 2017. №2. – 23-24 б.
- 105 Электронды БАҚ. <https://kk.wiktionary.org>. 28.04.2019.
- 106 Cowie C., Marsden C.T. Convergence: navigating bottlenecks in digital pay-TV // Emerald insight. – 1999. – Vol. 1, № 1. – P. 53-67.
- 107 Peter A. Bruck (Ed.). Multimedia and E-Content Trends Implications for Academia. – Wiesbaden: Vieweg+Teubner, 2008. – 196p.
- 108 Качкаева А. Образ медиа будущего // Искусство кино. – 2013. – №7.
- 109 Bria A., Kärrberg P., Andersson P. TV in the mobile or TV for the mobile: challenges and changing value chains // The 18th Annual IEEE International Symposium on Personal, Indoor and Mobile Radio Communications. – 2007. DOI: 10.1109/PIMRC.2007.4394185
- 110 Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: Қалыптасу, даму проблемалары. – Алматы: Білім, 2006. – 352 б.
- 111 Қазақ телевизиясы. Энциклопедия. – Алматы: Digital Media Asia, 2011. – Т. 2. – 640 б.
- 112 Телевизионное производство. Джеральд Миллерсон. – М.: ГИТР, «Флинта», 2004. – 568 с.
- 113 Хлызова А.А. Обновление системы телевизионных жанров в современных медиаусловиях // Журналистский ежегодник. – 2015. – №4. – 73-76 с.
- 114 Кривошеев М. И., Виленчик Л. С., Красносельский И. Н., В Чудов. Н., Севальнев Л. А., Игнаткин В. С., Хоробрых В. Т., Дикарев Е. Н. Цифровое телевидение / под ред. М. И. Кривошеева. – М.: Связь, 1980. – 264 с.
- 115 Vizrt компаниясының өнімі. «Шаг в объемную жизнь... » <http://2018.okno-tv.ru>.
- 116 Бренд чемпионарын өсіру: Vizrt құпияны ашуда. <https://broadcast.net.ua>.
- 117 Ұлттық арна графикасы жоғары бағаланды. <https://massaget.kz>.

- 31.05.2013.
- 118 Көлемді өмірге кадам...<http://lib.broadcasting.ru>.
- 119 Кузнецов Г.В., Цвик В.Л., Юровский А. Я. Телевизионная журналистика. – М.: МГУ, «Высшая школа», 2002. – 304 с.
- 120 Медиаплатформа. <https://dic.academic.ru>.
- 121 Хлызова А.А. Телевидение в условиях конвергенции СМИ на современном этапе // Ученые записки казанского университета. Серия: «Гуманитарные науки». – 2016. – Кн. 4, Т. – 1108–1122 с.
- 122 The End of Television // Media and Communication. – Lisbon: Cogitatio Press, 2016. – Vol. 4, № 3. – P. 109.
- 123 Стримингке шолу... <https://www.kinopoisk.ru>. 24.04.2020.
- 124 Барлыбаева С.Х. Жаңа медиа: өрлеу тенденциясы. <https://articlekz.com>.
- 125 Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Национального плана развития сферы информации на 2020-2022 годы: утв. 7 апреля 2020 года, №183. <https://tengrinews.kz>. 07.04.2020.
- 126 Amazon және Netflix. <https://screenrant.com>. 26.09.2018.
- 127 Бакеева М.К. Әлемдік телеарналардағы заманауи тенденциялардың қалыптасуы // Философия ғылымдарының докторы, профессор Алтаев Жақыпбек Алтайұлының 70 жылдық мерейтойына арналған «Әл-Фараби қазақ және әлем философиясы, мәдениеті мен өркениетінде» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: ҚазҰУ, 2018. – 334-337 б.
- 128 Щенников Г.К. Мультимедиа и режиссура. Новый визуальный язык – новые границы выражения // Университетский консорциум. Университетский научный журнал. – 2015. № 16. – С. 171.
- 129 Огурчиков П.К., Падейский В.В., Сидоренко В. И. Мастерство продюсера кино и телевидения. – М.: Юнити-Дана, 2012. – 863 с.
- 130 Режиссер. <https://ru.wikipedia.org>. 25.11.2019.
- 131 Формат. <https://ru.wiktionary.org>. 07.04.2020.